



Естаганбет  
Ысмайылов

---

# ЖАМБЫЛ

және  
халық,  
ақындары



*Есмағамбет  
Ысмайылов*

---



# **ЖАМБЫЛ** **және** **халық,** **ақындары**



Алматы, «САНАТ», 1996

ББК 83.3 Қаз. я 73  
Ы 88

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

**Ысмайылов Е.**

Ы 88 Жамбыл және халық ақындары. Оқу құралы.  
(Құрастырған К. Сейдеханов).— Алматы, «Санат».  
1996.—240 бет.

ISBN 5-7090-0244-5

Көрнекті фольклоршы ғалым Есмағамбет Самұратұлы Ысмайыловтың (1911—1966) «Ақындар» атты кітабы осыдан 40 жыл бұрын, 1956 жылы жарық көрген еді. Сол кезеңнің идеологиялық ықпалымен жазылғандығына қарамастан, өзінің ғылыми-танымдық маңызын жоймағаны ескеріліп, еңбек ішінара қысқартулармен және толықтырулармен ұсынылып отыр. Автор XIX ғасырдағы әнші-ақындардың, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ұлы ақын Жамбылдың шығармаларын кеңінен зерттеген.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, оқытушыларына, аспиранттарға арналған.

Ы  $\frac{4603010000-014}{416(05)-96}$  34—96

ББК 83.3 Қаз. я 73

ISBN 5-7090-0244-5

© Ысмайылов Есмағамбет, 1996

## БАСПАДАН

**Қ**азақ әдебиеттану ғылымына, соның ішінде фольклортану мен жамбылтану ғылымдарына сүбелі үлес қосқан көрнекті ғалым Есмағамбет Ысмайыловтың «Ақындар» монографиясы (1956) және «Ақындық өмір» деген зерттеуі (1965) біріктіріліп, Жамбыл жырауға қатысты тұстары іріктеліп алынды, кейбір жерлері қысқартылды. Қазіргі тарихи жағдайға, көзқарасқа байланысты біршама сөз тіркестері, сөйлемдер, терминдер ықшамдалды, өзгертілді.

Білікті фольклоршы, әдебиет теоретигі әрі сыншысы, филолог әрі ұстаз Е. Ысмайыловтың қалдырған мұрасы мол. Қолға алған ісін тереңнен толғап, түбегейлі зерттеп жазатын ғалымның қай шығармасы болсын — қазіргі кезде де жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне оқу құралы ретінде ұсынуға дап-дайын дүние. Сондықтан оның еңбектері алдағы уақытта да оқырман кәдесіне аса бермек.

Е. Ысмайыловтың еңбекқорлығына, білімдарлығына сүйсініп, қатты ризалық танытқан классик жазушы Мұхтар Әуезов былай деп жазыпты: «Мен сені қазақ әдебиеті ғылымының айнымас, қажымас, жылдар жүрсе арымас жегіндісі — Еңбек торысы деймін. Сол үшін сүйемін де бек бағалаймын».

Бұл — Е. Ысмайыловтың ғылым жолындағы қызығы мен азабы да, бейнеті мен зейнеті де көп еңбегіне білдірілген зор ілтипат, үлкен құрмет.

Жамбыл бабамыздың әруағына бағышталып, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында дәріс беріп, білім алып жүрген оқытушыларға, студенттер мен оқушыларға арналған осы оқу құралы — соның айғағы.



## КІРІСПЕ

**А**уыз әдебиет халықтың тарихи және рухани тіршілігімен бірге жасасып келе жатқан қоғамдық елеулі құбылыстың бірі. Халықтың ғасырлар бойы басынан кешкен қуанышы мен қайғысы, жақсы өмір, бақытты дүние туралы үміт, армандары, өзінің тіршілігі, тәуелсіздігі жолындағы ерлік күрестері, сүйіспеншілігі мен өшпенділік сезімдері — барлығы халықтың өлең-жырларында, аңыз-ертегі, дастандарында бейнеленген...

*Кеңес фольклоры, халық ақындарының творчествосы мен халық әдебиеті деген ұғымдардың бір-біріне ешқандай қайшылығы жоқ.*

Жамбыл бастаған халық ақындарының шығармашылығы Отан соғысы және соғыстан кейінгі дәуірлерде де кең өрістеді. Әсіресе осы соңғы дәуірде халық поэзиясы халықтар тарихының ерлік оқиғаларын, даңқты батырларды эпикалы түйіндеу дәрежесіне көтеріп бейнелеу, күрделі дастандар жасалып жетілу бағытында дамып келеді...

Жазушы, әдебиетшілер Жамбылдың өмірі, ақындық ерекшеліктері туралы көптеген мақала, очерктер жазып, Жамбыл шығармаларының патриоттық мәнін, оның әдебиеттегі елеулі орнын жұртшылыққа кең түсіндіріп келеді (М. Әуезов, С. Мұқанов, Н. Тихонов, Ә. Тәжібаев, Ғ. Орманов, С. Бегалин, М. И. Фитисов, Х. Зелинский тағы басқалардың еңбектері).

Жамбыл туралы, сондай-ақ қазақтың басқа да белгілі ақындары туралы жазылған мақалалар, шағын кітапшалар қазақ халық әдебиетінің күрделі мәселелерін кеңінен қамти алмады, оның үстіне ол мақалалардың бірқатары үстірт, жалпылай жазылған, олардың кейбірінде қазақ әдебиетінің ескі мұраларын теріс ұғындыратын елеулі қателіктер де бар. Жамбыл және басқа халық ақындары туралы мақала немесе жеке кітапшаларда

ақындардың шығармашылық ерекшеліктері, әсіресе олардың тіл шеберліктері, бұрынғы дәстүр мен бүгінгі жаңалықтарының қабысулары, тағы басқа күрделі мәселелер ғылымдық дәрежеге көтеріліп сөз болған емес. Демек қазіргі халық ақындарының шығармашылығына байланысты түйінді мәселелер кең зерттеуді керек етеді.

Қазақ халқының бұрын-соңды фольклор қазынасы ұшан-теңіз бай. Ол әдебиетшілердің қай-қайсысын болсын қызықтырып келеді. Қазақ әдебиетінің майданына араласқан адамдардан фольклор, халық ақындары туралы пікір айтпағаны жоқ. Олай болу табиғи заңды да. Халық ақындарының шығармаларын, қазақ фольклорының мәселелерін зерттеу ісіне өзімнің араласуымның кейбір жағдайларын айта кетейін. 1933—1934 жылдары ұлт мәдениетін зерттеу институтының тапсыруымен ең алғаш ауыз әдебиет үлгілерін ақын-жыршылардың өз айтуынан жазып алу жұмысына қатынастым. Онан бергі жерде Алматы қаласында өткен халық ақындарының слет, айттыстарына үнемі қатысып, олардың шығармашылық импровизаторлық тәжірибелеріне жақын араласып, бақылауыма және фольклорлық шығармаларын көптеп жазып алып отыруыма толық мүмкіндік болды. Ғылым Академиясы тарапынан ұйымдасқан экспедициялар арқылы немесе Қазақстан Жазушылар Одағы тарапынан берілген іссапарлар арқылы бірталай ақындардың ауылында, үйінде болдым. Қазақ КСР Ғылым Академиясындағы әдебиет, фольклор ісімен нақты айналысу қызметіме байланысты (1939 жылдан) Қазақстандағы белгілі ақын, жыршылардың барлығымен де үнемі қарым-қатынас жасап отырдым. Осылардың нәтижесінде халық ақындарының өмірі, тұрмысы, шығармашылық дүниесі маған соншалық жақын, таныс болып кетті. Бұл ұзақ жылдар жақын араласып, олардың шығармашылық өмірін бақылау, шығармаларын жазып алу маған соншалық мол, таусылмас қызық материалдар, фактілер берді. Солардың жүзден бірі ғана бұл еңбекте пайдаланылып отыр.

Оның бер жағында халық ақындарының шығармаларын, шығармашылық өмірлерін зерттеу үстінде, олар жайында үнемі мақалалар жазуыма толық мүмкіндік болып отырды.

«Пушкин қазақтың халық әдебиетінде» (1936 ж.), «Толғау туралы» (1938 ж.), «Халық ақындарының творчестволық міндеті» (1940 ж.), «Халық әдебиетінде Аманкелді образы» (1939 ж.), «Батыр туралы жыр» (1943 ж.),

«Нұрпейіс Байғанин» (1949 ж.), «Қазақстанда халық ақындарының творчествосы» (1949 ж.), «Иса Байзақов» (1950 ж.), «Жамбылдың реалистік дәстүрі жайында» (1954 ж.), «Қазіргі халық поэзиясы» (1955 ж.), «Иса Байзақовтың ақындығы» (1956 ж.) және басқаларын жаздым.

Қазақ фольклорының жан-жақты зерттелуге тиісті мәселелері көп, оларды жанр, тарихи даму тұрғысынан тұтастау, қорыту ретімен тексеруге де, жеке халық ақындарын монографиялық ретімен тексеруге де болады. Бірқатар түйінді мәселелері ҚСРО Ғылым Академиясының этнография, дүние жүзі әдебиеті институттарында, Қазақ КСР Академиясының сессиясында баяндама-проспект түрінде айтылып, талқыланып келген «Қазақ кеңес фольклоры» атты еңбегім осы жұмыстың алғашқы бастамасы болатын.

Енді бұл еңбекте Жамбылдың шығармашылығына айырықша тоқталып отырмыз. Өйткені Жамбылдың халықтық даналықпен көркем жырланған поэзиясы қазақ әдебиеті көлемінде ғана емес, бүкіл дүние жүзі әдебиетінде айырықша маңызды орын алады. Ғасырлар бойы халықтың қоғамдық рухани өмірімен біте қайнасқан қайнар бұлақ көзі сарқылмас дариядай халық әдебиетінің асыл қазыналарын, ақындық өнерлерін сақтап келген Жамбыл халық поэзиясының сол жақсы дәстүрлерін социалистік реализм әдісімен дамыған кеңес әдебиетіне ұштастыра білді.

Демек халық поэзиясының алыбы Жамбылдың шығармаларын, ақындығын тарихи даму тұрғысынан нақты талдау жасап, тексеру еңбекті жазудағы негізгі мақсаттың бірі болса, сонымен бірге ол мәселелер қазақ әдебиетін тану жұмысымыздың алдына қойылған маңызды, халықтық талап екендігі белгілі.

Халық поэзиясының таңдаулы үлгілерін шығарып айтушылар да, ауыз әдебиетінің жақсы шығармашылық дәстүрін сақтап дамытушылар да ақындар. Ақынсыз фольклор жоқ. Фольклорсыз ақын жоқ. Қазақтың өткендегі мол ауыз әдебиеті, эпосы, халық поэзиясы туралы сөз болса да ақынның шығармашылық рөлі туралы айтпай болмайды. Тіпті авторы белгісіз фольклор шығармаларының өзін ақын-жыршылар ұжымы шығарып таратқандығы даусыз. Қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі идеялық, көркемдік мәні жоғары ғажап сұлу өлең-жыр, дастандарын ғасырлар бойы сақтап, дамытып, іріктеп,

ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келген ақындардың шығармашылық өмірін әдебиеттік тұрғыдан зерттеу аса маңызды.

Жамбыл поэзиясы — халықтың бұрын-соңды ауыз әдебиетінің жаңа сапалы жиынтығы. Олай болса, Жамбылды, Жамбыл сияқты таланты қайта оянып, шығармашылығы гүлденген халық ақындарының бұрынғы фольклорлық, ақындық дәстүрлермен байланысын да ашу қажет болады.

Жамбыл, Нұрпейіс, Төлеу және басқаларын халық ақыны дейміз. Халық ақыны дегеніміздің өзі кім? Олардың импровизаторлық өнері, ақындық дәстүрі қалай дамып қалыптасты? Бұл күнге дейін қазақ әдебиетінде халық ақыны жайында немесе жырау, жырышы, әнші, ақын, сал, серілер, өлеңшілер, олардың ақындық орталары туралы ешқандай әдебиеттік зерттеу еңбектер жоқ. Бұл мәселелерді анықтап алмайынша бүгінгі халық ақындарының, қазақ фольклорының, соның ішінде Жамбылдың шығармашылық сипатын кең түсіну мүмкін емес.

Жамбыл шығармаларының реалистік және эпикалық сарында даму, есею кезеңдері тексеріледі. Әсіресе Жамбылдың толғау, поэмаларының идеялық, көркемдік және жанрлық ерекшеліктерін айқындау, ақындық тіл шеберліктерін ашу, бұрынғы эпостық дәстүрден жаңа эпикалы шығармалар жасауының заңдылықтарын ашу негізгі бір нысана болып отырды. Оның бер жағында Жамбылдың айтыстары мен «Өтеген», «Сұраншы батыр» дастандарының қазақ тарихындағы қоғамдық шындықтармен, аңыз әңгімелермен байланысты жақтарын әдебиеттік, тарихи архивтік деректерге сүйене отырып анықтаудың маңызы аса зор екендігі даусыз.

Халық поэзиясында ақындық стиль, дәстүр мәселелері сөз болғанда, батырлық эпикалық жырларды дамытушы Нұрпейіс, лирикалы поэмаларды жазушы Исаны айтпай болмайды. Халық ақындарының жазба әдебиетпен байланысын, халық поэзиясындағы орыс әдебиетінің әсерін анықтау тұрғысынан, «Евгений Онегиннің» халықтық нұсқаларын зерттеу автор үшін маңызды мәселенің бірі болып келді...

Халық ақындары бұрынғы ауыз әдебиетінің жақсы дәстүрін сақтап дамыта отырып, бүгінгі жазба әдебиеттен көп үлгі алады, жазба әдебиеттің бүгінгі халық әдебиетіне шығармашылық әсері үлкен, сондай-ақ жазба әдебиет өкілдері халық әдебиетінен де, әсіресе халық әдебиетінің тіл байлығынан үздіксіз үлгі алып келеді. Ха-

лық ақындарының бірқатары кеңес дәуірінде оқып, білім алу арқасында жазба поэзияның ақындық, шығармашылық мәдениетін меңгеру дәрежесіне көтеріледі. Сондықтан бұл еңбекте ауыз әдебиетінен жазба әдебиет дәстүріне көшудің заңдылық мәселесі де сөз болады.

Заманының даңқты жыршысы Жамбылдың «миллиондардың жүрегін тербеген», «біздің дәуірдің ілгерілеген қимылын» бейнелеген талантты, терең патриоттық идеялы шығармалары қазақ мәдениетінің даму тарихында аса елеулі орын алады. Жамбылдың саяси мазмұны өткір, көркемдік қуаты күшті поэзиясы қазақ халқын патриотизм рухында, өз отанына шексіз берілгендік сезімде тәрбиелеудің мықты бір құралы болды. Сондықтан да қазақ әдебиетіне елеулі үлес қосқан Жамбыл шығармаларының идеялық, көркемдік ерекшеліктерін ашып, анықтаудың ғылыми, әдебиеттік маңызы өте зор.

Жамбылдың, онымен үндес, замандас халық ақындарының ақындық дәстүрін зерттеу — қазақ әдебиетінің маңызды, күрделі мәселелерін зерттеу болмақ. Жамбылдың және басқа ақындардың шығармашылық тәжірибесін жан-жақты зерттеу дегеніміз — қазақ поэзиясының халық әдебиетіне байланысты шығармашылық міндеттерін анықтау деген сөз. Сонымен еңбекте Жамбылға байланысты ақындық мәселелері ғана емес, бүгінгі қазақ поэзиясының бірқатар шығармашылық мақсаттары да қамтылып отыр.



## АҚЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҰЛҒАСЫ

### АҚЫН-ИМПРОВИЗАТОР

**К**азақ ұғымында ақын деген сөздің мағынасы кең. Қолына домбыра алып өлең айтқанды, топ алдында өлеңмен айтысқа түскенді ақын деген. Академик Радловтың, профессор М. Әуезовтың айтуларына қарағанда, ақын деген сөздің түпкі мағынасы ағын, ағылудан шығуы ықтимал. Халық алдында үздік өнермен бөгелмей, бұлақтай ағылып жырлағанда, тыңдаушыны өзінің ағынды өлеңіне бағындырып, тыңдата білгенді ғана шын ақын деп тануға болады дейді В. В. Радлов.

Ал профессор Қ. Қ. Юдахин ақын ұғымы ұйғырдың құрметті адам, ақылғөй мағынасында қолданатын — ақын деген сөзінен қазақ, қырғызға ауысуы мүмкін дейді. Бірақ ол мәселені ақындық дәстүр тұрғысынан алып тексермей, тек сөздің төркіні, құбылысы тұрғысынан қарағандықтан бұл жөнінде тиянақты қорытынды жасалмайды. Бұрынғы шығысты зерттеуші ғалымдардың бірталайы ақын деген сөздің төркінін парсының, арабтың немесе бараба татарларының ахон деген ұғымынан іздемек болған ойларының да дәлелдері жоқ.

«Бақшы», «жыршы», «шайыр» деген сөздің Орта Азия халықтарында әр түрлі ұғым алып қалыптасқаны сияқты, ақын деген сөз де қазақ, қырғыз, қарақалпақ тағы басқа халықтарда ұлттық ерекшелігі бар нақты мағынаға ие болып қалыптасқан.

Қазақтың әдебиет, фольклор дүниесінде ақын бір ғана жырлаушы (певец), әңгімеші (сказитель) мағынасында жүрмейді, шығарып айтушы (поэт) мағынасында да қолданылады. Сондықтан бір ақын деген сөздің аумағына әрі поэт, әрі певец, әрі сказитель, әрі суырыпсалмалы (импровизатор) ұғымдар түгел сиятын сияқты.

Осы кең мағынадағы ақындық қасиет, белгілер Жамбыл сияқты ақындарда толық болады.

Қазақ поэзиясында шығармашылық қызметіне қарай ақынды екі жікке бөлеміз. Бірі өленді домбырамен суырып салып айтатын немесе жазып шығарса да жаттап әнге қосып, ауыз әдебиет дәстүрімен айтатын импровизатор халық ақындары. Екіншісі — оқыған, білімді, өленді жазып шығаратын жазба ақындар (поэт). Біздің әңгіміміз алғашқы жүйедегі ақындар туралы болмақ.

Бұрын буржуазияшыл фольклористер ақынның даралық творчестволық рөлін таныған емес, олар фольклор шығармаларының барлығын да белгісіз ақындар жасады, бұрынғы жыршыны соңғы жыршы толықтырып отырды дегеннен басқаны айта алмады. Қазіргі домбырамен жырлайтын, көбінесе ауылда, халық ортасында тұрып өлең-жырларын халық арасына ауызша шығарып таратушы ақындарды халық ақындары дейміз.

Ауызша жырлаушы ақынның бәрі бірдей халық ақыны ма? Оның анықтамасы, ұғымы қандай болмақ? Бұрын адамдар қанаушы, қаналушы болып екі тапқа бөлінген замандағы ақынның бәрін халық жыршысы, ақын айтқанның барлығын халық әдебиеті деуге болмайды. Қазақ әдебиетінің тарихына көз салсақ, ақындар жасаған дәуіріне, шыққан тегіне, өскен таптық ортасына қарай әртүрлі таптық идеяны тілге тиек еткен. Бірқатар ақындар хандардың қасында қошеметші, ақылшы, мақтаушы ретінде хандық, феодалдық идеологияны жырласа, енді бірқатар ақындар халық бұқарасының басындағы ауыр, аянышты халді көріп, сол халықтың азаттық, еркіндік жолындағы күресін, арманын, талап-тілегін жырлаған.

Бұл екі жүйедегі ақындардың екеуі де ауызша шығарып айтқанымен әуелгісі үстем тап жыршысы халық тілегіне қайшы ақындар, ал соңғысы халық мұңын жырлаушылар. Сонымен қатар халық ақындары халықтың ғасырлар бойы жасап, сақтап келген аңыз-ертегі, батырлық жыр, тапқыр сөз, мақал, тіл көркемдіктерін жаңа шығармаларында мол пайдаланып, жаңа мазмұнға сәйкес өзгертіп, дамытып отырады. Рас, жырлаушылардың бәрі бірдей жаңа шығармалар беретін ақын емес, бірқатары жаттап айтушы жыршы, немесе өлеңшілер ғана. Әрине, оларды халық ақыны деуге келмейді. Біздің заманымыздағы шын мағынасындағы халық ақыны — Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Орынбай, Иса, Нартай, Саяділ, Қуат, Төлеу тағы сондай дәуіріміздің өршіл патриоттық идеяларын, қоғамдық шындығын кең жырлаған ақындар.

Біз Абайды да халық ақыны дейміз. Өз заманында Белинский Пушкинді орыстың ұлы халықтық-ұлттық ақыны деген. Біздің қазіргі халық ақындарына берген анықтамаларымыз бен Пушкинге берген Белинский анықтамасының қандай қатынасы, яки айырмасы бар.

Белинский әдебиеттегі халықтық дегеннің екі түрлі: тура және түйінді ұғымы бар екенін айтады. Орыстың халық жырлары, ертегілері сол халықтың сана-сезімін, басынан өткен ерлігін, қайғы-шерін терең бейнелейді, бірақ, ол халық тіршілігінің барлық саласын кең суреттеп, ұлттық сезімді, ұлттық рухты түйіндеп беру дәрежесіне көтеріле алмаған. Халық жырының, халық тұрмысының өз қалпындағы сарынын, көрінісін сол халықтың көкейіне қонымды жырлайтын, жазатын ақын, жазушылар болады, ондайды тура мағынасындағы, яғни орыс шаруаларының өзінің ұғым-сезіміне қонымды жырлаушы А. Кольцов сияқты ақынды халық ақыны деп атаған.

Белинский Кольцовқа дейін халықтың өзі жасаған өлең-жырлары болмаса, басқа бірде-бір ақын халықтық көркем өлеңді жаза алған жоқ, тіпті кемеңгер Пушкиннің өзі де орыстың бүкіл ұлттық өмірін кең, толық бейнелесе де, орыстың халықтық өлең-жырының нысан, мазмұнын Кольцовтай нәзік, дәл беруге жете алған жоқ. Орыс шаруасының ортасында, орыс даласының жаратылыс құшағында өсіп, соны жан-тәнімен сүйген Кольцовты сол халықтың жан сезімін, тұрмыс тіршілігін олардың өз көкейіне қонымды, ұғымды тіл, шеберлікпен бере алған халықтық ақын деп бағалады. Бірақ Белинский мұнымен Кольцовты Пушкиннен жоғары қоймайды, қайта Кольцовтың жырлаған дүниесі Пушкин сияқты бүкіл ұлттық ақынға тар келді, ол ұлттың қоғамдық өмірін Кольцовтан әлдеқайда кең, мол қамтып жырлады. Сондықтан Пушкинді түйінді мағынадағы халық ақыны деп атады. Және Белинский Кольцовты аса жоғары бағалай отырып, өз заманындағы халықтың өміріндегі, санасындағы, салтындағы қайдағы тозығы жеткен ескілікті, мағынасыз жасанды ертегі-аңызды қайталап жырлаушыларды, көшедегі, базардағы «халықтың» күнбе-күнгі кейбір өрескел әдеттеріне жармасушыларды қатты сынады, бұл ешқандай халықтық та, көркемдік те емес деп ондай «халықтықты» жоққа шығарды.

Сөйтіп Белинский Пушкинді кең мағынадағы ұлт ақыны, сонымен бірге халық ақыны деп қарайды. Осы анықтамаға Пушкин дәл келеді деп ол туралы Гогольдің



Пушкинге берген тамаша терең бағасын келтіреді. «Пушкинде, — деп жазды Гоголь, — орыстың табиғаты, орыстың жаны, орыстың тілі, орыстың характері сондай таза, мүлтіксіз көрінеді». (В. Б. Белинский. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1948, 100-бет.)

Қазақ әдебиетінде Махамбет те, Абай да халық ақыны, Махамбет, Белинский баға берген Қольцов сияқты, көтеріліс жасаған еңбекші шаруалардың өмірінің бір ғана кезеңін, сол көтеріліске байланысты ой-сезімін, ерлік әрекетін терең тебіреніп шебер жырлады, бірақ халық өмірінің барлық саласын, бүкіл халық тіршілігінің сипатын толық қамти алмады. Сондықтан ол тура мағынасындағы халық ақыны. Ал Абайды алатын болсақ, ол Пушкин сияқты кең мағынадағы халық ақыны. Абай поэзиясында қазақ өмірінің, қазақ халқының барлық ішкі сыры, жан сезімі, ұлттық характері, тіл байлығы, ой-арманы толық берілген.

Белинскийдің осы қағидасына сүйеніп бүгінгі халық ақындары мен жазба ақындарды тура, кең мағынадағы деп бірден екіге бөлуге болмайды. Өз орнында халыққа аты, шығармасы таралған Сәбит те, Асқар да халық ақыны. Бұлар өлеңдерін жазып шығарады, өз халқының әдебиетімен қатар барлық елдер мәдениетінен оқып, үлгі алып, өмір шындығын қорытып түйіндей көрсетіп әралуан тапқырлық, көркемдік шеберлікпен жазуына мүмкіндігі мол болады. Бұған қарағанда, халық ақындарының шығармашылық өрісі тар бір үлгіні, бір көркемдік дәстүрді көбірек қайталайды. Жамбыл, Нұрпейіс, Иса да халық ақыны. Өмір шындығын қамтып, жырлауы да кең, мол. Айырмасы: Жамбыл, Нұрпейістер өлең-жырларын домбырамен ауызша шығарып айтады; тіпті хат танитын халық ақындарының өзі ауыз әдебиет дәстүрін сақтайды, ауылдағы колхозшылардың ой-сезімін, тіл ерекшелігін көбірек қолданады. Мінеки, осы тұрғыдан қарағанда, қазіргі халық ақындарын тура мағынасындағы халық ақыны деуге келеді...

Енді ақын, оның шығармашылық, суырыпсалмалық қабілеті дегеніміз не? Халық ақындарының әралуан тақырыпқа тыңнан өлең шығарып айтуы қандай жағдайда өтпек?

Ақындық талант, шабыт, шығарғыштық (творчестволық) тәжірибе тұрғысынан қарағанда, халық ақыны мен жазба ақын бір-біріне ұқсас. Негізгі айырмашылық халық ақынының импровизациямен суырып салып айтатын-

дығы. Ал сол импровизатор ақынның өзін алсақ, оның өмірді сезіп, жырлауы — жазба ақындарда болатын шығармашылық тәжірибемен қабысып жатады. Рас, халық ақынының шығармашылық тәжірибесінде фольклордағы ортақ дәстүр, сарындар үлкен орын алады. Бұрыннан сақталған ақындық өнер үлгісі, сюжет сарыны халық ақындарында қайталап келеді де, жатқа, суырып салып айтқыштықта өзіндік сипат алады. Алайда импровизатор ақын да үлкен шығармашылық адамы. Ақын өмірдегі құбылысты, тарихи оқиғаны өзінің ой-өрісі дәрежесінде таниды, ақынның сезінуі, сезгенін қабылдауы шапшаң, ол тез көріп, тез әсер ала біледі, алған әсерін ұғып есіне сақтауы да күшті, тұрақты. Ақын естігенінен гөрі, көзі көргенін тез сезіп, жылдам жырлап кетеді. Міне, осыдан келіп ақындағы импровизаторлық дәстүр дамиды, қалыптасады. Әр түрлі тақырыпқа бөгелместен қолма-қол өлең-жыр айту жүйрік ақынның бір белгісі. Қазақ ақындарының ежелгі салтында жылдам, бөгетсіз, тыңнан өлең шығарып айта білмегенді күшті ақын деп танымаған.

Ш. Уәлиханов көшпелі қазақ халқының ақындары суырып салып шығаруға өте шебер екендігін, импровизаторлық өнерді дамытуда қазақ ақындары көшпелі араб ақындарынан бірде-бір кем түспейтіндігін атап көрсетеді және өз тұсындағы импровизатор ақындардан Жанак, Арыстан, Орынбай, Шөжені атайды. Б. Дауылбаев ақындардың айтыс өнері туралы айта келіп, Орынбайдың суырып салып айтқыш қабілетіне тоқталады. Ол Орынбайды 1850 жылы көріп тыңдаған. Бір кітапты оқып берсең, ол қолма-қол мазмұнын өзгертпестен өлеңмен жырлай береді екен. Бір үйге кіре бере қолына үш шекті домбырасын алып, өзінің ақындығын, қайдан келе жатқанын, онан кейін басқа ақындармен айтыстарын жырлайды, ақырында үй иесін жер-көкке сыйғызбай мақтап сый алады,— дейді. (Б. Дауылбаев. «Рассказы о киргиз», 1881, 108—109-беттер. «Киргизді»— қазақ деп оқу керек.— ред.)

Айтыс, жиын, топ — импровизатор (суырыпсалма) ақынның сынға түсетін майданы. Шын жүйрік ақын бабына келген жүйрік ат сияқты, айтысты, топ-думанды көрсе көтеріліп, дәуірлеп өрлеп кетеді, зор шабытпен жырлайды. Профессор Әуезов шапшаң айтқыш суырыпсалма ақынды «қынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, өткір өнер иесі» дейді. Біз мұны ақпа ақын, төкпе ақын десек те жарайды. Айтысқа шеберлік жалпы ақын-

дық өнерінің, тіпті барлық әдебиет өнерінің өзгеше бір биік сатысы.

«Шабыты келген ақпа ақын бабындағы қыранға меңзес, томағасын тартқанда алғыр қыран бар өңірді сәтте көріп, шолып өтіп қимыл еткен шөп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылт еткен түлкі түгін лезде шалып қалатынындай, айтыс ағымындағы ақпа ақын да сондай көмескіні көргіш, бұлдырды білгіш болмақ шарт. Бұл қасиет оңай орнамайды, ол шын ақпа ақын өнеріне бейім болған күнде де ұзақ сонар жол кешіп, сан сайыста сілкісе жүріп сан рет жаға жыртып, тон тоздырып барып келеді» (М. Әуезов. Жамбылдың айтыстағы өнері. Известия АН ҚазССР. Серия литературы. Зап. 6. 1948, 15-бет).

Айтыста ақын әрі күшті талант ақындығын, әрі сөзге шешен тапқырлығын, әрі өткір сезімталдығын таныту керек. Жазушы Сәбит Мұқанов «Айтыс және ақын» деген мақаласында қазақтың ауыз әдебиет дәстүрінде ақындық атақ тек айтыста ғана табылады, көпшілік алдында тұтқиылдан сөз тауып, ойын өткірлеп айта білген, екінші ақынмен айтысып бәйге атындай озып шыққандары ғана шын ақын аталған дейді. (Айтыс. 1942, 1-том, 4—5 беттер).

Қазіргі халық ақындарының көпшілігі суырыпсалма ақпа-шешен ақын. Импровизатор ақынның зор ұстасы, төселген жүйрігі Жамбыл болатын.

Жамбылдың әдеби хатшысы болған Ғали Орманов күнделік жазуларында ақынның жырлауына сыртқы дүниенің әсері күшті екендігін көбірек айтады. Жамбылдың көктем, колхоз жазы тақырыбындағы өлеңдерінің айтылуы жайлы Ғали мынадай жағдайларды суреттейді:

«Ол домбырасын шертіп, баяулатып бір қоңыр ән салып отыр. Ол күй мен әннің ырғағы бойын билеп, тәттіліктің тіл жетпес тереңіне жүздіргендей, балбыраған өлшеусіз бір рахатта отырған тәрізді. Оның төңірегін қоршаған жасыл бақшаның жапырақ сыбдыры да, миуа ағаштарды аралап аққан су сылдыры да, Алатаудан құлай ескен қоңыр самал жел лебі де, гүл бақшаны мекендеген құс әндері де оның күйі мен әніне үн қосып тұрған тәрізді. Алыста, әлдеқайда бау-бақша арасында шулап ойнап, сыңқылдап ән салған жастар да оның күйіне қосылғандай, ауыл төңірегінде жұмыста жүрген колхозшылардың дабыры да, қуатымен қырды құлпыртқан машина моторының сарыны да осы күйдің ырғағына ілескен

сықылды... Осы өмірдің қызығынан бір минут көз жазғысы келмейді. — Бұл не деген қызық өмір! — Оның күйі мен жыры осыдан шабыттанады. Оның шабытының тасып өрер қайнар көзі осы тәрізді». (Ғ. Орманов. Қазақстан. Алматы, 1940, ҚКӘБ. 430—440-беттер.) Бұдан кейін Жамбыл атына салт мініп тау асып, колхоздың мал жайлауын, жазықта, өзен, бұлақ бойларындағы егін далаларын аралап көреді. Бірінен бірі сұлу, қызықты, көрікті еңбек дүниесінің суреттері ақын көз алдынан өтіп жатады, табиғат, жер, адамдар — бәрі бұрыннан өзіне таныс болса да, бірақ енді мүлде жаңаша жанданған, бұрынғы дала, бұрынғы адамдар емес. Ол ауылға, далаға, еңбек дүниесіне Майтөбенің биігінен төңірекке қырандай көз жіберіп қарайды. Дала қандай көрікті: ине шаншар бос жер жоқ, сарала батсайыдай шым кесте егін. Майтөбенің төгіліп барған сонау сілемінде колхоз қаласы шоғырланып көрінді. Осыны көрген Жакең:

Көзінді салшы далама,  
Түкті кілем түгіндей.  
Тауыма сұлу қарашы,  
Қыздардың жиған жүгіндей.  
Өзеніне қарашы,  
Ағып жатқан гүрілдей.  
Ауылыма қарашы,  
Қырдың қызыл гүліндей, —

деген жырын толғайды. (Жамбылдың өлеңдері мен айтыс, дастандары оның «Жазушы» баспасынан 1982 жылы басылып шыққан екі томдық жинағымен салыстырылды. — Ред.). Сөйтіп сыртқы, қызықты өмір көрінісі ақынның шабытын тасытады. Шабытпен бірге шаттық өмірдің жыры таудан аққан бұлақтай ақынның жүрегінен ағыл-тегіл құйылғандай. Міне, бұл суырып салып айтатын шығармашылықтың бір көрінісі, бір кезеңі. Алайда импровизация үшін үнемі тыныштық, сұлу көрініс, қызықты, көңілді мезгіл бола бере ме? Ұлы жиын той-топыр, айтыс майданы бар емес пе? Ақынның ызаланатын, кегі қайнайтын кезі де болмай ма? Алғыр ақын бұл жағдайларда да сыртқы әсерден, өмірдің фактілерінен, маңызды оқиғаларынан тез қорытынды жасайды, түйінді жырын суырып салып айта біледі. Бұл қасиеттер де Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Орынбай сияқты ақындарымыздың бәрінен табылатын.

Ақын радиодан естіген жаңалығын немесе газет, кі-

таптардан оқыған ерекше хабар, оқиғаларды әбден байыбына жетіп ұғынғаннан кейін, сол туралы өзінің не сүйініш сезімін, не күйініш ызасын өлеңмен жырлап, толғанып айтпай отыра алмайды. Сезімі өткір, қиялы ұшқыр, шабыты жалынды ақын естіп, білгенін, сезгенін әрдайым өлең-жырмен қорытып айтқысы келеді. Елінде, төңірегінде ұлан асыр қызықты той болып жатқанда немесе ел өмірін жаңартқан, сілкіндірген тамаша зор күрес, тарихи оқиғалар өтіп жатқанда алғыр қырандай көреген, сезімі өткір ақын жалынды, қанатты шабытына ерік береді, өмір шындығы жөніндегі жырын толғайды. Бұл ақынның өлең-жыр шығарып айтуына еткен қоғам өмірінің тікелей әсері. Жамбыл бүгінгі өзінің ақындық шабыты өрлеген мезгілін былай бейнелейді:

Күнінде ұлы тойдың бойды кернеп,  
Лапырып арнасында шабыт өрлеп.  
Толқындай бұлтты сөгіп көзге ілікпей,  
Бұлқынып асау қиял құлаш сермеп.  
Жорғалап желмаядай жер-су баспай,  
Нәсерлеп төгіледі өлең селдеп.  
Ақынның асқақ көңіл, қызыл тілі,  
Самғайды сұңқардай боп ағып, көлбеп...  
Сөзі алтын, тілі майда, жыры жібек,  
Еркіндеп ен бақытта бойын тербеп,  
Кәрі ақын қадірлі күн келгенінде.  
Шырқайды домбырасын көкке сермеп.

Импровизациямен өлең айтудың өзінде үлкен творчестволық жауапкершілік бар. Біздің тұсымыздағы халық ақындарының көпшілігі қолма-қол ауызша өлең шығарады. Дүние жүзіндегі ұлы ақындардың бірталайында импровизациямен өлең шығару қабілеті болған. Мәселен, поляктың ұлы ақыны Адам Мицкевич жазумен қатар шапшаң суырып салып өлең айтуға шебер болған. Орыс ақындарының ішінде М. Ю. Лермонтов, А. Кольцов, А. Блок, С. Есенин кейде импровизациямен өлең шығарған. Импровизация негізі (латынша *impro* — дайындықсыз — деген сөз) тосыннан бөгелмей өлең шығару. Бірақ ойланбай, машықтанбай ешбір ақын өлең шығармаған. Шоқан Уәлиханов қазақ ақындарының импровизациялық өнері көшпелі елдің тұрмыс салтына байланысты ғасырлар бобйы қалыптасқан ақындық дәстүр негізінде туып дамығандығын атап көрсетеді. (Ч. Валиханов, Сочинения. СПб. 1904, 192—193-беттер.).

Импровизациямен өлең айту ақынның жаратылысында туысынан бірге келетін қасиет емес, бұл да бұрынғы дәстүрге, үйренуге, машықтануға, төселуге байланысты өнер. Ең жүйрік ақпа деген Иса, Нартай, Қалқа ақындардың импровизациямен айтқан өлеңдерін тыңдап отырсақ, үнемі бір дәрежеде жақсы, қызықты бола бермейді. Ақынның көңілінде, шығармашылық қиялында толғағы жетіп, күйі шертіліп жүрген тақырыбы болса, ол туралы өлең-жыр мінсіз, сұлу, терең ойлы болып шығады және ақын бөгелмейді, шалқып кетеді. Ал тақырып толық таныс емес, оның шығармашылық қиялынан әлі орын алмаған, тосын болса, онда өлеңі ала-құла айтылады, ондай жағдайда бұрыннан жаттамалы өлеңдердің дайын ұйқасынан, дайын сөз образдарынан көбірек алады да, тың тақырыпқа өзінің ақындық өнерін жеткізіп бере алмайды. Сондықтан суырып салып өлең айтатын ақындар қандай жағдайда, қандай тақырыпқа болсын іркілмес көсіліп, жырлап кету үшін өмірді, халықтың бұрын-соңды тарихи тіршілігін терең, мол білуге тиіс. Өмірді аз білетін ой-өрісі тар ақын, таланты қанша зор болса да айтыс үстінде, суырыпсалма өлең айтуда сүрінеді, ұтылады, бір сілтеуі, бір серпілуі кем соғып отырады.

Ақын өлеңді үнемі суырып салып айта ма? Ақын шабыты, шығармашылық қызметі бұрап қойса үздіксіз жүре беретін патефон емес. Ақын өлеңді үнемі жанынан суырып айта бермейді, өлең-жырды тоқтаусыз жырлай бермейді. Мұны осы күнгі ақындардың жыр, өлең айту тәжірибесінен толық байқап келеміз. Бұған да бірнеше мысал, факті келтірейік.

1942 жылы Алматы қаласында белгілі Мұрын (1860—1952) жыраудың қырық батыр жырын жазуға қатынастық және Нұрпейіс Байғаниннің Отан соғысы тақырыбына айтқан өлең-жырларын тыңдадық. Мұрын жырды үнемі айтпайды. Таңертең, күндіз жырды баяу, солғын айтады және көлемді оқиғалы дастанның көп жерін қалдырып, келтесінен қайырып кетеді. Ал кешке мәжіліс құрып, бірнеше адам бас қосып ықыласпен тыңдап, арасында мақұлдап, көтермелеп отырғанда Мұрын таңертеңгі солғын, қысқартып айтқан жырын әрі толық, әрі тамаша күшті шабытпен шешіліп, көсіліп шебер, шешен жырлап кетеді. Көңілді жағдайда бірнеше адам бас қосып қызыға тыңдап, көтермелеп отырмаса кешкі мезгілде ақын жыры ойдағыдай шықпайды. Ондайда ақын басым ауырды дейді немесе есіме түспей отыр, бүгін айта

алмаймын дейді. Ал күндіз айта алмауының мәнісін сұрағанымызда берген жауабы — бұрын батырлар жырын үнемі кешке, түнгі мәжілістерде көп айтып машықтанып едім дейді. Олай болу табиғи заңды да. Күндіз жұрт жұмыста, қызметте болады да, ақынның жырын тыңдауға бас құралмайды. Сондықтан жыр ылғи кешке айтылады. Жыршы соған машықтанған.

Ал Нұрпейістің жыр айтуының Мұрынға ұқсас жағы да, айырмашылығы да бар. Ұқсас жағы демалып, көңілді мәжіліс құрып отырып жырлағанда ақын жыры еркін, шебер айтылады. Ал айырмашылығы — жырды айтудан бұрын Отан соғысының жаңалығын, оның батырларының жайын үнемі егжей-тегжейіне дейін қадағалап сұрап, біліп алады. Сол сұрап білгенін әбден көңіліне тоқып меңгеріп алмай, домбырасын шертпейді, жырламайды. Ал өлеңін жырлап жаздырғаннан кейін оқып, артық-кем жерін қайта айтып түзеттіреді. Бұл әдет Жамбылда, басқа да бүгінгі халық ақындарының көбінде бар. Кейде ондай түзету, қосу, алып тастаулар тыңдаушылардың, жазып алушы хатшылардың сынына қарай болып отырады. Халық ақындары суырып салып өлең айтқанда, жазба ақындардай, тыңдаушы, оқушының сынына да құлақ қояды.

1946 жылы 60 шамалы халық ақындарының өзінің өмірі, ақындық қызметі жайлы анкета ретімен недәуір сұрауларға жауап алдық. Сол сұраулардың біреуі — қандай жағдайда, қалай суырып салып, шапшаң өлең айтып кетесіз делінген еді. Солардың жауаптарынан бірнешеуін келтірейік:

Нартай Бегежанов айтады (1890—1954, Қызылорда облысы): «Жазсам аузыма өлең жөндеп түсе қоймайды. Қолыма сырнайды алғанда, біреу өзіме тиіп сөйлесе, айтқан сөзім күшті болып шығады».

Саяділ Керімбеков айтады (1895—1954, Алматы облысынан): «Өлеңді шапшаң айту үшін көңілді, шат уақыт керек. Немесе бір нәрсеге өте ызалы кезің болсын. Суырыпсалманың шабыты көп халықты, қошеметті тілейді. Және қошемет құр сөз болмай, сыйлық, бәйгі түрінде болу керек. Өлеңіне қошемет, құрмет болмаса сабасаң да ақын суырып салып айта алмайды. Ақынды суырыпсалмалыққа төселдіретін айтыс».

Қалқа Жапсарбаев айтады (1889 жылы туған, Талдықорған облысы): «Өлеңді құрмет, қошемет

көрсетіп тыңдайтын болса бөгелмей жақсы айтып кетемін».

**Ш а ш у б а й Қ о ш қ а р б а е в** айтады (1867—1952, Қарағанды облысы): «Өлеңді жиын, той, егес, айтыс үстінде жыным қозғандай қызып айтып кетемін. Біреу шапка түрткендей маған тиісіп қозғау салса, мендегі ақындық сөздің көзі ашылғандай болады. Топта, айтыста арқасы қозып, шалқып шырқап, өлеңді бөгелмей айтып кете алмаған ақынды ақын деуге болмайды. Оңашада сөзін теріп, ұйқасын есептеп отырған ақын жерден тары терген тауық сияқты сорлы ақын».

**Қ а й ы п А й н а б е к о в** айтады (1889—1955, Қарағанды облысы): «Қазіргі ақындардан Исаның ауызша суырып салып айтқандары ұнайды. Өзім суырып салып айтпаймын. Бірақта адам көбірек болып, ойын-күлкі, мәжіліс қызып, тыңдаушылар дұрыс кездескен жерде жай әңгіме болсын, өлең болсын, көбірек есіме түсіп, сонда шешіліп айтып кететінім болады».

**Қ а л и Н ұ р п е й і с о в** айтады (1890 жылы туған, Ақтөбе облысы): «Өлеңді үйреніп, жақсы ақыннан үлгі алып шығарамын. Бір айтқанымды қайта айтып жөндеймін. Бірден суырып айтқан өлеңдерім қалың себіліп, қабаланып кеткен егін секілді көрінеді».

**Н ұ р қ а н А х м е т б е к о в** айтады (1903 жылы туған, Қостанай облысы): «Суырып салып айту үшін қызба, шаттық көңіл керек. Өте қуанышты, қызғылықты мәжілісте халықтың ынта қойып тыңдауына қарай суырып айтып кете аламын. Немесе бір адамға қатты кейіп қалсам, сол адамды өлеңмен қатты жерлеп, сыпаттап тастаймын. Онда да өлең қолайлы шығып кетеді. Ал енді біреудің өтінішімен айтқан бірлі-жарым суырып салма онша жақсы бола бермейді».

**И с а Б а й з а қ о в** айтады (1900—1946, Павлодар, кейін Алматыда тұрған): «Ақындық қуат дегенің от, электрдің тоғы сияқты, ол қалың думан үстінде, ерегескен айтыста жанданады. Электр өзінен өзі жанбайды, қуат бермейді, ол қайралса, жанылса от береді. Ақынды қайта-қайта қайрап салса ғана тұтанып жалындайды. Мен өлеңді жазып та, суырып салып та шығара беремін. Алайда жиын, айтыс үстінде қасақана осы сүрінер ме екен, бөгелер ме екен деп ақындық намысыма тигендей, мені үлкен айтысқа салса немесе тосын тақырыптар беріп әдейі қиын бөгеттерге әкеліп итермелесе, міне, осы кезде менің ақындығым электрдің қуатындай лып етіп жанып, өрт



болып қаулап сала береді. Неғұрлым намысыма тиерлік жерге көбірек қайрап, айтысқа араластырса, соғұрлым өлеңді бөгелмей, қиналмай таудың тасыған бұлағындай төгіліп, суырып салып айтып кетем. Бұл уақыттарда мені ақындық шабыт, отты сезім, ұшқыр қиял сияқты нәрселер билеп кетеді. Ақындығында лапылдаған жалын, қанатты жел, ұшқыр қиял жоқ ақын суырып салып өлең айта алмайды. Суырып салып айттым деп жүргендердің өлеңіндегі ұйқастың көбі жаттамалы» (1943 жылы 2/XII жазылды).

Міне, бұл айтылғандардан туатын қорытынды: импровизациямен жырлау үшін көпшіліктің қошемет-құрметі, ықыласты тыңдауы керек. Ақындық шабытқа қайрап салатын өткір сын да ерекше ызаландырып, қайғыртатын, намыстандыратын оқиғалар да ақынның импровизациясына елеулі түрткі болып отырады, суырыпсалмалық (импровизациялық) өнердің дамып жетілетін майданы — ақындардың өзара айтысы. Айтыста ақынның тапқырлық өнері де, ақындық шеберлігі де, білімділігі, ой өрісінің тереңдігі де байқалып, жұртшылық сынынан өтеді; үнемі суырып салып айтып машықтанып, оны ақындық өнер дәстүріне айналдырудың да импровизация үшін маңызы үлкен. Жазып шығаратын ақыннан гөрі хат танымайтын ақынның импровизацияға төселген, шебер болатыны ол өзінің өлең-жырын ауызша суырып салып шығарады, шығарғандарын, және басқалардан естіп білгендерін жадында мол сақтап жырлайды. Суырып салып шығаруға машықтанып төселу — импровизатор ақындардың ақындық шеберлігін жетілдірудің бір түрі.

Сонымен импровизация халық ақындарының шығармашылық қасиетінің бірі, ол қасиет — ақындық талант шабытының сыртқы көрінісі, образды ойдың түйіні. Рас, Белинский ақынның тың шығармаларды жазуға жығыла беріліп отырған мезгілін ақындық шабытының жалындаған, қанаттанған шағы, онда шығармашылық қиналумен қатар оның ой дүниесінде ерекше қуаныш сезімі өрлейді деп қарайды. Белинский қағидасынша ақын өмірдегі құбылысты басқалардан бұрын, тез сезеді. Өзі көріп сезгеніне сүйінуі де, күйінуі де шапшаң; ақынның жаратылысында жас баланың мінезіне ұқсас белгілер бар. Ол қазір өмірдегі бір көрген тамаша қызықты әсерге қуанып, шаттанып отыратын болса, енді бір кезекте өзіне жайсыз әсер еткен бір оқиғаны көріп, сезіп, күйінеді, ызаланады, ақынның мінезі қазір күліп-ойнап жү-

ріп, қазір ашуланған балаға ұқсайды. «Ол қабылдағыш, — дейді Белинский, — түйсікшіл, әрқашан алғыр, оған кішкене ғана тиіп кетсе, электрдің тоғын бергендей, дыз ете түсіп, қуанады, шаттанады, кектенеді, сүйеді, жек көреді». (Собр. соч. В. Белинского. Т. IV, 70-бет.)

Міне, осы, мезгілде ақын бүкіл дүниені, жаратылыс, жер, көк әлемін бір ғана өзінің шығармашылық қиялында көріп, өмірден алған әсерлерін түйіндеп жырлап кетеді, образды ойын қорытады. Халық ақындарының импровизациямен жырлауы да сондай образды ойдың, ақындық сезімнің жарқын көрінісі. Олардың суырып салып айтқанда ойды ұмытып кетіп, бізді тек қана сезім билейді дегендері де бір жақты теріс. Белгілі бір тақырып, өмір шындығы туралы ақын ойы тиянақты болмай, оның суырып салып айтқан өлең-жырында мазмұн болмақ емес.

Ақынның ойы, сезім дүниесі — материалдық дүниеден аулақ, өз алдына бір құбылыс емес, алдымен адамның ақыл-миы санасы арқылы көрінген заттық өмірдің сәулесі...

Ақынның сезімі өткір, бейнелі келеді. Өмір көрінісі, адам кескіндері ақынға дәл өзінің натуралдық қалпынан гөрі екінші бір затқа ұқсас, бейнелес, тепе-тең ажарлы, айқын елестеуі мүмкін. Айталық, көктемгі құлпырған жер жайып тастаған кілемге, қарлы Алатау ақ шашты ақсақалға, ақын сөзі тасып аққан таза бұлақтың суына, адамның ызалы мезгілі қабағын түйіп жауғалы келе жатқан бұлтқа ұқсап тұруы неғұрлым айқын сияқты. Бірақ ақын өмір шындығын қаншалық көркемдік бейнемен қабылдап танитын болса да, оның түпкі реалдық негізі ақынның саналы ойынан мықты орын алады. Сондықтан шапшаң айтыс, суырып салып жырлау үстінде түйдек-түйдегімен айтылатын өлең, жыр санадан тыс, тек сезімнің, шабыттың ғана жемісі емес, ақынның саналы образды ойының түйінді, жинақты көрінісі.

Әрине, осы саналы ойдың жарқырап көрінуіне жоғарыда ақындардың өзі айтқандай, белгілі сыртқы әсер, жағдайлар керек. Импровизациямен жырлаушылық оңай өнер емес. Ол әр ақынның талантының өрісіне қарай, шығармашылық тәжірибеде жүре-бара жетілетін ақындық қасиет және жағдайға қарай құбылып, не қанаттанып, тасып жалындап отырады, не су сепкендей басылып қалады. Импровизациялық шығармашылыққа

ерекше көтеріңкі көңілді жағдай керек, не ақынды қайрап салып, ақындық шабытқа түрткі болатын кенет, тосын әсер керек. Қазіргі ақындардың бәрі де қалың топ ортасында, қызу егес, айтыс үстінде, қошемет, құрмет көрсету жағдайында өлеңді іркілмей, шапшаң айтып, жырлап кететіндігін мойындайды. Тегінде ықыласты тыңдаушысы келіспеген жерде ақын-жыршылар өлең айтпаған, бұл жалғыз қазақтың ақын жазушыларының шығармалық өміріндегі дәстүр ғана емес, Орта Азия халықтары — өзбек, қырғыз, түрікменнің бақшы, шайыр, жыршыларының шығармашылық өмірінде де бар дәстүрлер. Академик Б. Я. Владимирцов айтады: Ойрат эпосын әрбір жыршы өзінше өңдеп, жаңартып, жақсылап жырлау үшін жыршыны ықыласпен тыңдап, көтермелеп отыратын топ, жиын тыңдаушы керек, онда, жыршы рухтанып, тасып, өзін ұмытқандай жырын қызықтап айтып кетеді» (Монголо-ойратский героический эпос. Перевод и вступительная статья Я. Владимирцова М., 1923, 18-бет).

Ғалымдар қырғыздың манасшылары — тек жаттаумен ғана айтпайды, «Манас» жырын суырып салып жырлау халық қызығып, құрмет көрсетіп ұйып тыңдаған уақыттарда күшті шығатындығын айтады.

Сөйтіп тыңдаушы қауымның қошемет, құрметі, көтермелеп отыруы — ақын-жыршының тың өлең, жыр айтуына негізгі бір жағдай, түрткі болып отырады. Жамбыл мен Нұрпейіс тыңдаушы халықты ақындық шабыттың қайнар бұлағы деп біледі. Жамбыл:

Жамбылдың аты ақын ба,  
Жылғадай жыры ақпаса?!  
Ақын деген бір бұлақ —  
Көмілер көзін ашпаса.  
Көзін ашар көпшілік,  
Сүйсіне тыңдап қоштаса,

десе, Нұрпейіс:

Күйдің сәні келер ме,  
Алқалы топты көрмесе?  
Жырдың сәні келер ме,  
Жібектей есіп өрмесе?..  
Бейпіл сөзден не пайда  
Тыңдаушы тәуір көрмесе?

Әнде қанша қаснет,  
Қаумалап халық келмесе?  
Ақын қадірін жұрт білер  
Түйдектеп ойы өрлесе,—

деп ақын мен халықтың ой-сезімі тығыз байланысты екенін терең түсініп қорытады (Нұрпейіс Байғанин. Ақын шабыты, 1940, 48-бет).

Талантты ақынның ағылып жырлауына түрткі болатын тек көпшіліктің құрмет көрсетіп, ықыласпен тыңдауында, қадірлеуінде ғана немесе айтыстағы егесте ғана емес, осылармен қатар өлеңді бөгелмей жырлап кету үшін, ақынға домбыра, гармон, қобыз сияқты құралдар да көмектеседі және сөзге жан, көрік беретін ән-күй бірге жырланады.

Қазіргі қазақ ақындарының ішінде домбырасыз, ән-күйсіз жырлайтыны сирек. Қобыз, домбыра, бертіндегі гармон ақындардың ежелгі бір шығармашылық серігі. Ақын белгілі бір тақырыпқа ұзақ дастанды бастап жырларда әуелі домбыраны қағып, күйлеп белгілі бір ән, күйдің сарын, сазына, нақышына келтіріп тартып алады. Өлеңді бастап айтып кеткенде домбырада әлгі ән, күйі сүйемелденіп, бірге ойналып, тартылып отырады, өлең-жыр да сол ән, күйдің сарынымен жырланады. Бірақ әр ақынның тартысы, музыкалық аспабы әр түрлі және өзіне тән әруақытта қайталап келетін өзіндік меншікті күй, ән сарыны бар. Мәселен, Жамбылда айқайға баспай, ықыласпен көңіл қойып ұйып тыңдауға ылайықты үнемі баяу, қоңыр сазды күй тартылады. Нұрпейіс, Мұрын жыраулар Батыс, Ақтөбе ақындарының жорық жырларының сарынын беретін күйлерді тартады.

Шашубай мен Нартай, Кенендердің домбыра, гармондарында балқытып, жүрек қылын шерткендей лирикалы ән-күйлердің сарыны ойналады. Ал Үмбетәлі, Исалар домбырасымен айқайлап, шырқай салатын әндердің сарындарын ойнайды. Иса, Үмбетәлілер суырып салып айтарда дауысты аспанға өрлете айқайлап, өлеңді нөсерлетіп төгіп айтып-айтып келіп, бітірер жерде дауысты тағы бір көтеріп тастап, аспанға өрлеген дауыстың екпінін өрден құлатқандай домбыраны бебеу қақтыра шерте барып баяулайды. Сонан кейін тағы айқайлап, екінші бір тақырыптың төңірегіндегі ойды жырлап кетеді. Қысқасы, ақынның табанда төгіп айтуындағы рухани серігі, ақындығын жанушы қайрағы, айтыс, сөз майданындағы құ-

ралы домбыра, гармон, қобыз және сол музыкалы аспаптардың ойнауынан естілетін, ақынның ән-күйлері. Ақындардың қай-қайсысы болсын домбыраны, ән-күйді жан серігі, ең жақын досы, сырласы санайды. Біржан «Жанбота» әнінде домбырасын тартып алған Азнабайдың поштабайына ең ызалы, намысты сөзін айтады:

Тартса да, домбырамды бергенім жоқ,  
Есерді поштабайдай көргенім жоқ.  
Қамшымен топ ішінде ұрып еді,  
Намыстан, уа дариға, өлгенім жоқ.

Қашаған ақын мен Құрманғазы домбыраны молданың күнә деген айыбынан қорғаған, олар домбыра ең қасиетті, ардақты құрал екенін өлеңмен дәлелдейді.

Сөйтіп қандай жағдайда болсын домбыра ақын, әншінің ең ардақты, қасиетті серігі болып отырады.

Жамбыл өзі, өзінің ақындық өмірі туралы жырларында үнемі домбырасын сүйкімді жанды адам бейнесінде жырлайды. Бұл домбыра ұстаған қазақ ақындарының бәрінің ақындық дәстүріндегі ерекшелік.

Осындай домбыраны асқақ ақынға, әнші бұлбұлға, қанатты құсқа балап ойнау, ән-күйді тасқын су, екпінді дауыл бейнелерінде жырлау әдеті Жамбылдан басқа бүгінгі халық ақындарының бәрінен кездеседі. Ақындық шығарғыштық, жыршылдық, әншілдік өнерінің негізгі құралы, ақындық сезімнің қыл пернесін шертуші жан дүниесінің нәзік сырласы домбыраны әрдайым қасиет тұтып, қадірлеп жырлау ақындардағы табиғи нәрсе.

Ақын-жыршы, өлең шығарып айтқан ең жауапты мезгілінде сыртқы дүниеде тыңдаушы көпшіліктің құрмет, қошеметінен демеу көрсе, өзінің ішкі жан дүниесінде домбырасы мен ән-күйінен күш алады. Домбыра, гармон, қобыздан, оған ойналып айтылатын ән-күйінен күш алады. Олар ақын өлеңін ажарлай түседі, мазмұн, ойын өткірлейді, көркемдік қуатын, тыңдаушыларға беретін әсерін күшейтеді.

Қазіргі халық ақындарында импровизаторлық дәстүрдің сақталу, даму дәрежесі қандай? Оқып білім алумен, ақындардың жаза білуімен байланысты импровизаторлық дәстүр бәсеңдеді ме деген сұраулар қойылуы мүмкін. Бұрынғы әдебиетші фольклористердің көбі суырыпсалмалық ақын, жыршының хат білмегендігінен қалыптас-

қан дәстүр, өз өлеңін өзі жаза алу дәрежесіне жеткен ақын суырыпсалмалықты тастайды дейді.

Бұл пікірдің дұрыс-бұрыс жағы да бар. Дұрыстығы, халықтардың тұрмыс-салты төмен сатыда тұрған замандарда, жазу, сызу халықтың мәдени тіршілігіне толық араласпаған кездерде, сөз жоқ, өлең-жыр ауызша шығарылып айтылған, халық арасына ауызша жатталып таратылған. Өлеңді қолма-қол суырып салып шығару сол дәуірдегі тұрмыстың талап-тілегінен туған. Халық алдында қағазға қарап оқып отырудан гөрі домбырамен ән-күйге қосып жатқа айту анағұрлым әсерлі, қызықты болған. Ақын-жыршы халық тілегін орындауға тырысқан. Сұлтанмахмұт Торайғыров 1913 жылы өзінің «Өлең һәм айтушылар» деген мақаласында қараңғылық, ескілік шырмауындағы халықтың көңілін сергітерлік бір-ақ нәрсе бар, ол өлең-жыр, ән дейді. Ауыл адамдары басы қосылған жерде газет, кітап оқу, насихат айтудан гөрі домбыра тартып, шырқап ән салуды ұнататынын, ауыл адамының әзіргі негізгі рухани азығы ән мен жыр екенін айтады.

«Көңілді түзейтін машина — өлең-жыр. Ол машинаның тетігін біліп, сайратып, есіткендердің аузынан суын ағызып көңілдеріндегі уын шығаратындар кім? Ол — нешетүрлі әуез білетін әншілер, жыршылар. Халықтың көңілі машинаның тетігін білетін әнге ұста адамдар. Сайраса жібиді. Қысқасы, сырнай, яки домбыраны тарта білмей, құр перне басып барқылдату қандай сүйкімсіз болса, әніменен айтылмаған өлеңдер де сондай сүйкімсіз болады», — деп жұртшылықты халықтың өлең-әнін қадірлеп сақтауға, кірлемеуге, құрметтеуге шақырады (Сұлтанмахмұт Торайғырұлы. Шығармалары. 1933 ж. 127-бет).

Расында Сұлтанмахмұт айтқандай, жазуы, сызуы жоқ, мәдениеттен мешеу, қараңғылық шырмауындағы ескі ауылда ақын-жыршы, әншілер ғана халықтың көңілін сергітетін өзінің ғасырлар бойы тарихынан, сол күнгі өмірінен қиял дүниесінен қызықты жырлар, ғажайып дастандар, тапқыр шешен сөздер, сұлу әндер айтып таратқан. Бәрін жаттап, табанда шығарып айтқан. Бұл ақын, әнші-жыршыларда тұрақты, қалыпты дәстүрге айналған.

Ал бергі жерде ақын-жыршылардың жастары мен орта жастағылары оқып хат таныды, дүниені, өмірді халықтар тарихын бұрынғыдай елес -- ертегі, аңыз ескі

наным шеңберінде түсінуден кетіп, көзімен көріп, оқып біліп, анығына қанып барып түсінді, ақындардың білім, ой өрісі кеңіді, бұрын «тәңірінің» кереметі деп түсінетін ғылым, техниканың табыстарын, табиғат сырларын адам ақылы, адам еңбегі арқасында терең ұғына бастады.

Ақын өлеңі, бұрын ғасырлар бойы жыршылар жаттап айтып келген батырлар жырлары, айтыстар, тақпақтар— бәрі де басылып таралды. Ақын жырлары бұрынғыдай өзі айтқан ауылдың көлеміне ғана таралып қоймай, енді басылым, газет, журнал, радио арқылы бүкіл бір өлкенің көлеміне, асса одақтағы барлық халықтарға ортақ қазынаға айналды. Міне, мұның өзі ақын-жыршылардың шығармашылығындағы мәдениет революциясы сияқты. Олай болса, ақындардың импровизаторлық дәстүрінде каншалық өзгеріс болды? Хат танумен байланысты көне дәстүр қала бастамады ма?

Ақынның шығармашылық импровизаторлық, жаттағыштық дәстүрінде едәуір өзгеріс туғандығы рас. Бірақ импровизаторлық дәстүр, бәсеңдеу бағытындағы өзгеріс емес; қайта халық ақынының өлең-жырларының идеялық, көркемдік мәні арту, тереңдеу бағытындағы шығармашылық даму басталды. Бұрынғы ақындардың суырып-салма өлеңдерінде, айтыстарында жаттамалы өлеңдер, бірін-бірі қайталаулар, тақырып көлемінің тарлығы, пікірлердің саяздығы, қайым өлеңдердің үлгісін қолдану тағы басқалар көп кездесетін болса, жаңа ақын жырларында мұндай бірыңғай айнымайтын қалып бірте-бірте қала бастады.

Ақын өмір шындығының маңызды, түйінді оқиғаларын алып жырлайды, бүгінгі өмірдің керегінен алыс, бұлдыр дүниеге, қиял ермегіне кетпейді, жазба әдебиетінен оқып, тыңдап, үйрене отырып, өлең-жырды идеялық, көркемдік жағынан мінсіз етіп айтуға тырысады. Бұл шартты ақын суырып салып айтқанда да, айтыс үстінде де толық сақтауға тырысады. Осы күнгі аты шулы белгілі ақындардың бірде-бірі өзінің өлең жырында қайым өлең үлгісін қолданбайды.

Хат танымайтын қария, жүйрік ақындар суырып-салмалық, жаттағыштық дәртүрді сол қалпында толық сақтады, ал сонымен қатар хат танып, білім алған ақындардың көпшілігі де сол дәстүрді қалдыру түгіл, қайта дамытып қолданып келді. Бұған Иса, Нартай тағы басқаларының шығармашылығы толық дәлел.

Суырыпсалма, шапшаң айтыстарда Иса Байзақов осы күнгі ақындарды алдына салған жоқ. Ол өлең-поэмаларын жазып та шығарды. «Құралай сұлу», «Алтай аясы», «Ақбөпе», «Он бір күн, он бір түн» поэмалары қазақтың кеңес поэзиясында елеулі шығармалар. Ал осы поэмаларын Иса жазған қалпында жаттап айтпай-ақ, сюжетін ғана алып, толық түрінде суырып салып жырлап жүре береді.

Иса импровизаторлық өнерге әуелі ақындармен айтысу үстінде жетілетін болса, онан кейін халықтың ең көп жиналған жерінде, ойын-сауық кештерінде жұрттың қалауы бойынша әртүрлі тақырыпқа суырып салып жырлау арқылы да ақындық өнерін дамытып отырған. Исаның жақын жолдастарының бірі Қапан Бадыров 1922 жылы Орынборда Иса театр сахнасында тосынынан берілген сұрақтарға бөгелмей өлеңмен жауап беріп жырлағанын, оның жыры бейне бір бөгеті ағылған судың тасқынындай қуатты, мол арналы поэзия селі екенін атап көрсетеді.

Белгілі композитор, қазақтың халық музыкасын жинап зерттеуші А. В. Затаевич жыйымасыншы жылдардың бас кезінде Исаның әншілік, импровизаторлық өнерін қадағалап қарап, сынап, аса жоғары бағалаған. «Иса Байзақов, — дейді Затаевич, — жалынды жас, қызу қанды, тапқыр импровизатор ақын, ол шебер айта да және әсерлі, әдемі ән сала да біледі. Ал сахна ойынына келгенде де ол жаратылысында артист сияқты үздік адам еді, оның сөйлеуінде, қимыл, қозғалысында жұртты өзіне тартып, қызықтырып әкететін сезім қабілеті күшті. Жалпы ол қазақ халқының сап алтын талантының үлгісі. Халықтың берген тақырыбы, немесе қалауы бойынша қолма-қол шапшаң суырып салып, батыл, ұзақ айтқан оның өлең-жырлары өзеннің тасқынындай қалың көпшілікті де, жеке білімді адамдарды да қайран қалдырып, сүйсіндіре біледі» (1000 песен казахского народа. Оренбург. 1925, 358-бет).

Жазушы Н. Анов Исаның Қоянды жәрменкесінде кооперацияның маңызын халыққа түсіндірген ақындық өнері туралы былай дейді: «Ол сөз тасқынын ағытып, шаршы топтың алдында жыр нөсерін сорғалатып тұр. Ақынның құдіретінің күштілігі сондай, әлгі думандатып жүрген жұрт лезде тына қалды. Атты, жаяулы 50 мың адам ақынның сөзін бір кісідей мақұлдап, күлісіп, дуылдасады». Н. Анов, Исаның суырыпсалғыш өнерін М. Горькийге



әңгімелеп айтқанда, ұнатып, осындай ақындар Қазақстанда көп пе, олардың сөздерін жазып алумен шұғылданып жүрген қазақ жазушылары бар ма, деп сұрайды? Исаның мұндай үздік айтқыш, тосыннан тапқыш, алғыр, шешен ақын екендігін осы күнгі ақын, жазушылардың бәрі жақсы біледі. Талай қызық айтыстары, егеспен жырлаған суырыпсалма өлеңдері айтылған жерде қалып қойып отырғанына енді өкінесің.

Жоғарыда өзі айтқандай, оның ақындық намысына тиіп, қайрап салып жырлатқанда Исаның суырып салып айтқан өлеңдері ерекше шабыт, ерекше көркемдікпен айтылады. Иса тақырыпты, тосын әңгімелерді бірден бөгелмей жырлай алады. Жазушылар, әдебиетшілер кейде Исаға орысша әңгіме, поэмалардың сюжетін айтып, осыны өлеңге айналдыр дегенде ол іркілместен — сол сюжет, тақырып көлемінде шебер, сұлу жырлап, ең қиын сындардан өтетін. Мәселен, 1938 жылы Иса Байзақов бір топ ақындардың ортасында әртүрлі тақырыпқа бөгелмей суырып салып жырлап отырғанында, оған тосыннан Марина Раскованың Москвадан Қиыр Шығысқа қонбай ұшқан ерлігі туралы жырла дегенде, қысқа ғана ол жайды ұғып алып, дереу жырлап кетті. Иса тоқтаусыз қырық минут жырлап Маринаның ерлігін, тайғада 11 күн адасып жүрген мезгілдерін ғажап аңызды сарынмен көркем жырлады. Кейін осыны поэма қылып жазып шықты. Мұндай фактілер Исаның шығармашылық өмірінде өте көп болды.

Сөйтіп Исада импровизаторлық өнер дәстүрі де, жазып шығару дәстүрі де қатар дамып жеткен. Біріне-бірі бөгет жасаған жоқ.

Халық ақындарының шығармашылық дәстүрінде суырып салып айту үлкен орын алады. 1939 жылдардан бері қарай ақындардың аудандық, облыстық, республикалық бірнеше айтыстары өтуі ақындардың кәрі-жасын бірдей суырып салып айтуға қайрап салды, осы шығармашылық дәстүрді дамытып, қалыптастыра түсті, бұл айтыс кездерінде белгілі жүйрік халық ақындарынан басқа айтысқа жаңадан келіп араласқан жас жігіт, әйел ақындар да жарыққа шығып, өздерінің талантын танытты. Әсіресе, мұндай жас таланттар Қызылорда, Қарағанды, Алматы облысындағы колхозшылар арасынан шықты. Демек, ақындардың айтыс, импровизаторлық өнері халық арасында сақталып та, дамып та келеді.

## ЖЫРАУ

**К**азактың өлең, жыр айтушыларының барлығын бірдей суырып салып айтушы ақын дей беруге болмайды. Ақындық өнердің тарихы бар, заманына, дәуірлеріне қарай әр түрлі атануы бар. Өлең-жыр шығарып, не жаттап айтушыларды қазақ жалғыз ақын ғана демеген, одан басқа жырау, жыршы, өлеңші, сал, сері деп те атаған. Бұлардың ақыннан немесе өзара айырмалары қандай?

Қазақтың көне ауыз әдебиет нұсқаларында жырау қазақта ақындықтың ең көне түрі болғанға ұқсайды. Өйткені қазақтың батырлар жырында алғашқы ақындардың есімдері: Сыпыра жырау, Шалгез жыраулар. Ал XVII ғасырда Бұқар жырау, Тәтіқара жырау, Үмбетей жыраулар аталады. Онан бергі ғасырларда Жанкісі жырау, Базар жырау, Мұсабай жырау, Сабыр жыраулар болды. Біздің дәуірімізде жырау атымен аталып келгендер Мұрын жырау.

Жырау — ақын, ол өлең, жыр, толғау шығарып айтады. Жырауда суырыпсалмалық, шешендік қасиет бар. Н. И. Ильминский жырауды — өлең айтушы (певец песен) деп түсіндіреді.

Жырау деген сөздің төркіні — жыр (ныр) жырлау дегеннен шыққандығы сөзсіз. Академик В. В. Радлов жырау — қазақ, татар тілінде — ақын-жыршы, ескілікті жырлаушы дейді. Жырлаушы татарларда болжығыш жыршы, жырой — жыройчы. Қазан татарында өлең-жыр жырлаушы дейді. Ал жыраудың татар, әзірбайжанша — йырау болып айтылуының мағынасы да шағатайша жыршы ақын (трубадур, певец) ұғымын беретін сияқты.

Ал Будаговтың түсіндіруінше, жырау — үндінің асыл тас мағынасындағы сөзінен тууы мүмкін дейді. Жырдың жылаумен де жақындығы бар. Қазақта өлген кісіні арнап жоқтап жылағанды пәленнің басына жырау айтты дейді, яғни жоқтау айтты дейді. Шоқан Уәлиханов жыраудың бір мағынасы қазалы жыр (надгробная песень) дейді. Жыраудың көне түрік тіліндегі (ейран) құдайы адамдар деген сөзбен де, (яран) нөгер, соңына еруші серіктер (сподвижники) деген сөздермен де, қазақтың өзінің жауырыншы (жауырынға қарап бал ашушы, болжаушы) деген сөзімен де қатысы бар.

Ертедегі қазақ жырауларының ақындық қызметіне қарағанда, жыраудың қоғамдық мәні көне, орта ғасыр-

лардағы жрецке жақын емес пе екен деген ойға келесің. Кейбір қасиет тұтқан терминдер көне шығыста бір мағынада кездескенімен әрбір өлкелерде қоғамдық жағдайларға қарай оның мәні де өзгеріп отырған.

Жрец — көне шығыс елдерінде құдай мен адам арасын жалғастырушы әулие де саналған. Бақсылық, болжағыш, балгерлік мәнінде де болған. Ескі рим, грек жұртында жрецтер сопы саналған, адамдардан ерекше ақ, түрлі әлемішті, кірсіз таза киініп жүреді екен, шашы ұзын болады. Бас жрецтің екі түрлі көмекшілері болыпты: бірі — жас балалар, екіншісі — азаншы, жаршы, музыкант, ақындардан.

Жрец жалпы тарихта тәңірге табынып, құрмандық қызмет істеуші язит дінінің әулие, молдалары. Олар дінді, кейбір ғылымдық тәжірибелерді құрал қылып елге, мемлекет ісіне үстемдігін жүргізген. Көне халықтардың тарихында жрецтер деп билік, басалқы сөз айтушы «әулиелерді» атаған. Олар үнемі билеуші қауым ортасында айтқаны тыңдалатын үстем тап өкілі болған. Қазақ тарихының жағдайындағы жырауларды алатын болсақ, көне шығыс елдеріндегі, Кавказдағы жрецтердің өзі болмағанымен, қоғамдық қызметі жағынан бірқатар ұқсастығы барлығы байқалады. Потанин Оғыз ханның қасындағы ақылшысы Ерқылы қожа, шешен кеңесші, жыршының бейнесіне ұқсайды деген пікірді айтады. Ойрат-Монғолдағы ирен (көне бақсы, шаман), гургульдай (жыршы құстың аты) ақылшы, сәуегөй ақын да саналған.

Қазақта әр ханның тұсында бір сұрқылтай дейтін, әр ханның заманда өзінің бір ақылшысы, шешені бар деген ойды білдіреді.

Жазушы Сәбит Мұқанов — Сыпыра жырау, Асанқайғы, Бұқар жыраулар ХІХ ғасырға дейінгі қазақ ақындығының символы, олар хан қасында отырып, батырды жырлаумен қатар сол кездегі мемлекет мәселесін шешуге қатысады. Абылай хан мемлекет мәселесін шешерде Бұқар жыраумен үнемі ақылдасып отырған дейді.

Сыпыра жырау, Бұқар жырау, Тәтіқара жыраулар хандардың қасындағы қошаметші, олар заманы, дәуірі жайлы, ел басына түскен әр алуан оқиғалар жайынан толғау, жыраулар айтушы болған.

«Ер Тарғын» жырындағы Сыпыра жырау Ханзада хан бас болып ноғайлы жұрты Тарғынның қаһарынан қорқып сасқан шағында, ханға ақыл беріп, Тарғынды

татулыққа келтірудің жолын айтады. Тарғын мен ханды қыбын тауып татуластырып, бітімін айтқан уақытта Сыпыра жырау, бір жағынан, Тарғынның адалдығын, батырлығын айтып, ханның өтірікшілігін, екі жүзділігін батыл сынайды, екінші жағынан, бір қызды бермеді деп өкпелеп ноғайлы елін шаппақ болғаның ағаттық деп Тарғынды сөгеді. Сөйтіп, жырау батырды «күрметтей» отырып, ханға қарсы күрестен тоқтатып бітімге келтіреді.

Абылайдың қасындағы қошаметшіл Бұқар жырау — Абылай заманының қайшылықты ой-пікірлерін толғағ айтқан ақын ғана емес, Абылайдың бітімші биі де... Жыраулар хан мен қара арасы алшақтай бастағанда ханның үстемдігін нығайту мақсатымен екі жағын жағыстырып отырушы бітімші, жамаушы бидің қызметін де атқарған. Бұқармен тұстас Тәтіқара жырау да осындай болған.

Жыраулар өмірдің ұсақ мәселесіне аз араласып, олар көбінесе заман-дәуір, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық, жамандық жайлы ойлар, болжаулар, қағидалы сөздер айтып отырған. Бұл тақырыптағы толғау сөздерінде сезімге ұратын лирика болмайды, көбінесе меңзеу, мақал, мәтелдер ретінде келетін тақпақтар, термелер болып отырады...

Жасаған тарихи қоғамдық дәуіріне, өскен ортасына, дүниеге көзқарасына қарай жыраулардың шығармашылығы өзгеріп, құбылған... Қазақтың батырлар жырын айтып таратушы Марабай, Нұрым, Мергенбай, Мұрын жыраулар. Желілі жырларды дамытып айтқандықтан халық бұларды әрі жырау, әрі жыршы деп те атаған. Бұл жүйедегі жырауларда заманды, дәуірді болжап, толғап айтатын тақпақ жырлар жоқ, бұлар негізінде ел аузында айтылып келе жатқан тарихи, батырлық оқиғаларды өзінің сынынан, жөндеуінен өткізіп айтады. Бұл ретінде жыраулықтың осындай сыпаттарының бірқатары Нұрпейістен де табылатын еді, жыраудың бұл түрі қарақалпақта да бар. Алпамыс, Қобыландының қарақалпақ нұсқаларын жыраулар жырлап таратқан. Қарақалпақтың белгілі «Қырық қыз» дастанын жазушы Бегимов Асан Құрманбай жыраудан жазып алған. Біздің Қазақстанның батыс облыстарындағыдай, Қарақалпақстанда да жыраулар желілі және батырлық жырларды көбірек айтатын болған...

Дастанда Құрманбай жырау «Қырық қыз» жырын кім жырлап, кімнен таралғаны туралы қызық мәлімет бере кетеді. Бұл дастанды ең әуелі қарақалпақтың Жиен деген жырауы жырлап таратыпты. Оның шәкірті Халмұрат жырау дастанды одан үйреніп, алпыс жыл айтыпты. Халмұраттан Шанқай жырау үйреніп елу алты жыл, онан Қазақпай үйреніп бұл да елу алты жыл, онан Шайыр Жемұрат жырау үйреніп, алпыс жыл айтыпты. Өзі ең соңғы Жемұраттан үйреніп жаттаған. Бұған қарағанда, «Қырық қыз» сияқты батырлық дастанды ертедегі жыраулар айтып таратуы даусыз. Қазақтың да белгілі батырлар жырын ең әуелі Жиен, Шөлгез, Сыпыра жырау сынды жыраулар шығарып таратса керек.

Нұрпейіс Байғанин да, Мұрын жырау да өздері жырлап берген батырлар жыры алты-жеті атаға дейін жыраудан жырау үйреніп таралғандығын және желілі жырларды ақыннан үйрендім демей, жыраулардан үйренгендігін айтады. Сондықтан да Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарында және Қарақалпақстанда батырлық жырларды дамытып жырлаушы ақындарды көбінесе жырау деп атайды. Сөйтіп ерте кезде, жырауларда жыраулықтың екі дәстүрі де заманын, дәуірін жырлаумен желілі батыр жырын дамытып айту бірдей болмады ма екен деген ойға келесің. «Ер Тарғын», «Қобыланды» сияқты жырларды әуелінде оқиғаның куәсі болған Сыпыра, Үмбетәлі, Тәтіқаралар шығарып таратуы ықтимал. Олай деуге тағы дәлеліміз, дәл кешегі 1916 жыл оқиғаларын сол көтеріліске қатынасқан ақын-жыраулардың мол жырлағандығы.

Кеңес дәуірінде жыраудың қоғамдық сипаты да, идеялық шығармашылық қызметі де өзгерді, жаңарды. Толғау тақпақтарды жаңа заман тақырыбына арнап айтады, батырлар жырының өзін де жаңа идеялық мотивпен жырлай бастады. Бұған Нұрпейістің шығармашылық қызметі айқын дәлел.

Жыраудың ақындық рөлі қазақ әдебиетінің ертерек кезінде зор болып, бертінде бәсеңдеуінің негізгі бір себебі жаңа қоғамдық, тарихи даму жағдайында жыраудан гөрі ақындықтың, яки жыршылықтың маңызы, рөлі артқандығы. Жырау өмірдің сан алуан шындығын, адамның сезім дүниесін терең бейнелей алмады, ал ақын болса ол, әсіресе ХІХ ғасырдан бері өзінің ақындық, профессионалдык өнерін кең дамытты, ол бертінгі жазба әдебиет дәуірінің өнерімен ұштасты. Сонымен, жыраулықтың ке-

лесі дәуірлердегі заңды дамуы ақындық пен жыршылық болады. Әрине, бұдан жыраулық дәстүр мүлде жойылды деген қорытынды тумады, жыраулық дәстүр енді Нұрпейіс, Мұрындағы сияқты, ақындық немесе жыршылықпен қатар бір адамның бойында сақталып дамыған. Жаңа жыраудың шығармашылығында ақын, әншілік, жыршылық дәстүрлер толық қабысып келген. Таланты қайта туып, гүлденген қазіргі ақын жыраулардың шығармашылық тәжірибесі осыны көрсетеді.

## ЖЫРШЫ

**Ж**ыр, жыршының төркіні — жар (аяр) — жарлау, жар мағынасында. Жыр, йыр, ыр — татар, қырғыз тағы басқа тілдерде тақпақ өлең түрі, ал қазақ поэзиясында да шумаққа бөлінбей, шұбыртпалы, еркін ұйқаспен айтылатын, жеті, кейде сегіз буынмен тақпақ, терме өлең түрін айтады.

Жыр, жыршының төркіні — жар (яр) — жарлау, жар-жар, жаршы деген сөздермен бір сияқты. Жар шақырды, жарнялады — дегеннің бәрі жұртқа бір пікірді, ойды ашық, айқын айту мағынасын береді. Дәл ұғымында «жар» өзеннің құлама қабағы немесе бір затты екіге жару мағынасын да көрсетеді. Екінші жағынан, қазақта — жар-жар көне салт жырының бір түрі. Ер мен әйелдер екі жар болып, қосылып хормен айтады. Жар-жар жырында айтыстың — драмалық шығарманың да элементі, музыка да бар. Жар-жар қыз ұзатарда ғана айтылады. Әрбір шумақ өлеңнің аяғы «жар-жар» деген сөзбен бітіп отырады. Қазақта жігіттің келіншегін де *жар*, келіншектің жігітін де *жар* деп атайды. Сонда «жар-жар»-дың өзі үйленуді, әйелді құрметтеу, қасиеттеуден туған бейнелі сөз емес пе екен? «Жыр» мен «жар»-дың түбі бір болуы да ықтимал.

Ал жаршыны алатын болсақ, ол бұрын үлкен той, астарда мерекені, ойынды, мәжілісті өлең-жырмен бастап жырлаушы ақын. Жаршы бір үйде, бір жерде отырмайды, көбінесе қолына домбырасын алып ат үстінде жүріп, жұрттың жиын жерінде болып жатқан ас пен тойдың жайын, ойын сауықтың тәртібін, тойға, асқа келген адамдардың құрметін жырлайды. Оның сөзі жаттамалы емес, көбінесе суырып салмалы болады. Ал өлген адамға арналған жоқтау күні бұрын шығарылып, жатталады. Қа-

зақ ақындарының талайы астарда жаршы болған. Жамбыл 1891 жылы Сарыбайдың асында жаршы болып жыр айтқан. Жаршылық пен жыршылықтың мағынасы әуелінде өте жақын болып, кейін ажыратылған сияқты.

Сонғы дәуірлердегі қазақ, татар әдебиетінде жыршы, қырғызда жомоқшы, көбінесе оқиғалы жыр айтушы (сказитель) мағынасында қолданылады. Эпос — оқиғалы жырлар әуелінде ұсақ салт жырлары (жорық жыры, жоқтау, жар-жар, сыңсу, естірту, көңіл айту) негізінде туған. Бірден тұтас, көлемді дастан жасала қоймаған, Енесей-Орхон жазуларында жоқтаудың да, эпос жырының да элементі бар екені даусыз. Қазақта ұсақ салт жырларының өзі шілдехана, қыз ұзату, батырдың жорықтағы жеңіс салтанатына, даңқты адамдардың өміріне, асына байланысты шыққандығы белгілі. Сонда осы ұсақ жырларды шығарып, халық алдында орындап айтатындар — жар-жар айтушы қыз бен жігіттер, ас, той үстіндегі жаршылар болады. Осы салт жырларынан құралып, дамып эпос туады.

Қазақтың жоқтау жырларының көбінде өлген адамның басынан кешкен оқиғалар жырланып кетеді. Бірақ эпосты жаршы, яки жыршы шығармаған, оны жаршы, жоқшы, жар-жаршылардан кейін толық эпос дәрежесіне жеткізіп, шығарып жырлап беруші — жыраулар болуға тиіс. Өйткені ертерек кездегі батырлар жырында жыршының аты аталмайды, көбінесе жырау аталады. Жыраудың айтып таратқанын бұлжытпай орындап халыққа, ұрпақтан ұрпаққа таратушы, орындаушылар — жыршылар.

Бұған қарағанда, жыршылық өнер дәстүрі кейінгі дәуірлерде қалыптасуы мүмкін. Шоқан Уәлиханов: заманында жыр үлгісін дамытқан Жанақ дейді... Жанақ өлгеннен кейін жырды қобызбен айту қалып барады, кейінгі импровизаторлар Жанақтың жыр үлгісін қайталайды, бірақ екі шекті домбырамен айтады, жырдың орнына ақындар көбінесе өлең формасын қолданады. Бірақ Жанақ жыршы ғана емес, сонымен бірге импровизатор ақын дейді.

Нағыз төселген жүйрік, айтқыш жыршылардың қадірі халық алдында ақын, жыраулардан кем болмаған. Қалың жиындар, той, астарда жаршы ретінде ойын-сауық бастауына қарағанда жыршыны әнші ақынмен, шешендермен қатар қоюға болады.

Бурят-монғол тілінде жыршы мен шешеннің төркіні бір, хұрчи, хұрчин — алтын скрипка ойнау немесе гулшин — қадірлі әйел, сосон — шешен — ақылды әйел, гүл мағынасында айтылып, ақын-жыршыны қадір тұтып, өлең-жырын да қасиетпен жырлайтын болса керек. Алпамыстағы Гүлбаршын есімі осы мотивтерге тамырлас шығар. Жыршы, шешен деген сөздердің қазақтың өз түсінігінде қалыптасуында бурят-монғол тілдерімен тектестігі жоқ емес. Қырғыз жыршыны екі топқа бөліп атайды. Бірі — жыршы — ұсақ өлеңдерді, кейде дастандардан үзінділер жаттап айтады. Бұл қазақтың өлеңші, жыршыларына жақын. Ал екіншісі — хомоқшы — оқиғалы дастандарды, әсіресе Манасты жырлаушылар. Мұны академик Радлов, профессорлар В. Жирмунский, М. Әуезов, М. Боғдановалар ұлы жыршылар деп атайды. Қырғыздағы Қелдібек, Тыныбек, Балық, Сағынбай, Саяқбай сияқты жыршылар тек жаттағанын ғана сақтап айтушылар емес, «Манас» жырын өздерінің жаңа редакциясымен дамытып жырлаушылар. Бұл ретінен манасшы жомоқшы мен қазақтың жырау жыршысының арасында көп жақындық, ұқсастық бар.

Қазақ ұғымында жыршы ақын емес, өз жанынан өлең, жыр шығармайды. Ол негізінде бұрынғы дайын өлең жырларды айтып таратушы. Орыс, карело-финн, өзбек, тәжік елдеріндегідей ертегі, жыр дастандарды жаттап айтушылар болғаны сияқты, қазақта желілі жырларды айтып таратушы, былайғы ақын-жыршыларға үйретуші профессионал жыршылар болды...

Жатқа айтатын, репертуары мол, жыршылық қабілеті күшті, талантты жыршылар әр халықтың эпосының ең негізгі тұтас, көлемді үлгілерін сақтай білген. Қырғыздың манасшылары, қазақтың Нұрпейіс сияқты батырлар жырын дамытып айтушылар, қарақалпақтың жыраулары да ірі эпос жыршылары.

Мұндай жыршылар қазіргі қазақ кеңес фольклорында да бар. Мәселен, Ақтөбе облысында Байтабынов Айса (1875 жылы туған) деген жыршы бар. Ең алғаш 1940 жылы Ақтөбе қаласында Нұрпейіс Байғаниннің 80 жасқа толған мерекесінде ол екі күн жыр айтты. Нұрпейіс оны аса ықыластанып тыңдап: «Мұның жыршылығы бізден күшті және ертеде естігенін жазулы хаттай сақтайтын жүйрік жыршы» деп аса жоғары бағалады.

Нұрпейістің өзі де жыршы. Бірақ, екеуінің бұрынғы батырлар жырын айтуында үлкен айырма барлығы бай-



қалды. Нұрпейіс әрі төкпе, ақпа ақын болғандықтан бұрынғы жырлардың желілі оқиғасын, сюжетін толық есіне сақтап, соны қайта жырлағанда бұрынғы айтқанын қайталай бермей, қосымшалап, тыңнан жырлайды. Ал Айса Байтабынов өзі ақын болмаса да жас күнінде қарт жыраулардан естіп жаттағанын өзгертпей дәл айтуға тырысады. Айсаның өзі бұрын ел аралап жүріп айтатын профессионал жыршы болыпты. Ал бертін жыршылықты қойыңқырап кетіпті.

Айса білетін желілі жырлардың бірқатары Ғылым Академиясы тарапынан жазылып алынды. Екінші бір жыршы Алматы облысындағы Сәдібек Мүсрепов колхозшы, хат танымайды. Бұл да қазақтың батырлар жырын ұзақ көлемде дамытып айтады, қырғыздың Манасынан, Алпамыс, Ерназар-Бекет, Мұңлы Сейіл тағы басқа көп әңгімелі дастандарды жырлайды. Сәдібек те көбінесе жаттаған, естігендерін өзгеріссіз, қосымшасыз айтуға тырысады.

Ең ірі жыршы әрі жырау — Мұрын Сеңгірбаев (1860—1952). Ол хат танымайды. 18 жасынан бастап Батыс Қазақстан, Адай, Түрікмен, Қарақалпақ еліндегі атақты ақын жырау, жыршылардан, әсіресе Нұрым жыраудан ноғайлының қырық батыр жырын үйреніп жаттап, соны ел арасында жүріп айтқан. Қырық жасына дейін жыр айтумен келіп, одан былай қарай ұста болып кәсіп етеді, жырды тек өзінің құрбылары арасында ғана ара-тұра айтатын болады.

Мұрын ақын емес, тың тақырыпқа өзі шығарып айта алмайды. Бұл жағынан ол жыршы ғана. Сонымен бірге желілі, көлемді батырлар жырын ұзақ уақыт бойы талмай, жалықпай жырлайды. Және бұрын-соңғы қазақтың ақын-жыршы, жырларының ішінде теңіздей ең мол жырды айтатын осы Мұрын ғана. Бұл жағынан оны халық жырау деп орынды атаған.

Жыршылық дәстүр халық ақындарының көбінде болды және бар. Мәселен, Қазанғап Байболов (1946 жылы қайтыс болды. Оңтүстік Қазақстан), Ертай Құлсариев (Алматы облысы), Омар Шипин (Қостанай). Иманжан Жылқайдаров (Қарағанды облысы), Қашқынбай Қазиев (Қостанай), Әбдірахман Ізбасов (1943 жылы қайтыс болды. Омбы облысы), Молдахмет Тырбиев (Көкшетау облысы), Төлеу Көбдіков (Семей облысы), Жақсыбай Жантөбетов (Жамбыл облысы), Қуат Терібаев (Талды-

корған облысы), Ұбжар Толыбеков (Қызылорда облысы), Қайып Айнабеков (Қарағанды) тағы басқалар.

Бұл аталған ақындар соңғы 25 жыл ішінде ғылыми орындарға өздері білетін, жас кезінде жаттап айтқан немесе естіп жазып алған жыр, дастандарды, аңыз әңгімелерді мол көлемде айтып, жинап берушілер. Бұлардың өзгертпей жаттап айтушы жыршылардан бір айырмасы, бәрі де хат біледі, естігенін мезгілінде жазып алып жатпаған немесе өзі жатқа білетіндерін басқа ешкімге жаздырмай, өздері жазып қағазға түсіреді. Оның бер жағында өздері ақын, ұзақ желілі жырларды, дастандарды өз өңдеулерімен қайта айтып, жазып шығады. Сонымен бірге олардың бүгінгі күннің жаңа, тың тақырыптарына жазып шығарған өлең, жыр, дастандары да бар. Өлең, жыр, дастандарында жазба әдебиеттің, кейде кітапшыл ақындардың әсері де сезіледі (Қазанғап, Ертай жырларында). Бұл ақын-жыршылар өздері шығарған, жаттаған өлең-жырларды, шешендік сөздерді, дастандарды жыршылардың дәстүрімен халық арасында жатқа айтып орындайды.

Жыршы ақындар өзінің немесе ел аузындағы фольклор шығармаларын ауызша айтумен қатар жазба ақындардың шығармаларын, орысшадан аударылған дастандарды жаттап, ел арасына таратады. Мәселен, С. Мұқановтың, Исаның поэмаларын, Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан үзінділер, Абайдың өлеңдерін тағы басқаларды өздерінің өңдеу қосымшаларымен жырлайды. Кейде прозалық шығармалардың сюжетін де дастанға айналдырып жібереді.

Жыршыны орыстың сказителі мәнінде де түсінеміз дедік. Бұл ұғымды толықтыра түскенде қазақтағы ертекті, әңгімеші қарияларды айрықша атауымыз керек. Ертегішілік, шешен әңгімешілік дәстүрлер Жамбылдан бастап осы күнгі ақын-жыршылардың көбінде бар. Қазіргі ақындардың ішінде аңыз, ертегі, естегі әңгімелер, тапқыр кеңестерге жүйріктері Шипин Омар, Қайып Айнабеков. Бұлардың қара әңгімені айтуында белгілі бір бап, ерекше бір шеберлік байқалады. Өздері естіген, не көрген әңгімелерді айтқанда тыңдаушыны ұйытып, ертіп не қатты жан сезіміне бөлейді, не күлдіріп рахатқа батырады. Сөзді мәнерлеп, дәмдеп, сұлулап айтады, есте қаларлық қағидалы, тұжырымды тақпақ, мақалдарды әңгімеге үнемі кірістіріп отырады. Және әңгімелерін беталды мағынасыз айта бермей, аса бір көңілді, ықыласпен тың-

дайтын жағдайда, бір әңгімеден бір әңгіме туып кетерлік ортақ тақырып, ортақ үлкен тарихи оқиға сөз болып, түрткі берсе ғана шешіліп жақсы сөйлеп кетеді. Мәселен, Омар Шипин өзінің өлең-жырларын жазып айтумен қатар қазақтың тарихына, 1916 жылғы көтеріліс, Октябрь төңкерісі, азамат соғысы оқиғаларына байланысты, Аманкелдінің өміріне, соңғы 60—70 жылдан бергі жердегі белгілі ақын-жыраулардың, әнші өнерпаздардың өміріне байланысты саналуан әңгімелерді, жыр-аңыздарды жүйе-жүйе, жік-жігімен айтады, олардың бірқатарын жазып қағазға түсіріп, үнемі Ғылым Академиясына тапсырып келеді. Омардың естіп білген, яки өзі көріп, есіне сақтаған әңгіме, аңыздары тек әдебиет, фольклор тарихы үшін ғана емес, жалпы азаматтық, тарих, этнографиялық ғылым үшін де маңызы зор.

Мұндай айтқыш, әңгімеші, ертекші қария ақындар ел ішінде аз емес, оларды Ғылым Академиясының адамдары жыл сайын естіп, экспедициямен колхоздарды аралаған уақыттарда үнемі кездестіріп анықтап, аса құнды, бағалы фольклор материалдарын жазып әкеледі. Қазіргі жыршылардың бір алуаны, міне, осындай ертекші, әңгімеші қариялар. Алайда дәл ертекшінің өзі Қазақстанның барлық жерінен әлі толық анықталып жеткен жоқ, ертекті әр ертекші өзінше жөндеп, өзінің түсінік, бояуларымен айтады. Ертекшінің бірі қиял, ғажайып ертегілерін, екіншілері сатиралы ертектерді, үшіншілері — аңыз, тарихи әңгімелерді, төртіншілері өтірік ертектерді айтуға машықтанады, төселеді. Қазіргі әңгімеші қариялардың ішінде осындай өзара ерекшеліктері де бар. Бұлар да ертекшілердің дәстүрі, мектебі тұрғысынан тексерілетін ғылымдық мәселелер.

Сөйтіп қазақ фольклорында жыршылық дәстүр дамып, қалыптасқан, оның даму жолдарын, жыршылардың шығармашылық жаратылысын анықтап зерттеу қазақ фольклористикасының келелі бір міндеті.

## ӘНШІ АҚЫНДАР

**Қ**азақ поэзиясында әнші ақындардың творчествосы ерекше орын алады. Әнші ақындар негізінде салсері, күлдіргіш өнерпаз ақындар. Бұларды тек әнші ақын демей, халықтық искусствоның адамдары деп таныған жөн. Сал, серілерде ақындықпен қатар, әнші, күйшілік,

композиторлық, би, спорт өнерлері де бар. Артистерше сырттай жарқ-жұрқ әшекейлену, елден ерекше сәнді, көз тартарлық кескінмен жүріп-тұру әнші ақынға тән негізгі салттың бірі.

Қазіргі қария ақындардың айтуына қарағанда, ақындық, әншілік, өнерпаздық дәстүр жағынан сал мен серілердің арасында айырма аз болғанымен, сыртқы жүріс-тұрысында, киіну, сипайылық әдетінде бір қыдыру айырма барлығы байқалады. Серілердің салға қарағанда сипайылығы, сәнділігі тұрақты. Олар онша оғаш, ерсі бола бермейді, елден ерекше қызыл-жасылды, жарқ-жұрқ етпе киінгенімен, жалпы елдің ортақ дәстүрлерін көп бұза бермейді, өздері жастармен, топпен араласқанда сипайыгершілік, әдептілік, нәзік сезімділік мінездерді көбірек білдіріп, ақындық, әншілікті негізгі өнер жолы деп қарайды, соған көбірек беріледі.

Ал салдар жұрттың ортақ салтында жоқ, ерекше, күлкілі, көз тартарлық әлемішті киімдер киініп, жарқылдақ моншақтарды тағынған. Олардың шалбарының балағы көш құлаш ұзын, сүйретіліп жатады. Бас киімінің, шапан, шалбар, байпақтардың шүберегі ала-құла, қырық құрау болады екен. Бөрік, тымаққа үкі, неше түрлі моншақ қадаған. Сырт киімді кейде бірыңғай ақ, қызыл-жасылдан, кейде қым-қиғаш әр шүберектен араластырып тіктірген, оған тоқыған шекпенде құрым кигіз де қоса тігілген болады. Әнші ақындар түйдегімен жүрген. Олар әнші, ақын өнерпаздардан құралған бір топ артистер труппасы сияқты, той, жиын, ойын-сауық бар жерлерге айрықша өнер салтымен келіп, жұртты үнемі қайран қалдырып отырған. Ойын-сауықты олар шапшаң басқарып кететін болған. «Абай» романында М. Әуезов салдың, оның төңірегін, ақындық, әншілік өнерінің бейнесін кең сипаттай келіп, үлкен тойға жұбын жазбай келіп түскен салдарды былай суреттеп кетеді:

«Келе жатқан топ екі екіден, бір сал, бір келіншектен, мойындарына білектерін артысып, құшақтаса әнде-теді. Ортада сал ағасы өзге топтан оқшауырақ алда келеді, өзге жігіттерден жасы үлкен, бой бітімі де келбетті келген Байтас ақын. Домбырасы да үлкен, үкілі, сылдырмақты, моншақты. Ол да «мен сал домбырамын» дегендей, ән арасында сол домбырасын Байтас аспанға көтеріп, бұлғақтатады. Сал ағаның осы белгісімен арттағы өңшең әнші, ойнақты топ өздерінің шұбарала домбыраларын аспанға көтереді. Бар тобымен айтып-айтып келе

жатқан «Жыйырма бес»-тің толқынды ырғақтарын шырқай сілтеп, құбылта бұралтады» (М. Әуезов. Абай. II кітап. 1947, 238-бет).

Біржанды, Ақан серіні көргендер — олардың жүріс-тұрысында ерекше көз тартарлық сәнділік, сыпайылық, өнерпаздық салттармен қатар, салдардың кейбірінде болатын оғаш, күлкілі киімдерді қасақана киіну, қасақана салдың ерсі мінездерін көрсету жоқтығын айтады. Шың салдық дәстүр, өнер сол салдың барлық тіршілігімен біте қайнасып кетуі тиіс. Қазіргі қария ақын Иманжан (1886 жылы туған) бала күнінде жасы 80-ге жақындаған Қыпшақ Жаңқа салды көргендігі жөнінде былай дейді:

— Жаңқа қыр мұрынды, атжақты, ақсұр адам екен. Ұзын мұртты, тал-тал аппақ сақалы беліне түседі. Әлі қайратты, тіп-тік, шарт жүгініп, екі қолымен тізесін айқара жауып отырды. Тұсында домбыра, сыбызғы, қобыз ілулі тұр. Сал басына төбесі біздей шошақ, сегіз сай әлеміш бөрік киіпті. Бөріктің әр сайы әр түрлі ала-құла шүберектерден құралған. Төбесіне қадалған тоқпақтай үкі, сал басын анда-санда сылқ еткізіп тұқыртып қалғанда, бұлғаң етеді. Үстінде тізесінен асатын ұзын қайырма жағалы көйлек, екі иығында екі үкі және қадалған. Аяғында өзбектің ала мәсісі, бұтында шұбатылған ұзын шалбар. Басын шапшаң жоғары көтеріп, шалқайып аспанға қарайды да, отырғандарға бірдеңе деп тіл қатады, үлкендердің ішінде жасы кіші бала мен едім, мынау жын-данған ба деп күліп жіберіп отырдым. Әрине, оны сал елең де қылған жоқ.

Таңертең шай ішер алдында кешеден бергі шалдардың тілеуін орындап әуелі сыбызғы тартты. Сыбызғымен «Досымжан» күйін ойнады. Ертеде Досымжан күйші күйлерін ылғи таңертең ашқарында тартады екен деп ескертіп қойды. «Боз інген» күйін де ол сыбызғыда ойнады. Онан кейін қызыл доланадан істелген бұйра қобызын ойнап, ескі күйлерді тартып еді, тыңдаушы шалдар жылап отырды. Ақырында домбырасын тартып «Құтының баласын тербеткені», тағы бірнеше күй-сарындар ойнады. Қетерде шалдар ауылға шақырды. Сал кейін бірнеше жолдасымен келіп, ауыл жанында аттан құлап жатқанын көре салып, ауылдың барлық қыз-келіншегі, жастары жиналып, кілемге салып көтеріп әкеліп, үйге кіргізді. Ол келісімен ауыл жастарының ойын-сауығына араласты.

Сол ойын-сауық үстінде Жаңқа сал, өзінен бұрын болған, Башен салдың жайын айтты:

— Біз Башен салдай сал бола алмадық. Ондай киім кне алмадық. Ол көл жайлап, көлдің аралына барып сауық құрады екен. Менде ондай көл болмады. Төрт күн жүгініспен отырғанда оның аяғы бір талмады, мен шыдай алмадым. Бірақ сол Башеннің өзі де Мақтал деген сұлуды ала алмай қайғыдан құса болып өліпті. Өзінен үлгі алғалы келген жас салдарға айтатын өлені мынау еді:

Мінгенім көш алдына таналы кер,  
Таң атса көрінеді шамалы жер.  
Басынды көтер дағы сылқ ете түс,  
Қайтесің Оспан ханның заманы дер.  
Мінгенім көш алдында қидасын кер,  
Желіден жебір тайлақ бұйдасын жер.  
Басынды көтер дағы сылқ ете түс,  
Қайтесің көрген адам қимасың дер.  
Саудырма тай саусымай,  
Ку метейдің даусын-ай!  
Ойпыр-ай!  
Дәурен-ай,  
Мақпал салған әуен-ай! —

деп сылқ ете қалар еді. Міне біз сол Башен бола алмадық деп үніледі» (Иманжан Жылқайдаровтың 1949 жылы ауызша айтуынан).

Салдардың салты, мінезі жөнінде осындай әңгімелерді Шашубай, Омар, Төлеу, Қайып сияқты қария ақындар да көп айтатын. Бұған қарағанда, сал, серілердің өнер дәстүрі қазақтың тіршілігінде елеулі орын алған сияқты.

Сал жайындағы әңгімелердің бәрінде де салдардың ерекше жүріс-тұрысы, ерекше, өрескел киім киюлері, оғаш мінездері айтылады. Қайда келсе де, салдар ауыл сыртында аттан құлап түсіп, қашан қыз-келіншектер басын көтеріп тұрғызғанша жатып алады екен. Ерегестірсе, намысына тисе сал өрескел, оқыс мінездер көрсетіп кететін болған (өз атын өзі бауыздау, тәуір киімін жаман құрым киіз киімге айырбастау, бойындағы бар асыл затын, ат тұрманына дейін біреуге тастап кету, етік-мәсісін қыз-

келіншектер тартып шешкенде таласып теріп алсын деп қонышына моншақ салып жүру тағы-тағылар). Халық арасында оғаш, қыңыр күлдіргі мінезімен тентек аталған Былғақ, Қиясбайдың жүріс-тұрыстары да салдардың дәстүріне жатады. Салдардың, осындай тентек аталған күлдіргіштердің өлеңдері де өз мінездеріне сай өтірік, қыңыр мағыналы, қисынсыз құралған күлдіргі болып келеді. Жантұрған деген сал өзінің бір құрбысына кездескенде:

Алабас ит көрдің бе шідерлеулі,  
Әр ауылдың көлінде оттап тұрған, —

деп бастайды өлеңді. Тағы бір тентек салдың өлеңінде:

Көк сиырдан туады жирен айғыр,  
Шоқаң-шоқаң қойға қасқыр шабады.  
Боталы інген тайлақтай көкте ұшып жүр,  
Буынғаным беліме сексен арқан», —

дейді (Сқақ Бегалин жинаған материалдардан).

XIX ғасырдағы аты шулы Біржан сал, Ақан сері, Тобылбай, Жаяу Мұса, Ағашаяқ, Әздембай, онан бергі Шашубай, Естай сал тағы басқалары әншіліктің, халық өнерпаздығының дәстүрін дамытып, қалыптастырған. Қазақтың әнші ақындары, сал, серілері өнердің тұтастық қасиетін бойына жинаған адамдар. Бұлардың көркем өнерінде көне заманның тұтастық (синкретизм) элементі күшті. Ән-күй, өлең, би әуелінде бөлінбей тұтас өнер түрінде жасалғандығы туралы ғылымдық қағида қазақтың сал, сері, ақындарының өнер тәжірибесінде де толық дәлелденеді.

Сал, серілер, әншілік, ақындық, жыршылық, аңшы-мергендік, спорт-палуандық, сырттай әшекейлік (декорациялық), түрлі күлдіргі, ғажап құбылмалы (фокус, жонглерлік) ойындар көрсеткіш — бәрі халық өнерпаздары. Ағашаяқ ірі әнші ақын, халық композиторы болудың үстіне неше түрлі спорт ойындарын көрсетіп отырған. Сқақ Бегалин қарт (1865 жылы туған) айтады:

— Кемпірбай ірі ақын әнші болудың үстіне, өнерпаз, ойыншы екен. 1879 жылы Семей қаласында үлкен бір жиын болып, сол жиында Кемпірбайдың ақындығы мен ойынына жиналған орыс-қазақ қайран қалды. Кемпірбай екі аяғына екі бақанды байлап алып, гармонь үніне қосылып билеген. Үстіне түрлі әлеміш киім киіп алып,

аяқ-қолын төрт жағына керіп шеңбер жасап, зырлап дөңгелеп ойнаған. Ат үстінде әралуан ойын көрсеткен. Белгілі Тәттімбет күйші де, Зарубай өнерпаз да сал, серілерге лайықты дәстүрді сақтаған, халық өнерінің адамдары. Сондықтан бұларды тұтас алғанда көшпелі ауылдағы халық артистері мағынасында түсінуге болады. Бұл жөніндегі профессор А. Жұбановтың пікірлері орынды. А. Жұбанов сал, сері типіндегі әнші-ақындар тұрақты театры, концерт орны жоқ, көшпелі ауылдың артистері, сегіз қырлы өнерпаздар (әрі ақын, әрі әнші, әрі артистік өнерге бейім) деп біледі.

«Сал», «сері» деген сөздің өзі ақын, әншілік мағынасында қолданылуының тарихи, қоғамдық мәні бар. «Сал» етістік (салу, салып қою) немесе зат есім (сал байлап өзеннен өту) мағынасында да қолданылады. Радловтың талдап түсіндірулерінде түрік тілдес елдердегі бірнеше ұғымдарды келтіреді. Сал шор тілінде жерошақ, от орны мәнінде, сағай тілінде шу, дауыстау, дабырлау мәнінде, қазақ тілінде жүрген жерін у-шу, думан қылып, көп сөйлеуші, оғаш қыңыр киім киюші адам мәнінде қолданылады дейді.

Қазіргі кейбір қария ақындардың айтуына қарағанда, «сал» деген ұғым өрескел жүріс-тұрыспен, есерлік мінездер көрсетіп былғақтап, дел-сал аурудай жүруден туған. Қазақта бой көтертпей, бастырта беретін сал ауру болады, бұл да сал ауру сияқты былқ-сылқ етіп әр ауылға барса қашан басымды қыз-келіншек көтеріп алады деп құлап жатқан мінез, тұрыстарына қарай сал аталған деген түсініктерінің көңіл бөлерлік жаны бар. «Сал» деген сөзге Ильминскийдің берген түсінігі де осыған дәл келеді. Сал — «тұлабойым сал-сал болып түсіп барады» деген мысал келтіреді. Қазақта ән айт демейді, ән сал дейді. Осындағы сал жалғыз етістік мағынасында ғана емес, асқақты ән, күйді айтудың бейнелі мағынасында да қолданылып тұр.

Сал, серілер әнсіз өлең айтпаған. Бұлардың ақындық дәстүрінде әншілік шешуші орын алады. Ақындық сөзден гөрі әншілік, музыкалық шығармашылық басым болып отырады. Бұрынғы, соңғы сал, сері типіндегі әнші, ақындар жырлаймын деп өлең бастамайды, ән шырқаймын, ән саламын деп бастайды.

Бұл салдың өзі өлеңші аты Біржан,  
Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған...



Атадан Біржан сал боп тудым артық...  
Аққумен аспандағы ән қосамын,  
Қозғасам ащы күйді түптен тартып, —

деген Біржан сал сөзінде айтысты әнмен қыздырғандығын көреміз. Шашубай: «Ал гармоным, гармоным» деп, Нартай ақын «Ән шырқа, жез тіл сырнай, алдым қолға» деп ән шырқау, гармонь, домбырамен кеңесуден бастайды өлеңдерін.

Ал «сері» бәлкім арабтың сир (сейір) — қыдыру, кезу деген сөзінен туып, серуен, сайран салу мағынасына айналып, сонан сері ұғымы қалыптанған болуы мүмкін. Радлов сир (сейір) қазақ, татар тілдерінде серігу, тынығу мағынасында екендігін де ескертеді.

«Сері»-нің — «сарын», «сарнау» (төлеуіт, шор, сағай, койбал тілдеріндегідей өлең, ән айту, жырау мәніндегі) деген сөздермен де жақындығы бар. Сырнай да осы сөздермен төркіндес. Қыпшақ тілінің XIII ғасырдағы ескерткіші Кодекс Куманикусте «сері» (шері) әскер мағынасында қолданғандығы айтылады. «Шеру тартып», «Шеру қол» деп келеді.

Қазақ әдебиетінде сал, серілік көне дәуірдегі ақындық дәстүр екендігіне ешқандай дерек болмаса да орта Азия, орыс, сибирь, орта ғасырдағы Еуропа, көне Шығыс тағы басқа елдердің әдебиет, фольклор, этнография тарихында сал, серіге ұқсас ақындық салт болғандығы бізге мәлім.

Орыстың көне дәуіріндегі ақын, халық өнерпаздарының бір түрі скоморохтар болған. Олар елді кезіп жүріп өлең, жыр айтқан, ән салған, билеген, түрлі ойын-сауық көрсеткен. Скоморохтар өз тұсындағы тұрақты әдет-ғұрып салттан бөлекше киім киініп, өзін ерекше жүріс-тұрыстары мен өлең, жыр айтқанында діннің, шеркеудің шарифат қағидаларына қайшы әдеттерді қолданып, поптарға ұнамайтын пікірлерді таратқан. Сондықтан, орыста «попты құдай жаратса, скоморохты сайтан жаратты» деген мақал бар. Немесе, Украинада соқыр жыршы қобзарьлар да халықты аралап жүріп жыр айтады. Біздегі қобызшылардың қобзарьлармен тектестігі болуы ықтимал.

Қазақтың сері, салдарының ақындық салттарының көбі билеуші үстем тап феодалдардың, молда, ишандардың әдет-заңдарына, шарифат ережелеріне қарсы келіп отырған. Молдалар, ишандар Ақанды шоқынды, діннен

безген деп өсек таратқан. Біржанмен, Ақанмен айтысқан діншіл ескішіл ақындар Ақанды шарифатты білмейсің, күңір болдың деп сөгеді.

Біржан мен Сара айтысында Сарадан бұрын қағысқан әйел Біржанды, «салдықпен сайтан қуған» деп кемітеді. Науан хазірет мешіт ішінде өлең айтуды тоқтатпақ болғанда Ақан сері: махшарда өлеңім шарифатыңмен тең түспесін қайдан білдің деп жауап берген.

Онан соң орыста бал-маскарад ойыны бар. Қазақтың ұғымында маскара — сырттай оғаш, өрескел кескінге түсуді (бұрынғы заманда бетіне күйе жағып, құрым кигізуді) маскаралау деп атаған. Орыстар маскарад ойыны бетіне маска (перде) киініп, түр-түсін өзгертіп жүріп ойнауды айтады. Қазақтың сал, серісі, орыстың скоморохы сырттай әралуан әлеміш, оғаш, ерсі киім кигендіктен маскарадқа ұқсас атқа ие болмады да екен?

Міне, осы фактілерге қарағанда, сал, серілік дәстүр қазақтың ертеректегі әдет, ғұрпында, тіршілігінде болып, өнер, поэзиялық дүниесінде бертінде қалыптаспады ма екен деген ойға келесің. Сал, серіліктің бақсы, балгерлік нанымдарымен тамырлас екендігіне тағы бір дәлел, сирі (сарі) деген сөз — ұйғыр тілінде бақсылық, бал ашушылық, түрлі көз байлап ойын көрсетушілік деген мағынаны беретіндігі. Ақан серінің есейген кезінде өз ортасында қуғын көріп аулақтануы, бақсыға ұқсас жат, тосын тіршілікке берілуі оның творчестволық рухани қиналуының көріністері сияқты.

Ал сал, серілік қазақ тарихының қай дәуірінде туып, дәстүрге айналғандығы туралы мәселе бізде әлі зерттелген жоқ. Егер қазақтың көне, орта ғасыр заманында сал, серілер болса, олар ертегі, эпостарда жырау сияқты неге аталып отырмайды? Алайда серілік ертерек кезде болуға ықтимал дерлік бір дәлеліміз мұның бақсы, балгерлік, ескі шамандық нанымдарға кейбір байланыстылығы және әскер мағынасындағы «шері»-нің ертеректегі тілімізде кездесушілігі. Шынында серілер қалың қолдың қатарында жорыққа қатынасып, әскердің музыкантшы, сырнайшы, кернейшілік қызметін атқаруы мүмкін. Серілер ірі әскер басы, хан, сұлтандардың қасында басқалардан ерекше әлеміш киініп, орта ғасырдың трубадурларындай әнші, ақын болып жүрмеді ме екен?

Қазақтың сал, серілері феодалдық қоғам құрылысы жағдайында туған. Сал, серілердің бірқатары ірі феодалдардың қолында, мырзасының қатарында сауықшыл

өнерпазы болады. Бірақ олардың шын талант иелері феодалдық қоғамның моральдық, діндік, махаббаттық заң ережелеріне бағына бермейді, оны бұзады, халықтық өнер жолына беріледі. Біржанның тегі, қоғамдық ортасы мен шығармашылық жолы осылай.

Ал орыстың скоморохтары шын мәніндегі халық өнерпаз жыршылары, бұлар феодалдық үстем қауымнан, шіркеуден қуғын көрген ақын, жыршылар.

Қазақтың сал, серілерін түгелінен халықтық ақын, әншілер деуге болмайды. Шыққан тегі, таптық ортасы жағынан алсақ Ақан сері мен Жаяу Мұса бірдей емес. Жаяу Мұса үстем феодал қауымынан қуғын-сүргін көрген нағыз еңбекші, халық ортасынан шыққан сері ақын. Ал Ақан сері болса лирикаларында өз дәуірінің күрделі қоғамдық мәселелерін, өмір шындығын кең қамтып жырлай алмады. Кейде діншілдікке де салынады. Тек ол жастардың бас бостандығын, махаббатын ғана лирикалы көлемде шебер жырлай алды. Міне, осындай, идеялық шығармашылық қайшылықтары бола тұрса да Ақан халыққа ұнамды лирикалы өлең, ән шығарып таратқан әнші ақын.

Қазақтың бірқатар салдары байлардың мырзалары болған. Иманжан айтқан Башен сал да ірі бай. Он түрлі ат міну, өзінің саяхат жасайтын аралы бар көл иемдену дәулетті салдың қолынан келетін салт. Бірақ мұндай сал, серілер қоғамдық мәні бар өлең, ән-күй шығарып айта алмаған. Сөзі, ән өнері, көпке ұнаған сал, серілер қалың бұқараның тілегіне, ой-сезіміне қонымды, қызықты салттарды қолданған әнші ақындардың шығармашылық, өнерпаздық дәстүрінде қаладағы базар, жәрмеңкедегі орыс, татар және басқа халықтардың өнер үлгісі де бар екені даусыз. Кемпірбай, Шолак, Ағашаяқ, Шашубайлардың спорт, цирк ойындарына берілуі, Жаяу Мұса, Біржан, Әсет әндеріне орыс, украин музыкасы әсер етуі Ақан серінің:

Көптен көп поклон айттым скажия,  
Сырымды кімге айтамын сізден зия  
Именной, секретный ескеріңіз,  
Хорошенко сестра сватия, —

деп жырлауы (Ақан сері. 1935, 16-бет). Шашубайдың:

«Он екі звод гармонмен ән салғанда қасыма қыз-келіншек үймелеген» деп жырлауы (Сөйле, Шашеке (өлең, поэмалар жинағы). Алматы, 1942, 20-бет). Ең ақырында,

әнші ақындардың негізгі көпшілігі феодалдық қоғамдық ортаға да, патша үкіметінің заң, ережесіне де үнемі наразы болып қуғынға ұшырауы — бәрі жаңа прогрессивті дәуірдің ықпалына байланысты ерекшеліктер екені белгілі. Сондықтан да сал, серілік өнер қазақтың ірі феодалдарына, молда-ишандарға жат, ерсі көрінген.

Сал, серілерде ақындық пен өнерпаздығы, әншілігі қатар келеді дедік. Бұлардың өлең әндері нәзік, сезімді толқытарлық лирикалы, көбінесе махаббат тақырыбына арналып айтылады. Өлеңдерінде лирикалық мотиві басым болып отырады. Және әрбір лирикалы өлеңде сал, серінің өз салты, өзінің махаббаттық көңіл күйлері кең суреттеледі. Бұл ретінде Ақан серінің «Торыны таң асырып мінген қандай» деген лирикасын мысалға алуға болады. Мұнда торы атты әсемдеп жаратып мініп, қызды ауылдың тұсында ән шырқап, сұлу қызға жеңгесі арқылы сөз айтып, ишаратпен әзілдесіп, іштей бірін-бірі ұғысқан, біріне-бірі ынтық болған қыз бен ақын сыры баяндалады, онан әрі:

Ауылы қыз қалқаның қайда екен деп,  
Жүгіртіп сайлау жермен желген қандай.  
Бір сайға торышаны байлай тастап  
Тұсына ақ боз үйдің келген қандай...  
Аландап, алабұртып тұрғаныңда  
Алдыңнан қарсы шықса ақша маңдай...  
Сол жерде айтылмаған сыр қалмайды,  
Мысалы, әбдіре ашып ақтарғандай...  
Ақырын үйден шығып таң алдында  
Манағы сайдағы атты тапқан қандай.  
Шылбырын сол торының қызға беріп,  
Шақшаны қағып-қағып атқан қандай...  
Ойласаң бұл дүниеде не қызық бар,  
Қасынан қалқажанның аттанғандай, —

деп қызбен кездескен кешін, бірін-бірі қимай айрылысқан таң алдындағы мезгілді сипаттайды. (Ақан сері өлеңдері. 1935, 15-бет.)

Онан соң сал, серілердің әрбір лирикалы ән, өлеңдері, белгілі бір поэмалық сюжетке құрылған аңыз әңгімелері бірге айтылып отырады. Мәселен, Ақан серінің «Құлагер» өлеңі, оның құлагері біреулердің қастығынан өлгенде жоқтау ретінде шығарылған. «Сырымбет» ақынның ғашығына арналған. Біржан салдың «Жанботасы» өзін

Азнабай болыстың поштабайы сабап, домбырасын тартып алғанда ыза болып өз елінің болысы Жанботаға күйікпен шағым етіп шығарылған. Жаяу Мұсаның «Ақ сисасы» Шорман тұқымдары өзін қудалап, тұтқындап, жаяу айдап жер аударғанда айтқан кекті өлеңі, Балуан Шолақтың «Ғалиясы», Шашубайдың «Ай қайын» атты лирикасы, Естайдың «Хорланы» да осындай мотивтермен шығарылып жырланған. Міне, бұл аталғандар жай көңіл лирикасы ғана емес, арнаулы әні болудың үстіне, драмалық сюжетке құрылған күрделі шығармалар...

Қазақтың сері ақындарында махаббаттың нәзік сырлары, серінің сұлуға деген құштарлығы, сұлумен жолығып таң алдында бірін-бірі қыя алмай қоштасулары шебер жырланады. Ақан серінің «Ақ көйлек», «Торыны таңасырып мінген қандай» сияқты лирикалары сал, сері ақындардың поэзиясына тән ерекшелік. Сөз жоқ, сері, сал ақындар өзінің жүріс-тұрысында, махаббат жырында өз ортасындағы отбасылық қоғамдық заң, әдеттерге қайшы да келіп отырады. Серілер сүйетін әйел біреудің жары, немесе қалындығы болуы мүмкін, әйелдер сал, серіні ұнатпауы, ықыласын бермеуі мүмкін. Брак серіге оның бәрібір. Олар сыртынан ғашық болады, ынтықтығын білдіріп жырын айта береді.

Қазақтың сал, серілерінің ақындық, өнерпаздық қызметінде күлкі, қалжың, сықақ сөздер де көп кездеседі. Сал, серілер үнемі ақындардың айтысына қатынасқан.

Сөйтіп сал, серілік қазақ жағдайында, әсіресе XIX ғасырда кең дамыған ақындық өнер. Ол халықтық искусствоның ертедегі эралуан түрлерін қамтып, ақындыққа жаңа мазмұн, ажар берген. Сал, серілер бәрі бірдей халық уәкілдері емес, олардың ішінде искусствоны, ән-күй, поэзияны үстем таптың ермегіне айналдырғысы келген адамдар да болды. Бірақ халық ондай сал, серілердің атын атағаны болмаса, творчествосын есіне сақтамаған, қабыл алмаған...

XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басында әнші ақындардың творчестволық дәстүрінде елеулі өзгеріс бола бастайды. Әнші ақындардың бірқатары оқып хат таниды, кейбірі жас кезінде сері болса да оқығаннан кейін серілік дәстүрді қалдырып, жазба ақын дәстүріне көшеді (мәселен, Мәшһүр Жүсіп, Нұржан ақындар).

Әнші ақындардың ескі феодалдық көшпелі ауыл өміріне сәйкес туған бұрынғы, ерсі дәстүрлерінің бірталайы

революциядан кейін едәуір өзгеріске ұшырады, сал, серілік мазмұнын жаңартты.

Тұрақты театр, концерт, сауық кеші өтетін орындары болған мәдениетті колхозды ауылға сал, серілердің бұрынғы ерсі, өрескел, оғаш жүріс-тұрыстары шынында керексіз, құнсыз болып қалды. Қырық құрау кикымнан шапан киген, үкі, моншақ тағынып, ауыл жанында аттан құлап жатқан ақынды қазіргі жаңа қауым жастар қошемет етіп қарсы алмайды, қайта күлкі, мазақ ететін болды. Оған ескі әдет-салттың қалдығы деп қарайды, ұзын қоныш етіктің, қой жүні шекпеннің, саусылдақ білезіктің бүгінгі жастарға қандай ерсілігі, қолайсыздығы болса, сері, салдардың жүріс-тұрыстары мен ескі өнерлерінің бірталайы керексіз, құнсыз болып қалып отырды. Бұл — ескінің бірте-бірте жоғалып, оның орнына жаңаның дамып жетіле беретін өмір заңы екені белгілі.

Алайда әнші ақындардың прогрессивті дәстүрі, кейінгі қауымға өлмес мұра болып жеткен ақындық, әншілік өнерлері жойылған жоқ, жаңа идеялық, шығармашылық мазмұн, формамен дамып отырды. Мұны біздің дәуіріміздегі әнші ақындардың шығармашылық өмірінен байқауға болады.

Бұрын серілердің бірі болған, солардың бірқатар өнерпаздық дәстүрін сақтаған ақын әнші Шашубай Қошқарбаев (1865—1952 жылдар) Ақан сері, Біржан сал, Естай, Балуан Шолақ, Жаяу Мұсалармен жолдас болып, бірге жүріп, салдық, серілік құрған. Осы серілік өмірінің куәсі, шындық айнасы ретінде ол сұлу лирикалы өлеңдерін айтқан. 1890 жылдары (жоғарыда аталған жинағын қараңыз):

Құс атып, аң аулаймын Саршығаннан  
Қызға жылы көрінер қаршыға алған.  
Қиынға ұя салған қыран едім,  
Аққудың төсінде ұйықтап, талшық алған, —

деп өзінің гармонға қосылған ән мен жырын, мергендік, аңшылық өнердің жастық серілік дәуіріне құрал болғандығын аңғартады. Кейін қартайған шағында да ақын сол әншілік серілік салтын қасиет, қадыр тұтады. 1925 жылы шығарған «Бес балқан» әнінде Шашубай мергендік пен әншілік жайын сері ғана біледі, «Қартайғанша қажымай», «Бес балқандай» ән шығарып отырған Шашекең сері деп толғайды. 1940 жылы Доскей ақынға айтқан бір өлеңінде.

Сексенде сері атандым, сембей жағым,  
Мерейім үстем болды, артып бағым.  
Екі дос — өлең, гармонь қайта оралып,  
Денемді кетті билеп тасқын ағын.  
Қашаннан халық қалаған едім сері,  
Кәнеки гармоньмды әкел бері, —

деп жырлайды. 1952 жылы «Мен жігіт» деген өлеңінде былай дейді:

Келсем де дәл сексеннің сегізіне,  
Бақыттың жүрмін жүзіп теңізінде.  
Елуден аса бере қонды бақыт.  
Көрмеген ата-бабам өмірінде.

Революциядан кейінгі өмірін ең бақытты, қызғылықты өмір санайды. Сөйтіп ол өмірінің соңғы уақытына дейін өзін халықтың еркесі, серісі деп біледі.

Шашубай өлең, әнді домбырамен ғана айтпайды, көбінесе гармонға қосылып жырлайды. Ол гармонмен жырлағанда сахнадағы артист сияқты қасы-көзін сан құбылтып, ойнақшытып, екі мұртын тікірейтіп, «Сөйле, Шашеке» деп бір ақырып қойып жырлайды; әдемі құйқылжыған дауыс, лирикалы, толғамалы түйдекті өлең-жырмен бірге оның сыртқы денесі, қолы, бет аузы түгел ойнайды және қызып алғанда бір жерде отырмай, үйдің ішінде жүгіріп жүріп ойнайды. Оның үстіне Шашубай қолына таяқ алып, түрлі құбылтумен де қақбақыл (жонглерлык) ойынын да қызық көрсетеді. Жиын, топ, қызу айтыс көрсе шыдап отыра алмай, кимелеп тоқтаусыз жырлап кетеді. Бұл ақынның шығармашылық процесіндегі тұтастық (синкретизм) белгісі. Мұнда сыртқы көрініс (живопись) пен ән-күй (музыкалы) де, дене қимылы да (мимика, ритмика), поэзия да, артистік өнер де қатысады.

Сал, сері типіндегі қазіргі әнші ақындардың даралық ой-сезімдері, шығармашылық дәстүрлері, қоғамдық салт-санаға ерсі, қайшы емес. Бұрынғы Біржан сал, Естай, Мәди, Жаяу Мұсалардың даралық ой-сезімдері, шығармалары феодалдық үстем қауымының, дін, шарифаттың заң, ережелеріне қарсы келген еді, үстем қоғамдық орта мен ақын әнші арасында бітпестік қым-қиғаш (конфликт) болып отырды, содан келіп, олардың шығармаларында дарашылық немесе ызалы наразылық мотив айқын сезілетін еді. Ал қазіргі әнші ақындар өзінің ақындық, әншілік өнерлерін кең дамытуға толық мүмкіндік алды,

әнін де, жырын да, ойындарын да ешнәрседен жасқанбай еркін айтып таратуына кең жол ашылды... Осындай шығармашылық қуатын дамытқан, әнші-ақындық өнері қайта туып, гүлденген сері ақын халық композиторы белгілі «Хорлан», «Бір мысқал» әндерінің авторы Естай Беркімбаев (1870—1946 ж.).

Жасы жеткен адам тоқырап қалуы мүмкін, бірақ ақындық жан, сезім қартаймайды, ол сол ақынның көңілі өсіп, тасуына қарай түрленіп, құлпыра бермек. Мұны 80—90 ға келген қазіргі ақын-жыршы, әншілердің творчестволық тәжірибесі толық дәлелдейді.

Ал бірқатар орта жастағы әнші ақындар кеңес дәуірінде талантын шын мәнінде жарыққа шығарып, дамытты, зор әнші ақын дәрежесіне көтерілді. Бұған әсіресе ақын, әнші Кенен мен Исаның шығармашылық тәжірибесі толық дәлел. Кенен Әзірбаев күшті әнші ақын. Ол (1884 жылы туған) ақындық-жыршылық жағынан Жамбылдың шәкірті. Ол 14 жасынан бастап домбыра тартып, ән салған. Ол да Жамбыл мен Шашубайдың қасына еріп, әншілік, сері, салдық құрған. Қырғыздың ақын-жыршыларының ортасында болып, олардың да ән-өлеңдерін үйренген. Жігіт кезінде өзінің кедейлік, жалғыздық көрген аянышты тұрмысынан алып «Бозторғай», «Көк шолақ», «Ақ ешкі» атты тамаша лирикалы ән, өлеңдерін, өзінің серілік өмірінің бір сыры, сипаты ретінде «Тоғыз келін» атты өлеңін шығарып таратқан. Шашубай арқылы арқаның көптеген әндерін үйреніп жаттаған...

Кененнің шабыты келіп, домбырасын күйлеп ән салуында да үлкен бап, ерекше шеберлік бар. Ол домбырамен әралуан күйлер тартады, қазақ, қырғыздың ең жақсы әндерін, өзі шығарған ән, өлеңдерін, дастандарын жырлайды. Жамбыл жырларын, Сүйінбайдың Тезекті сынағандарын, «Манас» жырынан үзінділер айтады. Даусы еркін, әнді көтеріп шырқап салады және әнді қызып салғанда домбырамен қатар өзінің құлағын да қағып отырады...

Сал, сері типіндегі әнші ақынның творчествосындағы бұл өзгерісті белгілі жүйрік ақын Исаның ән-өлеңдерінен де айқын көреміз. Оның бес түрлі желдірме атты тақпағы, «Қарағанды», «Жастар маршы» т. б. өлең, әндері бар.

Халық арасына көп таралып кеткен Иса желдірмесі мазмұны, көркемдік ерекшелігі, әннің сарыны жақтарынан қазіргі әнші ақындардың жаңа шығармаларының



ішінде айрықша орын алады. Ақын өлеңінде ойды өткірлеп, пікірді еселеп төгілтіп берілген күшті сөз нөсері жаңа ән ырғағының екпінді, өршіл, өктем сарынымен ұштасқан...

Бұрын да, қазір де сал, сері ақындарға тән негізгі ерекшелік, ән мен өлеңнің үнемі түйісіп, ұштасып айтылатындығы дедік, осы ұштасудан келіп, әнші ақындар тыңнан өлең, жыр ғана шығарып қоймай, әнді де шығарып айтатын халық композиторлары болды. Атақты Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Естай, Мәди — барлығы да әнші ақын ғана емес, өзінің шығарған тың әндері бар композиторлар. Осы тұрғыдан қарағанда, олар жалғыз ғана әдебиет, фольклор тарихында елеулі орын алып қоймай, өнер тарихында да сондай орын алады. Біздің дәуіріміздегі Естай, Шашубай, Кенен, Нартай, Исалар да поэзия мен өнердің өнерпаздары ретінде танылады. Әнші ақындардың шығармашылық дәстүріндегі мұндай тұтастық белгілер, элементтер тек көне заманнан қалған жұрнақ, жұғынды түрінде сақталып отырған жоқ, қайта олар бұдан да гөрі түрлендіріп, тереңдете түсу бағытында дамыды...

## ӨЛЕҢШІ

**Ө**леңші — өлең айтушы, орындаушы мағынасында. Өлең қазақ поэзиясының негізгі түрі. Көне салт, әдет-ғұрып поэзиясы да, әндердің текстері де, айтыс, ғашықтық жырларының көпшілігі де, кейінгі поэзияның негізі де осы өлеңмен жазылған. Өлең қазақ әдебиетінде ән, өлең (песня) ұғымында да, өлең-жыр (стих) ұғымында да жүреді. Өлең қазақтың барлық тарихи өміріне біте қайнасып, араласқан. Ойын-сауығын да, әзіл-қалжыңын да, қайғы-қасіретін де, жорық-соғысын, да өлім-азасын да, той, астарын да, мерекелерін де — бәрін де өлеңмен бейнелеген және қазақтың бірер ауыз өлең айтпайтыны сирек. Сондықтан данышпан Абай:

Туганда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер депен.  
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,  
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең, —

деп қазақтың рухани тіршілігіндегі өлеңнің орнын терең түсіндіреді.

Қай халықта болсын, адам өміріндегі салт — тіршілік, әдет-ғұрып, қоғамдық қарым-қатынас халықтың өлең-жырында бейнеленбей қалмайды. Халық ең алғашқы қуанышын да, қорқынышын да, еңбекпен байланысты шаттығын да, кейістігін де, күрес, тартыспен байланысты ерлігін де, қайғысын да үнемі өлеңмен бейнелеп отырған. Қазақтың халық поэзиясындағы ұшан-теңіз өлең осыны дәлелдейді. Рас, ұйқасып айтылғанның бәрі бірдей өлең емес, фольклор үлгісіндегі өлеңдер бар да, Абайдың эстетикалық қағидасына сәйкес «іші алтын, сырты күміс» өлеңдер бар. Қазақтың әдет-ғұрып, салтына байланысты өлеңдер қайым өлең немесе қара өлең деп аталған.

Мая кетті, ендеше мая кетті,  
Артқы аяғы маяның тая кетті.  
Сырлас болып бірге өскен, ей, жан сәулем,  
Саған айтқан өлеңім зая кетті, —

деген бір шумақ қайым өлеңнің үлгісі, алғашқы екі жолдың негізгі мағынаға қатысы жоқ, тек соңғы екі жолда ғана ақын өзінің ойын білдіреді. Қазақтың эн, өлеңдерінің бірқатарының сөзі осындай қайым өлеңнің үлгісімен айтылады. Шоқан Уәлиханов қайым өлең кезектесіп қайталап айтылады, қара өлең қазақ поэзиясында ең көп жайылған үлгі. осы кездегі Шөже, Орынбай, Жанақтар жырмен қатар қара өлең үлгісін қолданады дейді.

Радлов Жанақ пен Түбектің, Ұлбике мен Күдерінің, қыз бен жігіт айтыстарын қайым өлең тобына жатқызған. Мәселен. Ұлбике мен Күдерінің айтысында екі ақын алғашқы екі-үш жолды үнемі кезек қайталап отырады.

Күдері:

Сексеуіл құмға бітер бас алмалы,  
Зинақор бір құдайды еске алмады,  
Өлеңнің бес-алты ауыз арқасында,  
Тұсыма қыздар толды қос алқалы, —

десе, Ұлбике:

Сексеуіл құмға бітер бас алмалы,  
Зинақор бір құдайды еске алмады.  
Тұсына қыздар толса қос алқалы,  
Қожа қайтып ұстайды ақ шалмалы, —

дейді. Ал өтірік өлеңді, Қожамбердінің Құнанбай жылқысына тиіп қолға түскендегі айтқан зарын, «Айбала —

Боздақ», «Көк жендет» өлеңдерін Радлов қара өлең деп атаған. Қара өлеңде қайым өлеңіндегідей мағынасыз, бос өлең жолдары аз кездеседі. Бұған қарағанда, қайым өлең фольклордың ертеректегі үлгісіне жататыны сөзсіз. Алайда фольклор дәстүрімен айтылатын өлеңнің бәрі бірдей қайым өлеңімен айтылмайды, жүйрік, шешен ақындар өлеңін мағыналы, шебер айтуға тырысқан. Мәселен, Біржан, Естай шығарған әндердің сөздері немесе Кемпірбай, Шөже, Сүйінбай, онан бергі жердегі Жамбыл, Нұрпейістер айтқан өлеңдер белгілі, нақты ойды дәл береді. Өлеңдерін бөтен, бос сөз араластырмай мағыналы айтуға тырысқан. Бұл бертінгі, ақын шығармасы тыңдаушының сынына түсе бастаған және жазба поэзияның әсері кірген дәуірдегі жаңа құбылыс...

Өлеңнің жырдан айырмасы үлкен. Жыр жеті, сегіз буынды ерікті ұйқаспен тақпақ, толғау түрінде жырланады, оқиғалы дастандар, батырлар жырлары, жыраулардың сөздері, белгілі ақындардың, шешендердің сөздері жырмен айтылады. Ал өлең он бір буынды, төрт жолды ұйқаспен айтылады және үнемі әр түрлі әнмен айтуға дәл келе береді. Жырдан гөрі өлең әнге жақын. Қазақтың «Аққұм», «Қарға», «Баянауыл», «Жиырма бес», «Қара кесек» сияқты халық арасына көп таралған атакты әндері өлең үлгісімен айтылады.

Сөйтіп, өлең халықтың рухани тіршілігіне біте қайнасып араласқан қазақ поэзиясының негізгі түрі.

Сонау көне дәуірдегі әдет-ғұрып өлеңдерінен бастап бүгінгі жазба поэзиядағы өлеңдерді жаттап айтушыны өлеңші десек, сол өлеңшінің өзі кім? Егер жырды жаттап айтып орындаушы — жыршы болса, өлеңді жаттап айтушыны — өлеңші деуімізге болады. Бұл жағынан бір-біріне ұқсастығы бар. Бірақ өлеңші жыршының дәрежесіндегі айтқыш (сказитель) емес, мұның орындайтын репертуары жыршыдан аз болады, өлеңшілер ұсақ, жеңіл жанрдың адамдары. Өлеңші ақпа ақын да емес, асқақты әнші де емес, сонымен бірге жыршыдай ақындықтан құр алақан да емес.

Өлеңшілер ауыл арасының жеңіл-желпі ақыны. Өлеңші өз бойына шақтап әр түрлі репертуар жинап алады. Оның ішінде шағын күлдіргі өлеңдер де, тақпақ жырлар да, мақал-мәтелдер де, айтыс өлеңдер де бар. Өзін көтермелеп, құрметтеп отырған ретте, қолайлы жағдайда екі-үш ауыз жарым-жартысы жаттамалы суырып салып та өлең айтады. Бірақ қалың топ, жиын алдында ақын-

дық өнер майданына түсерлік үлкен айтыстарға қатыса алмайды, ұзақ желілі қызық жырларды шығармашылық шабытпен айта алмайды.

Мұндай өлеңшілер бұрын да болған, қазір де әр ауылда, әр колхозда бар. Олар өз ауданында, өз колхозында аса қадірлі, өз ауылы, ауданындағы колхоз бен өнеркәсібіндегі еңбек өмірін, күнбе-күнгі тұрмысын, ойынсауығын, мерекелерін өлеңмен суреттеп жырлайды. Колхоздарда сауық кештерін ұйымдастырып, халықтың, жастардың өз ынталарымен өткізетін сауықтарын басқарып, дамытушылардың көбі өлеңші, әншілер.

Колхоздар арасында халықтың өзі шығарған өлең-жыр, мақал-мәтелдер де, кітапта басылып шыққан өлеңдер де осы өлеңші ақындар арқылы тарайды. Алматы облысындағы Оспантай, Хасен ақындар, Семейдегі Рахымбай, Есенсары, Көкшетаудағы Әміре, Ғалиялар, Ақтөбедегі Нұрпейісов Қали, Жамбыл облысындағы Есдәулет тағы басқалар осы топқа жататын өлеңшілер. Өлеңшілердің бірқатары өлеңшілік дәрежесіндегі әнші де. Өлеңшілер халық әдебиетінің стилін, дәстүрін жыршылардай толық сақтайды, бұлардың хат танитындары аз емес. Колхоздарда бір жағынан, егін салу, мал бағу сияқты еңбек ете отырып, өздерінің күнбе-күнгі жаңа тақырыпқа шығарған немесе жаттаған өлең, жырларымен үлкен үгіт-насихат жұмысын жүргізеді және бұлардың қатары үнемі көбейіп өсіп отырады.

## АҚЫНДЫҚТЫҢ ДАМУ, ЖЕТІЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**А**қындық, жыршылық — бәрі де өнер. Бірақ ол қандай өнер? Ақындық таланттың күші ме? Екіншісі бірі ақын бола ма? Бұл мәселелер дүние жүзіндегі әдебиеттану ғылымының, эстетиканың — көп заманнан бері зерттеп, сан түрлі ғылымдық айтыс, тартыс талқыларына салып, әлі күнге дейін толық шешілуіне жете алмай келе жатқан түйінді мәселелердің бірі.

Ақындық өнер — көркем өнер. Екіншісі бірі ақын бола алмайды, сонымен бірге, жаратылысынан, тұқымынан ешкім де ақын болып тумайды. Рас, ақын болатын адамның бойында ақындық талант, қабілет, бейімділік болады. Ақындық таланттың адамда болуы, оның өскен ортасына, жас күніндегі тәрбиесіне де байланысты. Көркем

өнер, поэзия айрықша гүлденген, қадыр тұтқан отбасылық, қоғамдық ортада ақындық талант ерте, молырақ оянып жарыққа шығады. Егер поэзия, ақын дегенің қадірсіз елеусіз, оның ірі, үлгі алатын таланттары жоқ болса, ақындық таланттар мүлде жарыққа шықпай жоғалып кетуі мүмкін...

Отбасылық дегеніміз — ірі ақындарға туыс, жолдас, дос ретінен жақындығы. Абай, Сүйінбай, Жамбыл айналасынан көптеген ақындар шыққан. Кейбірі Абайдың туыс-жақындары, балалары, Жамбылдың туысынан кем емес ақын достары, ақын шәкірттері. Алдындағы ұстазы, даңқты ақынды көрген жастардың талайы-ақ ақын болуға талаптанады. Бойында ақындық қабілеті, икемі бар жастың таланты поэзияға құмарлық үстінде тез оянады, тез қанаттанады, ұстаз, аға ақыннан үйрену, оқу, үлгі алу үстінде өзінің талантын желпіндіреді, жетілтеді, көрнекті ақын қатарына көтеріледі, онан әрі өзі шығармашылық жолмен дамыту жолына түседі. Ал бойындағы ақындық таланты, қабілеті шамалы жас қанша талаптанып, күш жұмсап, үйреніп үлгі алғанымен жақсы ақын бола алмайды, ол мықтағанда «кәсіпқор» ақын немесе аса зеректілері жыршы болады, таланты да зеректігі де жетнесе, ол өленші дәрежесінде қалып қояды.

Рас, қалай ақын болғандығы, тың өлең-жырды, дастандарды қалай шығаратындығы туралы әр ақынның өзінің де ойлары, түсініктері, тәжірибелері бар. Қазіргі халық ақындарының дүние тапудағы, шығармашылық психологиясындағы әр алуан құбылыстарды зерттеп, оның қайшы және табиғи заңды жақтарын ашу тұрғысынан қарағанда олардың өздерінің ақындық туралы түсініктерін, тәжірибелерін сыннан өткізудің маңызы аса зор.

Халық ақындарының ақындық туралы ұғым, әдеттері әр түрлі, бір-біріне қарама қарсы қайшылықты көзқараспен айтылған. Мәселен, ақындықты батамен алу, ақындық ұрпақ, тұқым қуалап қону; үйренумен, еңбекпен ақын болу сияқты. Қазақтың бұрын-соңғы ақын-жырауларының қалай ақын болдың дегенде айтатын жауаптарының негізі осы төрт түрлі ұғымға, әдетке айналып соқпай кетпейді. Осылардың теріс, дұрыс жақтарына тоқтала отырып, өз ойымызды ортаға салайық.

Бірталай ақындар — ақындықты киелі, аруақты, бір жат сырлы қасиет деп түсінеді. Әрбір өнердің белгілі бір иірі, қолдаушысы, иесі болады деген көне дәуірдегі шамандық діни ұғымның қалдығы кейбір ақындардың

ақындық жөніндегі түсініктерінде осы күнге дейін сақталып келген.

Қазақта шаманизм қалдығының кейбір белгілері бақсылардың әдет-ғұрпында да бар. Қазақ өмірінде бақсы — алдаушы, жалған балгер. Ауруларды, босанатын әйелдерді жазамын деп азап көрсетіп қобзын ойнап билеп, жұртты қорқытып, алдап дүние табады. Қайдағы ескі жириеністі әдеттерді қолданады. Міне, сондықтан бақсылық қазақта жаман, жағымсыз ұғым алған. Ал осы бақсылықтың ертеректе ақындық өнермен байланысты жағы болған.

Шоқан Уәлиханов өзінің «Қазақтағы бақсылықтың қалдығы» деген белгілі ғылыми еңбегінде бақсылық қазақтың ерте замандағы шаманизм дініне байланысты ескі наным, ырым әдеттердің қалдығы екендігін айта келіп, бақсының өзі жат сырлы, басқалардан ерекше сезгіштік сипатты адам, онда ақындық, музыканттық, емшілік қабілет бар, сондықтан бақсы монғолда, ұйғырда оқытушы, ұстаз мағынасында, түрікменде ақын-жыршы мағынасында аталады дейді. Өзбек тілінде бақсы әрі жыршы, әрі балгер мәнінде аталады, Вильяминов-Зернов — бақсы сөзі түрік тілдес елдерде білімді, жасырын ғылым сыр ашушылар мағынасында дейді.

А. Кастеньев өзінің «Қазақтың діни наным жайынан» деген зерттеуінде қазақтың көне заманнан бергі рухани өмірінде елеулі орын алып келген бақсылық әдет, нанымдар ислам дінінің тыйым салуына қарамастан әлі сақталып келгендігін, бақсы қазақ, шағатайша балгер, емші, түрлі фокус көрсеткіш мәнінде танылатынын айтады. «Жыршы, музыкант, ақын, жрец, болжағыш, дәрігер — бәрі қосылып, халықтың сан ғасырлық діни дәстүрінің молдығын сақтаушысы сияқты» дейді. Қазақтың бақсылары туралы аңыздарды Потанин мен Шоқан поэзияның тарихи шығуына, көне дәуірдегі жыр мен күйдің тууына байланыстырады.

Ақын күйшілер сияқты бақсылардың да негізгі музыкалық құралы қобыз. Қазақтағы қобыз, лебіз, әуез, аңыз, абыз деген сөздердің түбінде жақындық үлкен, бәрі де қобыздан шығатын күйдің сарынын, үнін, әңгімесін білдіреді. Ал абыз туралы Абай мынаны айтады: «Бұрыннан бақсы балгерге иланып, отқа, шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез түсініп кете алмапты. Ол кезде шала-пұла хат таныған кісі болса оны «абыз» дейді екен. Ол «абыз» демек, әуелде шамаң дініндегілердің өз мол-

дасына қоятын аты екен». Бертін келе абыз қазақ өмірінде қобызбен сарнап бал ашатын, алдағыны «болжайтын» сәуегей, болжағыш ақын, бақсының бір түрі саналып кеткен.

Қобыз тартушы бақсы, күйшілер, көбінесе, зарлы күйінішті сарындарды ойнаған. Профессор С. Е. Малов ұйғырлардағы басқылықтың қалдығы туралы мақаласында бақсылардың арғы тегі Гао-гюй деген бақсы екен дегенді қытай тарихшылары атайды дейді. Ал қазақта қартайған адам қайғыға беріліп, сол қайғысын сөзбен емес, домбыра, қобызға қосып, күніренген қоңыр күймен білдірсе, «Гүй-гөйге басты» дейді. Мұнда да шаманизмнің қалдығы жоқ па екен? Қобыз, абыз, лебіз, әуез, зар, сарын деген ұғымдардың украинның кобзарімен жақындығы да болуы ғажап емес, өйткені кобзарьдің түбірі татардың кобуз дегенінен шыққан.

Сөйтіп ертедегі ақындық ұғым, әдеттің тамыры шаманизм, бақсылық нанымдарға байланысты. Міне, осыдан келіп ақындық түстегі киелі «әулиеге», әдейі арнап қонатын әлдебір ғайып күштің бейнесіне айналады. Ақындардың айтуына қарағанда, ақын болар кезде түс көргіш болады, шошып оянып, мазасы кетеді, ол түсінде белгісіз ақсақалды қарияны көреді немесе ертеде өткен, есімін естіп білетін, яки, сол өзінің еліне мәлім атақты ақын келіп, аян беріп домбырасын ұсынады, не белгісіз қария, не әлгі белгілі ақын, мұны мазалап ақындыққа шақыра береді. Бұл ретінде бірнеше мысал келтірейік.

Бала кезінде Сүйінбай, түсінде келіп, өлең аласың ба, көген аласың ба деген адамға, өлең алам деп шошып оянып, түрегелсе, бастығырылып, тілі күрмеліп қалыпты, сонда құлағын бұрап, шыңғырып өлең айтыпты-мыс.

Шашубай Қошқарбаев та: «14 жасымда түсімде ақындық пайда болды, таудан тауға құс болып ұшып қонып, жеміс жеп жүр екенмін, сол түстен кейін өлеңді айтып кеттім» дейді. Ақын Болман Қожабаев айтады (1880 жылы туған, Қарағанды, Жезқазғаннан): «Әкем Қожабай ірі ақын еді, 1917 жылы 63 жасында қайтыс болды. Сол әкем 15 жасар кезінде түсіне оның әкесі Тайланбай кіріп, өлең аласың ба, көнек аласың ба дегенде, өлең алам депті. Сонда құлағына сыбызғының сарыны болып өлең естіле берген, ояна салып, домбыраны жұрт алдында қалшылдап тартып, өлеңді бөгелмей айтып кетіпті. Бірақ өзім ондай түс көргенім жоқ».

1942 жылы Мұрын жырау былай деді: «Менің әкем Сеңгірбай Абыл ақынның үйінде ұсталық құрып жатқан уағында — сіз қалай ақын болдыңыз деп сұрағанда, Абыл айтыпты. Отызға келген кезім, ерте қой өргізіп ұйықтап қалсам біреу келіп аузыма бір сұйық нәрсені құйып еді, жұтып жібердім. Ояна келсем кеудемді өлең, сөз кернеп барады екен. Осыдан былай қарай ақын болып кеттім» депті.

Осындай, ақындықты түсінде қабылдау туралы аңызды қазақтың бұрын-соңғы ақындарының көбінен естисіз. Түсінде ақындық қону деген наным өзбек, қырғыз, түрікмен тағы басқа елдердің жыршыларының әдетінде де бар көрінеді (В. Жирмунский, «Среднеазиатские сказители». Известия Всесоюзного геог. об-ва. 1947, 412-бет).

Бұл аңыз әңгімелердің түйіні — ақындықты киелі — «иелі» деген көне дәуірдегі ескі магиялық (сиқырлы күшке сену) нанымдарға, ақындық түбі — ғайыпты болжаушылық, бақсылық деген шаманизмнің қалдықтарына тығыз байланысты, материалистік дүние тануға қайшы ескі идеалистік көзқарастар. Көне заманда елдің әдеті, ойыны, яки гүрпы тұтастықта болды дейміз. Ақын әрі артист әнші, әрі болжағыш балгер, әрі дін иесі әулие рөлін (бақшыны түрік тілдес елдердің көбі әрі ақын, әрі балгер атауы) атқарды. Дүниедегі, жаратылыстағы құбылыстардың, жан-жануарлардың өз алдына тәңірісі, иесі бар деп табыну сияқты, ертеректе көп халықтар ақындықтың да иесі, тәңірісі бар деп сенген, табынған. Бұл киелі нәрсе ақындардың жыры мен аңызында ақ сақалды қария, жылы жел, сұлу қыз, тұлпар ат, домбыра, сұңқар, аққу, үйрек, кептер құстар бейнесінде өздерінің жан серігі, рухани досы болып айтылады, жырланады. Осы күнгі халық ақындары суырып салып өлең айтарда әуелі домбыраны күйлеп, өзімен өзі, яки өзінің домбырасымен кеңескендей немесе ақындық «аруағын» шақырғандай айғайлап, өзінің ақындығы туралы бірер ауыз айтып серпіліп, бой жазып алады.

Жас күнімнен жырлаған  
Домбыра шешен жолдасым.  
Жасарған қайта он саусақ  
Көрсетсін көпке жорғасын.  
Бәйге бермес жүйрік ой  
Сұңқардай қанат қомдасын.

(*Нүрпейіс*)



Бойымды өлең, ой кернеп,  
Шырқай жырлап шарықта.  
Дауылпаз долы ақынмын,  
Ішіме симай қарқын күш,  
Сыртыма шықты асылым.  
Ойым ұя көңіл құс.  
Ұшты, құсым шарықта.

(Саяділ)

Мұнда ақындық ақынның өзіне жолдас, таусылмас  
қуат беруші екінші бір жанды бейне болып елестейді.

Ай, Әсет, осы аурудан өлем білем.

Алланың аманатын берем білем...

Кеудемнен көк ала үйрек «қош» деп ұшты,

Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем.

Басымда отырды өксіп қимай тоқтап,

Кете алмай бөтен жаққа айналсоқтап.

Серігім, қош аман бол Кемпірбай, деп,

Жылады бұрынғы өткен күнді жоқтап, —

деп Кемпірбай ақындықты өзімен бірге өлетін көк ала  
үйрекке балайды.

Түсімде ақындық аян берді, келіп қонды, бірге еріп  
жүреді деп өзі сену, соған басқаларды сендіруге тырысу,  
бұл халық ақындарының санасындағы, дүние тануында-  
ғы ескіліктің қалдығы. Шынында, түсімде ешқандай, ғай-  
ыптан ақындық келіп қонбайды. Түс ақынның өңіндегі  
іс-әрекетіне байланысты ой қиялының сәулесі, елесі.  
Адам өңінде не нәрсе туралы жан дүниесімен қиналып  
көбірек ойланса, қиялданса сол түсіне көбірек кіреді.  
Түсімде ақындық келіп қонды, аян берді деген ақындар-  
дың барлығы да бір ауыздан — ақын болам деп өлең-  
жырға, ән-күйге құмартып, жатса-тұрса ақындықты ар-  
ман етіп жүргенде түс көргендігін мойындайды. Егер сол  
жас кезінде ақындық жолға құмартпаса оның түсіне  
ақындыққа байланысты ешнәрсе енбес еді.

Ақындық адамның жан дүниесіне байланысты құбы-  
лыс. Оған құмартып, жығыла берілсе, сол арман еткені  
ұзақ уақыт орындалмаса, сөз жоқ ол адамды ауыр ру-  
хани азапқа салады, түс көргіш, түсінен шошып оянғыш  
болады; оған қалыпты адамда жоқ ерсі мінездер де пай-  
да болады, кейде есінен шатасқандай қылықтар да көр-  
сетеді. Ұйқылы-ояу өң мен түс арасында ол өлең айтып,  
ән салып жүреді. Оның есінен жатса да, тұрса да ақын  
болу кетпейді. Осындай халде жүргенде ескі сенімдегі

жасқа ақындық кону, ұялау, бата, жәрдем жайында сан алуан жақсы түстер кездеседі, соның өзі ептеп демеу болады да, әрі бұған дейін жаттап үйренгені бар, әрі осы қиналып жүргенде шығарғаны бар, ол енді өзін сенімді ақын санап, біртіндеп жырлап кетеді.

Түсінде ақындыққа баулыну, өлең шығарып жүру халық ақындары түгіл, белгілі жазба ақындардың өмірінде де болған. Шаруалар тұрмысын көбірек жырлаған орыстың белгілі ақыны Алексей Қольцов былай дейді: «Бір күні әкемнің малымен бірге далада қондым, Көзге тұртсе көрінбейтін қап-қараңғы түн еді. Айнала мылқау тыныштық, шөптің сыбдыры ғана білінеді. Алыста андасанда жарқыраған жұлдызды қара көк аспан да түнеріп тұрды. Ұйқылы-ояу жатқанымда ойыма келісті, ұйқасымды өлең келді, бұған дейін ол өлеңдердің бас-аяғы, ұйқасымы жоқ болатын. Мен өңім бе, түсім бе деп атып тұрып, әлгі ойыма келген өлеңді қайта айтып шықтым. Енді түсім емес, өңім. Осындай халде өлең шығарып айтқаныма өзім қайран қалдым». (А. Панаева. Воспоминания. Л., 1924, 114-бет).

Классик жазушылардың күрделі шығармаларды жазуға жан-тәнімен жығыла берілген уақыттарында түсіне шығармадағы геройлары, образдары кіріп өзімен араласып жүретіндері де аз болмаған. Мұның бірде-бірі ақын жазушының пірі, ақындық аруағы емес, күндізгі саналы шығармашылықтың көмескі бір елестері ғана. Рас, түстегі өмір, дүние адамның өңіндегіден көмескі, бұлдыр болады, ол өңіндегі саналы шығармашылықтың толық өзі емес, түсте адамның творчестволық жігері бәсеңдейді, сезімі тоқырайды. Сондықтан оянғанда түсінің көбі есте қала бермейді, бұлдыр көмескі елестердің мыңнан біреуі ғана есте қалуы ықтимал. Әсіресе, ақын болам, өлең шығарам деп күні-түні қыялданып, есінен адасуға дейін барып қиналып жүрген ойдың сәулесі есінде көбірек сақталуы мүмкін.

Түсінде ешқандай ақындық келіп қонбайтынын, ақындық киелі, нелі нәрсе емес екендігін қазіргі халық ақындарының бірқатары өздері айтып сынайды. Бұл соңғы пікірді көбінесе хат танитын, қазіргі ғылыми, тарихи, көркем әдебиетті өз бетімен оқып алатын орта жастағы ақындар қолдайды.

Жолдыкей Нұрмағамбетов айтады (1886 жылы туған, Қарағанды облысы, Нұра ауданынан): «Шешем және нағашым сал Төлебай ақын еді. Солардың

үлгісін көріп 16 жасымнан ақындық жолға құмарта берілдім. Түсімде ешқандай ақындық қонған жоқ». (1946 жылы 8 шілде күні өз аузынан жазып алынды.)

Нұрқан Ахметбеков айтады: «Ақындық деген киелі емес, пір қолдап сәуегейлікпен қонатын зат емес. Адамға біткен кәсіптердің ішіндегі білім, зейін деп білемін. Әркімге, әрнәрсеге талант бітуге тиіс, не нәрсе болсын құмарлықтан қонады деп білемін. Адам нендей ғаламға үйір болса, жалықпай жан-тәнімен берілсе, сол ізеттеген өнерді тауып меңгере алады деп түсінем. Сонымен бірге ақындық жанымен қоса жаратылатын табиғи бір қиялдан шығатын зат болуға тиіс... Құмарлықпен қонған заттың түсіне кіруі, өңінде істеген затты түсінде істеп жүруі, болмаса бір аңсаған нәрсені түсінде көру, дегендер ол әншейін көп ойлағаннан болатын зат. Жүйрік ат, құс, мылтық, тазы, қыз, өлең, жыр сияқтылар аңсап жүргенде талай түсіме кірді. Соның бәрін «кие» деп түсінбеймін. «Кие», «аруақ», «арқа» дегенді қайдағы шалағай, аңғал, нанғыш, надан ақындар айтқан. Олар түсінде өлең айтқан ақынды көрсе сол пірім деп жүреді. Ал кебіреуі басқаға еліктеп өтірік те айтуы мүмкін... Рас, адамның жанымен құмарланған ғамалының кейбір нышандары өңінде де білінуі тиіс; мысалы, көп сөйлейтін күні иегі тартуы, домбыраны көп тартатын күні қары тартуы, жиынға кездесетін мезгілдерде қабағы тартуы сияқтылар болады» (Нұрқанның өмірбаяны (қолжазба). ТӘИ архиві, 4—5-беттер). Иса Байзақов та, Саяділ Керімбеков те, Әбдіғали Сариев те тағы басқа орта жастағы ақындардың бәрі де Нұрқанның осы пікірін қолдады, ақындық түсте қонатын, яки адамның өзімен бірге еріп жүретін киелі нәрсе емес дейді.

Ақындық иелі, киелі, түсте қонды деген пікірді халық жыршылары ертедегі анайы сенімдерге байланысты тұрпайы түрде айтып тарататын болса, ал бұрынғы жазба ақындардың бірталайы ақындықтың құдайы, «музасы» бар, ол тәңірінің берген өнері деп табынумен келген.

Адамның кейбір кездері  
Көңілде алаң басылса;  
Тәңірінің берген өнері  
Көк бұлыттан ашылса. (Абай)

деп ақындық адамның көңіліне келіп қонатын, құйылатын тәңірінің ерекше бір қасиеті, сипаты сияқты. Бұл әуелгі магиялық тұрпайы нанымдар емес, бірақ сонымен

тамырлас, бертінде теориялық негіз алған әдебиеттегі романтизмге, идеализмге байланысты ұғымдар.

Рас, ақындық сезім, оның көңіл күйлерінің толқындары күрделі, сан алуан құбылмалы болады. Ақын өлеңін бухгалтердің есебіндей немесе инженердің чертежіндей өлшеп есептеп шығара салмайды. Белгілі қоғамдық жағдай, ортаға байланысты ақынның көңіл күйлері, шығармашылық қуаты өрлеуі мүмкін немесе тоқырап қалуы ықтимал. Ақынның ол шақтарын біз жоғарыда бабына келген қыранға, жүйрік тұлпарға баладық. Бабы келмесе қыран тояттамайды, жүйрік шаппайды ғой. Ақын бабы да сол сияқты деп ойлаймыз. Ақындық шабыттың көтеріліп, тасып төгілетін кезі болады. Ол адам көңілінің шаттанып, қанаттанғаны сияқты, шығармашылықпен шұғылданған кезде ақын ерекше жалынды сезіммен жырлап кетеді. Онымыз ақындық шабыт.

Ал шабыт дегеніміз ақындық муза, тәңірі өнері емес, ол ақындық шығармаға жан-тәнімен берілудің көрінісі. Ақындық муза көтерілгенде ғана шабыт келеді, өлең шығады, шабыт муза реальды санадан сырт жасырын сырлы нәрсе, түсте ақындық келіп маған қонды, менде ақындық аруақ бар деген тотемдік ескі нанымдармен тамырлас поэзиядағы идеализмнің бір көрінісі.

Ақындық музаға табыну, оның сиқырлы жат сыры (интуиция) бар деп сену бұрынғы ақындар түгіл, сол ақындарға соқыр сеніммен еліктейтін осы күнгі кейбір жазба ақындар да кездесіп қалады. Бұл әрі ескіліктің, әрі идеализмнің қалмай жүрген сарқыншақтары, сөйтіп, ақындық талант, шабыт ақын көңіліне тәңірінің әкеліп қойған сыйлығы, ерекше қасиеті емес, ол түсіне келіп қонатын немесе шақырып келтіретін киелі «пір» сияқты дерексіз бір нәрсе емес, адамның саналы ойының, қажырлы шығармашылық еңбегінің жемісі.

Тургенев ақын Феттің музам келмегендіктен өлеңім ойдағыдай шықпады дегенін — ол шеберлігің жетпегені, муза деген көктен түсетін, дайын өлең бере салатын құдірет емес, адамның жазуға мейлінше шабыты келетін кезі болатыны рас, осыны ақындар «тәңірінің жақындап жанына келгені» деп ұғыну теріс деп сынаған (Н. Л. Бродский. Тургенев в воспоминаниях современников и его письмах. Ч. II. М., 1924, 91-бет; Тургеневский сборник. Под ред. Н. К. Пиксанова. II. 1915, 65-бет).

В. Г. Белинский де: «Шабыт дегеніміз азаптану, жанның ауруы... Жан қуатының сілкінуі, бірақ ол еріксіз

күштеп келтірілген құбылыс емес, келген шабыт» (В. Г. Белинский. Сочинения. Том IV, 1911, 159-бет).

Сөйтіп ұлы жазушылардың ұғымында талант, ақындық шабыт дегеніміз — адамның саналы шығармашылық еңбегінен туып дамитын, жетілетін психологиялық сипат. Әсіресе, бұл мәселені Горький өзінің жас жазушылармен кеңес тақырыбына жазған мақалаларында тереңірек, кеңірек түсіндіреді. Жазушылыққа құмарту, соған беріліп, ол жолдағы қандай қиыншылыққа болсын қажымай еңбек істей беру адамның бойындағы таланттың жарқырап көрінуіне жеткізеді деп біледі Горький. Талантты жетілту үстінде, күрделі шығармалар жасау үстінде ақынның шығармашылық қиялы, сезімі, жап дүниесі, ойы бір қалыпта болмай қатты қиналуға, күйзеліске ұшырауы мүмкін немесе ақынның образды ойлары нажағай ойнап, еркін шалқып құлпырып, қанаттанып көрінуі мүмкін, осы шығармашылық құбылыста жапды образ, бейнелер жасалып шығады. Осының бәрі тек келе қалған шабыттың ғана ісі емес, Белинский, Горький, Чернышевский, Тургенев, Чехов тағы басқа ұлы жазушылар айтқандай, қажырлы, табанды, саналы еңбектің жемісі.

Ақындардың бірқатары қарт ақыннан бата алып ақын болғандығын айтады. Ақын жас кезінде өлең, әнге, домбыраға үйір болады, ақындықты арман етіп, марқұм ақынның аруағынан, еліндегі тірі ақындардан көмек сұрайды. Белгілі ақынға барып өзінің ақындық өнерін сынатып, бата беруіп өтінеді, бата берілмесе ақындығына жол ашылмайтын сияқты көреді, алайда ақынның қарт ақыннан бата сұрауы — кейде жас шәкіртінің ұстаздан сабақ алғанына, үлгі алып үйренгеніне ұқсайды.

Жамбыл 15 жасында атақты Сүйінбай ақынға келіп домбырамен өлең айтып, өзінің ақындығын сынға салады. Сүйінбай өлеңін ықыласпен тындап болып, ақындыққа икемі барын айтып, бата береді, екінші жағынан, басқаның жаттамалы сөзін айта бермей, өз жаңынан тың, жұрт сүйсініп тыңдайтын мағыналы өлең шығарып айтуды талап етеді. Мұнда Сүйінбай құр бата беруші ғана емес, жас ақынды баулып үйретуші ұстаз. Жамбыл ақындық жолында, көбінесе осы Сүйінбайдан көп үлгі алып үйренгендігінен:

Менің пірім — Сүйінбай,  
Сөз сөйлемен сыйынбай.

Сырлы сұлу сөздері, —  
Маған тартқан сыйындай!  
Сүйінбай — деп сөйлесем,  
Сөз келеді бұрқырап,  
Қара дауыл құйындай! —

деген. Ол Сүйінбайды өмір бойы «ұстазым» деп зор құрмет етіп өткен.

Алайда шәкірт ақын, сол ақындық өнерге бой ұрып, жетілу жолында жүрген шағында бір ақынның батасына, ақыл-кеңесіне қанағат етіп қоймайды, өз тұсындағы аға ақындардың бәрінің де сынына түседі, кездескен жерде өлеңін сынатып бата алғысы келеді. Ал Жамбылдың төңірегіндегі ақындар өздері алғашқы ақындық жолға түскенде өнерін сынатып, Жамбылдан бата алғандарын айтады. Жамбыл да, Сүйінбай сияқты, өзінің шәкірт ақындарын өнерге баулып, қатты, үлкен сындардан өткізіп барып, бата беріп, ақындық майданға шығарып отырған. Есдәулет Қандеков айтады (1887 жылы туған, Жамбыл облысынан): «Жиырма бір жасымда Байсеркенің асында Жамбылды көріп, өлең-жырын естіп қатты құмарттым! Өз өлеңдерімді айтып сынатып бата сұрап едім, сөзім оған ұнамады ма, бата бере қоймады, сонан кейін Жәкеңнің қасына еріп өзінен әрі тыңдап үйреніп, әрі өз өлеңдерімді батыл айтып жүріп ақыры батасын алдым. Жамбыл былай деп бата беріп еді:

Қасқараудың баласы  
Қымызға толған сабасың.  
Етің тірі бала екен,  
Талпынсаң өнер табасың.

Сонан кейін өлеңді шешіліп жақсы айтып кеттім» (Есдәулет өмірбаяны (1946 жылы жазып алынды). ТӘИ архиві, 4—5-беттер).

Умбетәлі Кәрібаев айтады (1889 жылы туған, Алматы облысы, Жамбыл ауданынан): «Жамбылды 14 жасымнан білем, Жамбылдың жырын, әсіресе Қорұғлыны айтуын естіп құмартып жүргенімде Жамбылдай айтқыш ақын болу маған үлкен арман еді. Жамбылдан я басқа ақындардан естігенімді жаттап және аздап өз жанымнан шығарып өлең айта бастадым. Әуелгі кезде өлеңімді Жамбылдың сынына салып, айтуға бата алмай жүрдім. 1925 жылы Жамбыл ауылындағы бір қыз ұзату

тойына көп өлең айтып, бір үйде тынығып жатыр едім,  
Жамбыл келіп мені өлеңмен оятты:

Танимын мен сөзіңді аңғарыңнан —  
Жамбылдың ешкім кетпес алдарынан.  
Алдыңа атаң Жамбыл келіп отыр,  
Олжа бер, кара бала, алғаныңнан, —

деп Жәкең өлеңмен бастырмалатты, мен қатты сасып қалдым. Үй иесі Тәйтелі Жамбылмен күрбылас екен. Маған «именбе, соқ өлеңді» деп көтермеледі. Мен буынымды бекітіп алып:

Белгілі, Жамбыл қария, ісің сенің,  
Бұл халыққа жария күшің сенің,  
Аяғыңды байқап бас, тайып кетпе,  
Шайнайтұғын мұқалған тісің сенің.  
Жасыңнан Жамбыл ақын атанғаның  
Кешегі Сүйінбайдан бата алғаның.  
Шәкірт боп Сүйінбайдан бата алған соң  
Үйінде бес күн түнеп жата алмадың.  
Алсаң да алдыңа сап қанша дәулет,  
Жамбыл-ау, сонда да бай атанбадың,  
Жетпіс асып сексенге келсең дағы  
Ұялмай олжа сұрап қақаңдадың, —

дегенімде менің сөзіме қатты риза болып, шын ықыласымен маған батасын берді».

Шынында, Жамбыл Үмбетәлімен олжа сұрау ниетімен қағыспаған, жас ақынды қапылыста ақындық күшін сынау мақсатымен әдейі қайрап салып сөйлеткізудің бір түрі бұл. Қарсы келген ақыннан қаймығып ықтап жүре бергенді Жамбыл ақын деп танымаған.

Қ а з ұ л ы Қ а ш қ ы н б а й айтады (1884 жылы туған, Қостанай облысы Торғайдан): «Қайын жұртымда (әйелімнің әкесі) Шалабаев Жұмабай деген ірі ақын болды. Өлең айтарда көзінен жас ағып, селкілдеп кетуші еді. Ол 1896 жылы 71 жасында қайтыс болды, өлеңге құмарлығымды сезіп, өлерінде маған батасын беріп еді, сонан былай өлеңге еркін болып кеттім. Ол кісінің сөзі, ақындығы маған зор үлгі болды».

С а б ы р ж ы р а у өзі туралы былай дейді:

Өзі ақын Нұрым баласы —  
Сабыр жырау аталған,  
Он екі жасқа келгенде  
Әр жыраудан бата алған.

Бата алу туралы түсініктерді бұрын-соңды қазақ ақындарының көбі, міне осылай айтады.

Шындығында батамен ғана ақын болдым деу ақындардың өзін өзі алдандыру сияқты ескі нанымның қалдығы. Батамен ешкім ақын бола бермейді. Егер қарт ақын көңілі түсіп бата берген адамның бәрі ақын бола берсе ақындық дүниедегі ең оңай өнер болып шығар еді. Батаны сан рет алса да ақын бола алмай қалып қойған дарынсыз, талантсыз өлеңшілер аз болмаған.

Батамен ақын болдым деген ақындардың өз сөздерінің өзіне қарсы келетін, ақындықты дұрыс ұғынуға зор дәлел болатын пікірлер байқалады. Сүйінбай ақындығын сынап барып, келешегі анықталғасын ғана Жамбылға бата береді және бата бергеннен кейін сен ақын болдың деп қоя бермейді, оның мұнан былай өсуіне, ақындық таланты жетілуіне үнемі жәрдем көрсетеді. Жамбыл өзіне шәкірт ақындарды ақындықтың әр алуан сынына, майданына салып, риза болғаннан кейін бата береді және сол жолға баулып отырады. Қашқынбайдың сөздерінде де жалаң батадан гөрі өзінен үлкен төселген ақыннан үлгі, өнеге алып үйренгендігі көбірек айтылады. Бұған қарағанда, бата деген сыртқы көрінісі, белгісі ғана да, ал батаның мазмұнында ақындық өнерді үйрену, ірі ақынның қасында тәрбие көру әрекеті жатады. Шынында, жас ақынның бата алуы өзінен үлкен аға, даңқты ақынды құрметтеу, оның алдына бас иіп, өзіне ұстаз тұту сияқты әрекет. Атақты ақынның алдын көріп, оның өзі туралы ойын, сынын есту, одан ақыл алу жас ақын үшін аса маңызды, аса қызықты да. Жас ақынның қарт ақыннан бата алу әдеті өзбек, қырғыз, түрікмен жыршы-бақшыларының дәстүрінде де бар. Бірақ олар да жалаң батамен ақын, жыршы болып шықпайды, айлар, жылдар бойы қарт ақыннан жас ақын оқиды, үйренеді, үлкен сындардан өткеннен кейін қарт ақын жас ақынға жыршылық, ақындық право — бата береді екен.

Онан соң қазіргі халық ақындарының бірталайы (жастау жағы) бата алып ақын бола қалдым деген пікірлерді ұнатпайды, қатты сынайды. Мысалы, Ү р к і м б а е в Т ө л е у айтады (1898—1956. Қызылорда облысы, Қармақшыдан): «Ешбір ақыннан бата алғаным жоқ, үйреніп талаптанбаса құрғақ батамен ешкім көркейе алмас еді» (1946 жылы жазылған өмірбаяны (қолжазба). ТӘИ архивы, 3-бет).



Ильяс Манкин айтады (1889—1954. Қарағандыдан): «Қарт ақыннан жас ақынның бата алатыны рас. Онда да қарт ақын жас ақынның шамасын, өлеңін сынап барып жақсы бата береді. Бірақ батамен дарыған ақын болмайды. Оның бәрі не өтірікке, не халықты алдағыш мақтанға айналған сөздер. Ғылымның бәрін білмеймін, білмесем де білгендерден сұрап жүрмін. Барлығы да талантқа, талапқа байланысты» (1946 жылы жазылған өмірбаяны (қолжазба). ТӘИ архиві, 7—8-беттер).

Нұрқан Ахметбеков айтады: «Қарт ақынның жас ақынға бата беретіні бола береді, бірақ батамен ақын болмайды. Кейбір ақын надандығымен «батамен ақын болдым» дейді» (1946 жылы жазылған өмірбаяны (қолжазба), 34—36-беттер). Иса, Саяділ, Нартай ақындар да осы пікірлерді қолдайды...

Халық ақындарының ақындық туралы үшінші салалы ұғымы ақындық тұқым қуалап ауысады деуі. Бұл пікірді халық ақындарының бірталайы қолдайды, соған дәлел ретінде әр ақын өз өмірінен көптеген фактілер келтіреді. Рас, жаратылыста тұқымға, нәсілге тарту болады, мұны қазіргі биология ғылымындағы Мицуриннің материалистік қағидасы сапалы дамудың негізгі бір факторы санайды, бірақ кейінгі ұрпақ, нәсілге ауысатын тұқым тек сыртқы қоғамдық, жаратылыстық қолайлы жағдайға байланысты өрбіп дамиды, қоғамдық ортаның жаратылыс құбылысының белсенді әсері арқасында тұқыммен ауысатын ұрпақ жаңа сапаға ауысып өзгереді. Ақындардың өмірін, шығармашылық тәжірибелерін қарасақ ата тегінде ақын болғандары да бар, тегінде ақын болмағандары да бар. Рас, шын жүйрік төкпе ақын емес, жай өлеңші, жыршыларды алатын болсақ, бұлар үйрену, төселу, профессионалдық кәсіп түрі болғандықтан әкеден балаға, ұрпақ, қуалап кәсіп өнері ретінде ауыса берген. Оны өзбектегі бақшы, шайырлардың, қырғыздағы жомоқшылардың, қазақтағы жыршылардың өмірлері толық дәлелдейді.

Сонымен бірге атақты ақындардың бірталайының туыс жағынан да, өскен ортасында да ақындық талант, ән, күйге бейімділік қабілет дәстүр болғандығы байқалады. Бұған да бірнеше мысалдар келтірейік.

Жамбылдың туған шешесі Ұлданның нағашысы Қанадан атақты қобызшы, күйші болыпты, қазақтың бұрынсонды күйлерін тамаша тартады, кейін Жамбыл ақындық жолға беріліп жүргенінде шешесі баласының талабын

толық қолдап, баламызға біткен бұл өнер менің нағашымның өнері ғой дейді екен. Сүйінбайдың ұлы әкесі Күсеп атақты ақын болыпты. Ол «Өтеген батырды» ең алғаш жырлап таратқан. Абайдың әкесі ақын болмаса да, Ақылбай, Мағауия атты балалары, Әубәкір деген немере інісі ақын болды, бірақ олар Абайдың өз дәрежесіне жете алған жоқ. Көбдіков Төлеу ақынның (1874—1954, Семей облысынан) шешесі Қуандық ақын, ал Қуандықтың әкесі ХІХ ғасырдағы Сабырбай ақын, Үмбетәлі Кәрібаевтің шешесі Бөпежан ақын. Нартай Бегежановтың ағасы Мансұр ақын. Баймағамбет Қуанышовтың әкесі ақын. Қалқа Жапсарбаев, Жалайыр Бақтыбай ақынға жиен. Жақсыбай Жантөбетовтың нағашысы Сауранбай ақын. Ильяс Манкиннің нағашысы және ұлы әкесі Жиенәлі ақын екен.

Нұрқан Ахметбеков айтады: «Тұқымға тартуды бекер дей алмаймын. Өйткені ұрығына тартпайтын зат жоқ қой. Әкесіне түсі, мінезі тарту бар екені белгілі. Әкемнің нағашысы Бекгұл ақын болыпты. Өз шешем Әбіш әрі ақын, әрі жыршы, әрі домбырашы еді. Оның шешесі Ақмаңдай ақын, оның әкесі Нұрлыбай шешен, оның әкесі Сайлыбай ақын болыпты. Шешем Әбіш әкесі Мырзағұлдың жалғыз қызы болғандықтан 20 жасына дейін ұзатылмай әншілік, домбырашылық салтын құрады. 19 жасында Әбіш Басықара баласы Қанапиямен айттысып, оны жеңіпті. Жиырма жасында әкем Ахметбекке ұзатылып келгенде үкілі домбырасын өзімен бірге ала келген екен... Сондықтан да менің әке-шеше, нағашыларымның ақындығына тартуым ғажап емес. Тым болмағанда олардың осы көркем өнерге құмарлық мінездеріне мінезім тартып, әуесқойлықпен тапсам да солар сияқты болғаным анық» (Өмірбаяны (қолжазба). ТӘИ архиві, 3—4-беттер).

Сөйтіп, бұл айтылғандардан қазақ ақындарының бірқатары ағайын-туыстарындағы ақындық талант, дәстүр негізінде тәрбиеленіп қабілет, өнер ауысатындығы байқалады. Бірақ осы ауысу, яғни ата-текке тартып ақын болу сол әуелгі қалпында емес, сапа жағынан көп өзгеріске, құбылысқа ұшырап отырады. Ірі талантты ақынның кейінгі ұрпағы дәл өзіндей ірі талантты ақын бола бермейді, соның керісінше, ата-тегінде ақындық қабілет, дәстүр шамалы болса да, ақын ерекше үздік талант болуы ықтимал. Мәселен, нағашысында күйшілік қабілет

болғанымен, Жамбылдың өз таланты әлдеқайда жоғары, Жамбыл ақындық дүниені, мектепті мол көрді, екі заманды басынан кешіріп, кеңес дәуірінде таланты қайта туып құлпырды, қанаттанды. Кеңестік дәуірдің дүние жүзіне мәлім даңқты ақыны болды...

Ақынның бәрі бірдей ақын ұрпағынан туа бермейді. Қазақтағы бұрын-соңды атақты ақындардың көбінің ата-тегінде ешқандай ақындық қасиет жоқ. Нұрпейіс, Шашубай, Доскей, Орынбай, Кенен, Иса тағы басқа көптеген ақындардың ата-тегінде ақындық барлығы айтылмайды. Бұлардың көбі тұқым қуалаған ақындық болады дегенге қарсы. Ильяс Манкин айтады: «Өлең ата-тек, тұқым, ұрпақты қуалап аралап жүріп пайда болады деген сөзге тіпті қарсымын» (Өмірбаяны, қолжазба).

Төлеубай Үркімбаев айтады: «Әкем ақын емес, атадан балаға ақындық қонады деген теріс. Әр адамда азды-көпті қасиет болады, олар тәжірибе арқылы жетіледі. Адамның ойы, сезімі, тәжірибе көрген-білгеніне қарай құбылып отырады (Өмірбаяны (қолжазба). ТӘИ архиві, 2—3-беттер). Қайып Айнабеков те, Сапарғали Әлімбетов те осы пікірлерді айтады.

Тұқымында ақындық барлары да, жоғы да: ақындық — қона салатын әзір ас сияқты дайын сыйлық емес, ол үйрену, еліктеу, үлгі алу, құмарлану, іздену үстінде қалыптасатын өнер екенін мойындайды. Құмарлықпен берілген қажырлы еңбек, ұзақ жылдар бойы ақындық өнерді меңгеру бойдағы ақындық талантты жетілдірудің негізгі шарттары. Егер талант иесі сол ақындық жолды қажырлы еңбек, зор құмарлық сезіммен соңына түсіп қумаса оның тұқымында, өскен ортасында, заманында ақындыққа керекті жағдайлар қаншама қолайлы болса да ол ақын болып шықпайды, не атасының жаттамалы сөзін айтатын жыршы болуы, не бір шабар айғайға қосылғыш өлеңші болуы ықтимал. Сөйтіп, қажырлы еңбек, құмарлықпен берілу ақын талантына жол ашады.

## АҚЫНДЫҚ ОРТА, ДӘСТҮР МӘСЕЛЕСІ

**Б**ұл енді халық ақындарының ақындық туралы төртінші салалы ұғымы — үйренумен ақын болады деген мәселеге тығыз байланысты. Ақындық өнер, оның қалыптасуы, жетілу жолы үйрену, оқу-үлгі алу, қиын сын-

дардан өтіп, шынығу екені даусыз. Үйреніп, үлгі алусыз құр талантпен ақын бола алмайтыны және белгілі. Алайда ақындық сатылап оқитын бастауыш, орта, жоғары дәрежелі мектеп емес, мұның оқу, үйренуінің өзіндік ерекшеліктері бар. Өзбектің шайыр, бақшыларының үйреніп үлгі алуында мектеп оқуына ұқсас жағы бар. Бақшылардың бірқатары хат таниды, ұстаз ақын, шайырға барғанда ол ұстазының кітапханасынан дастандарды, қолжазба жырларды оқып жаттайды, жаттаудың техникасына төселеді, жаттап үлгірмегенін көшіріп алып кетеді. Бұл жазып оқитын, пысықтап жаттайтын әдебиет сабағы сияқты. Алайда жаттағанды жыршының орындауы, халық арасына жаюы халық ақындарының дәстүрімен іске асады.

Қазақ ақындарының үйрену-оқуында жазып немесе кітаптан оқып, үйрену әдеті сирек, мұнда ауызша үйреніп жаттау негізгі ақындық дәстүр. Сыншылдық, шешендік, тапқырлық өнер, лирикалы, эпикалы жырларды, мақал-мәтелдерді, аңыз ертегілерді, халықтық сатираларды әрі шығарып, әрі орындап, дамытып отырып кейінгі ұрпаққа аса қызықты поэзиялық қазына етіп жеткізетін шығармашылық тәжірибе, үлгі — қазақтың ақын, жыршы, жырау, әнші, өлеңшілерінің дәстүріндегі негізгі ерекшелік. Сүйінбай, Шөже, Шернияз, Абыл, Жанак, Түбек сияқты асқан жүйрік импровизатор ақындардың, Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Естай, Шашубай сияқты әнші ақындардың, Марабай, Мұрын, Нұрпейіс сияқты атакты эпик жыраулардың шығармашылық дәстүрлері өз заманындағы ақын-жыршыларды үнемі қызықтырып отырған. Себебі бұл ақындық дәстүрдің негізінде халықтың сыншылдық, турашылдық, қиянатқа, әулетсіздікке қарсылық ой-арманы басым жатады. Шернияздың Баймағамбет сұлтан алдындағы, Сүйінбай мен Түбектің Тезек төре алдындағы тайсалмай туралықты айтқан тапқырлықтары, Жаяу Мұсаның Шорман тұқымын әшкерелеуі, Біржанның Азынабай болысқа қарсы, Ақанның құлагерді өлтірушілерге қарсы ызалы өлеңдері, Жамбылдың, Нұрпейіс, Төлеу ақындардың өмір шындығын жырлаған толғаулары, ақындардың айтыстағы өнерлері... үздіксіз дамып отырған әрбір жаңа ақынды үйретіп, жетілдіретін ақындық мектеп сияқты поэтикалық, шығармашылық дәстүр. Қазақтың импровизатор ақындарының қай-қайсысы болсын осы ақындық дәстүрде тәрбиеленіп, қалыптасады. Ақындық дәстүр, өнер үлгісі заманына, дәуіріне

қарай өзгеріп, жаңа идеялық көркемдік сапаға ауысып отырады.

Ақындыққа баулынып үйренудің, талантын қалыптастырудың бірнеше кезеңдері, өсу сатылары бар. Жас баланы шу дегеннен ақындыққа, ән-күйге, өлең-жырға қызықтыратын өз үйінде, өзінің ауыл аймағында үлгілі ақындық дәстүр болады. Жоғарыда айтылғандай, баланың әке-шешесі, не нағашысы немесе ауылдасы жұртты таңғалдыратын ақын, әнші, жыршы болса, дүниенің бәріне қызыға, еліктей қарайтын жас бала алдымен домбыраға, өлең-жырға әуестенетіні сөзсіз. Міне, осы әуестену, қызығу дәуірінде жас ақын естігенін түгел жаттайды, домбыраны тез үйреніп, ән-күйлерді тартатын болады. Бұл әуестену, ақындықты құмартып аңсау дәуірінде жас таланттың басынан жоғарыда аталған түс көргіш, қиналып қиялдану, өңінде де, түсінде де жырлап жүру сияқты әрекеттер өтеді.

Мұнан кейінгі екінші сатыдағы үйрену дәуірі — белгілі ақынның алдын көру, өзін сынға салудан басталады. Бұл дәуірде ақын-жыршылар тек дайын жырларды жаттау, білумен қанағаттанбайды, өзінің шығарғыштық, ақындық талантын жарыққа шығарады, үлкен ақынға сынатады, ол үлкен ақынның төңірегіндегі басқа ақындармен жеңіл қағысып айтысады, ақындығын өткірлеп шыңдай береді. Бірақ үйрену мұнымен тынбайды, ақын үлкен аға ақынның алдында ел тарихы, рулардың басынан өткен оқиғалар, дүниенің жаратылысы, адам өмірі жайынан жаңа білім, ұғымдар алады, ол білім, ұғымдар аға ұстаз ақынның білім дәрежесіне қарай әр алуан болады. Егер ол кітап білімінен хабардар адам болса адам баласы тарихы, дүние жаратылысы, қазақ өмірі жайынан дәл, дұрыс, мол білім береді. Егер аға ақынның білім көлемі шағын, аңыз-ертегі, немесе діни жәйттер шамасында болса жас ақындарға өз білгенінен шағын ұғымдар ғана береді.

Жас ақын ел өмірі, тарихы, дүние, жаратылыс құбылысы жайлы ұғым, білімді ақын емес басқа адамдардан да естіп үйренеді, біледі. Сонымен бірге осы үлкен ақындардың қасында, алдында болып жүрген кезінде жас ақын-жыршылар желілі, көлемді жырларды үйреніп жаттауды бастайды. Бұл үйреніп жаттау есейген шағына дейін тоқталмайды.

Үшінші сатыдағы үйрену дәуірі — ақынның дербес ірі айтысқа араласқан кезінде басталады. Әуелі өз ауылын-

да, ұстаз ақынның төңірегінде жеңіл-желпі айтыстарда өзінің ақындық күшін сынға салған ақын ұстазының жақсы бағасын, батасын алып, өзіне-өзі сеніммен қараған, ел тарихынан мәліметі бар ақын үлкен той, аста жауапты айтысқа түседі.

Бұл ақындықтың ашық майданы, жарысы, мұндай майданда екі балуан алысқа түскендей ақындық өнер, күш, білім сыналады. Мұнда жеңіл шықса оның бұған дейінгі үйрену, оқу жолы қалыпты өсумен келе жатқандығын көрсетеді. Дәлелден, білімнен, ақындық сөзден жеңіліп қалса, оның бұған дейінгі ақындық жолдағы үйрену, оқуы жеткіліксіз екендігін көрсетеді. Бірақ жеңген ақын да, жеңілген ақын да осы айтыстан кейін ақындық жолдағы өнерді үйренуден тоқталмайды, шын талантты ақын өмір бойы үйренуден жалықпайды. Жамбыл мен Нұрпейіс жастары жүзге жақындағанша заман, өмір жайын, бұрын-соңғы ақындар сөзін неғұрлым мол білуге құмар болып өтті.

Қазіргі халық ақындарының өмірін, шығармашылық өсу жолдарын алатын болсақ, әрқайсысының үлкен ақындық-әншілік, жыршылық ортадан тәрбие алғанын байқаймыз.

Иса Байзақовтың ақындық жолда қалыптасуының маңызды кезеңі кеңес үкіметінің алғашқы жылдары хат танып, жаңаша оқып білім алуы, жазба әдебиетті көптеп оқуы, жаңа идеямен қарулануы кезеңінен басталады. Бұл оқу Исаны өз қатарындағы ел ақындарынан анағұрлым жоғары көтеріп жібереді, енді ол Абайды, Сұлтанмахмұтты тереңдей оқумен бірге аудармалар арқылы Пушкин, Лермонтов шығармаларын да оқиды. Абайды, оның шәкірт ақындары арқылы таралған «Евгений Онегин»-ді де оқиды. Бір кезде өзіне ұстаз саналған жүйрік әнші ақын Құдайберген де, айтыстарда атағы жер жарған бұрынғы Шөже, Орынбайлар да бәрі де Исаға олқы көрінеді. Иса өлең, жырды енді суырып салып айтумен қатар, жазып та шығарады. Олары газет-журналдарға (1923 жылдан бастап) басыла бастайды. Жаңа заманның жеңіс салтанаты, ерікті қазақ ауылының жаңаруы, мәдениетті елге айналуы, қалалы жердегі жазба ақындардың өнерлі, білімді ортасы — бәрі ақынды шаттандырып, шабыттандырып отырады, осы өмірден де, мәдениет ортасынан да Иса көп оқып-үйренеді. Бертін келе ол аударма арқылы орыс жазушыларының романдарын және қазақ ақын жазушыларының шығармаларын көптеп

оқиды; театр арқылы жаңа ән-күйді, операларды тыңдап, көріп үлгі алады. Осы оқу, көру, сезудің бәрі ақынның ой санасын, білімін кеңейте береді, талантын жетілте түседі. Міне, орта оны осылай тәрбиелейді.

Ильяс Манкин айтады: «Маған өлең көктен түскен жоқ, көмекпен де болған жоқ және шарапатпен, құрметпен, құдіретпен де қонған жоқ. Тәжірибемен, сезіммен берілгендіктен, сүйгендіктен, ынтамен, жалықпаушылықпен, еліктеушілікпен пайда болды деп ойлаймын. Сейпілмәлік, Жүсіп, Зылиха, Қорұғлы, Ғауезқан, Сайқалы, Алтыбармақ — бәрін де сүйіп оқыдым. Осылардан өлеңнің жазуын үйренбесем де, оқиғасына, ақындығына қызығатын едім. Кейін келе ол кітаптарды тастадым. Қазақ ақынынан Абайды үнемі құмар болып жаттап оқыдым. Абай түсіме кіріп, өңімдегідей маған өлең сыйға беруші еді» (Өмірбаяны (қолжазба). ТӘИ архиві, 31—32-беттер).

Үмбетәлі Қәрібаев айтады: Жамбыл, Мақыш, Қожантай ақындармен жолдас болдым. Қожантай ең күшті ақын еді, онан екі ән үйрендім. 1913 жылы Шабдан асында Мақсұт ақынды көрдім. Бегалы, Бектұрсын ақындардың өлеңін ел қызығып тыңдаушы еді. Қараберген, Бөлтірік ақындармен кездестім. Міне, осылардың бәрінен үлгі алдым» (Өмірбаяны (қолжазба). ТӘИ архиві, 4—5-беттер).

Қали Нұрпейісов айтады: «15 жаста өлең айта бастадым. Той-топыр, ойын-сауық бар жерді, жырау, ақындарды іздеп жүретін болдым. Тама Әкімгерей деген ақынның даңқын естіп барып, бес-алты жыл бірге болып, үлгі алдым. Менің қатарымдағы жырау Бітімбай баласы Жаңаберген, Тілеуімбет баласы Жемберген болды. Соларды тыңдай, ести үйреніп, өзім қатарға қосылып жүрдім. Ел сөзімді, жырымды қызығып тыңдап, олжа мал да таптым. 1928 жылы конфискация кезінде байларды әшке-релеп көп өлең айттым. Елде үш әйелі бар, жалшыларын қатал ұстайтын Төлеу деген байды масқаралап «Ақ таяқ» атты өлең шығардым. Өзім хат білмесем де бұрынғы батырлар жырларынан да, жаңа заман ақындарының жырларынан да жаттағандарым аз емес. Сол жаттағандарымның бәрінен де үйреніп, үлгі алдым. Үлгісіз тон пішілмейді ғой» (Өмірбаяны (қолжазба). ТӘИ архиві).

Сапарғали Әлімбетов айтады: «Әкем Әлімбет ақын болмаса да бұрынғы шешендер сөзін көп айтып отырушы еді. Шешемнің ағасы Айтжан, інісі Әділ екеуі

де өлеңші болатын. Олар тойда өлең айтатын. Шығарып та айтатыны болатын еді. Менің өлеңді әуес көруіме себеп болған етікші Жайсаңбай деген әнші еді. Ол біздің үйде көп болып жүрді. Даусы ашық, өлеңді әсем айтатын. Менің бірінші ұстазым осылар сияқты. Алғашқы кезде Жайсаңбайға еліктеп өлеңді жаттап айттым да, 13—14 жасымнан бастап шығарып айттым, әрине ол кездегі өлеңдерім есімде қалған жоқ. Кейін Әріппен жолдас болдым. Әріп арқылы Абайдың кітабымен таныстым. Міне мектебім осылар. «Біржан — Сара», «Мәлике — Хасен», «Ләйлі — Мәжнүн», «Татьяна» сияқты ғашық жырларын неше күндей астан, ұйқыдан қалып жатпаған күндерім болды. Ақындық жолы оңай емес, кейде осы жолда өз басыңа талай қиындық соққы тиюі мүмкін. Шынықыласпен берілсең сол ауыртпалықтың бәріне төзесің. Өзім қандай ауыр бейнет көрсем де көңіл ашар, күйік басарым өлең болды. 1924 жылы Сақпан деген ауылдас байдың қылығын масқаралап өлең шығардым, оным дереу жұрт аузына таралып кетті. Бай мені шақырып алып: өлеңді жұртқа айтқызуды тоқтат, тоқтатпасаң қолыңдағы жалғыз сыйыр мен жалғыз атты аламын деп қорқытты. Шынымен өлеңіме осыншама күш біткенге қатты сүйсінсем де байдан қаймығып, Аксауыт ауданына көшіп кеттім. Осындай қиындыққа көніп, ең сүйікті ақындықты тастағаным жоқ. Ел колхоз болғасын өзімнің ойым да, ақындығым да әлдеқайда өсті. Көп өлеңім ел аузында да айтылды. Басылып та жүр. Қазіргі басылған өлең кітаптарды да қолыма түскенін үзбей оқимын. Солардың ішінен қара сөз болсын, өлеңі болсын, Сәбиттің жазғаны ұнайды, өзіміздің құрбы ақындардан Қуаттың өлеңдері ұнайды. Ал Нұрлыбектің «Ер Төлегені» тіпті ұнамсыз, тілі де, оқиғасы да қисынбайды».

Ғұмар Жүсіпов айтады (1905 жылы туған, Гурьев облысы): «Ата туысым, нағашы тегімнен ауысқан ақындық үстіне, мені ақындық жолға ақын Жолай деген әкемнің інісі тәрбиеледі. Он алты жасыма дейін ақындық жолын үйретіп отырды. Ол — өлеңді аз айт, асылын теріп айт, көп жырлап өлеңнің қадырын кетіріп алма деген ақылды көп айтушы еді. Бала жасымнан жатқа айтқаным Махамбеттің, Ығылманның, Қашағанның өлең-жырлары. Ығылманмен бірталай уақыт жолдас болып көп сабақ алдым. Онан Қамбар, Ер Сайын, Ер Тарғын сияқты бірқатар батырлар жырын жаттадым. Бертінде бірталай ақындармен айтысқа түсіп, ақындыққа төсел-



дім. Әсіресе кеңес тұсындағы көрген, ұққандарым білімнің, ой санамның артуы — ақындығымды өсіріп отырды».

Төлеубай Үркімбаев айтады: «Өзім кісі есінде жалшы болдым, темір жолда жұмысшы болып та істедім. Мал бақтым, аштық, жоқшылықты басымнан кешірдім, тартпаған бейнет, азабым аз шығар, осындай ауыр жұмыста жүрсем де аз-мұз сауатымның арқасында бұрынғы дастан жырларды оқып, көп жаттадым, өзбек, татар өлеңдерін де жаттап білдім. Көп бейнет, азап ақыры мені жеңіп қатты аурудан кейін, 1924 жылдан бері екі құлағым керең болып қалды. Бірақ кеңес үкіметі мені далаға тастаған жоқ. Менің ақындық талантыма кең өріс берді. Ендігі бар кәсібім газет-турналды оқып, өлең шығарып, жаттап айту болды. Қолхоз жұмысына белсене араласып, бай-құлақтарға қарсы өлең жырларды көп шығардым. Газеттер де сөзімді басып келеді. Құрмет Белгісі орденімен, еңбектегі ерлігі үшін медальмен наградталдым. Ақындық жолға үйреніп, талаптанумен жеттім».

Есенсары Құнанбаев айтады: «Бұрын «Мың бір түн» әңгімелерінен, қиссалардан да жаттағандарым көп болған. Кеңес тұсында олардың бәрі өзіме де, азаматтарға да ұнамағандықтан ондай ескі жырды айтуды мүлде қойдым. Оның үстіне жеті жыл милиция болып жүргенімде жаңа пікірлі өлең жыр айтқаным болмаса, ескілердің бір де біріне қайтып көңілім соққан жоқ» (1946 жылы өз айтуынан жазылды). Сөйтіп, ақындардың қай-қайсысы болсын, талантының оянуына, ақындығының қалыптасуына оқу, үйрену, үлгі алу арқылы жеткендігін және ол оқу үздіксіз тоқталмайтындығын, тек әдебиетті ғана оқу емес, өмірді білу, сана-сезімді кеңейту... жетілудің негізгі шарттары екендігін толық дәлелдейді.

Сонымен бірге ақындардың естіп білгенін, оқығандарын талғаусыз қабылдай бермей, сын көзімен қарап оқитындығын байқаймыз. Оны да ақындар өзінің өмірі туралы әңгімелерінде ашық айтады. Ильяс Манкин әуелгі кезінде Орта Азия халқына ортақ дастандарды, кейбір діни қиссаларды еліктеп жаттап жүрсе, кейін Абайды, кеңес дәуірінің ақындарын, Жамбылды оқығаннан, бұрынғы қызық дегендері керексіз, құнсыз болып қалғандығын мойындайды. Ақындық өнері, дүние тану білімі өскен сайын көркемдік, ақындық туралы бұрынғы қағида, ережелері де өзгеріп, өсіп, жаңарып отыратындығын,

әрбір жаңа шығармаға ақын тек өзінің ғана түсінігі дәрежесінен емес, ең жақсы, үздік ақындардың шығармасының тұрғысынан қарап баға беретіндігін көреміз.

Бұрынғы ақындардың өмір, дүние, тарих туралы түсініктері көбіне дәл емес, бұлдыр, аңыз ертегілермен ұштасып жататын шала еді; дүниедегі ең жақсыны, үлгілі даналықты, ерлікті алдымен өзінің руынан, өзінің тұқымынан іздейтін. Ақын басқа елдің тарихынан, мәдениетінен жақсылықты, үлгіні аз табатын, аз алатын, аз көретін. Әрбір айтысқа түскен ақын білім салыстырса дүниенің жаратылуын жерді көтерген көк өгізге, жандының үлкенін балыққа, қазақтың арғы тегін Анас сахабаға апарып жеткізетін, бергі тарихына келгенде өз руынан шыққан байды, батырды, биді дәріптеп кететін.

Ал ел арасына таралған әдебиет үлгілерін ақындар ғажап нәрселер деп қызыға қарап, бәрін де талғаусыз жаттай берген. Ол жатталғандардың ішінде «Салсал», «Зарқұм», «Кербаланың шөлі» сияқты дінді, Әзіретәліні дәріптейтін ескі жырлар да, жарапазан, бәдік, бақсы жырлары да, алғыс, қарғыстар да, қайым өлеңдер де болатын.

Кейін сана-сезімі, дүниеге көзқарасы жаңарған, өмірді бұлдыр, аңызбен емес, дәл, анық, көзі көріп түсінген ақындар енді әдебиетті жаңаша түсініп, сын көзімен қарап талған оқитын болды, халыққа ең пайдалы, ұнамды шығармаларды жаттайтын болды, сонан өздері үйренді.

Ақындардың жиындарында, айтыстарында да осындай шығармашылық жаңалықты іздеу, өлең-жырларды өзара сынау үлкен орын алып отырады. Халық ақындары өзінің өлеңдерін сахнаға шығып, домбырамен айтады, не оқып береді, сонан кейін талқылауға түседі. Немесе екі ақын бір тақырыпты қатар жырлайды да, қайсысы артық жырлағанын салмақтап сынайды. Бұл талқылауларға әрине жазушылар да, әдебиетшілер де белсене араласып отырды.

Халық ақындары өз өмірбаяны жөніндегі әңгімелерінде өздерімен замандас ақындардың және жазба ақындардың шығармаларын үнемі сын көзімен қарап оқып отыратындарын айтады. Бұған да бірнеше мысал келтірейік:

Ж а қ с ы б а й Ж а н т ө б е т о в айтады: «Абай, Жамбылды қызығып оқимын. Кейінгі ақындардың көбінің өлеңіне түсінбеймін. Солардың ішінде маған аса

ұнайтыны Мариямның «Мәншүгі» (Өмірбаяны (қолжазба). ТӘИ архиві, 3-бет).

Нартай Бегежанов айтады: «Қазіргі ақындардан Жамбыл, Саяділ, Иса, Қуат өлеңдері маған қатты ұнайды» (Өмірбаяны (қолжазба). ТӘИ архиві, 3-бет).

Есдәулет Қандеков айтады: «Маған Қененнің «Әли батыры», Исаның «Құралай сұлуы», Саяділдің «Ақын шабыты» ұнайды.

Міне, бұл айтылғандардан туатын қорытынды: қазіргі халық ақындары бұрынғыдай нені болсын талғаусыз қабылдай бермейді, сана-сезімі өскен, өмірді анық, кең түсінетін ақын өзіне керекті рухани көркемдік азықты талғап, тандап алады, өзінің замандастарының өлеңдері халыққа қаншалықты қонымды екенін өлшеп, сынап танудың үстіне жазба әдебиет шығармаларының халықтық қасиеттерін де анықтап, өзіне керектерін сын елегінен өткізіп алады.

Халық ақындарына сана-сезімінің, ақындық өнерінің өсуіне үнемі үлгі, жетер нысана болып отыратын жазба әдебиет екені даусыз. Жазба ақындардың бай халық шығармашылығын көркемдік тіл, сюжет мотиві жағынан үнемі пайдаланып отыратыны сияқты, қазіргі халық ақындары жазба әдебиеттен үнемі оқып үйренеді. Әрі айырмашылығы, әрі жақындығы бар поэзиядағы диалектикалық бұл даму процесі — жазба әдебиет пен ауыз әдебиеті арасындағы ғасырлар бойы бұрын болып келген қайшылықтың ажырай бастағандығын көрсетеді.

Сөйтіп, біз ақын болу, ақындық туралы халық ақындарының төрт жүйелі ұғымдарын талдап өттік. Ақындық түсінде келіп қонады, киелі нәрсе деген нанымдар, бір жағынан, ақындардың санасындағы ескіліктің қалдығы болса, екінші жағынан, олардың ақын боламын деп құмарланып, қиналып өткізген өңіндегі әрекеттерінің түстегі елесі болып табылады. Батамен ақын болу деген ақындардың өзін өзі жұрт көзінде атағын жариялау ғана, оның шын мазмұнына жас ақынның қарт ақыннан үйреніп, үлгі алуы жатады, шәкірттің ұстаз алдында оқып сыннан өту сияқты, ақындық өнерді меңгерудің бір жолы.

Ақындық таланттың оянып жарыққа шығуына адамның бар өмірінде ұмытылмай есте қалатын ересен оқиға себеп болуы ықтимал. Өлім, апат, ыза, намыс немесе тамаша ересен қуаныш, шаттық оқиғалар, қол жетпес махаббаттың үміті талант иесінің басынан көшетін болса,

сөз жоқ, оның ашынған немесе өте шаттанған жанын, сезімін қозғайды, ол барлық жан дүниесін сапырылыстырған ерекше оқиға туралы өзінің сезімін өлең-жырмен сыртқа шығаруға тырысады.

Сәттүгүл Жанғабылов, Сапарғали Әлімбетов ақындар жас кезінде жетімдік, жалғыздық, жалшылық қорлықты көп көру — көңілге шер байлады, көкіректегі шер ең алғашқы ақындықты сыртқа шығарғандай болды дейді. Омар Шипин — 1916 жылғы қанды қырғын көтеріліс, жан ашыр адамдардың соғыста оққа ұшып өлуі, сол қанды күндегі ыза-кек ең алғаш өлең жыр болып сыртқа шықты дейді. Кенен ақын нағыз ақындығым екі оқиғаға байланысты шындап жарыққа шықты. Бірі — қойшы кезімде көк шолаққа мініп тойға бара жатқанымда намысыма тиіп, қыздардың мазақ қылғаны, екіншісі — өзім жолаушы кетіп, қайтып келгенімде Базар, Назар деген екі балам бірдей қайтыс болуы. Ең алғашқы жақсы өлең-әнім осы екі оқиғаның ыза, күйігінен туды дейді.

Бірқатар ақындар алғашқы ақындығы — қыздардың қайрап салған айтысына, намысқа тиер сөзіне, махаббат оқиғасына байланысты туғандығын айтады. Бұлар да ақындық таланттың жалт етпе бір ұшқыны болса да, қоғамдық факторлардың бір белгілері саналады. Онан соң, талант оянып, ақындық орта жасалуына қосымша көп себептердің бірі — қолайлы географиялық орта. Әдемі таулы, өзенді, дария, теңізді жерлер ақындық көркемдік сезімнің ерте оянып, қалыптасуына әсер ететіні сөзсіз. Көкшетау, Баян, Шыңғыс, Қарқаралы, Қаратау, Алатау, Жайық, Сырдария, Каспий, Арал бойлары — ақындық жыр, ән-күйге таусылмас тақырып, аңыз, мотив беріп келе жатқаны тегін емес.

Үйрену, үлгі алу, шығармашылық жолда қажырлы еңбек сіңіру ақындық талантты қалыптастыру, жетілдірудің шешуші бір факторы дедік. Сол үйрену, үлгі алу, өсудің белгілі бір мөлшері, кезеңі, сатылары бар. Оның өзін біздіңше төрт дәуірге бөлуге болар еді: I. Әуестену, еліктеу, құмарлану — бұл ақынның жастық шағына жатады. II. Ақындық өнерді үйрену, сынға түсу — бұл ақынның алғашқы өзіндік шығармашылық бетін ашу дәуірі. III. Ашық айтысқа түсу, әр алуан тақырыптарға өлең-жырларды шығарып айту — бұл ақынның қалыптасу дәуірі. IV. Тарихи кезеңнің, өз заманының күрделі оқиғаларын, даңқты адамдарын желілі жыр (дастан)

дәрежесіне көтеріп түйіндеп жырлау — бұл ақынның кемеліне келу, шығармашылық гүлдену дәуірі.

Бұрын қазақтың халық ақындары әуестену, шығармашылық бетін ашу, қалыптасу кезеңдерін өткізгенімен, кемеліне келу, гүлдену дәуіріне жете алмады, көбіне еліктеу, не ақындық шымылдығын сыпыру кезеңімен талантын тұншықтырып, жоғалтып отырды, солардың ішінен ерекше бір таланттылары ғана қалыптасу дәуіріне әзер жеткен.



## ЖАМБЫЛДЫҢ АЙТЫСТАРЫ МЕН ДАСТАНДАРЫ

**Ж**амбылдың революцияға дейінгі өлең-жырларын, айтыстарын тұтас алғанда, онда халықшылдық, еңбекші бұқараның тілегіне бейімділік идея басым жатқандығын, ол идея алдымен халықтың ерлік дәстүрін жырлауда көрініп отыратынын байқаймыз.

Жамбылдың ерлік тақырыбын жырлауға тереңдеп баруының тарихи мәні бар. Жетісу елінің Жамбыл жасаған дәуірге дейінгі тарихында халықтың қоғамдық әлеуметтік өмірінде, салт-санасында үлкен із қалдырған талай күрделі тарихи оқиғалар болып өтті: әріде ғұндар, қара қытайлар, селжұқтардың жорық соғыстары, беріде араб, иран, Шыңғыстың ерсілі-қарсылы шабуылдап жорық жасап, таптап өткен жерлері — алдымен өзен суы, табиғи байлығы мол, қысы аз, жазы көп, теріскей Алатаудың бауыры Жетісу еді. Шыңғысханның таптап ойрандап өткен сұрапыл дауылынан ел біраз есін жыя берген кезде Жетісуға Алтын Орда, Ақсақ Темір жорықтарының бір шеті келіп жетіп жатты.

Оның үстіне Жетісу Орта Азиямен, Батыс Түркістанмен қатынасатын үлкен керуен жолының үсті болды. Талас, Шу, Іле, Қаратал, Ақсу бойлары бір кезде саудасаттық күшейіп, шаһарлар, қорғандар орнатып, егін егіп тіршілік еткен аймақ болды. Соның барлығы ұлы жорықтардың жолында жермен-жексен болып тапталып, жоғалып кетіп отырды. Онан бері қазақ хандығы құрылғаннан былай — Жетісу елі — ондағы Үйсін, Қаңлы, Дулат, Жалайыр — бәрі де сол хандықтың қоластына қараған қазақтың негізгі руларының бірі болып, шығысындағы қытай, жоңғар және Орта Азия хандарына қарсы үздіксіз соғыстарға қатынасып отырды. Арқада жұт болып қырылса, ел басына таршылық, ашаршылық келіп күйзелсе қазақ даласының көп рулы елі, бір жағынан, жер

кәсібімен күн көретін Сырдария, Жетісу бойындағы елдің ортасына келіп паналайтын, қоныс табатын болған.

XVII—XVIII ғасырларда Жетісудың 200 жылдық тарихы аса бір мазасыз, жорық, соғыспен өткен заман болды. Бұл ғасырлардағы қазақ халқының жоңғар қалмақтарына қарсы ұзақ жылғы соғыстарының көбі Жетісу жерінде болды. Ақырында 1723 жылы жоңғарлар қазақ даласына жорық жасап, алдымен Жетісуды түгел басып алды, сонан кейін Орталық, Оңтүстік Қазақстан жеріне ауыз салды, Түркістан мен Тәшкентті алды. Жетісу елінің тарихында Шыңғыс жорығынан кейінгі аса үлкен апат қалмақтардың осы шапқыншылығы еді.

Бірақ Жетісу елі жоңғар басқыншыларының құлдығынан құтылғанымен өз ішіндегі хандарының, Қытайдың, Орта Азия хандарының талаушылық әрекетінен құтыла алмады. Әр рулы ел өз руының, өз елінің тіршілігін өз батырларының қайратымен қорғау қажет болды. Міне, осындай жағдайда тұрғанда XVIII ғасырдың ақырында Ұлы жүзді Орта Азиядағы Қоқан хандығы басып алды, аса қатал үкімін жүргізді. Жетісу еліндегі ең соңғы қара түнек ауыр заман осы болды.

Мұнан кейін 50—60-жылдарда Жетісу даласы Орта Азияға бет алған Ресей әскері мен Қоқан әскерінің айқасқан соғыс алаңы да болды.

Елдің тарихында ізі сайрап жатқан, шежіре, хикая әңгіме болып таралған осынау күрделі қанды қырғын, жорық оқиғалары, әрине, алдымен елдің бұрын-соңғы өміріне көз жіберген ақынға аса қызықты болып көрінеді, үлкен әсер етеді. Сол ұлы жорық заманының ішінен ел қиялы, халық сыны — басқыншыны қарғайды, олардың елге істеген қаталдығын жиренішті етіп көрсетіп, сол қиянат жасаған жауға қарсы ерлікпен соғысқан халқын, елін қорғауда жанын аямаған батырларды ардақтайды... Батырлар елінің бақыты, азаттығы үшін жанын отқа салады, басын өлімге қияды. Жамбылдың батырлықты ардақтап жырлауға келуінің әлеуметтік мәні осында ғой дейміз.

Екіншіден, Жамбылдың өзінің шыққан руы Шапырашты, оның ішінде Екей, Жетісудағы ең аз да, кедей де ел. Бірақ ортасынан Сұраншы, Саурық, Қарасай, сияқты батырлар шығып, сол батырлардың арқасында іргелі елдің соққысынан азғана рудың елдігін сақтап қалған. Үшіншіден, Жамбыл ақындық жолға берілгенде ел аузындағы ертегі, дастандарды, қазақтың батырлар жырын,

Орта Азия халықтарының хикаяларын көп естіп, жаттады. Солардың ішінде ақынның тағы бір қызығып тыңдап, қызығып айтқаны — Рүстем дастанының, Көрұғлының, Қобыланды, Алпамыс, Манастың таң тамаша соғыстары, ерліктері. Бәрінде де батыр ардақты, батыр зұлым жауды жеңуші, батыр халықтың қамқоры болып отырады. Сөйтіп, Жамбыл ел тарихынан да, ақындық дүниеден де өзіне ең қызықты, жағымды болып көрінгені батырлардың ерліктерін тандап алды.

Тарихи оқиға, тарихи адамдар туралы Жамбыл бірталай әңгімелерді айтады. Солардың ішінде ақынның Қоқан үстемдігіне қарсы халық күресін көрсететін бір ертегі әңгімесі — «Ханым сұлу». Ертеде Ханым сұлу атты жаннан асқан сұлу қыз болыпты. Қыз өз теңіме барамын деп, жалғыз ағасынан рұқсат алып, ғашық болған жігіттердің ешбірін менсінбейді. Бұл хабар Қоқанның ханына жетіп, Қоқан ханы Баймұрза атты баласын барып қызды алып қайт деп, нөкерімен қызға жібереді. Баймұрза ханымның еліне келгенде, жұрт қызды хан баласына көрсетпей жасырады: Хан баласы қаһар қылып, елден күніне ат, шапан айып, бір қыз алып тұрады. Халық елдегі қыз таусылатын болған соң қатты қысылып, қыз біткенді еркекше киіндіріп жасырады. Бірақ еркекше киінген сұлу қызды бір күндері қоқандықтар танып қалып, қызды қоршап ұстайды, бір қыз қолындағы қаруымен Баймұрзаны өлтіреді де, жігіттермен тауға қашып кетеді. Қоқан ханы әскермен келіп, елді қыран жапқандай қиратып, баламды өлтірген айыпты адамды тауып бер деп қысқанда, қызды сүйген ақын жігіт Мәделі өлеңмен ханды сөзден тоқтатып, баланды өлтірген мен деп өз мойнына алып, елді бәледен құтқарады. Ханым сұлу Мәделіге тиеді.

Бұл ертегі әңгімеде де тарихи шындықтың негізі бар. Қоқан хандарының елге істеген қиянатын, халықтың батыр қыз бен батыр ақын жігітінің зорлықшыл ханға қарсы күресін суреттейді. Жамбылға азаттық үшін, ел намысы үшін жан қиярлық ерлік істеген қыз бен жігіттің өмірі аса қызықты да, сүйкімді де көрінеді. Өзі көріп араласқан тарихи оқиғалардың ішінде Жамбылдың қысқа да болса жырлағаны 1916 жылғы халықтың патша өкіметі мен болыс-байларға қарсы күресі. Жамбыл «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды» дейтін өлеңдерінде ел басына түскен ауыр салмақты, патша өкіметінің халыққа көрсеткен қатал қысымын, патшамен бірге елге жау бо-



лып тйген болыс, билердің, байлардың зұлымдығын, опасыздығын айтып, елдің қас жауына деген ыза-кегін қозғайды.

Ел басына қиын-қыстау заман туғанда жол бастары кім болмақ? Қамалған тығырықтан құтылар амал-айла қайсы? Азаттық күн тумақ па? деген сұраулар қояды ақын алдына. Бұған ақын өзі көрген елдің толқынынан, бет алысынан аңғарып мынадай, үш түрлі жолды айтады («Патша әмірі тарылды»-ны қараңыз):

*Бірінші:*

«Ата жұрттан кету бар».

*Екінші:*

«Жолға тігіп не жанды,  
Тәуекелге беку бар».

*Үшінші:*

«Не болмаса шыбындап,  
Тағдырыңа көну бар.  
Көнсек көндік шығындап,  
Ит қорлықта өлу бар!», —

деп, тәуекелге бел байлауды, азаттық үшін құрбан болған ерлікті ардақтайды. Бұл өлеңдерінде ақын елдің басына түскен ауыр халді, қайғы-мұңды елестете отырып, жауға аттанып соғыс салып қаза тапқан ерлікті айрықша мән беріп жырлайды.

Жамбылдың қысқа өлеңдеріндегі ерлік тақырыбы болсын, ерлердің өмірін баяндайтын шағын ертегі әңгімелері болсын, бәрі де әлі күрделі дастан емес еді, ал ақын көрген 1916 жылғы оқиғаның өзі де кең тарихи көлеммен жырланбады. Олай жырланбаудың екі түрлі себебі бар сияқты. Бірі — Жамбыл ерлік сырларында жеңісті, яки жеңісті жорық сапарын жырлауды дәстүр еткен. Ал ақын 1916 жылғы көтерілістен жеңісті жорық көре алмады, қырғын, апат көрді, ерлікпен өлгендерді көрді. Бұл жәйіт ақынды сол кезде де, кейін де қызықтырмаған сияқты. Екінші — 1916 жылдары Жамбылдың шығармашылық жолда кәрілік жеңіп, біраз қажыған, тоқыраған кезі еді, көлемді желілі жырларды айтуға бара алмайды. Сөйтіп, Жамбыл ұсақ өлең жырларында, аңыз әңгімелерінде өмір шындығын іздеумен болды, бірақ ол шындықты терен, кең түйіндеп жырлап кете алмады. Ақын шындықты іздеу жолында біресе бұрынғы жыр-

шылардың дәстүрімен тарихи оқиға, адамдар туралы, аңыз, ертегіні айтуға салынды немесе кейбір тақырыптарды жырлауда феодалдық, ру идеологиясының шеңберінен аса алмады, ал бірқатар өлеңдерінде қоғамдық қайшылықты, әлеуметтік теңсіздікті көріп, еңбекші кедей тұрмысына жаны ашу сезімін көрсете айтты. Міне мұның бәрі ақынның өмір шындығын іздеу жолындағы шығармашылық тәжірибелері еді. Шындықты, әсіресе халықтың ерлігін жырлау сарыны Жамбылдың айтыстарында айқын көрінеді.

## АҚЫННЫҢ АЙТЫСТАРЫ

**К**азақ әдебиетінде айтыс өнері, айтыс жанры туралытың мәселе көтеріп, жинақты пікір айтқан жазушы Сәбит Мұқанов. Сәбит ақындардың айтысын бес жүйеге бөледі де, сол айтыстың XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихындағы орнына, маңызына, Біржан, Орынбай, Кеншімбай, Кемпірбай, Шөже сияқты атақты айтыс ақындарына айрықша тоқталады. Бірақ автор Жамбылдың айтыстарына онша тоқталмайды. Онан кейін профессор М. Әуезовтың еңбектерінде Жамбылдың айтыстары тек жанрлық және ақындық өнер жағынан талданып, сөз болады...

Айтыс қазақ ақындарының айтқыштық, суырыпсалмалық өнерінің дамыған түрі, драмалық элементі мол, басқа елдер әдебиетінде сирек кездесетін ерекше бір жанр. Айтыс қазақтың ертедегі ауыз әдебиетінде бар. Оны тұрмыс-салт, әдет-ғұрып өлеңдерінен байқауға болады. Жар-жар, бәдік жырларының өзі даралық ақын өнері дамымаған кезде, бірнеше адамның қосылып айтуына лайықталып шығарылған өнер. Оның авторы жеке бір ақын емес, бірнеше автордың өңдеуінен, редакциясынан екшеліп өтеді. Оның бер жағында жар-жар, беташар, бәдік жырларында тартыс элементі көрінбейді, тағдырға мойын сұну, жалбарыну, тілек айту, жаманшылықтан безініп, жақсылықты күту сарыны басым келеді.

XIX ғасыр қазақ әдебиетінде айтыс өнерінің кең дамыған дәуірі болды. Мұның тарихи себебі неде? Мұны анықтап алмай Жамбыл айтыстарының, жалпы ақындар айтысының тарихи мәнін түсіну қиын.

Қазақ халқы Ресейге қарағаннан кейін елдің шаруашылық тіршілігінде жаңа беталыс туды... Көшіп жүре беру салтының орнына бейбіт шаруашылық салты — сауда, алыс-беріс, белгілібір мекенге тұрақтап тіршілік ету салты орын ала бастады. Қара күш найза орнына — енді ақыл, сөз қайраты, білім, өнер қайраты керек болды. Рулардың намысын енді батыр жоқтап әпере алмайды, беделді, сөзі ұтқыр феодал билер, жүйрік шешен, өткір тілді ақындар жоқтап әперетін заман келді. Бұл қоғам, қауым, заман мақсатынан туған тілек, талаптар еді.

Екіншіден, қазақтың еңбекші халқы ғасырлар бойы хандардың, феодалдардың қанауында езіліп келген еді, енді қазақ тіршілігіне капитализм кіре бастаған заманда — қос қанаудың шеңгеліне ілінді. Бай саудагерлердің, отаршыл капиталистердің қанауы, талауы күшейді. Халық тұрмысы нашарлай берді, кедейдің күн көруі қиыңға айналды. Әркім жан сақтау, күн көру жолына түсті. Феодалдық дәуірдегі құл орнына енді ақы алып жұмыс істейтін батырақ, жұмыскер шықты. Жеке кәсіп, қол өнерінің адамдары да шыға бастады. Міне, осындай жағдайда ақындық та профессионалдык кәсіп түріне айналды.

Әрине жалшы болу мен ақын болып күн көрудің арасында жер мен көктей айырма бар. Талантты, өнерлі ақын — ақындық қызметімен халық арасында қадырлы болады... Талантсыз, дарынсыз ақынның өлеңі мағынасыз, берекесіз болғандықтан оны жалпы халық құрметтеп, қызығып тыңдай қоймайды, ондай ақын күнін көру үшін амалсыздан, өлеңмен қайыр тілейді, әркімнің өлеңін жаттап айтады, көрінген байды, дәулетті адамды шамасы жеткенше мақтаумен болады. Міне, бұлар сөз қадірін кетіруші, өлеңмен қайыр тілеуші деп Абай сынаған кәсіпқор ақындардың түрі. Әсіресе өз руының байын, биін, феодалдарын көтере мақтау екі ақынның айтыс өлеңдерінде үлкен орын алады. Бұл ретінде ақындардың олжаға таласып, өз елінің байын мақтауы, жағымпаздыққа салынуы ХІХ ғасырдағы айтыс ақындарының басындағы үлкен аянышты хал еді...

Байлар мен феодалдардың үстемдігі жүріп тұрған жағдайда талантты ақындардың шығармаларын, жоғарыда аталғандай, сатымшылдыққа, жалдауға айналдырғандықтан, сол байлар табының сойылын соғатын, көзқарасын, пікірін тарататын қолындағы идеологиялық құралына айналған — үстем тап ақындары пайда бола-

ды (Байтоқ, Жанұзақ, Құлманбет сияқты). Осымен қатар кейбір қызу айтыстар үстінде жалтақтықпен бірлі-жарым қайшылықты пікірлер айтқанмен, негізінен еңбекші бұқараның мұнын, тілегін, ыза-кегін, айта білген кедейшіл ақындар да болды.

Бұл жүйедегі ақындар бай-феодалдардың сый-құрметіне сатылмай, қалың бұқараның қолдауына, қошеметтеуіне сүйенді (Сүйінбай, Шөже, Шернияз, Жамбыл сияқты). Ақын қай таптың жырын, қандай жағдайда жырласа да өзінің өткір сөздерімен қазақ ауылында қоғамдық пікірді таратушы болды.

Айтыс ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басындағы қазақтың тарихи қоғамдық, саяси өміріндегі жаңа жағдайларға, отаршылдық тәртіптің қазақ ауылына кіре бастаған жағдайына байланысты өзгеріп отырды, айтыстың мазмұнына жаңалық енеді, кейбір айтыстарда өз дәуірінің билеу тәртібін сынау, қоғамдық мәселелерді көтеру идеясы жырланады (Әсет — Ырысжан, Ақсұлу — Кеншінбай т. б.); айтысқа жазба әдебиет өкілдері де араласа бастайды (Нұржан, Әріп), айтысты діни үгіт нәсихаты таратуға да молда-қожа ақындар құрал еткісі келді (Жүсіпбекхожа, Жарылғасын айтыстары), айтыс қандай жағдайда, қандай тақырыпқа жырланса да ақындардың таптық қоғамдық мақсатымен жырланды, сонымен бірге кәсіп, күн көрудің бір формасына айналды.

Сөйтіп капитализм қазақ тіршілігіне кіре бастаған ХІХ ғасырда ақындық кәсіп, ақынның даралық творчестволық қызметі қоғам өмірінде елеулі орын алады. Ақын, бір жағынан, рудың, яки белгілі бір таптың тілек мақсатын жақтаушы қоғам қайраткері, екінші жағынан, ақындығымен күн көруші кәсіп иесі адам болып қоғам өмірінде көрінеді. Ақындық өнер сынға түседі, әр ақын өнер жарысына түсіп, озып шығуға тырысады.

Ел мен елдің, екі ауылдың арасындағы ол кездегі бәсекенің бейбіт түрі — ақындардың екі жар болып айтысуы болатын. Ал осы айтыс ақындық өнердің дамуына, салт жырларының енді жеке ақынның саналы творчествосына айналуына кең жол ашады...

Екі ақын айтысқаннан кейін олардың айтыс өлеңдері аяқсыз қалмайды, оны тыңдаушы ақындар, не айтушы өздері жаттап алып, ел арасына таратады. Ақындардың айтыс өнері енді екі ақынның ортақ творчествосы ретінде жеке бір шығарма болып айтылады. ХІХ ғасырда бел-

гілі айтыс дәстүрін, айтыс школасын жасаған Орынбай, Шөже, Қеншінбай, Түбек, Жанақ, Ақан сері, Біржан, Сара, Ақсұлу, Әсет, Ырысжан, Сүйінбай, Майкөт, Майлықожа, Құлыншақ тағы басқа көптеген ақындар болды. Бұлардың ел аузына таралған немесе ХІХ ғасырдың орта кезінен бастап орыс, қазақ ғалымдары тұңғыш рет жазып алып қағазға түсіре бастаған әрбір айтыстарын — аяқталған жеке-жеке шығарма деу керек.

Жамбыл ақындардың айтысына араласқан кезде қазақ ақындарының айтыс традициясы кең дамып, белгілі бір школаға айналған еді. Осы айтыс дәстүрінен үлгі алған Жамбылдың өз айтыстарында енді бір жаңа ақындық өнер жолына ұмтылудың беті бар еді.

Жамбыл айтыстарының ішінде аяқталған шығарма — Құлманбетпен, Сарбаспен, Досмағанбетпен айтыстары. Бұл айтыстарда көрінетін жаңа бет алыс, алдымен, ақынның өмір шындығын суреттеуге жақын отыруы, екіншіден, жеке айтысты желілі шығарма дәрежесіне жеткізуі.

Жамбыл мен Нұрпейіс бастаған халық ақындары бас қосып отырғанда екеуіне де мынадай сұрау берілді: — Жәке, сіздің Сарбаспен айтысыңыз, Нүке, сіздің Қазақбаймен айтысыңыз қазақтың бұрынғы айтыстарына ұқсаңқырамайды, екі ақын да ұзақ жырлап, бір-бір қайырып тоқтап отырады, мұның мәні қалай, дегенімізде, Жамбыл отырып: — мұны желілі айтыс дейміз. Аты айтыс болғанымен, дастан ғой деді.

Нұрпейіс отырып: — біздің елде айтыстың екі түрі болды — бірі түре айтыс, онымыз бұрыннан келе жатқан, екі ақынның алма-кезек, бірін-бірі бір ауыз өлеңмен қолма-қол қағысып, айтысу жолы.

Ал екіншісі: сүре айтыс — бұл, Жәкең айтқандай, желілі айтыс, мұны екі ақын кезектесіп, өзінің айтайын дегенін кеңінен толғап, ел тарихынан, бүгінгі күннен ұзақ жырлап кетеді. Сол ұзақ жыр тыңдаушыға қалай ұнаса, сол ақын жеңіп шығады. Шынында, түре айтыста ақын болмашы сөзден жаңылса, балуанның байқаусызда аяғынан шалып құлатқаны сияқты, оп-оңай жеңіліп қалады. Ал, сүре айтысында ақын көсіліп айтып, өзінің ақындық өнерін, білімін сарапқа салады, — деді. (Сүре — қазақта ұзын сүрен деген бар. Түбі ұзақ, алыс деген мағынадан тууы мүмкін. Екіншіден, арабтың *сүре* — ұзақ аят, бәйіт дегенінен алынуы мүмкін).

Жамбыл мен Нұрпейістің бұл айтқандары өздерінің тұсында туған айтыс түрлерін айыруға анықтама сияқты болды.

Біз әрбір айтыс аяқталған тұтас бір шығарма дедік. Бірақ ол қандай шығарма, лирикалы ма, эпикалы ма, әлде драмалы шығарма ма? Бұл мәселе осы күнге дейін әдебиетшілеріміздің арасында толық зерттеліп, анықталған емес. Рас, таза бір жанрда шығарма болмайды, эпикалы шығармада лирика араласып келеді, драмалы шығармада эпикалы сарын болуы мүмкін. Сондай-ақ кейбір лирикалы шығармалар сюжетті болып айтылады. Ал айтысты алатын болсақ, онда лирикалық кезеңдер де, драмалық элементтер де бар. Сонымен бірге, ең ірі айтыстарда сюжетті эпикалы шығарманың желісі болады. Мәселен, Біржан мен Сара айтысын, Ақсұлу мен Кеншінбай, Дәме қыз бен Мансур, Шөже мен Орынбай айтыстарын аяқталған сюжетті поэмалар деуге болады. Бұл айтыстарда әуелі тойдың, жиынның болғаны, екі ақынның қалай кездесіп айтыса бастағаны суреттеледі, онан кейін айтысушы ақындардың жеке басындағы оқиғалардың баяндалуы, айтыстың қызып, драмалық тартысқа, ерегіске айналып барып, бір жағының жеңуімен оқиға түйінінің шешілуі, айтыстың қорытындысында екі ақынның бір-біріне беретін сыны, бағасы — айтыс жанрының сюжетті шығарма екенін көрсетеді.

Жамбылдың айтыстары да осындай сюжетті шығармалар түріне жатады. Құлманбетпен айтысында жиынды суреттеуі, екі ақынның егесі, екеуінің ел өмірінен алған фактісі, айтыс үстіндегі шиеленісуі де бар.

Ал Сарбаспен, Досмағанбетпен айтыстары жоғарғы аталған айтыстардан да сюжеттік мотиві кең. Бұл сүре айтыс. Мұнда жеке батырлардың жорығы да, ел тарихының шежіресі де, тарихи аңыз, оқиғалар да, қоғамдық өмірдің шындық бейнесі де, әр алуан адамдардың образы да таратылып, айқын жырланған. Сондықтан Жамбыл айтыстарын әрі айтыс ретінде, әрі сюжетті дастан ретінде тану қажет.

*Жамбыл мен Құлманбет айтысы.* Үлкен жиында Құлманбет тоғыз ақынды бірдей жеңіп, өзіне тең келетін ақын жоқтығын айтып, тасып отырады. Осы елде Жамбыл деген ақын бар дейді, маған шақырып келтір деп тілек білдіреді. Жамбылды Құдайберген деген той иесі шақырып алдырады. Жамбыл келгеннен кейін Құлман-

бет Албан, Дулаттың байлығын, салтанатын айтып мақтанады. Шапырашты — кедей, Сұраншы, Саурық дегендерің ажалынан өлмей, жаудан өлген. Өзің кескісіз екенсің деп сөгеді. Жамбыл оған қарсы Шапырашты елінің байлығын, Алматының салтанатын мақтай келіп, Сұраншы, Саурықтың өлімі ерлік өлім екенін, ол ерлердің жорық тарихын зор мақтан етіп жырлап, байлыққа батырлықты қарсы қояды. Шапыраштының адамдары елді жаудан қорғап өлетін болса, сенің ағаң Мақсұт ағайынымен ұрысып, аяқ-асты даудан өлді, сен мақтаған байларың көк есектей ақымақ, елге тигізген түк пайдасы жоқ, айналасын жалмап жеумен келе жатқандар, олардың бірде-бірін Сұраншы, Саурықтың ширегіне алмаймын, мені қара күннің баласы деп кемітсең, сен өзің қашып келген ақтабан ұрысың, басыңда бір тал қыл жоқ, деп кемітіп жырлайды. Жамбылдың дәлелі басым болып Құлманбет жеңіледі. Айтыстың қысқаша сюжеті осындай.

*Сарбас пен Жамбыл айтысы.* Алматы қаласында Қожамберді деген болыстың үйінде үлкен жиын болып, Сарбас ақын мен Жамбыл айтысады. Сарбас сөзді бұрын бастап, Дулаттың көптігін, байлығын мақтайды. Дулаттың байларын санап өтіп, елінен Намаз, Қарабай, Сыпатай, Кәрім деген ерлер, билер шығып, халқына қорған болғанын, сол ерлердің арқасында елінің іргесі бұзылмай, берекесі кетпей тұрғанын айтып мақтанады. Дулатқа қарағанда Шапырашты ат төбеліндей аз да, кедей де, бишара да ел, айтысуға шеніме де келмейсің деп Жамбылды кемітеді, нағашым Мақта-Мазар әулие, анам Қасиетті-Домалақ, ата-тегімнің кім екенін білмей сен күртіл тигізіп сөйлейсің — дейді. Жамбылға кезек келгенінде, үйде отырғандар, сен Сүйінбайдың інісің, білгіш болсаң Домалақ, Жарықшақтан бастап, атаны таратып сөйле — дейді. Жамбыл сөзін Домалақ, Жарықшақ жайлы ел аузындағы аңыз әңгімені: Ұлы жүз руларының Домалақ анадан өрбігені туралы шежірені таратып айтады. Онан кейін Жамбыл жырының екінші саласына көшеді. Шапыраштының аз екені, кедей екені де рас. Бірақ аз болса да, көп Дулатқа қорған боларлық ерлігіміз бар деп, Сұраншы, Саурық батырлардың ерлігін баяндайды. Сарбас мақтаған Сыпатай, Тойшыбектер Дулат жаудың талауына түскенде бас сауғалап қашып кеткендігін, тіпті Тойшыбек Қоқанға болысып, өз елін бірге шабысып масқара болғанын әшкерелейді. Сұраншы, Сау-

рықтар Шапыраштыны да Дулат елін де қорғаушы ерлер. Көп Дулаттан аз Шапыраштының ерлігі де, қамқорлығы да асады.

Кәне осындай ерді айтпай,  
Жатқа намыс бермеген,  
Құр созасын өңешті,  
Байларын айтып еліңнің,  
Қолынан түк келмеген, —

деп Сарбасты бір тоқтатады. Елімізге қорған болған ерлерді көрмеген сен ақын емессің, аузы-басы жыбырлаған ұрысқақ қатындай өсекші, өтірікші, деп Сарбасты қатты жер-жебіріне жетіп сөгіп, Жамбыл сөзін аяқтайды. Сарбас қайтып сөз айта алмай жеңіледі.

*Жамбыл мен Досмағанбет айтысы.* Жамбыл Сүйінбай, Шөжеден бергі ақындық дәстүрді, өзі сол жолды қуған ақын екендігін айтып, Досмағанбетті айтысқа шақырады. Досмағанбет Жамбылға қарсы өзін таудан аққан бұлақтай сөзі мол, тұлпар аттай жүйрік ақынмын, байлығым, салтанатым сенің аймағыңды он орап алады, Қалдай, Маман, Желібайдай байларым бар, маған тең келер жерің жоқ, елің де, өзің де қу кедей, киер киім, ішер асқа жарымай, өлеңмен қайыр тілеп, күнкөріп жүрген қойдың кәрі азбанындай ақынсың, — деп соқтығады. Жамбыл оған қарсы жауап береді, өлеңім асау теңіздей, нажағайдай оқ болып атылатын сөзім бар ақынмын, апшыңды қуырып, алды-артыңды орап алайын, еліңнің малын, малмен бірдей ақымақ адамдарын санап айта бересің, елді қорғаған батырың қайда? Еліме шапқан жауға қара түнек орнатып, қару-жарағын асынып Алатаудай айбатын асырған Қарасайдай ерлерің жоқ, неңмен мақтанасың? Бетіне құранды ұстап, құдайдың атымен жұртты алдап жүрген сен сияқты өтірікші қудың күлін ұшырып, жоқ қылу маған оп-оңай. «Сен — күйкентай, мен — тұйғын... Мен қорғасын сақамын, сен ұтылғыш кенейсің, баймын деп мақтанғаның өтірік, бай болып тасып отырсаң қысы-жазы Іледен неге балық ауладың, балық сорпасы мен шіріген сүйекке қарныңды қампитқаныңды да байлық дейсің бе? Өзіңе бір тиындық пайдасы жоқ, тайын мінуге бермейтін байды несіне мақтадың, сенің молдалығың да байға сатулы, — деп айқасады. Досмағанбет Жамбылға жауап беріп молдаға, құдай сөзі құранға тіл тигіздің, әезілдің жолына түстің, күпірсің



дейді. Меркіден бергі елінің бәрі қу кедей, қыздарында сұлу кескін жоқ. Тақыр кедей болғасын қызды сатумен кәсіп етесіндер. Даладан бұта әкеліп сатып, қайыршылықпен жүресін. Өткендегі өліп қалған адамдарынды батырым еді деп мақтай бересін, осы күні еліне тұтқа болатын кімің бар? Елінің ұлықтары күнде салық салып, жұртыңды шулатып отырған жоқ па? Оразалы дегенің өз қарындасын өзі алып, бүкіл Дулатты масқара етті. Осы да жетер, саған, — деп тоқтайды. Жамбыл жауап беріп: — Жай ел адамын былай қояйық, мекеге барып, хажы болып келген Қожақан неге арақ ішіп, мас болып, еліне бүлік салады, пара алады, зорлық істейді. Саудагерің, молдаң, қажың, ұлығың, ханың, бегің, байың — бәрі қосылып еліңді жаудай талап жеп жатыр, жыламаған момын қалды ма? Соларға арашашы болған елінде бір қамқор, ер адам жоқ, бәрі де «Алдиярлап» бай мен бектің табанын жалап жүргені. Ақын болсаң байды, бекті мақтамай еліңді, қамқор еріңді мақтап айтсаңшы. Мен елдігімді, ерлігімді айтып мақтанамын, кешегі Қарасайлар өлсе, елдің ендігі бақытына Қарасайдай батыр ұл туды, елдің ерлігі өлмейді, деп бітіреді.

Бұл айтыстың әрқайсысының қысқаша сюжеттері осындай. Бұл үш айтысты сюжет, композиция, идеялық мотив жағынан алғанда, бірімен-бірінің ұқсастығы да, айырмашылығы да бар. Ұқсастығы, екі акынның идеялық нысанасында. Жамбыл үш айтыста да тарихи, қоғамдық шындықтың сырын ашып жырлауға тырысады, қазақ ауылындағы таптық қайшылықты көрсетіп, қанаушы байлардың, болыстардың істерін, әрекетін сынау позициясында отырып, оған қарсы батырларды ардақтап жырлайды. Ал Жамбылға қарсы ақындар, елінің байларын, билерін мақтаумен болады.

Сөйтіп, традициялы айтыстан тарихи ерлікті, қоғамдық шындықты түйіндеп жырлайтын жаңа айтыс түрлерін тудырады. Егер Құлманбетпен айтысында Жамбыл батырлықты Шапыраштының ру мақтаны тұрғысында ғана түсініп жырласа, кейінгі айтыстарында ру шеңберінен шығады, ол батырлар жалғыз Шапыраштының ғана қорғаны емес, Албан, Суан, Дулат елінің тұтас қамқорлары, асса қазақ халқының елдігін қорғаушылар мағынасында түсініп жырлайды.

Сүйінбай айтысқанда ұраным «Қарасай», елімнен Саурық, Сұраншы батыр шыққан деп мақтан етсе, Жамбыл да осы салтты мықты ұстайды. Құлманбеттің өз елі-

нің байларын мақтап, шындықты айта алмағанын қатты сынай келіп:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,  
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.  
Қарымбайдай сараңдар толып жатыр,  
Оны мақтап, әуре болмай жөнiңе қайт!..

Байларым деп салмақтап,  
Не қыласың құр мақтап,  
Өңкей ақымақ есекті.  
Елдің сиқын кетірген,  
Кәсіп қып өтірік-өсекті...  
Баймын деп сендей тасыман,  
Кедеймін деп жасыман!  
Берекелі елді айтам,  
Ел тұтқасы ерді айтам, —

деп өзінің ақындығына да, Құлманбетке де жаңа бір, дұрыс жол сілтегендей, шындықты жырлауға, берекелі, бірлігі күшті елдікті, елін қорғаушы қамқор батырды жырлауға шақырады. Бұл Жамбыл шығармашылығында тарихи ерлерді жырлаудың басы еді. Мұнда ақын Сұраншы, Саурықты мақтанышпен атап қана өтеді, оның жорық оқиғаларын таратып айтпайды, Құлманбет өзі соқтығып — Сұраншы, Саурықтарың қаңғырып кетіп жау қолынан өліп кетті деп кеміткеніне орай айтқан тапқыр дәлелі ғана. Рас, Жамбыл да Құлманбетке қарсы қызу айтыс үстінде Шапырашты елінің, Алматы қаласының байлығын айтып мақтанады. Құлманбет мақтаған байларды «өңкей ақымақ есек» деп сықақтай отырып, оған қарама қарсы Алматының «көк күмбез үй салдырған» адамдарын мақтан етеді.

Біздің елдің адамы өнері асқан,  
Өнерімен талайдың көңлін басқан.  
Жерді көрген, ел көрген, қала барған,  
Бір кем емес байыңнан асып-тасқан.  
Алматының шәһәрінде  
«Көк күмбез» үйді салдырған,  
Қарасаң көзді талдырған.  
Арғы шетін айтайын:  
Қызылжар мен Семейден.  
Мына шетін айтайын:  
Ташкент пенен Наманған,

Әндіжан мен Марғұлан.  
Ақша деген неменді  
Қапқа салып алдырған.  
Жігіттер бар жетілген,  
Орыс, қазақ ұжым боп  
Тізе қосып бекінген, —

деп сауда кәсіппен айналысқан қала тіршілігін, феодалдық ауылдың салтынан гөрі капиталистік қарым-қатынастағы кәсіп өнері жолын қуған талапкерлікті, жаңалықты, қалыптаса бастаған достықты жырлайды.

Тарихи ерлерді жырлау идеясы Сарбаспен айтысында тереңдей түседі. Бұл айтыстағы Жамбылдың жыры жеке адамдарды, не елін мақтау көлеміндегі жыр емес, Ұлы жүздегі қазақ тарихының басынан кешкен, азаттық, тәуелсіздік жолындағы күресті, оны бастаған елдің батыр басшыларының образын суреттеген дастан. Ел, Отан мақсаты дегенді Жамбыл енді кең түсініп, жырлайды:

Жетісуда қазақтың  
Көрген күні кем еді.  
Жан-жағынан күнде жау  
Елге тыныштық бермеді.  
Бір жағынан — қалмақтың  
Ұрылары талады.  
Бір жағынан — қырғыздың  
Орман ханы ойқастап,  
Күнде мазаны алады.  
Үшінші жақтан — Қоқанның  
Бегілер бегі қоқандап,  
Әскерімен топырлап,  
Ауыр салмақ салады.  
Күнде талау, шабыстан  
Ел титығы құрыды.  
Мал мен жаннан түңілді,  
Жер мең судан қуылды.  
Ел басына күн туды,  
Қатын-бала, жас-кәрі  
Беті жаспен жуылды.

Бұл суреттеуінде ақын айнала жаудың, дамылсыз шабуылына ұшыраған Жетісудағы қалың қазақ елінің басынан кешкен ауыр халін айқын елестетеді. Елдің мұндай қорлықта, талауда болуы — үнемі тәуелсіздік, азаттық жолындағы күресті тудырып отырады. Қоқан үстем-

дігі, оған қарсы Ұлы жүз қазақтарының азаттық күресі, Сүйінбайға, онан кейін Жамбылға негізгі тақырып болды.

Айтыста үш түрлі тарихи және аңызды оқиға алынады, жағымды үш адамның образы дараланып жырланады: бірі — Бәйдібектің ауылының шабылуы, балалары жау қолынан өлуі, сол қиын жағдайда ері менсінбеген, күндес бәйбішенің қорлығына ұшыраған, бірақ елінің намысын жоқтай білетін ақылды Домалақ ананың образы жырланады. Домалақ, онан туған Жарықшақ бала, одан тараған рулар ел аузындағы аңызды ертегі ғана. Аңыз, әңгіме, ертегі сарыны Жамбылдың айтыстарының бәрінен де кездеседі.

Ақын жырлайтын тарихи кейіпкерлердің өзі де, елдің бақыт, еркін қоныс іздеу армандары да аңызды сарын араласып жырланатыны революцияға дейінгі Жамбыл шығармашылығына тән нәрсе. Жамбылдың айтыстарында, соның ішінде осы Сарбаспен айтыста Ұлы жүздің тарихи шежіресі едәуір сөз болады. Қазақтың ауыз шежіресі елдің дәл тарихы емес. Шежіре әңгімелердің кейбір фактілері ғана тарихи шындықты білуге көмекші материал бола алады.

Жамбылдың айтысында жырланатын шежіре аңыздың кейбір сырын ашуға қосымша факті болатын тарихшы Ә. Делебаевтың қазақ шежіресі туралы қариялардан жинаған материалдары. Делебаевтың, Шоқан Уәлихановтың жинаған дерегінің және Жамбыл жырлайтын аңыздардың негізі — Ұлы жүз руларын таратып айтатын шежірені қайталайды. Сол аңыз әңгімелердің ішінде қорлық көрген Домалақ ана мен жетім бала Жарықшақ жайы көбірек сөз болады. Көшкен елдің жұртында қалған Домалақ ананы күндес бәйбіше де, жасанған жауда құрта алмайды, елдің құт берекесі де, дәулеті де Домалақтың айналасына оралады. Елге тұтқа, ерге қамқор адал ниетті Домалақ ұрпағы өсе беріпті де, Домалаққа қастық істегендердің ұрпағы өспей қалса керек, — дейді шежіре аңызы (Ә. Делебаев. «Қазақтың рулары». ТӘИ архиві. Папка № 1010, қолжазба, 6-бет).

Міне, бұл аңыз әңгіме Жамбыл жырлаған Домалақ туралы аңызбен толық ұштасып жатыр. Шежіре, аңыз әңгімелер тарихи оқиғаның өзі емес, бұл аңыздарда шежіре, ел қиялы өсіріп айтқан, ақындардың ескі наным-сенімдері мен жырлаған фактілер де бар. Алайда Жамбыл жырлаған аңыз әңгімеде, ондағы суреттелген адам-

дардың образдарында өмір шындығының елесі жоқ емес. Бәйдібек тоқалы Домалақты тең ұстамайды, бәйбішенің қорлығына беріп қойған, Домалақ қорғансыз. Домалақ елді жаудың апатынан сақтап, жаралы болған баласын өсіріп, ұрпақ таратып, келешектегі іргелі бірнеше рулы елдің ізгі қасиетті анасы аталады. Домалақ Жамбыл айтысында адамгершілік қасиеті зор, елін сүйген қамқор ана болып жырланады.

Екіншіден Сұраншы мен Саурықтың ерлік күресі айқын жырланады. Қоқанның қалың қолы келіп Дулат елін ойрандап, шауып жатады. Ел басшылары берекесіздік істейді, бір батыры Тойшыбек жауға сатылып, опасыздық жасайды, бір батыры Сыпатай бір бөлек елін ертіп қашып кетеді, бір басшысы Кәрім Іледен аса көшеді, қалың Дулаттың быт-шыты шығады. Жамбыл шапқыншылыққа ұшыраған елдің осы аянышты халін елестетеді, елін сатқан опасыз кім? Елін, өзін қорғай білмейтін қорқақ кім? Бәрін де айқын ашып суреттеп, Қоқан шапқыншыларының талағыштық әрекетін әшкерелейді. Жаудың шабыншылығына ұшыраған, қорлық көрген осынау елді Сұраншы азат етеді.

Айтыс үстінде тарихи оқиғаны, тарихи шындықты түйіндей, желілеп жырлауында, дара адамдардың образын айқындап суреттеуінде, ақын Сұраншының яки Саурықтың образын жырлауда батырым еді деп жалпылап өте шықпайды, нақты оқиға, жағдайға байланысты, нақты дара ерлігін, тіпті сыртқы келбет-кескінін, адамгершілік мінез-құлқына дейін суреттейді.

Айтыста Жамбыл образын жасаған батырдың бірі Саурық. Жетісудағы қазақ елін Қоқанның хандары мен бектерінен қорғау жолында талай ерлік істеген, елді апаттан, талаудан айырып алған тарихи батырдың бірі Саурықтың ерлігі жайындағы Ұлы жүз Дулат, Шапыраштының ішінде талай аңызды әңгімелер, жырлар айтылады. Сүйінбай да, Жамбыл да, онан басқа Жетісу ақындарының көбі Саурықты даңқты батырдың бірі етіп жырлап кеткен. Қырғыздың Бұғы, Солты рулары мен Орман манап бастаған Сарбағыш руының арасындағы өзара жаулықтар кезінде Орманға қарсы күресті жақтап, Орман мен араларында бірталай барымта, ұрыстар болып тұрған, ақыры Орманның бір қалың қолы Саурықтың ауылына келіп шабуылдап, өзін ұстап әкетіп өлтірген. Кейін Сұраншы да Орманмен келісе алмай жау болып кеткен. Ол жаулықтың арты 1855—1856 жылдары Ор-

манды қырғыздың Жалпақ батыры өлтіруіне, Орманның баласы Үмбетәлімен арадағы қиянкескі жанжалдарға әкеліп соғады. Бұл күрестерде феодалдық қоғамға тән ел, халықаралық жаулықтардың сипаты да жоқ емес, Жамбылдың рулық сана тұрғысынан Саурықты асыра дәріптеуі де мүмкін, сондықтан Саурық, Сұраншы, Жалпақтардың Орманға қарсы ұрыс-жанжалдары бастан аяқ халықтық отаншылдық мәні болып еді, — деп мақтаудан аулақпыз. Бұл тарихшылардың анықтап шешетін мәселелері.

Жамбылдың жырлауында Саурық Жетісудағы қазақ халқына тиген жауға қарсы күрестерді бастаушы батыр болып суреттеледі:

Екіталай күн туып,  
Ел қыспақта тұрғанда  
Ел намысын жоқтаған,  
Батыр туған кім еді?  
Ел шетінен жау қуып,  
Ерлікпен қайрат жұмсаған  
Батыр туған кім еді?  
Қалың жаудан қаптаған  
Қаймығып беті қайтпаған,  
Ел тыныштығын сақтаған  
Халқы сүйіп мақтаған,  
Ардагер батыр кім еді?  
Саурық еді арыстан,  
Туысы оның Шапыраштан.  
Дулатпын деп мақтанба,  
Кеше елді жау шапқанда  
Сақтап қалған кім еді?  
Қырғын талау шабыстан?!  
Саурық еді ардагер.

Жамбыл Саурықтың адамгершілігін, ел ішінде әділдігін, дауда шешендігін, қиын жағдайда дұшпанның алдында табанды қайраттылығын, мен-менсінген жуандарды жуасытып отыратын мықтылығын, ақыл мен қайратты бірдей ұстап, елдің бірлігін сақтап жұртқа бас бола білген деп жырлайды.

Сөйтіп, Жамбыл бұл айтыс жырында Шапыраштының екі ірі тарихи батырының ерлік оқиғаларын мақтан етіп жырлау арқылы Оңтүстіктегі қазақ халқының Қоқан құлдығынан азат болу жолындағы күрес идеясын

жырлайды. Егер Құлманбет айтысында Жамбыл қоғамның ішкі таптық қайшылығы мен жауға қарсы отаншылдық идеяны жеткізіп айта алмай, тек сол тақырыпқа келгендігін көрсетсе, Сарбаспен айтысында Жетісу елінің сыртқы басқыншы жауға қарсы азаттық күрес идеясын тереңдеп эпикалы жыр көлеміне жеткізіп жырлайды. Жамбылдың болашақ эпикалық дастандарының негізі салынады.

Ал қазақтың өз ішіндегі қоғамдық таптық өмірдің бейнесі бұл айтыста көрінбейді, сыртта қалады. Бұл мәселе Досмағанбет айтысында негізгі тақырып болып жырланып едәуір кеңінен суреттеледі. Жамбыл өзінің Досмағанбетке қарсы сөзінде елдің тарихынан гөрі сол күнгі халіне, әлеуметтік теңсіздік мәселесіне көбірек көңіл аударады. Бұл айтыс болған дәуір (1902 жылы) ХХ ғасырдың басы, қазақ еңбекшілері қос қанаудың шенгеліне ілінген кезі еді.

Қазақ кедейлері байлардың, саудагерлердің жемі болып бір таланып жатса, екінші жағынан, болыс, би, уездік әкімдер тарапынан қысым көрді. Кедейлер ауылда жалшы, малшы болып ит қорлықпен күнін көрсе, енді бірқатары қалаға жақын жерлерде жатақ болып, орыс шаруаларымен бірлесіп аз-маздап егін салумен, балық аулаумен немесе қолөнер кәсіптерімен күн көруге кірісті. Темір жол, өнеркәсіп, парохадтарда, зауыт, шахталарда да істей бастады. Қазақ кедейлерінің ауыр, аянышты халін, әсіресе ХХ ғасырдағы қазақтың бірталай ақын-жазушылары өздерінің шығармаларында көрсете бастады. Кедейге, жалшыға жаны ашу, оларды қанаушы, құлданушы байларға, болыстарға, молдаларға, саудагерлерге қарсы халықтың ыза-қогін қозғау, міне, ол кездегі бұқарашыл бағыттағы ақындардың негізгі бір творчестволық нысанасы осы еді. Жамбыл Досмағанбетпен айтысында осы ХХ ғасырдың басындағы бұқарашыл ақындардың шығармашылық сарынына үн қосады.

Сен сықылды молдалар  
Бетіне ұстап құранды,  
Өтірік айтып елді алдап,  
Таратқан қисық ұранды.  
Аятын оқып ышқынып,  
Ауруға дем үшкіріп,  
Молдалар ұқсас жыланға...  
Жаназа оқып өлгенге,

Ысқат, пидия жалмаған.  
Шариғат жолы мынау деп,  
Қараңғы надан халықты  
Көзді жұмып алдаған, —

дегенінде Жамбыл дін, шариғат жолы молда, ишан, қажыларға қол жаулық, құрал болып алғаны, молда, қажылар, қазір ұрылармен ауыз жаласып, байларға болысатынын айтады. Мен баймын, елімде бай көп деген Досмағанбеттің сөзін Жамбыл өте қатты сынайды:

Өз малыңды өргізіп,  
Жерінде мал бақпадың.  
Тайдың майын бермейтін,  
Байды несіне мақтадың.  
Би мен болыс қолына  
Шығын болып кетеді,  
Жазы-қысы тапқаның.

Досмағанбетке қарағанда Жамбыл шындықты дәл айтады. Жамбыл елдің кедейлігін, кедей жалшыларды қанаған байлар табының зорлық, қиянатын суреттеп өте шықпайды, қоғамның билеу системасына да, қанаушы тап атаулыға да қарсы сол еңбекші халықтың таптық кегін қозғап, келешекке сенім тудыруарлықтай ерлік күрестің нысанасын елестете жырлайды.

Жамбыл Досмағанбетке елді талаған хандарға, байларға, билеуші әкімдерге кеткен кегін айтып есіне түсіреді, сендерді сатып жылатқан, зарлатқан залымдардың мойнында алынбаған ата кегім бар, көремісің, түсінемісің деген таптық күрес идеясына шақырғандай толғайды. Осыған келгенде Жамбыл ерлікті жырлау мотивіне қайта оралады. Жамбылдың шақырған күресі, әрине, ХХ ғасыр жағдайындағы орыс пролетариаты, коммунист партиясы бастаған революцияшыл таптық күрес емес, шаруа халық ортасындағы қанаушы тапқа, қоғамдық құрылысқа наразы түріндегі стихиялық күрес үні сияқты. Ол күрестің формасы қандай болмақ керек, бастайтын кім? — деген сұрауға, әрине, Жамбыл өзінің ерлікті жырлау мотивіндегі тарихи батырлардың даңқын еске түсіріп, үлгі етіп ұсынады.

Жамбыл батырды айтып мақтанғанда Досмағанбет — бұлар әлдеқашан өліп қалған адамдарың ғой, — қазіргі елінде бақыт орнап отырған жоқ, сол батырың бар ма,



енді, — деп Жамбылды мүдірткендей бір тежеу сөз айтады. Бұған орай Жамбыл:

Елім кірді кеңеске,  
Ерлік туған емес пе,  
Жердің бетін сел жуар,  
Елдің кегін ер қуар,  
Дауыл тұрса бұлт қуар.  
Ерліктің оты лапылдап,  
Аспанға шығар күн туар.  
Сол майданда жарқылдап,  
Қолына алмас қару ап,  
Алатаудан ақырған,  
Жауын жеңіп жапырған  
Қарасайдай ер туар, —

дейді. Бұл Жамбыл айтысының қорытындысы, идеялық түйіні де сияқты. Досмағанбеттің тіке қойған сұрауына толық, мықты жауап та беріліп отыр. Бұл айтыс жырындағы қоғамдық шындықтың айқын көрінісі.

Дәл осы Досмағанбетпен айтысында Жамбыл өзіне дейінгі барлық қазақ ақындарының айтысына зор жаңалық кіргізеді. Сүйінбайдың шығармашылық дәстүрінен ілгері асады. Қалың бұқараның таптық, бостандық идеясын, еңбекші халықтың аянышты тұрмысын жырлаудың өзі Жамбыл айтысындағы ірі жаңалық. Ақын жырлауынша, қоғамдағы әділетсіз өмір, сорлы адамдардың аянышты халі бұл қалыпта қалуға тиісті емес, қатты бір соққан дауылдай дүниені серпілтетін, жер бетін сел болып жуып тастайтын керемет бір қозғалыс басталуға тиіс. Бұл ақынның алдан сәулелі үмітпен күткен ұлы күресінің романтикалы бейнесі сияқты. Ақын ол күрестің, ерліктің өзі қандай боларын әлі анық түсінбейді, бірақ азаттықты, еркіндікті аңсайды, еркіндіктің ерлерін аңсайды.

Сөйтіп ақын бостандықты, ерлік күресті аңсаған тарихы ұлы оқиғаны жырлайтын эпикалы шығармалардың жырлануына негіз жасайды. Жамбыл айтыстарында байқалатын үлкен бір ерекшелік — ақынның эпостық дәстүрден реалистік дәстүрге қарай дамып отырғандығы. Ең алғашқыда Жамбылдың айтыстары — салт, әдет жырларына еліктеу ретінде (Сайқал қызбен, Бөлектің қызымен, Бақтыбаймен, Мәйкөтпен қағысу сияқты) жарыққа шықса, ХІХ ғасырдың 80—90-жылдары, бүкіл қазақ айтыстарына жаңалық түрінде, сүре айтыс болып, эпикалы

жыр дәрежесіне көтеріледі. Сұраншы, Саурық батырларды, Ұлы жүз тарихының аңыз әңгімелерін дастандық көлемде түйіндеп жырлайды... Онан соң Жамбыл айтыстарында дастандардағыдай адам образын жасау негізгі идеялық нысананың бірі болып отырады.

Жамбыл айтыстарында даралап жырланатын жағымды, жағымсыз адамдардың образынан басқа орталық кейіпкердің бірі ақынның өз образы. Айтыстарда ақындар бірін-бірі өткір сынап, сықақтап, ақындық мінін, кемшілігін көрсетіп отырумен қатар өздерінің ақындығына, әр жағынан зор баға береді. Ақындық мақтан айтыста үлкен орын алады. Біржан мен Сара, Орынбай, Шөже, Әсет пен Ырысжан айтыстарының қай-қайсысын алсақта, ақындар өздерін бұлбұлға, аспандағы аққуға, қыранға, жүйрік тұлпарға, болат қылышқа, тағы сондай ең күшті сүйкімді заттарға теңеп, балап ақындық, шешендік бейнелерін айқын елестетіп отырады.

Жамбылда, оған қарсы айтысатын ақындарда да ақындықты, ақынның өз образын, өзіндік мақтанды көтеріп, дамытып жырлау дәстүрі толық сақталған. Сонымен бірге, ақынның ерлікті жырлау дәстүріне байланысты Жамбыл өзін, өзі сияқты шындықты жырлағыш ақынды батыр бейнесіне ұқсатып та суреттейді. Жамбыл суреттеуінде ақын тек әнші бұлбұл, не аспанға шырқап ұшқан қыран құс, тасқын су, ескен жел немесе жүйрік тұлпар ғана емес, алдымен күрестің батыры.

Құлманбетке қарсы айтысында Жамбыл өзінің ақындық сөзін мылтықтың пестонына теңесе, Сарбаспен айтысында ақбоз аттың шабысына, тасқын судың ағысына, құрулы қақпанға теңейді. Жамбыл Досмағанбетпен айтысында шалқып ескен ақындық күшті Біржан, Сараларша асқақтатып көтеріп тастап отырады да, өзінің өлеңімен күрес батыры екенін ұмытпайды. Ақындығын, өлеңін жалынға, найзаға, атылатын нажағай оққа теңейді. Дәл осыған келгенде Жамбыл өзінің ерекшелігін, ерлікті, өршіл идеяны жырлағыш ақын екендігін айқындата түседі.

Менен асқан елінде  
Бар ма, сірә, бір шайыр.  
Жамбыл жырау толғанса,  
Домбырасын қолға алса,  
Пар келтірмес ешкімді.  
Сөз дауылмен соғушы ем,  
Сендей ақмақ мүскінді...

Сүйінбай ақын ұстазым,  
Сөз қанжарын суырып,  
Дұшпанға осылай күш қылды.

Бұл ақынның өзін өзі орынсыз көтерген жай мақтаны емес, халықтың батырымен бірге сөзін, өлеңін өткір құрал етіп күреске, майданға түскен күресші ақынның образын жырлау. Сөйтіп, Жамбыл ақындықтың күшін, сипатын батырлардың ерлік тұлғасына, ерлік күресіне ұқсатып жырлайды, айтыстың мазмұнында ақынның алысатын жауы кім, жақтайтын досы кім екендігін ашып көрсетеді. Жамбылдың өз заманындағы ақындардан бір ерекшелігі, міне осындай күресші ақын рөлін, халықтың күресіне құрал болатын ақындық сөзді зор өршілдік идеямен жырлауында.

Сонымен Жамбылдың айтыстарында ерлікті жырлау мотиві белгілі бір даму жолдарымен келіп, зор батырлық дастан жасауға негіз болады. Басқа ақындар айтысындай Жамбыл айтысында лирикалық эпос элементі аз, ақын мен ақын арасындағы жеке сынасу (полемикада) шиеленісі айтыстың жеңу, жеңілуін анықтамайды, мұндағы айтыстарда тарихи, қоғам өмірінің шындығы, ондағы ерлік күрестің сырлары ашылып жырланады, еңбекші халықтың тәуелсіздік, азаттық жолындағы күресі, батырлардың образы дараланып көрсетіледі.

Ақын ертеде бастаған зор көлемді батырлық дастандарын кеңес заманында аяқтап шықты. Бұл оның Өтеген, Сұраншы туралы дастандары болып табылады.

## «ӨТЕГЕН БАТЫР» ДАСТАНЫ

**Б**ұл дастанды Жамбыл «хикая» деп атаған. Орта Азия халықтарының әдебиетінде нақты бір оқиға туралы қысқа, қызықты әңгімені хикаят деп атайды. Алайда «Өтеген батырдың» тақырыбы, сюжеті хикая көлемінен кең. Дастанда ақын Өтегеннің халқына жақсы, жайлы қоныс іздеу жолындағы жорығын, соған байланысты — халыққа бақыт іздеу идеясын кеңірек жырлайды.

Бақыт, кең, еркін қоныс іздеп жиһан кезу орыстың, қазақтың тағы басқа елдердің ауыз әңгімелерінде ертеден бар.

Қай халықтың болса да көне заманынан бергі ертегі-аңыздарында — дүниені кезіп, бақыт іздеу жолында неше түрлі қиындықтарға кездесетін жиһанкез батырлар, мергендер, аңшылар жайы көп әңгіме болады. Сол ертегі, аңыз әңгімелердің ішінде — қазақта Асанқайғы, Жиренше жайындағы аңыздар да халықтың ғасырлар бойы азаттық, еркіндік, бақытты тұрмыс көксеу жолындағы армандары, күрестері бейнесінде баяндалатын жайлар көп.

«Өмір жыры» дейтін өлеңінде Жамбыл былай дейді:

Еске алсам ертегідей ертені өткен,  
Талай жан жүрегінің жырын төккен.  
Еңіреп ен далада бақыт іздеп,  
Таба алмай Асанқайғы аңсап өткен.

Қазақ арасында жайылған Асанқайғы, Жиренше жайлы ертегі, аңыз өте мол және бірінен бірі қызықты, когамдық мәні бар аңыздар.

Ел қиялының әңгімесінде Асан қазаққа жақсы, жайлы қоныс іздеп, желмая мініп, бүкіл қазақ даласын аралап, құтты, құтсыз жерлер деп, барлық жерге сын беретінін айтады, бірақ елге қолайлы қоныс таба алмай, дүниені шарлап кезеді, Жиделібайсын, жерұйықты іздейді. Бірақ ол жақтан да еліне жақсы мекен, еркіндік өмір таба алмай дүниеде қайғырумен өтіп, Асанқайғы аталыпты.

Асанқайғы туралы ел аузына жайылған бір аңызды жырда, Асан жиһан кезіп құбылаға қарай желмаямен жүре бергені жыр болады. Асан алысқа барады, тауларды, шөлді далаларды, өзен-дарияларды кезіп өтіпті. Ақырында жақсы жайлаулы жерге қонған бір ақбоз үйге кез болыпты, ақбоз үйдің сыртында желіде биелер байлаулы екен, үйдің иесі әйел Асанды алдынан шығып, күтіп алады. Үйде асқан бір сұлу қыз бар екен, әйел мал сойып Асанды құрметпен қонақ етеді, мынау сенің көптен күткен жарың еді, Асанжан, екеуің қосылып бақытты өмір сүріндер, мынау жатқан кең дала жайлау, еркін қоныс, мынау өрістегі қаптаған мал — бәрі де сенікі. Енді бақытты болыңдар деп әйел қызы мен Асанды қосыпты. Асан қызбен сырласқан, қыз айтыпты: — сенің іздеген бағытың, бақытты жерің міне осы ара, міне мен. Тек сол бақытың қолдан кетпес үшін бүгін түні бойы ұйықтамай шығуың керек, — дейді. Алыс жол жүріп шаршап келген Асанның таңға жақын көзі ілініп кетіп ояна келсе, үйде бірге жатқан қызы да, кең жайлау бай қоныс та

жоқ, құп-қу боп шөл дала жатыр. Сонан кейін зар жылап, сол қонысты, сол жерді, сол қызды іздеп тағыда жер жиһан кезіп кетіпті, бірақ таба алмаған.

Енді бір әңгімелерде ел қиялы Асанқайғыны XVI ға-сырдағы Жәнібек ханмен тұстас шешен би, ақын етіп көрсетеді. Бұл әңгімелерде де Асан ханға халықтың на-разылығын, жер қоныс жөнінде көрген қысымын айтып жеткізіп, Жәнібекке — елге қолайлы қоныс іздеп тап деп ақыл айтады. Бірақ Жәнібек Асанның ақылын тында-майды, елге еркін қоныс табылмайды. Асан ел басына түскен қайғылы күнді айтып күңіреніп кетеді. Шоқан Уәлиханов «Асанқайғы Жәнібек ханның тұсындағы қа-зақ ноғай ұлысының философы еді» дейді. (Шығармала-ры, 304-бет.).

Асанқайғы аңызда, жырда айтылып қоймайды. Асан-қайғы күйі деген қайғылы сарынды күйлер бар. Қысқа-сы, Асанқайғы жайлы елдің аңыз әңгімелері өмір бойы құлдықта, таршылықта, қорлықта келген еңбекші ха-лықтың еркін тіршілікті, жайлы қоныс мекенді көксеген ең өршіл, үмітшіл арман, тілегін бейнелейді. Асан жай-лы аңыздар — халықтың басынан кешкен азабын, қорлы-ғын елестетсе, сонымен бірге сол азап, қысымшылық дүниеден бақытты өмір аңсаған талап, күресін де елесте-теді. Мұнда адамды бақытты ету идеясы жырланады.

Жамбылдың «Өтеген батыр» дастанының тақырыбы мен идеясы да халықтың осындай бақыт, қоныс іздеу туралы аңыз әңгімелерімен тығыз байланысты.

Өтеген әңгімесінің Асанқайғы анызына байланысты-лығын дәлелдейтін тағы бір факті Жамбыл музейінің Шапырашты. Дулат қарияларының айтуынан жазып ал-ған «Өтеген батыр» жырының жаңа нұсқасы. Мұнда Өте-ген қоныс іздеп, жиһан кезген уақытында жүрген, арала-ған жерлеріне, Асанқайғы сияқты сын беріп отырады. Бірақ ол сын сөздердің бірқатары Асанқайғы айтты де-ген сындарды қайталайды. Өтеген әңгімесі ел қиялы ту-дырған қызық әңгіме екенін Жамбылдың өзі де айтады.

Мұны ызыңдап даладан, —  
Жырлаған, ескен жел маған.  
Бұл жырды мен естігем —  
Тағы құлжа үнінен.  
Бұл жырды мен естігем —  
Бұлбұлдың тәтті күйінен.  
Бұл жырды мен естігем —

Ер Өтеген туралы,  
Санқылдап шыңның қыраны,  
Аңыз еткен күнінен...  
Бұл жырды мен естігем —  
Безіп жүріп ауылдан.  
Бұл жырды мен естігем —  
Жыршыдан, ақын, қауымнан.

Өтеген өлсе де халықтың аузында өлместей аңыз қалған, ақын соны жырламақшы.

Өтеген Жамбылдан бұрын ел аузында әңгіме, жыр Сүйінбайдың бабасы Күсеп ақын болса керек. Өтеген жайында тарихи шежіре материалды жинастырған Делебаевтың мәліметіне карағанда, Дулат Тілеміс ақын Өтегенді дастан етіп жырлаған екен, Дулат Майкөт ақын да Өтегенді жыр етіпті. Тілеміс дастанының кіріспесінде былай дейді:

Батырды құрметтейді барлық қазақ  
Әңгіме, жыр етеді есіне ап.  
Ерлігін, батырлығын мақтан етіп,  
Мың ақын Жетісуда жүрер жырлап.

Өтеген жайында Жетісу елінің, Дулаттың қариялары талай аңызды әңгімелер айтады. Жырдың түпкі сарыны қайдан таралып келіп жатқандығы туралы Жамбыл «елден», «желден» естідім деп бейнелей айтады.

Әрине, әрбір дастан, эпостық жырдың шығуының тарихи, қоғамдық себебі бар. Асанқайғы, Өтеген жайлы аңыз әңгімелердің өзі қазақ халқының азаттық, бақыт іздеу жолындағы ғасырлар бойы күресі мен арманынан туғандығы сөзсіз.

**Дастанның қысқаша сюжеті.** Жетісудағы елдің қонысы тарылады. Хандардың, патшалардың шабуыл жорығына ұшыраған ел қатты күйзелген. Ел қайда барып күн көрерін білмейді. Сол кезде Жетісудағы Ұлы жүз Дулат ішінде жасынан өр тұлғалы болып өскен Өтеген батыр, елді жинап: мен сіздерге қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған еркін қоныс тауып келемін дегенде, елі қуанып батасын береді, қасына бірнеше жолдас ертіп жөнелтеді. Өтеген жақсы, қолайлы қоныс іздеп күн шығысқа — Қытай жеріне, Пекинге дейін барады. Бірақ адамы көп, жері тар, күнін көре алмаған қайыршы ел екенін көріп, қоныс таба алмай күнбатысқа қарай сапар шегіп, арып-ашып Еділдің (Волганың) бойына дейін барады. Бірақ

ол жердің адамы да жарымай патша бұғауында тұнжыраулы болғанын көріп, қоныс таба алмай оралып, Ақтөбе деген жерге келіп, аққан өзен бойына түнейді. Өтегенге айдаһар кездесіп жолын бөгейді, бірақ айбат шеккен айдаһардан Өтеген қорықпай, қайрат жұмсап қарсы барып, өздеріне жүрер жол ашады. Айдаһар көпке дейін арттарынан еріп қалмайды, жол-жөнекей кәрі жылан мен жас жыланның арбасып тұрғанын көріп, жас жыланды Өтеген атып өлтіреді, кәрі жылан риза болып Өтегенге жол береді. Өтеген жолдастарымен орманға келеді, қарағайдың түбіндегі жалғыз үйді көреді. Үйде Қайберген шал бар екен. Өтеген оған халық үшін қоныс іздеп көп заман қажып келе жатқанын айтып, жөн сұрайды. Қайберген әлі де алдында талай қиындық болар, қажымай іздесең бәрі табылар деп ақыл береді. Бұлар тағы жол тартады. Жолда бір әбжыланның айдаһарды өлтіргелі жатқанын көріп, әбжыланды атып өлтіреді. Түнде қонып жатқанда айдаһар келіп, өлтірген жыланның басы алтын екен, өзін өлімнен алып қалған Өтегенге сол алтынды сыйлыққа тартып ризалығын білдіреді. Өтеген «қастыққа қастық, достыққа достық әрқашан» дейді. Бұлар тағы жол шегіп Кент арал деген жерге сапар шегіп, қалың қара орманға қонады. Түнде бұларға екі сұлу қыз бейнелі жезтырнақ келіп, қонақ болып кетеді, олар қайта оралып келгенде аңдып отырған Өтеген екеуін-де атып өлтіреді. Өтеген ұзақ сапар шегіп талай таулардан, теңіз, өзендер тұсынан, шөл далалардан өтеді, шаһарларды көреді. Қырық күншілік жол жүріп, арып ашып, арман еткен Жиделібайсын жеріне жетеді. Жиделібайсын тамаша құлпырған, жайнаған кең қоныс екен. Өтеген қуанып, тоқтап, демалып атын отқа қояды. Аты шөбін жеп өліп қалады. Малға шөбі құтсыз қоныс екен. Сонан іздеген қонысын таба алмай, астындағы атынан айрылып, Өтеген зарлап дүниеден өтеді. Бірақ арман етіп іздеген қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған жұмақ жер, бақыт дегеніміз қазіргі социалистік заман, қазіргі кеңестік Қазақстан. Дастан осымен аяқталады.

Өтеген батырдың тарихи адам екендігі туралы деректі құжат жоқ. Кейбір деректерге және Жамбыл дастанындағы жырларға қарағанда, Өтеген XVIII ғасырда тарихта болған адам сияқты.

Өтеген XVIII ғасырдағы қазақ халқының жоңғарларға, Орта Азия хандарына қарсы тәуелсіздік үшін күресте-

ріне белсене араласқан батырдың бірі, осы дәуірдің тарихи оқиғаларына байланысты аңыз әңгімелерде Өтегенді Орта жүз Уақ руынан шыққан батыр дейді. Шоқанның еңбегінде жоңғар қалмақтарына қарсы соғыстарға қатысқан Уақ руынан шыққан Сырымбет батырды айтады. Ал Жамбылдың, Жетісу қариялары мен ақындарының және Өтеген батырдың ата тегі туралы материал жинаған Ә. Делебаевтың материалдарына қарағанда, Өтегеннің жоңғар қалмақтарына қарсы жорыққа қатысқандығы айтылады. Бірақ Өтеген Орта жүз Уақ емес, Ұлы жүз Дулат дейді. Бұл деректердің қайсысы болсын, Өтегеннің әйтеуір бір дәуірде жасаған тарихи батыр екенін анықтайды.

Жетісудағы қариялар, Жамбыл бастаған халық ақындары айтқан, тарихшы Ә. Делебаев, әдебиетші Қ. Тұрғанбаев, Н. С. Смирнова, С. Бегалиндер жазған және Тіл, Әдебиет институтына келіп түскен Өтегеннің ата тегі, тарихтағы қызметі, Жамбылдан бұрын жырланғандығы туралы деректердің бәрі сайып келгенде мынаған тірелді.

Өтегеннің бабасы Сырымбет жоңғарларға қарсы соғыстағы атакты батыр. 1635 жылы Салкам Жәңгірдің азғана қолмен Ойрат ханы Батырдың 50 мың әскеріне өлтіре соққы берген соғысқа қатысқан. Өтеген 1699 жылы туып, 15 жасынан бастап Ұлы жүз қазақтарының жоңғарларға қарсы соғыстарына араласқан. 1723 жылғы қалмақтардың үлкен шабуылына қарсы ұрыстарда Өтегеннің жақын серіктері Тауасар, Райымбек, Мінет, Қойгелді батырлар болыпты. Осы қиын кескілескен бір ұрыстарда Өтеген қалмақтың Сабан Тайшық деген батырын өлтіріпті. 1725 жылы жау Түркістан мен Ташкентті алып, үстемдігін жүргізе бастаған кезде басқыншы жаудың шабыншылығына ұшыраған ел қаша ұрыс салып, Ұлы жүздің біразы Ходжент, Самарканд жағына қоныс аударады, бірақ жайлы қоныс, мекен таба алмай ел жолшыбай апатқа ұшырай береді. Ел босып қайта Қаратауға оралады. Барлық жүрген жол, босқын өмір ылғи жұт, соғыс жағдайында өтеді. Осы жолда Ұлы жүздің іргелі рулы елін бастаушы Өтеген болады. Жорықтарында, ел ісіне араласуында Өтеген Төле бимен ақылдас екен. Бірақ Төле бимен сыртқы саясат, соғыс, ел басқару жөнінде келісе алмай, айырылысып кеткен кезі болыпты. Өтеген әрқашан қалмаққа қарсы үздіксіз соғыс жүргізу саясатын жақтайтын болса, Төле жаумен біраз



келісім жасап бағына тұрып, артынан күш жинап барып, күрес жүргізу саясатын қолдайды. Елді басқару, қоныс бөлісу жөнінде де Өтеген Төлемен келісе алмай, ақырында аралары суысып, Өтеген өкпелеп, Сырымбет рулы бір ауыл Арқаға көшіп кетіпті. Ұлы жүздің атақты батыры ауылымен көшіп келгесін Орта жүз батырлары құрметпен қарсы алып, Көкшетаудың ең шұрайлы жерінен қоныс беріпті. Ол жер кейіннен Сырымбет аталып кеткен, Төленің қалмаққа бағынып отырып, ептеп күресу саясатынан нәтиже шықпайды, 1740 жылы жоңғар билеп-төстеушілері елін шауып Төле биді Ташкеннен қуады, осыдан кейін Төле Іле бойында қалмаққа қарсы соғысқа дайындалады. Бұл хабарды естігесін Өтеген Арқадан еліне қайта көшіп келіпті.

1745 жылы Қалдан Серен өлгесін және жоңғарға қарсы Қытай жорығы басталғасын қазақ жағы күш ала бастайды, жоңғарлар үлкен соққыға ұшырап қазақ даласынан қуылады. Бірақ оның орнына қазақ жерінің шетіне қытай келіп жетеді. Абылай Қытайға қарсы күрес ашпай, бағынады, Өтеген Абылайдың бұл саясатына да мүлде қарсы болады.

1756 жылдардың шамасында Өтеген Абылайдан бір-жола айырылысып, «айналаның бәрі жау қайда барсаң басың бір ноктаға ілінуден құтылмайды екенсің, еліме еркін қоныс іздеп табамын» деп жиһан кезіп —:Жиделібайсынға дейін барып ешқандай қоныс таба алмай елге келіп, 1773 жылы 74 жасында қайтыс болады. (Ә. Делебаев. «Өтеген Өтеғұлұлы» (қолжазба). ТӘИ архиві, 1—6-беттер). Белгілі халық ақыны Қазанғап Байболов бір әңгімесінде Өтеген жайлы Делебаев келтірген фактілерді және Өтегеннің қоныс іздеп 17 жыл жүріп қайтқандығын айтады (Қ. Байболов. Өмірбаяны (қолжазба). ТӘИ архиві) және Майкөт ақынның мынадай дегені бар екен:

Өтеген халық үшін дүние кезген,  
«Жиделібайсын» жерінде аты өлген.  
Ұнатпай ол жерді де көңіліне,  
Жеріне туып-өскен қайта келген.  
Ел үшін қайрат еткен ер Өтеген,  
«Арман жоқ елім үшін өлсем» деген.  
Жерінде туып-өскен Жетісудың  
Өтіпті 74-те дүниеден...

Өтегеннің моласы Алматы облысы, Іле өзенінің бойында көрінеді. Кененің, Делебаевтың айтуларына қарағанда, Өтегеннің шұбар тегенесі оның шөбересінің баласы, қазір Жамбыл облысы Красногор ауданы «Кеңес» колхозындағы Жолдасбайдікінде (Өтегеннен — Тарпан, Тарпаннан Бименбет, Бименбеттен Толымбек, онан Жолдасбай) сақтаулы тұр дейді. Өтеген, оның заманы, өмірі жөніндегі азды-көпті тарихи мәліметтің түрлері осындай, Ал Жамбылдың «Өтеген батыр» дастанындағы жаңалығы — халық қамқоры батырдың елге қоныс, бақыт іздеу идеясын дамытып, жырлағандығы. Бұл тақырып, бұл идея Жамбылға дейінгі ақындарда кең түйіндеп жырланбаған.

Ал Өтегеннің жиһан кезуі, Қытайға, Еділ мен Орал бойына, Жиделібайсынға дейін баруы жөнінде XVIII ғасырдың мынандай тарихи оқиғаларын еске түсіруге болады:

1723 жылғы жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақтың Орта жүз бен Ұлы жүзінің көп рулары атамекен қонысынан босып, Орта Азия хандығының қол астына дейін ауып барды, ол қазіргі Қарақалпақстан, Түрікменстан, Батыс Өзбекстан жерлері — Қоңырат, Жиделібайсын қазақтың босып барған жерлері еді. Бірақ барған ел Бұқар, Хиуа хандарының талауына ұшырап, көбі малынан айрылып, қатты күйзеліп, тұрақты қоныс, мекен таба алмайды, қалғандары Арқаға қарай көшеді. Осы босып көшкен елдің бір бөлегі Өтегеннің елі болуы мүмкін. Ақтабан шұбырындыға ұшыраған Кіші жүз елі босып көшіп, Жайық асып Еділ бойына дейін барып, Ресейге қарамақ болып, көшіп жүретін қоныс сұрайды. Бірақ ол жерден де көшіп мал өсіретін кең қоныс табыла қоймайды, оның үстіне Еділ бойындағы қалмақтармен, Жайық бойындағы башқұрттар мен қазақ арасының жаулығы басталып, Кіші жүздің іргелі елі Жайықтан бері Ор, Елек, Ақтөбе, Ырғыз, Жем, Сағыз бойларына тоқырап, 1731 жылы Ресейге бағынады.

Сол 1723 жылдан 1755 жылдарға дейін қазақтың жоңғар қалмақтарына қарсы азаттық күресі ешбір тоқталмайды, ақыры 1755—1756 жылдары қалмақтар қазақ даласынан — Тарбағатай, Алтайдан асыра қуылады. Міне осынау жорықтарды, елдің жайлы қоныс іздеп ерсілік-қарсылы жосып, көшу жолындағы көрген қиыншылықтарының көбіне де Өтеген қатысқан. «Өтеген батыр» по-

эмасының жырлануына объективті түрде әсер еткен жалпы тарихи қоғамдық жағдайлардың түрі осындай.

Жамбыл жырлайтын Өтеген батыр осы тарихи Өтегеннің өмірінен алыс кетпейді. Қайта Жамбыл Тілеміс, Майкөт, Сүйінбай жырлап өткен Жетісу еліне көп таралған тарихи аңыз, ақындық мотивтерді толықтырып, қайталап жырлайды. Ол дастанының кіріспесінде:

«Өтегенді мадақтап,  
Жырға қосып тербетем,  
Халық айтқанын қостаймын,  
Артық сөзді қоспаймын», —

деп, ел аузынан, халық әсерлеп айтқан әңгіменің шеңберінен шықпайтындығын аңғартады.

Рас, поэма тарихтың дәл көшірмесі бола бермейді, алайда бір замандағы елдің қоғамдық өмірін теңселткен, сұрапыл күрделі оқиғалар ұлы жорық, қырғын соғыстар, ірі тарихи соқтығыстар — бәрі күрделі тарихи әңгімелер, аңыздар, жырлар, эпостық дастандар тууына негіз болады, із тастайды.

Қазақ, қырғыз эпосын зерттеген академик В. В. Радлов жан-жағынан соққыны, қырғын шапқыншылықты көп көру қазақ, қырғыз эпосының қалыптасуына негіз болғандығын жазады. Шоқан Уәлиханов та бірқатар батырлар туралы жырлар, аңыздар XVIII ғасырдағы қазақтың жоңғарларға қарсы соғысына, жорығына, сол дәуірде өткізген қырғын апаттарына, аштық, жұттарына байланысты туғандығын айтады.

XVIII ғасыр қазақ тарихындағы аса күрделі оқиғалар, сұрапыл апаттар, қанды жорықтар көп өткен заман екені жоғарыдағы тарихи деректерден белгілі.

«Өтеген батыр» дастанын толығынан тарихи жыр, тарихи дастан деуге келмейді, тарихтың слемі, сәулесі бола тұрса да бұл поэма өзінің көркемдік жырлау әдісі жағынан геройлық-романтикалық дастанға жақын. Мұнда тарихи жырдың элементі болумен қатар ертегі, аңыз, мифтік сарын да едәуір көп орын алады, жылан, айдаһарлармен, жезтырнақ, қайберендермен кездесулер — аңыз, ертегі, дастан, жырлардың көркемдік стилін көрсетеді.

Поэмада жырланатын негізгі бір мәселе жер мәселесі, қоныс іздеу. Қазақ халқының ерте заманнан бергі тарихын алатын болсақ барлық уақытта да еркін қонысқа,

кең жайылым жерге не болып, алансыз өмір сүрген кезі жоқ, үнемі атамекен қонысы үшін қан төгіп алысып келгенін жақсы білеміз. Бұл әсіресе Өтеген батыр жасаған XVIII ғасырда туған жер үшін, елдің тәуелсіздігі үшін күрес қатты шиеленіскен заман болғандығын тарихи оқиғалар дәлелдейді. Осы тарихи шындықты Жамбыл да поэмасында айқын ашып көрсетеді, Өтегеннің ойы арқылы қазақ халқының жер, қоныс жөнінде көре бастаған қыспақ өмірін көз алдына елестетеді.

Бүлдірген елді біріндеп,  
Атуға да асуға,  
Көшпелі елді қырғандай,  
Бұзып, қырып өртеді.  
Ол күн қара борандай  
Болып кетті ертегі.  
Еміренген дала күңіреніп,  
Жайлауларда, тауларда —  
Жетісу бойы тебіреніп  
Қуырылған патша, хандарға.

Қазақтың еңбекші халқы бұрынғы хандар билеген, жоңғар, қоқан басқыншылары билеген замандарда да жер қоныс жөнінде қандай қысымшылық көрсе, патша отаршылдығына кездескен соң ол қысымнан құтылған жоқ. Соның үшін кең, еркін қоныс іздеу талабы — елдің туған жер, тіршілігі үшін белсенді күрестің бірі саналды, міне, осы тұрғыдан Жамбыл халықтың қамқор батыры Өтегеннің жақсы жер қоныс іздеп жиһан кезуін аса ізгі ерлік санайды:

Мен табамын — табамын,  
Бұлақ аққан жерлерді.  
Көгі көктеп, гүл жарып,  
Құрақ атқан жерлерді.  
Төрт түлікке ыңғайлы,  
Толқын көлі тоғайлы,  
Көгінен нәубет, жерден нұр,  
Құлап жатқан жерлерді.  
Жұт болғызбай, құт қонған,  
Қой үстіне боз торғай  
Жұмыртқалап, бақ қонған,  
Сүйікті қазақ халқына  
Ұнап жатқан жерлерді.

Бұл жалғыз Өтегеннің ғана арманы емес, бүкіл қазақ халқының өмірлік арманы еді. «Жұт болмайтын», «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған», «бақыт жері» — халықтың көкейінен бір рет те кетпеген. Жиһан кезген Өтегеннің көз алдында да, ғасыр бойы жерге, қонысқа жарымаған халқының көз алдында да осынау бақыт орнаған жердің сұлу бейнесі елестейді де отырады.

Халыққа еркін қоныс іздеу, бақытты өмір аңсау қазақтың Асанқайғы сияқты аңыздарында, орыс, басқа халықтардың аңыз ертегілерінде бар өршіл идеялы мотив екенін айттық. Бұл мотив Жамбыл айналасындағы ақындарда да не Өтегеннің атымен, не Өтегенге ұқсас басқа герой атымен жырланып отырған. Халық ақыны Қалқа Жапсарбаев жырлаған «Уәли Шора», «Орақты батыр» дастандарының сюжеті, идеялық, көркемдік мотивтері Өтеген батыр дастанына көп ұқсайды.

«Уәли Шорада» Шопабай батыр құсбегі Уәли Шораның ақылымен жер жиһанды кезіп көк сегір қыран бүркіт іздеп тапқанын, бірақ сол құспен бірге өзіне тұрақты мекен іздегендігін жырлайды. Ал «Орақты батыр» дастанында Орақты батырдың елі Жалайырдың Жиделібайсының қасынан жайлы қоныс ала алмай, шабыншылыққа, аштыққа, жұтқа, апатқа ұшыраған ауыр қиын шағында еліне қамқор, қорған болғанын жырлайды. Көпшелі Жалайыр елі Жиделібайсын жағына барып қалып құтты қонысқа, еркін өмірге ие бола алмайды, жау шабыншылығына, қоныс тарлығына, жұтқа ұшырап құруға айналады. Тарыққан ел өзінің атамекен елі Үйсінді таппақ болады. Босқын ел бірде-бір тұрақты қоныс таба алмайды. Сырдан шөл, меніреу далалармен көшіп теңіз бойына жол тартады. Жолшыбай ел шабыншылыққа, шөлге ұшырап малы, адамы қырылып қалып жатады. Азып, тозған, арып-ашыған ел сексеуілі көп, ну қамысты елсіз, бір өзен бойына тоқтайды. Ел жаңа есін жиып, мал тойынып, енді адам қатарына қосыламыз-ау дегенде ну қамыс арасынан жалмауыз шығады. Адамды қойша жей бастайды. Елді осы апаттан Орақты батыр құтқарады, ол жалғыз көзді жалмауызды садақпен атып өлтіреді. Ел шулап апатқа ұшыраған жер болғанын ол өзен аты Шу қойылып еді дейді. Ел Шу бойына да тұрақтамай көшіп, Іле, Қаратал бойына келіп тоқтайды. Бұл жерлерден де адам жейтін жалмауыздар шығып, оның барлығын тағы да Орақты батыр өлтіріп, елін апат-

тан құтқарады. Елді жалмауыздан құтқарып, енді тыныштық таптық деген кезде қалмақтың Дүн-дүн деген ханы келіп Жалайыр елін шауып ойрандайды. Іле бойында аң аулап жүрген Орақты мұны ести сала жау артынан қуа соғысып, жеңеді, қазақтың кегін, мал-мүлкін алып береді. Сөйтіп Қаратал, Іле өзені осыдан кейін Жалайырға тұрақты мекен болып қалған еді дейді.

Бұл поэманың сюжет жағынан да, көркемдік, идеялық мотив жағынан да Жамбылдың «Өтеген батыр» поэмасына көп жақындығы бар екені даусыз. Мұнда, бір жағынан, Ұлы жүздің сол жоңғарлар шабыншылығы заманында оңтүстікке босқын болып көшіп, жалпы дақпыртпен Жиделібайсынға дейін барып, ақыры жолшыбай апатқа ұшырап азып-тозып, ежелгі мекеніне оралып жеткенін баяндаған тарихи шындықтың елесі бар. Екінші жағынан, ел қайда барса да бақыт, еркін қоныс таба алмады, не жаудан, не жалмауыз — айдаһар сияқты адамға қас күштен қорлық көреді, апатқа ұшырайды, елдің осындай қысылған шағында қорғаны Орақты сияқты батырлар болады.

Ал «Өтеген батыр» жырының Жамбыл музейі тапқан жаңа нұсқасында Өтеген қырық жолдасымен қоныс іздеп жиһан кезеді, жолда Өтеген бір елді талап жатқан жезтырнақтармен соғыс салып жеңеді, бірақ қоныс таба алмай 17 жыл жүріп еліне қайтады.

Сөйтіп, бұл аңыз, әңгіме, жырлардың қай-қайсысында болсын Өтеген, сол сияқты Орақты батыр елге бақыт, жайлы қоныс іздеуші қамқор адамдар. Ел басына қиынқыстау күн туғанда апат, жұт, жоқшылық кездескенде, сыртқы жаудың шабыншылығы болғанда халықты сол апаттан, қиынқыстау күннен өзінің қайратымен, көреген ақылымен аман алып қалушы Өтеген сияқты батыр болып отырады.

Жамбыл дастанында халыққа бақыт, еркін қоныс іздеуші қамқор Өтегеннің батырлық тұлғасы, ісі, әрекеті әржақты жырланады. Өтеген Жамбыл суреттеуінде найза ұстап, сауыт-сайман киіп, қалың қол бастап, қамал бұзған жорықтың, қанды қырғын соғыстың батыры емес. Өтегенде ақыл, жігер басым. Ел басына қиынқыстау күн түскенде халқы үшін қабырғасы қайысқан елдің қорғаны, қамқор басшысы саналған ақылгөй адам...

## «СҰРАНШЫ БАТЫР» ДАСТАНЫ

**Ж**амбылдың шығармашылығында елеулі орын алатын шығарманың бірі — «Сұраншы батыр» дастаны. Сұраншының батырлығы Жетісу елінің аңыздарында, халық ақындарының жырында кең орын алған. Сұраншы Хакімбеков тарихи адам, атақты батыр. 1865 жылы орыс әскерінің қатарында Қоқанға қарсы соғысқа қатысып, осы күнгі Сайрам (Оңтүстік Қазақстан) селосында қайтыс болған. Ел аузында сақталған фольклорларда да, архив, тарихи әдебиет деректерінде де Сұраншының өмірі, жорықтары едәуір сөз болады.

Фольклор мен ақындар шығармасындағы басты деректер мыналар:

Сұраншы мен Сүйінбай замандас болған. Сүйінбайдың ақын болуына Сұраншы көп жәрдем көрсеткен, оның ақындық айтыста сүйенер үлкен белі болған, Сұраншы өлгеннен кейін жоқтауларында болсын, айтыстарында болсын Сұраншының ерлігін жұртқа көбірек жырлап таратқан да Сүйінбай көрінеді.

Сұраншының есімі Сарыбай Айдос баласымен бірге аталып отырады. Сарыбай да, Сұраншы да Жетісу елінің Ресейге қарауын қолдап, орыс әскерінің қатарында Қоқанға қарсы соғысқа қатысқан. Сұраншы Сайрамда қайтыс болса, Сарыбай Ташкент қаласын алуға дейін барып еліне қайтқан. 1890 жылы Сарыбай қайтыс болған уақытта оған арналған жоқтауда былай делінген (қараңыз: «Дала уалаяты» газеті, 1890, № 27):

«Марқұм Сарыбай жас уақытында атақты батыр, руы Шапырашты Сұраншымен бірге ерлік қылып әрқашан қоқандықтар ел шапқанда бас болып елді арашалап алушы еді...

Дәл қырыққа келгенде  
Әтіратқа бас болып,  
Арғы жағын айтайын —  
Ташкент пенен Шымкентті.  
Бергі жағын айтайын —  
Пісбек пенен Токбақты,  
Сары екем барып қаратты.  
Ел билеген жақсыға  
Аттанысып сол кезде  
Ұлығы салған санатты.  
Қасындағы жолдасы

Ишан ұғлы Торсық,  
Сұраншы мен Сүттібай  
Сайрамда барып өлгені».

Сүйінбайдың Сарыбай мен Андасты жоқтаған жырында да Сұраншы аталады (қараңыз: «Жаңа әдебиет», 1929, 8-бет).

Жамбылдың 1881 жылы Құлманбетпен, 1895 жылы Сарбаспен айтыстарында Сұраншының тарихта белгілі ерлігі, әсіресе қоқандықтарға қарсы күресі жырланады.

«Шом қалған» деген аңыз ертегіде Қоқан шапқыншыларынан Сұраншының елді құтқарғаны әңгімеленеді.

Жетісудың Кенен, Өмірзақ, Әбдіғали, Саяділ, Үмбетәлі сияқты ақындарының әңгіме жырларында Сұраншы үнемі аталады. Барлығы да Сұраншының Қоқанға қарсы соғыстарын, орыс әскеріне қосылғанын әңгімелейді. Сұраншы туралы Жетісудың сөз білетін, шежіреші қариялары да көптеген әңгімелерді айтады.

Енді поэманың оқиғасына, оның тарихи шындықпен қабысуына келейік. Көркем шығарма, соның ішінде халықтың аңыз әңгімелеріне бөленген эпикалы жырлар тарихи шындықты дәл, бұлжытпай жырлай бермейді. Ақын тарихи шындықтың жалпы ұзын ырғасын алады да, оны ақындық қиялмен әсерлеп, түйіндеп жырлайды. Сұраншының ерлігі туралы жыр Сүйінбайдан таралған дедік. Осы дәстүр бойынша Жетісудың кейінгі ақындары Сұраншы әңгімелерін көп жырлаған. Жамбыл поэмасының кіріспесінде айтады:

Ескіден есте қалғаннан,  
Жасымда айтқан жырлардан,  
Ескерткіш еді батырға,  
Қиядан шауып қырды алған.  
Қиынға шауып жол салған,  
Бөрі басқан бүркіттей,  
Қансыратып жауды алған,  
Батырдың жыры сүйікті  
Қатықтай ұйып тыңдалған.  
Жамбыл — Жамбыл болғанда,  
Жыр дауылы қозғанда,  
Қырғыз, қазақ еліне  
Талай рет жырланған.  
Бата берген Сүйінбай,



Жырдың тіккен туындай,  
Айтқан маған ақылды.  
Жырла — деген батырды.  
Есімде мәңгі сол қалған.

Поэманың қысқаша сюжеті мынадай: ақын әуелі Жетісу елінің мекені, оған төнген қауіп туралы кіріспе айтады. Патша әскері Ертістен өтіп, Жетісуға таянғанда Жетісуды билеуші Құдиярхан патша әскерімен соғысамын деп қол жиып, қарсы аттанады, Қапалда соғысып, Құдияр жай қашпайды, жолдағы бейбіт қазақ ауылдарын ойрандап шауып, қыз-қатын, мал-мүлкін талап кетеді. Қолпаковский, Черняевтердің әскері Жетісуға тақап келгенде Құдияр бұрынғыдан да қатты қағынып, қырғыздың Орман ханымен бірігіп қалың қол болып келіп, Тілеуқабыл елін Сарыкемер деген жерде талқандап шабады.

Есеңгіреп ел кетті,  
Кемпір-шалды еңіретті.  
Керегі талап алынды.

Қалың Дулат үшке бөлініп кетеді. Дулаттың батыры Сыпатай жаудан қорқып бір бөлек елімен Аңырақайдың тасына тығылады. Бірі Сарыкемер бойында жаудың ойнағы болып қалады, бір бөлігі — Арқаға қарай ауады. Жаудан ойран болып, сасқан ел атынан Үшқоңырда аң аулап жүрген Сұраншыға Қәрібоз, Бауке деген екі карт жылап келіп, хабар айтады. Елдің шабылған хабарын естіген Сұраншы үш жүздей қол жиып, қасына Андас, Жагор, Нарбота, Дәуқара, Шымырбай сияқты батыр серіктерін ертіп, елде масайрап жатқан жауға келіп тиеді. Орыс жолдасы Жагордың ақылымен түнде жан-жақтан көп от жағып, көп әскер келген екен деген белгі білдіреді. Жау орыс әскері келіп қалды деп үрейленіп қатты сасады. Осы кезде Сұраншы жаудың ордасына шабуыл жасайды, Құдияр мен Орман ханның әскері қашады, Сұраншы қашқан жауға түре тиіп үш күн, үш түн ұрыс салып, көбін қырғынға ұшыратып, қалғанын Қордайдан асыра қуып тастайды, таланған мал-мүлікті, шабыншылыққа ұшыраған елді құтқарып алады, жырдың бірінші бөлімі осымен аяқталады.

Екінші бөлімінде Сұраншыдан жеңіліп қырғынға ұшыраған Құдияр мен Орман ханның Сұраншыға қарсы жорыққа дайындалып жатқанын баяндайды. Орман

бастаған қырғыздың манаптары елін жинап Сұраншыға қарсы соғысқа шақырады. Бірақ қырғыз халқы қазаққа қарсы соғысудан бас тартады. Орман қолға түсіру мақсатымен Сұраншыға батыр болсаң алдыма келіп сөйлес деп Сұраншының намысына тиіп хат жазады. Сұраншы хатты оқып серіктерін жинап: Орман соғыс, жаулық тілеп отыр, не де болса ордасына барайын деп, Орман ханның ордасына келеді. Қол жимай Сұраншының жалғыз келгенін көрген қырғыз халқы Сұраншы жаулықпен емес, татулық тілеп келді, біз онымен соғыспаймыз деп тарап кетеді. 8000 адамнан 800 дей манаптар ғана қалады. Сұраншы келіп: сен қазақ пен қырғызды жауластырдың, жазықсыз елімді шаптың, менің жауым сенсің, қол жимай тек өзіңмен жекпе-жек соғысқалы келдім, шық былай дейді. Орман Сұраншыға қарсы Бұқай, Байтыл, Битуған атты үш батырын жекпе-жек ұрысқа шығарады, Сұраншы үшеуін де найзалап түсіріп кетеді. Онан кейін Орман өзі бас болып манаптар тобы Сұраншыны ортаға ала ұрыс салады. Ұрыс қатты болады. Жалғыз ұрыс салған Сұраншы бір кездескенде Орманды найзалап қатты жаралайды. Өзі де ауыр жаралы болып қалжырап қолға түсер халге жетеді. Міне, осы кезде дабыл қағып 40 жолдасымен Жагор келеді. Жау тобына оқ атады. Сұраншыны қамағандар дүркіреп қашады. Орман да жаралы күйінде ордасына қашып тығылады, кейін сол жарасынан айыға алмай өледі. Сұраншы Жагормен қосылып еліне қайтады. Поэма осымен аяқталады. Поэманың ақырында кеңестік замандағы халық достығы, батырлық туралы қорытынды берілген.

Поэмадағы баяндалатын оқиғалардың, Сұраншы ерлігінің тарихи шындықпен байланысын ел аңызында да сақталған деректерден көреміз. Бұл жайларды анықтау үшін ХІХ ғасырдың 50—60-жылдарындағы Сұраншының өміріне байланысты тарихи деректерге тоқталайық.

Тарихи деректерге қарағанда, Сұраншының халыққа, Ресейге пайдалы, прогрессивті қызметі мол екендігі байқалады. Сонымен бірге халық жырындағыдай Сұраншы бірыңғай мақтала бермейді, оның халық мақсатынан алыстаған реакцияшыл әрекеттерге де ойысқандығы айтылады. Бұл жағдайды тарих ғылымы толық анықтап беруге міндетті.

Сұраншы Хакімбеков (архив құжаттарында кейде Әкімбеков) Шапырашты руының батыры, рубасы биі 1845—1865 жылдар арасында өзінің бір болыс Шапы-

рашты руын толық билеген, оның беделі тек Шапырашты ортасында ғана емес, ұлы жүздің Дулат, Албан рулары ішінде де, Жетісу елін билеген патша ұлықтарының, сұлтандардың алдында да зор болған. Алатау соғыс округінің және ұлы жүз қазақтарының сол кездегі бас әкімі (приставы ) подполковник (кейіннен генерал) Г. А. Колпаковский және қырғыздың манаптары сыртқы, ішкі саясат мәселелерінде Сұраншымен көп санасып отырған. 1847 жылдан орыс әскеріне алдын ала тілектестігі және елді Ресейге ерікті түрде бағындыруға басшылық еткен қызметі үшін Сұраншыға прапорщик атағы берілді. 1849—1850 жылдары Сұраншы, Сарыбай, Диханбай, Қожағұл, Андас, Бөлек тағы басқалары капитан Гутковский, капитан Перемышльский, полковник Қарбычовтар бастаған әскердің қатарында болған, 1853—1854 жылдары Жетісудағы бірнеше қазақ руларын, кейбір қырғыз руларын Ресейге қаратуға, орыс әскерін Іледен өткізіп, Верный (қазіргі Алматы) бекінісін салуға көмектескен. Осы кездерден бастап Сұраншы Жетісудың бас соғыс әкімі Колпаковскийдің және басқа орыс офицерлерінің алдында сенімді адам саналған. Орыс әскері Қас келең, Ұзынағашқа орналасқан кездерде де Сұраншы жергілікті халық пен орыс әскері арасын татулықта ұстауға тырысқан.

Г. А. Колпаковский 1858 жылдары Омбыдағы батыс Сібір генерал-губернаторына жазған хаттарында былай дейді: «Сұраншы бізге достығымен, тамаша салт атты батырлығымен елде өте беделді, даңқты кісі. Ол қай мезгілде болсын 2000 жігітті атқа қондырып, қандай жау болса да қарсы тұра алатын адам» (ҚазКСР тарихи архиві, 3-қор, 8-іс, 5-парақ).

«Сұраншы жігіттері кадровой әскердей әрдайым дайын тұрады. Ол қиын жерлерге барлаушы жібереді, Сұраншы жігіттерінің тәртіптілігі сондай, Сұраншы батырдың ерлігін сүйсінгендіктен ешбір қорықпай, зеңбірекке де қарамай алға басады» (бұл да сонда).

XIX ғасырдың орта кезіндегі Жетісу елінің ішкі, сыртқы саяси, қоғамдық халі өте ауыр, шиеленіскен жағдайда болды. Жетісу елі Қоқанның қоластындағы қатал қысымда болатын. Оның үстіне солтүстік шығысынан патша өкіметінің әскері келді, ел жаңа заңға бағына бастады, оңтүстік батысынан Қоқанның әскерлері шабуылдап қоймайды, ол Ресейге қарай бастаған немесе қарауға ниет білдірген ауылдарға дамылсыз шабуыл жа-

сап тұрды. Екі жағы да әр рудың, әрбір рубасы батырлардың қандай саясат қолданудағы басқан ізін аңдып, бақылап отырды. Әсіресе Сұраншы елінің қонысы, мекені Қоқанның келер бетінде, ерсілі-қарсылы жорықпен өткен әскердің жолында болды. Міне, осындай қиын, шиеленіскен жағдайда Сұраншы өзінің қарулы жігіттері және айлалы ақылды дипломатиялық қарым-қатынастары арқасында, елін зор шапқыншылық апаттардан аман алып қалып отырған. Осы дәуірдегі Сұраншының жалпы әрекеттері, саясаты Ресейге бағыну, достық ниетінде болады.

Штабс капитан Пенков 1859 жылы 9 шілдеде Қолпаковскийге берген рапортында былай дейді:

«Шу өзені бойына барлау жасағанмызда отрядтың қатарында болып, өзіне жүктелген міндетті адал орындаған қазақтарды құрметтеп, наградқа ұсыну қажет деп ойлаймын. Олар, әсіресе отрядтың жүріп-тұруына, азық-түлікпен қамсыз болуына көмектесті. Осындай құрметті қазақтардан бастықтардың айрықша назар аударуына батыл ұсынатындарым: прапорщик Сұраншы батыр, Қожағұл Байсеркин, Шаян Толыбаев батыр, Жайнақ Қараталов би. Бұлар ерекше еңбек сіңірген және бізге берілген адамдар» (ҚазКСР тарихи архиві; 3-қор, 52-іс, 1-парақ). Осы кездегі Ресей үкіметінің алдында айрықша еңбегі үшін наградқа тапсырылу туралы бір тізімде Сұраншы, Сарыбай Айдосов, Дулаттың биі Дихамбай Қапсалямов тағы басқалар бар, бәрін де 1847 жылдан Ресейге бағынған адамдар дейді. Сұраншы туралы «үкіметіміз алдында қызметі бұрыннан мәлім, Шапырашты болысының батыры прапорщик Әкімбековтің қазіргі уақытта қызметі аса бағалы. Әулнеата, Піспекке дейін оның сенімді адамдары барып, барлау жүргізіп қайта алады» — деп жазады. 1860 жылғы бір тізімде Сұраншының күміс медальмен наградталғаны, қазір жалақы алмайтыны айтылады. (Бұлар да сонда).

1859 жылы 5 қарашадағы жасырын рапортта Сұраншымен арада болған кездесу, кеңесу жайы айтылады, Сұраншы Шудың аржағындағы Керім Шудан бері көшетінің, бірақ Қоқаннан қатты қорқатынын, өз халі де сондай екенін, қыс ішінде қоныс аударудың қиындығын, көктем шыға өзінің бері көшетінің, Сыпатайлардың да бері келуіне беделін жұмсайтынын хабарлаған. (Бұл да сонда, 18-іс, 45-парақ). Алайда 1859 жылдың ақыры мен 1860 жылы жалпы саяси, сығыстық хал бұрынғыдан

да шиеленісе түседі. Ел ішінде Қоқанның тыңшылары дін ұранын жалау қылып, Ресейге қарсы үгіт таратушы қожа, молдалар көбейе бастайды. Қоқан бектері Шапырашты, Дулаттарға ашық күш көрсетеді. Сондықтан осы кездегі (1859 жылғы қараша — желтоқсан) жасырын мәліметтерде қырғыз Жаңғараштың Қоқанмен байланыс жасағаны, шекарадағы бекіністерге, ауылдарға шабуыл жасау қаупі барлығы, қазақтың Тазабек сияқты кейбір рубасылары да толқи бастағаны, міне, осы жағдайда Сұраншының позициясы аса маңызды екені айтылады. (Бұл да сонда, 6—8-парақтар).

1860 жылдың күзіне қарай Қоқанның Қанағатша бек бастаған 20 000 қолы шабуыл жасап, бейбіт жатқан көшпелі елдердің бірқатарын басып алды, бірқатар рулар жаудың қоршауында, тылында қалып қойды. Қарсыласарға, яки көшіп кетерге дәрмен жоқ. Сырттай амалсыз қоқандықтарға бағынады, бірақ Сұраншы астыртын орыстармен қарым-қатынасын үзбейді. Бұл ауыр халдер осы кездегі Сұраншы мен Колпаковский арасындағы жазысқан хаттардан айқын көрінеді.

1860 жылы 3 қазанда Сұраншыға жазған хатында Колпаковский Сұраншының хатын алып риза болғандығын, кәдірлі Андостың келіп сөйлесуі мақұл екендігін айтады. (Бұл да сонда, 20—21-парақтар). Ал бұған жауап хатында Сұраншы батыр: Ұлы жүз қазақтарының бастығына дұғай сәлемнен соң айтарым, хал-жайымыз бұрынғыша. Амандаспай кетті деп көңіліңізге алмассыз. Уақыт тар болды. Қазақ төрелерінің өсегі көп, Андосты не үшін шақыртты деп ойлап қалдық... Ұлық қара, төрені бірдей ұстайды, төрелердің жаласына ермейді деп сеніп едім. Қоқан, Бұхараға елші қатынасы бар дегендер жала. Қазақ, қырғыз татулыққа келейік деген ниетіміз ғана еді. (Бұл да сонда, 30-парақ).

Г. А. Колпаковский айлалы дипломат адам және шиеленісіп тұрған жағдайда Сұраншы сияқты беделді адамдармен қарым-қатынасты әлсірету пайдасыз екенін түсініп, қайткен күнде Сұраншыны достық қатынаста ұстаудың шарасын көздейді. 1860 жылы 28 қазанда Шапыраштының басты адамдары Сұраншы мен Нарботаға хат жазады:

«Қоқан бізбен соғысқалы келді, орыс әскерінің күшінен жеңілетіні даусыз. Шапыраштының зорлықпен Қоқан қол астына қалып қоюы қынжыларлық іс. Қарсы тұрарлық халдерің жоқ екенін де білем. Құрметті батыр-

билер, қоқандықтардың ішінде болғандарың үшін сіздерді ешбір айыптамаймын. Жалпы жағдай солай болып отыр. Мұны кеше Шаян келіп түсіндірді. Сондықтан менің сіздерден сұрайтыным: Қоқанның ешқандай әрекетіне араласпай, өздеріңіз тыныш көшіп, шаруаларыңды істей беріңдер! Маған келіп жолығыңдар. Орыс үкіметі сіздерге ешқандай жаманшылық ойламайды» (Бұл да сонда, 34-парақ).

Араларында осындай дипломатиялық қарым-қатынас жүріп жатса да, Сұраншы үлкен толқуда болады. 20 000 қолмен келген қоқандықтардан қатты қайығады, Қоқан қолының қатарындағы қазақтың кейбір сұлтан, датқаларымен, қырғыз манаптарымен байланыс жасайды. Бұл Сұраншының теріс бағытқа ойысып сүрінген, адасқан кездері сияқты.

Сұраншы Шу, Ырғайты өзендерінің бойына көшіп кетіп, жергілікті әкімдердің кейбір заңсыз қылықтарына, алдымен жазықсыз адамдарды тұтқындауға наразылық білдіреді. Сұлтан-төрелер мен кейбір билердің жалаларына еріп, патша әкімдері, бір жағынан, Сұраншыға сенімсіздік көрсетіп, оның жақындарын, өзін алдаумен қолға түсіру әрекетін істесе; екінші жағынан, Сұраншымен татулық жағын сөйлеседі, әсіресе Сұраншы мен Колпаковский екеуі де татуласу табысу ниетінде болады. Колпаковский:

«1861 жылы — Күртебайды босатып, хатпен қайырып отырмын. Қазір бүкпе сактамай ашық сөйлесетін жағдай бар. Сенің қайтып келуіңе әлі уақыт бар. Бізден қауіптенбей-ақ қой, себебі сен кінәлі емессің, сені қу Андас еліктірді ғой, ал біз оған да кешірім жарияладық. Мен ержүрек достарыма: Шапыраштының даңқты ата-бабалары көміліп жатқан өз мекендеріңе қайтып келіңдер деп кеңес беремін», — дейді (12-парақ). Бұған жауап ретінде жазған хатында Сұраншы (наурыздың бас кезінде) Күртебайды қайырғанына ризалық білдіреді; екі арада көңіл алалығы жоқтығы, Шу бойында болса да қызмет істеп тұрғанын айтады. «Арадағы өсек сөзге нанбаңыз. Ауызша сөйлескеніміз мақұл. Бушман деген бір адамымыздың бес жылқысын Нарбота ұрлатып алған. Сол жылқының артынан барса, Нарбота оны Сұраншының жансызы деп сізге ұстап берген. Ол жансыз емес, өз жұмысына жүрген адам. Ол адамның қазір бар, жоқ екенін білмейміз. Бізге сенсеңіз, Нарботамен тыныш тұрсын десеңіз сол адамымызды шығарып беріңіз, егер де

шығарып бермесеніз Нарботамен біздің Алматының түбінде болсақ та атысып, шабысуымыз бар. Не Нарбота өледі, не біз өлеміз» дейді (23—24-парақтар). Бұдан кейінгі уақытта араларындағы жазысқан хаттарында Бушманды босату, Сұраншымен кездесіп сөйлесу жайы айтылады.

1861 жылы 26 тамыз күнгі Қолпаковскийге жазған хатында Сұраншы былай дейді:

«Мен сізге әркімнің жаласымен жақынымды Сібірге жер аударғаныңызға өкпелеймін. Сіз шындыққа неге қарамайсыз. Ешбір дәлелсіз, куәсіз жер аудару деген ақ патшаның заңында жоқ сияқты емес пе? Ал сіз жаздыңыз да айдатып жібердіңіз. Былтыр қоқандықтар келгенде біз олардың қоршауында қалып қойсақ да сізге мәлімет берген менен басқа кім бар еді? Сіз мен берген ақбар бойынша қаруланып, қамданып шықтыңыз. Өсекке де ермеймін және одан қорықпаймын да. Мен екі сөйлемеймін, сізге келем дедім. Келемін». (4-парақ).

Сұраншы Қоқан барлаушыларының қолына түскен кейбір орыстарды қайырып жіберіп, Қолпаковскийден Бушманды босатуын сұрайды.

1860—1861 жылдары Сұраншы Шу, Ырғайты өзендері бойларында, Аңырақай, Қордай тауларын бөктерлеп көшіп жүрген. Бұл жерлер Қоқанмен шектес, көшіп-қонуына жайсыз болады. Оның үстіне Шудың Балқашқа қарай беттеген жағынан Орта жүзден Ағыбай батыр бастаған барымташылар келіп Сұраншы, Сыпатай ауылдарын неше рет шауып кеткен. Сондықтан Сұраншы өзінің атамекен қонысына қайта көшіп келуге қатты ынтық болған. Осы кезде Тезек төреге жазған бір хатында: «Туған елдің жер-суын және ондағы көшіп-қонып жүрген ағайынды сағындым» дейді. Міне, осындай қиын жағдайда Сұраншы өзіне сүйеніш пен сенімді орыс үкіметінен іздейді. Қалайда Қолпаковскиймен достасу ниетінде болады, орыстың барлаушы отрядына болысады, сондай-ақ Қолпаковский Сұраншының өтінішін еске алып, Сібірге жер аударылған Бушманды қайтартады. Ақыры 1862 жылы Қордай бойында Қолпаковский мен Сұраншы кездесіп, барлық жайды ауызекі айтысып әбден ұғысады. Сондықтан 1862 жылы 21 мамырда Қолпаковский Омбыдағы корпус командиріне жазған хатында Сұраншының бұрынғы батырлық істері бағалы екенін айтып, мақтайды. «Себебі ол Шудан әрі өткен жоқ. Қанағатша отрядына қатынаспады, бізге қарсы дұшпандық әрекет жасаған

жок. Ол Шу бойында тұрғанда менімен үнемі хабарласып, достық ниет білдіріп, кейбір жағдайда бізге болысып тұрды, қокандықтардың қолына түскен адамдарымыз болса бізге қайырып жіберіп отырды» дейді (25—26-парақтар).

Колпаковский тек Сұраншыны ғана емес, Дулаттың батырлары Сыпатай, Диханбайларды да ақтап жазып, губернатордан оларға да кешірім жариялануын өтінеді. Генерал-губернатор Дюгомельдің 1862 жылы 16 маусымдағы бұйрығы бойынша Сұраншыға, Сыпатайға, Диханбайға кешірім жарияланып, өзінің атамекен жерлеріне еркін көшіп келуіне рұқсат беріледі. Дулат, Шапырашты басшыларының орыс үкіметімен біржола татулыққа келіп, ел іргесі қозғалып, орыс қол астына қарай көше бастағанда қокандықтар, қырғыз манаптары қазақ ауылдарын шаба бастайды. Мұндай ауыр, шпеленіскен жағдайда Сұраншы, Сыпатайлар өз руын тек орыс әскерінің жәрдеміне сүйеніп қорғауына тура келді.

1863 жылы 14 шілдеде К. К. Гутковскийге жазған хатында Шоқан Уәлиханов айтады:

«Шудың арғы және бергі жағындағы қазақтар арасында наразылық қазір тағы да басталды. Қарым-қатынас жойылды. Шудан өткендерді Сұраншы мен Сыпатай орыстарға ұстап беріп еркінен айырады. Дұрысында, Қокан қол астындағыларға қалай қарағанымызбен, ауыр қысымдағы, салық, зекеттерді бұрынғы жылдармен салыстырғанда үш есе көп төлеген қазақ, қырғыздарды өзімізге қарсы шығарудың керегі жоқ, олар орысты сол қорлықтан құтқарушы деп күтеді» (Ч. Ч. Валиханов. Статьи и переписки. А., 1947, 128-бет).

Сұраншы қайтадан орыс әскерімен жақын араласып, 1864—1865 жылдардағы Орта Азияға аттанған генерал Черняевтің жорығына қатысады. Осы жолда қаза тапқан.

Жамбылдың поэмасында көрінетін Сұраншы өміріне байланысты жалпы тарихи, қоғамдық жағдайлар, күрделі тарихи оқиғалар, міне, осындай. Бірақ ақын Сұраншы өмірін, оған байланысты оқиғаларды түгел жырлап отырған жоқ.

1851 жылы тамыз айында Орман хан 2000 қолмен келіп Майтөбенің маңында Зілғара сазында дәл Сұраншы батырдың ауылының үстінде жасауыл Рябловтың отрядымен кездесіп соғысқан. Әрине, бұл соғыста сөз жоқ Сұраншы орыс әскерінің жағында болған. Әдебиетші



Қ. Тұрғанбаев өзінің «Жамбылдың батырлық дастандары» деген зерттеуінде Жамбылдың поэмасында аталатын Батыл батыр, Орманның баласы Үмбетәлі манап қазақ ауылдарын, соның ішінде Сарыбай, Сұраншы батыр ауылдарын шапқандығын айтады. Сондай-ақ Дулаттың ірі феодалы Тойшыбек те Қоқанның айдап салуымен қазақ ауылдарын, көрші қырғыз руларын ойрандап отырған. Тойшыбек пен Үмбетәлінің бірде Қоканға, бірде патша өкіметі жағына шығып, екі ел арасын арандату, мазасыз жорық ұйымдастыру әрекеттерін қазақ, қырғыз еңбекшілері ешуақытта қолдаған емес. Осындай феодалдық өзара шабыншылықтар кезінде қырғыздың Бұғы руынан шыққан Балбай батыры 1855 жылдары Орман ханды өлтірген. Әсіресе Қоқанның қазақ ауылдарына шабуылы өзіне қарасты қазақ, қырғыз феодалдарын айдап салу әрекеті 1860 жылғы Ұзынағаш соғысының қарсаңында, онан соң Сұраншының орыс қол астына қайта көшіп келген мезгілдерінде күшейе түскен. Піспектегі Қоқанның Атабек бегі манаптарға жазған бір хатында «егер қазақ, қырғыздар бізге бағынбаса, қарсы тұрса біз бағындырамыз, бағындыруға күш береміз. Сіздерге көмекке Тоғалақ қожаны жіберіп отырмыз» дейді (ҚазКСР тарихи архиві, 513-іс, 92-парақ). Міне, осындай өзінің саяси, экономикалық үстемдігінен, ықпалынан біржола айырыла бастаған кезде патша өкіметінің әскеріне бөгет жасау мақсатымен Қоқан үкіметі, өзінің талаушыларын қазақ ауылдарына көбірек айдап салғандығы айтылады.

«3000 кісі қол елімізді шауып талқандады, ел-жұртым барша бүлінді, көп адам өлді... Шудан өтіп сіздерге көшпек болғанда артымыздан және келіп шауып тағы алты адам өлді. Жер алыс, қоныс шалғай. Еш амалым қалмады», — дейді Диханбай би. (Бұл да сонда, 462-іс, 37—38-беттер). Қолпаковский осы кездегі бір хатында қоқандықтар қырғыз бен қазақты өз жағына күштеп көшіріп әкеткісі келеді дейді (сонда).

«Сұраншы» поэмасында жырланатын тарихи шындықтың жалпы ұзын-ырғасы, міне, осындай.

Ақын ХІХ ғасырдың 50—60-жылдарындағы қазақ халқының Қоқан шапқыншыларына қарсы күрестерін дұрыс түйіндеп жырлайды. Осы дәуірде болған жорық шапқыншылықтардың бәрін тізбектеп ала бермей, өте айқын деректерді жинақтап, тарихи шындық тұрғысынан баяндайды. Ақын қазақ ауылының ойрандалып, шабылуының бір-ақ көрінісін (эпизодын), Сұраншының екі со-

ғысын алып суреттейді. Бұл поэманың сюжетін ықшамдап, жинақты етіп алудағы ақынның шеберлігі. Онан соң поэмада жырланатын, әсіресе оның 1-бөлімінде баяндалатын оқиға негізінен тарихи шындықтан алынған. Оны тарихи деректер де, халық аңызы да растайды.

Қ. Тұрғанбаевтың айтуына қарағанда, Саркемерде Тілеуқабылдың шабылуы 1852—1853 жылдардың кезінде болған. 1853 жылы 20 мамырда жазылған ресми хабарда «би Керім бізге берілген кісі», Гутковскийге қарсы көтеріліске қатынасқан жоқ. Тойшыбектің жеткізуі бойынша Қоқан зынданында үш ай жатып, бар мүлкінен айырылып қалған (ҚазКСР тарихи архиві, 26-іс, 84-парақ) делінген. 1860 жылы Сұраншының Қопа бойында, тауда қоқандықтармен бірнеше рет шайқасуы болғаны айтылады. 1861 жылы шілдеде қоқандықтар Қаскелеңнің Ілеге таяу бойында бес ауылды шауып, таланған мал мен тұтқын әйелдерді орыс-қазақ отряды Қордай бойында артынан қуып жетіп айырып алған.

Академик Обручевтің кітабында — 1853 жылдары Тойшыбек бастаған жеке жасақтар Шу жағынан келіп, орысқа қараған қазақ ауылдарына дамылсыз шабуыл жасағандығы айтылады. (Обручев В. А. Григорий Николаевич Потанин. М., 1947, 27—28-беттер.).

Ал шабылған елді Сұраншының құтқарып алғаны туралы Жамбыл атындағы колхоздың мүшесі Бейсембаев Ыбырайым мынаны айтқан:

«Менің атам Райымбек деген кісі 1914 жылы 83 жасында қайтыс болды. Сұраншының соғыстарына көп қатынасқан. Сол кісіден Саркемердегі Тілеуқабылдың шабуылы және елді Сұраншының құтқару жайын толық естідім. Атам Райымбек айтушы еді: — Сұраншыға хабар келгенде мен қасында едім. Қарғалының беткейінде ауылдың сыртында Сұраншы тоғызқұмалақ ойнап отыр еді, екі салт атпен Тілеуқабылдың шабарманы келді. Қос атпен келе жатқан шабарманды көргенде Сұраншы ойынды қойып күтіп отырды. «Тойшыбек бастаған Қоқанның қолы Саркемерде Тілеуқабылды шапты» деген хабарды естіп қатты күйініп біраз ойланып отырды да: «Тігіндер туды» деді. Кешке Ескожа, Екейдің ер азаматы атқа мінгенде санымыз 300-ге жетті. Қол жөңкіле төмен түсті. Қара көбейтіндер деп малшыларға дейін түгел атқа мінгізді. Жау әскері Қопада екен, қолды тоқтатып, атты тынықтырды. Күн бата кісі басы үш жерден от жақтырды. Ел жата үш жүз кісі үш бөлініп жауға тиді.

Сұраншы алдымен Қоқан қолының ортасына өзі жарып кіріп, туын шаншып түсірген. Алаңсыз жатқан жау есі шығып, соғыса алмай қаша берді. Біз жауды қуа ұрысып, талқандап жеңіп, олар талаған мал-мүлікті Тілеуқабылға қайырдық дейді» (С. Бегалин. Жамбылдың өміріне қосымша материал (қолжазба), 63—64-беттер).

Мұндағы негізгі идея халықтың Қоқан құлдығына, шапқыншылығына қарсы азаттық күресі, Сұраншы мен орыс солдаттарының арасындағы достық мәселесі. Егер бұрынғы тарихи жырларда ұлт-азаттық күресі көбінесе ақынның феодалдық, діншілдік идеологиясы араласумен жырланатын болса, Жамбыл поэмасы бұл тақырыпты мұсылман қауымы саналған Орта Азия хандары мен феодал, манаптарын әшкерелеу, соларға қарсы еңбекші халықтың таптық ыза-кегін қозғау тұрғысынан жырлайды.

Соғыссыз батырлық жыр болмайды. Батырдың соғыстағы ерлігі батырлық поэмалардың кілті сияқты. Бұл ертедегі эпостық жырларға ғана тән емес, тіпті бертіндегі Аманкелді, азамат соғысының батырлары, Отан соғысына қатысқан батырлар туралы поэмаларда да соғысты, соғыстағы батырдың ерлігін даралап жырлау негізгі сюжеттік кілт болып отырады. «Сұраншы батыр» поэмасында, міне, осы соғысты жырлау заңдылығы толық сақталған. Поэмада Сұраншы негізгі қаһарман. Сұраншыдан басқа батырға серік Андас, Жагор, Нарбота, Шымырбай атты достар, қорлық көрген ел өкілі ретінде Бауке, Кәрібоз қарттар суреттеледі. Ал Құдияр, Орман хандар жалпы оқиға сарынымен тұтас жағымсыз бейнеде сипатталады. Ел басына күн туғанда қара басын қорғап қашып кеткен табансыз Сыпатай батыр қатты мінеледі. Сыпатайды осы тұрғыда табансыз, опасыз етіп Сұинбай да жырлаған.

Ақын Сұраншының батыр ұрпақ ата-тегін, туып-өскен мекенін, ел-жұртын кең таныстырады. Батырдың өмірі, ерлігі ел тіршілігімен, елдің тағдырымен тығыз байланысты.

Ақын Сұраншының ерлігін бұрынғы батырлардай тек бірден соғысқа, майданға аттандыру жағдайында көрсетпейді, елдің талауға, қырғынға ұшыраған ауыр халіне байланысты, басынған жаудан халық кек алу, ел намысын жоқтау кезеңіне қабыстыра суреттейді. Сұраншыда қара басының даралық кек намысынан гөрі ел намысы, ел кегі айқын, ашық.

Жұртым үшін мен құрбан,  
Жазасын жаудың берейін...  
Еңкілдеген шал анау,  
Шырылдаған бала анау,  
Қуыршақ болған бектерге  
Келіншек пен қыз анау.  
Көзім тірі тұрғанда  
Қорлыққа қалай көнейін?!  
Ел үшін жанды қимасаң,  
Ер деп қалай сенейін.  
Сенімсіз болсаң жоқ қылып,  
Ақтұяқты шаптырып,  
Жауға қарсы желейін.  
Қарсы семсер салысып,  
Жағаласып алысып,  
Не босатып елді алып,  
Не тұтқын боп мен қалып,  
Халық үшін мен лақ,  
Жау қолында өлейін.

Бұл толғау Сұраншы образының патриоттық мәнін ашып қана қоймайды, сонымен бірге поэманың да идеялық мазмұнын анықтайды. Ақын суреттеуінде Сұраншы жаудың қаупінен, көптігінен қаймықпайтын табанды, қайсар, өштескен қас жауынан кек алмай тынбайтын — намыскер батыр.

Рас, Сұраншының жаумен бетпе-бет айқасқан соғыстарын суреттеуде бұрынғы батырлар жырына ұқсайтын жерлері де жоқ емес. Мәселен, мың сан жаумен араласып, шөптей жапырып қыра беру, Орман хан алдында жекпе-жек ұрыс сияқты. Бірақ ақын Сұраншының соғыстарын, оның батырлыққа тән өзіндік бітім мінездерін шындыққа сыйымды көркемдік әдіспен жырлайды. Алдымен Сұраншы жалғыз қара күшіне ғана сенетін аңғал батыр емес, ұрыстың айла-тәсілдерін білетін, жауға қарсы түлкідей құлығы бар қырағы, алғыр батыр. Соғыста қайрат пен айланы бірдей жұмсайды. Өзінің ең сенімді жолдастарын, соның ішінде Жагор бастаған орыс солдатын—барлығын түгел ұрысқа дайындап жау ордасына шабар алдында мылтық аттырып, орыс әскері келгендік белгісін білдіргендей жаудың үрейін алғызады. Сұраншының Жагормен қосылып істеген осы айланы Қоқанның қарулы қолының берекесін кетіреді, жау — орыс әскері қаптап келіп қалды деп түн ішінде зәресі

ұшып сасып, қаша бастайды. Сұраншы жауға, міне, осындай берекесін қашырып арасына іріткі салған кезде барып батыл шабуыл жасайды.

Сұраншының бұл шабуылы ақын суреттеуінде Ала-тауды сілкіндіргендей тегеурінді, тасыған селдей ұлы күш болып қашқан жауды таптап өтеді:

Койдай үркіп жау қашты,  
Сұраншы батыр ат қойды,  
Бөгетін алған өзендей,  
Азғана сарбаз лап қойды...  
Нажағайдай шартылдап,  
Бұлт отындай жарқылдап,  
Бұркылдаған берендей,  
Түнге қосты түтінді...  
Астына мінген Ақтұяқ,  
Тоздырып тозаң бұрқырап,  
Атқан оқтай жұтынды.  
Аш қасқырдай батырдан  
Қай жау қашып құтылды...  
Ұстарадай шаш алған,  
Жауды батыр сыпырды.

Сұраншы үш күн, үш түн соғысып, жауды ойрандап жеңіп қырғынға ұшыратып, қалғандарын Қордайдан асыра қуып тастайды. Рас, ақын суреттеуінде Сұраншы томағасын алған қырандай алғыр, бөгетін алған өзеннің тасыған селіндей тегеурінді немесе қара бұлтты қак жарған нажағайдай...

Сұраншы батыр поэмасында, сөз жоқ, бұрынғы батырлар жырының дәстүрі де елеулі орын алады. Ол әсіресе Сұраншының батырлық кескін-келбетін, астына мінген атын, соғыстың кейбір кезеңдерін суреттеуінде байқалады.

Буырқанды, бұрсанды,  
Мұздай темір құрсанды.  
Ақ беренге оқ салды,  
Ақтұяққа ер салды.

Немесе:

Қыран құстай қомданды,  
Ақ семсерді қолға алды...  
Жар қабақта жалтыр тас,  
Қарына найза байлады,  
Семсерін соған қайрады, —

деген суреттеулер Жамбылдың өзіне дейінгі батырлар жырында бар сипаттар. Тағы да ақынның:

Ақтұяқтың үстінде,  
Аш қасқырдай бүгіліп.  
Қарына ілген қалқаны  
Ілгері, кейін жүгіріп,  
Жарқыраған сүңгісі  
Тау жаңғырып салдырап  
Күндік жерден көрініп,  
Көк темірге көміліп,  
Қиядан шалған қырандай  
Күн астына үніліп,  
Ер сипатын көрген жау  
Өз жанынан түңіліп,  
Алатау асты Сұраншы, —

деп батырдың жорыққа аттанып бара жатқан сапары, сыртқы әсем тұлға, келбетін шебер сипаттауы да бұрынғы Қобылдандының Тайбурылмен, Алпамыстың Байшұбармен, Қамбардың Қарақасқамен аттанып бара жатқандарына ұқсап тұрады. Алайда осы ұқсастыққа қарап, «Сұраншы батыр» поэмасын батырлық жыр (эпос) деуге болмайды. Бұл тарихи шындықты жырлаған батырлық поэма, мұнда батырлық жырдан гөрі тарихи жырдың белгілі элементі басым екені жоғарыдағы талдаудан айқын көрінеді. Алдымен бұл поэмада батырлар жырында қайталап келетін ортақ заңдылықтар түгел жоқ. Мәселен, батырдың тууы, ержетуі, үйленуі, ақылшы сұлу жары, батыр қысылғанда жәрдем беретін Қайып Ерен, Қырық Шілтен сияқтылар, тәңірі әулиенің жәрдемдері, ертегілік, мифтік элементтер тағы басқалар жоқ. Бұл элементтердің орнына поэмада Сұраншы жасаған дәуірдің тарихи қоғамдық бейнесі, батырдың туып-өскен ортасының, елінің тіршілігі, табиғаты, мекені кең суреттеледі. Осы суретшілік жағынан алғанда поэма батыр жыры түгілі, тарихи жыр көлемінен асып, реалистік суретті поэма дәрежесіне жақындайды. Оны Жамбылдың поэмадағы лирикалық шегіністерінен, жеке сурет, көркемдік шеберліктерінен айқын көреміз.

Поэмаға ақын қазіргі дәуірдің патриоттық тұрғысынан идеялық қорытынды жасайды. Сұраншының ерлігін, ол дәуірдің тарихи оқиғасын айқын дайын сюжетке қызығып қайта оралу мақсатымен жырлаған емес, сол

тарихи оқиғаны бүгінгі патриотизм идеясының тұрғысынан жырлайды.

Сөйтіп, Жамбыл Сұраншы батыр поэмасын жеке үзінді, жеке аңыз әңгіме түрінде революциядан бұрын бастап, кеңес дәуірінде ақындық таланты қайта туып, гүлденуі арқасында бұл күрделі ірі шығарманы жырлап аяқтайды. «Сұраншы батыр» поэмасы бұрынғы аңызды жыр дәстүрінен, тарихи жыр үлгісінің шеңберінен асып, суретті реалистік поэма дәрежесіне көтерілу фактісін ғана айқындап қоймайды, сонымен бірге жалпы қазақ поэзиясында батырлық жыр, тарихи жырлардың даму, өзгеру, жаңару құбылыстарын анықтайтын әдебиеттің көрінісі.

Тарихи оқиға, тарихи батыр өмірі неғұрлым анық, ізі суымаған бертіндегі дәуірде өтетін болса, оны жырлаушы ақын, анығына әбден қанатын болса, соғұрлым ол шығармада эпостық жырдың элементі аз болады, соғұрлым реализм элементі басым, айқын беріледі. Қазақтың Қобыланды, Алпамыс, Қамбар, Ер Тарғын сияқты батырлар жырының негізінде ертерек кезде ел басынан кешкен тарихи оқиға, тарихи батырдың өмірі жатқандығы даусыз. Бірақ ол жырлар ғасырлар бойы ақыннан ақынға ауызша айтылып жетіп, әуелгі тарихи оқиғалардың слемі, сүрлеуі ғана сақталып, олар бүтіндей эпостық жырға айналып кеткен. Ондай тарихи батыр туралы аңыз, әңгімелер батырлық жыр үлгісіне айналып жырлана бастау фактісін XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи жырлардан байқауымызға болады. «Қабанбай батыр», «Бөгембай батыр», «Олжабай батыр» тағы басқа жырларда тарихи оқиға мен аңыз ертегі элементтері араласып келеді. Қабанбай келер жауды алдын ала түсінде көріп болжап біледі немесе төніп келген қауіпті туының дірілдеуінен байқайды тағы басқалар. Кейбір аңыз әңгімелерде тарихи батыр аю, жолбарыспен, жалғыз көзді дәумен соғысқандығы жыр болады. Бұлай болуының себебі тарихта болған адамдар жөніндегі оқиғалар әлі толық түрінде эпостық жырға айналып жетпеген, ол, алдымен, тарихи шындықты қамту негізінде жырланып, соған аңыз, мифтік элементтер қосылып романтикалық ажар, көрік беріп отырады. Тарихи оқиғаларды, тарихи батырларды бұлай жырлау кеңес дәуірінде туған тарихи жырларда да үлкен орын алады.

Жамбылдың «Өтеген батыр» жыры да бұрынғы аңызды, батырлық жырлардың үлгісімен тамырлас келіп,

оған тарихи жыр мен реалистік поэманың элементтері ұштасқандығын көреміз. Бұл дастанда тарихи оқиғалардың сарыны, сәулесі ғана сақталған да, соның ізімен ақын тыңнан жырлаған. Оның себебі тағы да, жоғарыда айтылғанындай, ақын өзі көріп, анығына қанбаған, ізі суып, аңыз әңгімесін ғана естіп жырлағандығынан.

«Өтеген батыр» дастанында сондай-ай Нұрпейіс, Доскей, Шашубай тағы басқа бірқатар ақындардың дастандарында аңыз, мифтік элемент, романтикалы сарын кездесіп отырады. Мұның өзі көне формаға қайту емес пе? Жаңа дастандардың бойына қаншалық қонымды болмақ. Рас, Маркс айтқандай, біздің заманда батырлар жыры қайталап тұмайды, тууы мүмкін де емес. Сонымен бірге реалистік негізде жырланған дастандарда романтикалы ажар, көрік беру үшін, батырдың ерекше сипатын айқындау үшін аңыз, мифтік элементтер араласып отыруы ықтимал. Мифтік, аңыз элементі халық ақындарының дастандары түгіл, жазба поэзияға да жат емес.

Жалпы мифтік элемент жазба поэзияға, әсіресе романтикалы поэзияға жат еместігін, Пушкин, Лермонтов жырлайтын романтикалы поэмаларда, Горькийдің романтикалы әңгімелерінде кездесетіндігінен көреміз. Дүние жүзі әдебитіндегі Фауст, Прометей сияқты образдардың төркінінде мифтік негіз жатқандығы бізге белгілі. Мифтік образдың ішінде образбен қарым-қатынас, мифтік образдың жазба әдебиетке әсері, оның даму динамикасы туралы М. Горький былай дейді:

«Халықтың ауызша шығармашылығын білмейінше еңбекші халықтың шын тарихын білуге болмайды, өйткені халық шығармашылығы «Фауст», «Барон Мюнхаузеннің оқиғалары», Де Костердің «Тиль Уленшпигель», Шеллидің «Азат Прометей» тағы сондай көптеген жазба әдебиеттің тууына үздіксіз және тура әсер етті. Фольклор көне заманнан бері тарихқа өзінше ілесіп келеді... Осы фольклор біздің заманымызда Владимир Ленинді Прометейге барабар, ертедегі мифтік батыр дәрежесіне көтеріп жырлап отыр.

Миф дегеніміз — асыра ойлау. Асыра ойлау дегеніміз — өмірде бар заттың негізгі мағынасын алып, образға айналдыру — міне, осыдан біз реализмді алдық. Ал егер, сол өмірден іріктеп алынған ойды қиялмен, болуға ықтимал деген армандармен толықтыратын болса, ол образ тағы да өсе түседі — мұнымыз мифтік негіздегі ро-



мантизм болып шығады, бұл өмірге революциялық көз-қарасты тудыруға, өмірді жаңартуға пайда келтіретін романтизм».

Горькийдің қағидасы бойынша, фольклордағы мифтік элементтің бәрі тек көнеліктік қана белгісі емес, ол халықтың ғасырлар бойы дамытып, тарихпен ілестіріп, өзгертіп, құбылтып отырған, жазба поэзияға да әсер етіп, романтикалы мотив тудыруға негіз болатын сипаттарды да бойына мықты сақтайды. Жамбыл жырлаған дастандағы фантазиялық элементтер осы Горький анықтама-сына сай келетін, тарихи қоғамдық шындықтың да сәулесін елестететін идеялық, көркемдік мотив.

Халыққа бақыт, еркін қоныс іздеп жиһан кезу, сол жолында зұлым күштерді жеңуші халық қамқоры батырды ардақтау — ақын поэмасындағы өршіл идеялы романтиканың сарыны екені даусыз.

Жамбылдың «Өтеген батыр» дастаны осындай сюжеттік, көркемдік ерекшелігімен, қазақтың ауыз әдебиетінде ғана емес, жазба поэзиясының өзінде тарихи батырлық, суретті романтикалық поэманың үлгісі ретінде айырықша орын алады.

«Өтеген батыр» поэмасымен жалғас туған «Сұраншы батыр» дастаны — қазақ поэзиясында эпикалық жырдың дамуының екінші бір кезеңін, ерекшелігін анықтайды. Мұнда енді мифтік, аңыздық элемент жоқ, көркем суреттеуінде аздаған эпос жырының элементі бар. Бірақ бұл негізінде тарихи реалистік үлгідегі поэма.

«Сұраншы батыр» поэмасының жырлану тарихы, тәжірибесі, күрделі дастандардың бірден жасалмайтындығын, әуелі ұсақ шашыранды жыр, жеке үзінді оқиға айтыстарда аты аталу түрінде туып, ол шашыранды жыр, әңгімелер белгілі бір дәуірден кейін барып жинақталып, қорытылып, үлкен поэмаға айналып қалыптанатындығын көрсетеді. Эпос тарихын зерттеушілердің көбінің пікірлері осыған дәл келеді.

Академик В. В. Радлов нағыз батырлық жырлардың туып, дамуының үш түрлі заңдылығын айтады:

Бірінші, ұлы тарихи оқиғаларды кең қамтып жырлап кете алатын халық ортасынан шыққан үздік талантты ақын жыршы болуы қажет.

Екінші, батырлық жырға негіз болатын халықтың тарихында талай ұлы оқиғалар, тұрмысын шайқалтқан арпалыстар (эпические потрясения) болуы керек.

Үшінші, батырлық жыр дамып, тұтастыққа, ұлғаюға айналған дәуірінде мәдениетке ұмтылған зор толқын басталады — дейді. Радловтың бұл пікірінің, болжауының қазақ фольклорында эпостық жырлардың, ерлік дастандардың даму, ұлғаю заңдылығын, сипатын түсіну де маңызы аса зор...



## АҚЫНДЫҚ ӨМІР

**Ж**амбылдың ұзақ жылғы ақындық жолымен байланысты толық өмірбаяны әлі жазылған жоқ. Бұл күнге дейін ақынның өмірі жайында азды-көпті материалдың ішінде аңыз, әңгімелер де, тексеріліп жетпеген фактілер де бар. Алайда Жамбыл бүкіл кеңес жұртшылығына танылған ірі халық ақыны болғандықтан таныстыру бағытында бірталай пайдалы сын мақалалар, әдебиеттік сипаттамалар, жеке кітапшалар жазылды.

Жамбыл туралы баспасөз бетінде тұңғыш рет мәлімет жазған қарт мұғалім Сарыбаев Шамғали. («Терме». Әдебиет жинағы. Ташкент. 1925, 55-бет.). Бұл мақаласында Шамғали Жамбылдың, оның айналасындағы Жетісу ақындарының қандай жыр айтатыны, не білетіні жөнінде қысқаша мәлімет береді. 1931—1932 жылдары Сәкен Сейфуллин өзінің кітаптарында Жамбылдың ірі ақын екенін айтады. Құлманбетпен айтысын жариялайды. Осы кезден бастап Жамбылдың аты түрлі жинақ, газет мақалаларында аталып отырғанымен дәл өмірі жөнінде тиянақты мәлімет берілмейді. 1936—1938 жылдарда Жамбыл жөнінде жазылған мақалалардың көбі ақын өмірін нақты тексермей, үстірт баяндайды. Мұнан кейінгі жылдарда Жамбылдың өмірбаянын шығармашылық жолымен байланысты зерттеу жөнінде бірталай жұмыстар қолға алынды. 1938 жылы ақынның 75 жылдық мерекесімен байланысты Қазақстан үкіметі арнаулы қаулы шығарып, КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы тарапынан Жамбылдың өмірі мен шығармасын зерттеу туралы нақты шаралар белгіленді. Қазақстан Жазушылар одағы мен Ғылым Академиясының әдебиет секторы бірлесіп, Жамбыл шығармаларының Академиялық жинағын шығару, өмірбаянын жазу жұмыстарын жүргізе бастады. Соның нәтижесінде 1939—1958 жылдары Жам-

был шығармаларының толық академиялық және таңдамалы жинақтары әлденеше рет жарыққа шықты. Бұл жинақтарда Жамбылдың революцияға дейін және кеңес өкіметі тұсында айтқан, бірақ бұрын баспа жүзін көрмеген бірталай лирикалық өлеңдері мен бірқатар салт айтыстары жаңадан жазылып жарияланды. Ауыз әдебиетінде әрбір қайталанып жырланған өлең, жырлар жаңа нұсқа, жаңа идеялық сарынмен жарыққа шығатыны белгілі. Фольклордың осы заңдылығы тұрғысынан алғанда, Жамбылдың революцияға дейін айтқан өлең, жырлары мен айтыстары кеңес дәуірінде идеялық көркемдік жағынан үлкен өзгеріске ұшырап отырды. Бұрын өзі айтып келген көп жырларынан азын-аулақ есінде сақталғандарының өзін ақын жаңа редакциямен жырлап қағазға түсіртті. Сондықтан Жамбылдың революцияға дейінгі шығармалары делініп жүрген өлең, жырларын ақынның кеңес дәуіріндегі шығармашылық өміріне байланысты қарау керек болады. Ал «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандары ақынның кеңес тұсындағы шығармасына жатады.

Оның жеке кітап болып шыққан шығармалар жинақтарында Жамбылдың әдеби хатшылары Тайыр Жароков, Ғали Орманов және басқалар жазған ақын өмірі туралы біраз жаңа материалдар да басылып отырды.

Жамбылдың өмірін, шығармашылық жолын тану жөнінде жоғарыда басылған жинақтармен қатар, ақынның өз аузынан, замандастарының айтуынан жазып алынған материалдардың бірі жазушы Бегалин Сапарғалидің жұмысы. Бұл Жамбылдың өмірбаянына қосымша материалдар — деп аталады (мұның кейбір тараулары баспасөз бетінде жарияланды). Мұнда Жамбылдың ата тегі, революциядан бұрынғы өскен ақындық ортасы туралы көптеген материалдар, фактілер келтіріледі, сонымен бірге естегі әңгімелер де жазылып алынған. Алайда бұл әлі жазылып бітпеген еңбек. Оның материалдары мен фактілері сұрыпталып, Жамбылдың шығармашылық идеялық өсу жолымен байланысты қорытылып берілмеген, бірталай жерінде автор Жамбыл жайындағы, яки Жамбылдың ақындық айналасы жайындағы әр түрлі көзқараспен айтылған аңыз әңгімелерді сын көзімен қорытпаған, сол қалпында фактінің жетегінде кетіп айта беру сияқты автордың елеулі кемшіліктері де бар. Осы материалдың негізінде Жамбылдың қысқаша өмірбаяны 1946 жылы екі тілде басылып шықты. Ақынның әдеби

хатшылары (Қалмақан, Тайыр, Ғали) және онымен жақын араласқан ақын-жазушылар мен әдебиетшілер (П. Кузнецов, Ә. Тәжібаев, Н. Тихонов, С. Мұқанов, М. Қаратаев, Н. С. Смирнова, К. Зелинский, Е. Ысмайылов тағы басқалар) жазған мақалалар мен естегі әңгімелерде де Жамбылдың соңғы дәуірдегі өмірі туралы бір-қатар бағалы мінездемелер беріледі. Жамбылдың шығармашылығы мен ақындық ортасы, өнер салты туралы мәселелер «Ақындар» туралы кітапта кеңірек қамтылған.

Жамбылдың осы өмірбаянын жазуда жоғарыда аталған әдебиеттер мен мақалаларды, қолжазба материалдарды пайдаланумен қатар бұған 1934 жылдан бері қарай ақынды әрдайым көріп, жақын араласып бақылаған кезімдегі және 1940 және 1942 жылы мамыр айында Жамбылдың өз қасында біраз уақыт бірге болғанымда жазып алғандарым қосылды, онан соң ақынның замандастары мен туыстарынан (Кенен, Өмірзақ, Сәтіш, Жартыбай, Үмбетәлі, Есдәулет, Саяділ, Әбділғалы тағы басқалардан) әр кезде естіп, жазып алған материалдарым да пайдаланылды. Оның бер жағында Қазақ КСР Ғылым Академиясы мен Жазушылар одағында, Жамбыл атындағы әдеби музейдегі материалдар да барынша пайдаланылды.

## ТУҒАН ЕЛДІҢ ОРТАСЫНДА

**Ж**амбыл 1846 жылы ақпан айында қазіргі Жамбыл облысы Шу — Көктерек ауданының жерінде Жамбыл тауының бауырында туған. Бұл қазіргі Жамбыл колхозы, ауданы тұрған жерден көп алыс, теріскей Алатаудың Арқаға беттеген (солтүстікке қарай) жағындағы Хан, Байғара, Шағырлы тауларымен жалғас келетін Жамбыл тауы. Жамбылдың руы Ұлы жүз Шапырашты ішіндегі Екей қыс ішінде жаудан үркіп үдере көшіп, осы тауға беттейді.

Жамбыл туған кезде Жетісу елі Орта Азияда қатал үкімін жүргізіп тұрған Қоқан хандығының қоластына қарайтын. Ол кезде Орта Азиядағы Қоқан — Бұхар хандықтарына Таяу Шығыста үстемдік етуші ағылшын отаршыларының ықпалы бар еді.

Қоқан хандығының қазақ халқына айрықша қатал үкімін жүргізуіне екі түрлі себеп болды, бірі — қазақтың

негізгі рулары кіші жүз бен орта жүз XVIII ғасырдан бері ерікті түрде Ресей қоластына қарап, онымен шаруашылық сауда-саттық қарым-қатынасын күшейтіп, ол экономикалық әсер XIX ғасырдың орта кезінде оңтүстіктегі қазақтар арасында да жайыла бастады. Ресейден келген капитализмнің күшті әсері оңтүстіктегі қазақ арасына жайылуына Қоқан хандығының бөгет жасағысы келді, орыстың саудагері, тауары, машинасы келген ауылдарды, елдерді кәпірмен араласқан; шоқынды деп әскер күшімен қатты жазалап отырды, заңсыз салықтар алды, салық төлеуден бас тартқан болса, ауылымен жоқ қылып мал-мүліктерін талап, азаматтарын құл ғып, әйелдерін күң етіп шығыстың базарына сатты. Осы қорлыққа шыдамай Ақмешіт, Түркістан, Әулиеата, Жетісудағы қазақтар XVIII ғасырдың ақыры мен XIX ғасырдың ортасына дейін бірнеше рет көтеріліс жасады. Көтерілістердің бәрі де қанды қырғынмен аяқталып отырды.

Екіншіден, XIX ғасырдың 30—40-жылдарында Ресейдің саяси шаруашылық ықпалы қазақ даласына, Орта Азияға күшті жайылып жатқан кезде Қоқан хандығы Ресейге қарсы қазақ даласына үздіксіз жорықтар жасады, бейбіт ауылдарды қанды қырғын майданына айналдырып, Ресей әскерінің алдынан өзіне тіректі қорғану орындарын сайлап алмақ болды. Міне, осы жағдайда Жетісудағы қазақ руларының, соның ішінде Жамбылдың руы Шапыраштының XIX ғасырдың 40—50-жылдарындағы тіршілігі өте ауыр еді.

Қоқан қоластындағы елдің көрген қорлығы ресми тарихи әдебиет, документтермен қатар қазақ әдебиетінде де айқын із қалдырған.

Найман Жанкісі жырау:

Өзіңіз қосқан зекетші,  
Біздің елде Жүзбай бар.  
Жүзбайдың жүрген жерінде  
Жылау менен ойбай бар...  
Шоңмұрын деген молдасы бар,  
Төлеген деген жорғасы бар,  
Атына жемді салуға  
Алты еннен қылған дорбасы бар.  
«Келі түбім» деп алады,  
«Кеусенім» деп алады,  
«Отыра зекет» деп алады,

«Күшак зекет» деп алады...  
Айтайын десен ұрады.  
Ұрмак түгiл қырады...  
Алдына салып айдайды,  
Ашулансаң байлайды,  
Әкiмi жоқ қазаққа  
Теңдiк жоқ деп ойлайды.  
Алса малға тоймайды,  
Бiз жыласақ ойнайды.  
Ел iшiнде ажарлы  
Қыз-қатынды қоймайды.  
Жақсыларды сөгедi  
Ат үстiнен тебедi, —

деп Қоқан бектерiнiң, елге шыққан зәбiршi әкiмдерiнiң сорақы лащын, зорлық-зомбылық пен халықты қорлаған қылықтарын батыл әшкерелейдi (Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1989, 1-том, 177—178-беттер. — *ред.*).

Жазушы Мәшiр Жүсiп Көпеев 1880—90 жылдары Түркiстандағы қазақ елiн аралап, елдiң бұрын-сонды тiршiлiгi туралы жаза келiп, былай дейдi: Қоқан заманы деген заман болды, қазақта сол кезден қалған «ақ жалау барда малым бар деме, ғазырейiл барда жаным бар деме» деген мақал бар. Ол ақ жалау деген Қоқан хандарының ел шабатын қосыны екен. Ол ақ жалау ат үстiнде жүргенде қазақтың малында, басында, қатын, қызының еркi болмады. Қазақты шапқанда қандай шапты? Атка мiнер, сойыл ұстарын тегiс қырып, бесiктегi балаға еркек кiндiктен дәнеме қалдырмай мал, жан, үй мұкамалын қасындағыларға олжа қылып, қатындарын күң орнына жұмсады. Жаңғыз, жарым еркектердi күл ғып сатып жiбердi. Сондай қорлық көрген шалдардың талайымен кеңестiк» («Айқап» журналы, 1912, № 7—8). Қоқан қысымшылығы жайында жыр әңгiмелер әсiресе Жетiсу елiнiң iшiнде өте мол. Бұл материалдар мен фактiлер ешқандай түсiнiктi керек етпейдi, Қоқан билеген заманның қазақ халқына қандай ауыр қысым болғандығын анық сипаттайды. Тағы бiр ескеретiн жәйт, Жамбыл ес бiлгенге дейiн елiнiң Қоқан талауына, Қоқан шапқыншылығына ұшырағанын естiп бiлдi, шет жағасын көзi көрдi.

Мiнеки, Жамбыл туған жылы қыс iшiнде, боранды күнде, елдiң үркiп, үдере көшуiнiң негiзгi себебi — Қоқан шабыншылығына ұшырауынан болатын. Көшiп келе жатқан бiр бөлек ауыл Екейдiң Жапа сияқты жалшы

кедейлерімен қатар Әшекей деген Дулаттың белгілі байынікі еді. Жапа соның әрі қоңсысы, әрі малшысы. Артынан қуып келе жатқан жаудың бетінде, ұйтқып соққан боран астында көш жөнекей түйе үстінде Жамбылдың шешесі Ұлдан толғатып, ықтырма күркеде босанады, көш ертеңінде тағы жүріп кетеді. Бұл Жамбылдың әкешешесінің де, өзінің өміріндегі аса бір ауыр кезең еді. Өзінің туған кезі туралы Жамбыл былай дейді:

«Қақаған қар аралас соғып боран,  
Ел үрей — көк найзалы жау торыған.  
Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын,  
Жамбыл деп қойылыпты атым сонан.  
Ел үркіп жүрген кезде күні-түні,  
Қар қауып, мұзға түскен Жамбыл екем,  
Жұтынып суық ауа шыққан үні.  
Сары аяз көш жөнекей боран күні,  
Мен емес, суық демді ел де алыпты,  
Тарылтқан қысаң заман кең жарықты.  
Қара күн хан билеген қанды жорық,  
Дегендей ел аузында сөз қалыпты...

Қоқан ханы Құдпярдың, аш бүйірден кадалған орыс патшасының елге тиген ылаңы аз болмаған еді. Қоқан ханының ел басқаруға қойған датқасы жалпақ елді жаялыққа айналдыратын. Ел аузына қақпақ басына тоқпақ болатын. Ел шабыншылықтан қорқып сынаптай сырғып көше беретін, көше беретін. Жынның ойнағы көше алмаған жоқ-жұканың үстінде болатын. Осыны көрген Жамбылдың жүрегі ол заманға тас болып қатқан» (Жамбыл Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том, 389, 391-беттер. Алматы, 1982, — *ред.*).

Жамбыл туған кезде орыс әскерінің алды — шолғыншылары Қаратал бойына, 1848—49 жылдары Іле өзені бойларына жетіп еді. 1852—53 жылдары орыс әскері үлкен Алматы, Талғар, Қаскелеңге келіп, 1854 жылы Верный (қазіргі Алматы) қорғаны орнайды. Орыс әскері Жетісуға жақындап келгенде жергілікті халықтың алдында таңдауды керек қылатын екі жол айқын қойылды...

Ресейге қарауды жақтағанда қазақтың ірі феодал, сұлтаны мен еңбекші халқының көздеген таптық мақсаты екі түрлі еді. Феодал, сұлтандар патша өкіметіне жағынып қызмет істеп шен, шекпен алып бұрынғы үстемдік, елді билеу қалпын қайткенде сақтап қалуды ойлады. Ал Қоқанның талауына, қырғынына ұшыраған, өз ішіндегі



хандар мен феодалдардың қанаушылық, озбырлығын көп көріп ығыр болған еңбекші халық — орыс қол астына қараса аз да болсын бұрынғы көрген қорлығымыз жеңілденер деген үмітте болды. Осы мақсат, үмітпен Жетісу елінің Сұраншы, Сарыбай сияқты басты батырлары және қазақтың ағартушы ғалымы Шоқан Уәлиханов, атақты ақын Жаяу Мұса тағы басқалар 1860-жылдары орыс әскері қатарында қызмет істеді...

Жетісудың еңбекші халқы Ресей қол астына қарағанда Қоқанның аса қатал үстемдігінен құтылғанымен, жалпы қоғамдық таптық езушіліктен құтыла алған жоқ еді. Бұрын Қоқанның ашық, дөрекі талау түріндегі қысымы болса, енді одан гөрі «заңға» сүйенген, жергілікті бай, сұлтандардың үстемдігі арқылы «нәзік» түрдегі экономикалық қысым іске аса бастады. Еңбекші кедейлердің тұрмысы күн санап ауырлай береді. Бір жағынан, қазақ еңбекшілері өзінің ішіндегі бай, феодал, сұлтандардың қанауын көрсе, екінші жағынан, отаршыл патша әкімдерінің зорлығын, әкімшілік-саяси, рухани қысымын көрді. 1864 жылы 14 желтоқсанда Шоқан Уәлиханов Жетісу генерал губернаторы Г. А. Колпаковскийге жазған хатында Ұлы жүздегі елдің тұрмысы ауыр екенін, Ресейге қарағаннан кейінгі уақыттың өзінде де елді ру жаулығына бөліп басқарушылықтың барып тұрған бассыздық, айуандық тәртібі өзгермегенін, кедей, батырақтардың тұрмысы аянышты, оларға қазақтың байлары мен феодал ақсүйектері өзінің басы байлы құлдары сияқты қорлық, зорлық көрсететінін айтып, сол ақсүйектерге, феодалдарға тыйым салуын ұсынады. Патша әкімдері мен феодал, сұлтандардың халықты қандай жолмен қанай бастағаны архив деректерінде де мол айтылған (Известия КФАН СССР. Серия историческая. Выпуск первый, 1940).

Ресей қоластына қарағаннан кейін қазақ шаруашылығына капитализмнің элементтері (саудагерлік, жәбірлік, еңбек жалдау) кіре бастап, қазақ ауылында таптық жік, тартыс шиеленісе түседі. Еңбекші бұқараның тұрмысы күннен күнге ауырлап қайыршылық халге жетеді...

Жамбылдың еңбекші халық өміріне байланысты ой-пікірі, ақындық жырлары қалыптасуына әрине оның өскен қоғамдық, таптық, семьялық ортаның шындығына байланысты болып отыратыны да заңды нәрсе. Өзінің өлең, жыр, дастандарында, айтыстарында Жамбыл ата тегін көбірек таратып айтады. 1940 жылы көктемде

Жамбыл Жетісу руларының, соның ішінде Шапыраштының тарихы туралы бізге көп әңгімелер айтып бергенді. Шежіренің бұл дерегі әдебиетші М. Ғұмарованың мақаласында да бар. (Творчество Джамбула, 41-бет.).

Шапыраштыдан тарайтын іргелі екі ру Екей мен Ескожа. Кейін XIX ғасырда Екейдің билігін қолына алған ру басы батырлар Ыстыбай, Сарыбай, Сұраншы болса, Ескожаның мықты-біліктілері Қарасай, Саурық, Андае, Сұраншы, Сүйінбай Ескожадан шықса, Жамбыл Екейден шығады.

Жамбылдың үлкен әкесі Ыстыбай да, өз әкесі Жапа да ауқаты төмен кедей болыпты. Бірақ өздерінің қайраттылығы арқасында бір рулы ел ішінде жоқшылық көрмейді, беделді де болады.

Жапа төрт ағайынды екен. Жапаның әкесі Ыстыбайдап Жапа, Жабай, Жадыра, Қазыбай, Майке туады. Қайратты, ер мінезді Жапа Әшекей байдың жылқышысы, малшысы болып жүргенінде елдің Қоқан мен қазақ арасындағы ұрыстарында, ру басылық барымталарында найза ұстап, жорыққа қатынасқан батыр атаныпты. Жамбыл туатын жылы да Жапа елдің көшін ілгері жіберіп, қасына мықты жігіттерді ертіп, артынан қуып келе жатқан жаудың жолын бөгеп, каша ұрыс салып отырады. Кейін Жамбыл әкесінің ерлігін еске түсіргендей ноғайлы заманындағы даңқты ер Жабайды ардақтап жырлаған. Жабайдың батырлығы туралы жырдың үзіндісін Сәкен Сейфуллин өзінің «Қазақ әдебиеті» деген кітабында келтіреді.

Екейлер көп замандар бойы іргелі рулы ел ортасында теңдік, есе тимеген, дәулеттері шағын ел болады. Жетісудағы Дулат, (Үйсін) Жалайыр, Албан, Суандар көптігімен барлық жерді немденіп кеткенде, аз аталы Екейлер іргелі бай, төрелерге қоңсы есебінде тоз-тоз болып жүреді екен. Жетісу елі орыс қол астына қараған соң барып, Екейдің ру басы Сарыбай Айдос ұлы өзінің орыс әскеріндегі жағымды қызметі үшін ауылына жер кестіріп алып, әр елде тозып жүрген Екейдің басын қосып, осы күнгі Алматы облысы, Жамбыл ауданының жеріндегі Қарқия, Үлкенсаз, Қөлтөбе, Майтөбе сияқты жайлауларды, Қаракыстақ, Ұзынағаш, Қарғалы сияқты өзен бойларын мекен етеді. Бір жағынан, көшіп жүріп мал өсіретін болса, екінші жағынан, Екейдің кедейлері орыстардан үйреніп егін сала бастайды. Екей менен Ескожаның ақыны айтысқанда мынадай деген сөз бар екен:

Есқожа ақыны:

Екей, сенің кигенің сары тоның,  
Ортаңа орыс келді де болды жолың, —

десе, Екей ақыны:

Рас, менің кигенім жұлма тоным,  
Сарыбайым би болып болды жолым, —

деп орыстан көмек алып, Екейлер басын қосып, қатарға қосылғанын мақтан етеді. Міне, осы жөнінен Есқожа мен Екейдің ауылдары, Сүйінбай, Сұраншы, Саурық, Жамбыл сияқты басты адамдары Сарыбайды аса қадір тұтып, сыйлап отырған.

Әдетте Жамбылдың Сарыбайға көзқарасы екі түрлі. Екейге жер алып, орыстың көмегі арқасында елдің басын қосқаны үшін Сарыбайды аға тұтып мақтап, сыйлайтын болса, ал Сарыбайдың би болып, патшадан шен-шекпен киіп, кедейлерге тізе батырып, уездің ұлықтарымен ауыз жаласып, сайлауларда партия жасап, елге үстемдігін жүргізген әрекеттерін көргенде оны сынап, кейде оған қарсы, араз топтарға қосылып кетіп отырған.

Жападан үш бала туған: Тәйтi, Жамбыл, Қоман. Жапа өзі қартайып, 1899 жылдардың кезінде 87 жасында қайтыс болыпты. Ал Тәйтi ерте өліп, одан қалған Сәтiш деген баланы Жамбыл өз қолына алады. Сәтiш Жамбылдың баласы болып, өсіп ер жетеді, ол осы күні жетпістің ішінде, Жамбыл колхозының мүшесі. (Е. Ысмайылов бұл еңбегін 1965 жылы жазған.— Ред.) Қоманнан Қара, Токқұлы деген екі бала туып ерте кезде өліп, бұл тұқым өспей қалады. Жападан ең көп өскен тұқым Жамбыл.

## АҚЫНДЫҚ ЖОЛДАҒЫ АДЫМДАР

**Ж**амбылдың балалық шағы қатал мінезді әкеден гөрі ақындыққа бейім шешесі Ұлданның тәрбиесінде көбірек өтеді. Жамбыл бала кезінде бір бет, қайсар, басқаның ыркына көне қоймайтын тентектік мінездеріне орай, әке тарапынан қаталдық көрсе де, оны шешесі бетінен қақпай еркелетіп өсіреді.

Ұлданның өзі ақын болмағанмен өлең-жырды, ескі күйлерді аса жақсы көріп, құмартып тыңдайды екен. Ұлданның нағашысы Қанадан атақты қобызшы болып-

ты, Қанадан Асанқайғының аңыз күйін тартқанда тыңдаушылар жылап отырады екен, оның сыбызғымен тартқан күйін даланың тағы киігі ұйып тыңдайды екен деген аңыз әңгіме айтылады. Жамбылдың домбыра тартып, ақындық жолға түсе бастаған кезінде Ұлдан үнемі — балама ғана нағашысының өнері қонған, — деп отырады екен.

Жамбылды әкесі жас кезінде молдаға оқуға береді, бірақ ол қанша оқыса да араб, парсы тілі араласқан ескі ежік (схластика) оқуынан ешнәрсе өндіре алмайды. Есі-дерті молдадан, әкесінен жасырып домбыра тартып, өлең айтуға талпыну болады. Сондықтан, ақын өзі туралы:

Он жаста ойнап жүрдім бала болып,  
Өлеңге бөлдім көңіл алаң болып.

Немесе:

Он бесте-ақ домбыраны алдым қолға, —  
дейді.

Әке тәрбиесінен өзінше бір ұстап қалғаны — жылқы малын бағып, қағуға, асауды үйретіп мінуге икемділігі, қайраттылығы.

Жамбыл жас кезінен домбыра мен өлеңге қандай үйір болса, мықты, сұлу, асау ат, құнандарды үйретіп, жаратып мінуге, жылқыны бағуға да аса құмар болады. Сондықтан да Жамбыл бертін жасы тоқсанға келген кезінде де ауыл арасында машинадан гөрі салт атқа мініп жүруді көбірек ұнатқан. «Жәкең 97 жасына дейін атына салт мініп жүрді. 1942 жылға дейін салт атпен Алатаудың биігіндегі Құлансаз деген жайлауға да шықты. — Машинаға мініп жүрміз ғой, — деді Жәкең 1936 жылдың жазында, үйіне сәлем бере барып отырған үкімет адамдарына, — бірақ оның тас жолға, құрғақ жолға, жазық жолға жүйрік екен. Мен өзім таудың биігін жайлап өскен кісімін. Оған шықпай көңілім көншімейді. Машина бергендеріне тәңірі жарылғасын. Енді маған бір жақсы ат тауып беріңдер, өзі жорға, өзі жуан, өзі жуас ат болсын. — Сол жылы өкімет сатып әперген күрең жорғаны Жәкең 1944 жылға дейін мініп жүрді». (Сәбит Мұқановтың естелігінен. — *Ред.*). Ақын өзі туралы айтқан жырларында домбырамен қатар астына мінген атын өлеңге қосып ел кезгенін, жер шолғанын, жақсы, жаманды көріп сезгенін үнемі айтып отырады.

Ақын болудың жолы оңай емес, құмарлық, әуестікпен екінің бірі ақын бола бермейді, ол жолға түсу үшін— әке-шешеден, туысқаннан рұқсат, қамқорлық, жәрдем керек. Ел аузындағы жақсы ақындық сөздерді үйреніп жаттап, үлгі алу керек, елге өнерімен танылған атақты ақынның алдын көріп, қасына еріп жүріп оның ақындық салтына салыну керек, ең ақырында өзінің ақындық өнерін айтыс арқылы ұлы жиын топ алдында зор сынға салуы керек. Мұның бәрі ақын болу жолындағы сатылар, мектептер.

13—14 жасынан өлең, домбыраға үйір болып, ауыл арасындағы салт өлеңдерді жаттап, ақындыққа бейімделіп жүргенінде Жамбыл әкесі Жападан:

Өлең мен сөзді дос қылып,  
Құрамын ақын санатын!  
Батаңды маған бер, әке,  
Тіліме менің ер, әке.  
Жапаның ұлы ақын боп,  
Жақсы істепті дер, әке! —

деп рұқсат, бата сұрайды. Бірақ, әкесі Жапа — ақын мен бақсының түбі қайыршылық пен жын; жын қуып, бақсы болып, ел кезгенше қайратты ердің жолын қуып, мал бақ деп, ақын болуына рұқсат бермейді. Сонан кейін Жамбыл Сарыбайға келіп бата сұрайды:

Сареке, салдым бір сөз сыныңызға,  
Сіздің сын таразы ғой сырымызға,  
Қолыма домбыра алып талап қылдым,  
Бересіз қандай баға ұлыңызға?...  
Көңілі біреулердің бұлтта жүр,  
Ұстауға күн мен айды жуықтап жүр,  
Біреулер қара сөзді қамшы қылып,  
Қуды мініп, құланды құрықтап жүр.  
Қайсысын маған соның еп көресіз?  
Әкетсем өзім таңдап өкпелерсіз....  
Сүйекемнің сүйгенін ойласаңыз,  
Өлең болсын серігің деп бересіз!

Сарыбай өлеңін ұнатып, талабын мақұлдап, — баланың бетін қайырма, — деп Жапаға айтып, рұқсат батасын береді. Бұл ақындық жолға түсудің алғашқы адымы еді. Бұл дәуірінде Жамбыл (14—20 жастарында) өзі жанынан өлең шығарып айтудан гөрі — басқа ақындардың сөзін, ел аузындағы өлең жырды көбірек жаттап

айтады. Қара өлең, қайым өлең, бәдік, жар-жар, шілдеханаларда айтылатын әзіл, қалжың өлең, күлдіргілер — бәрі жас Жамбылдың негізгі айтатын репертуары болған. Сонымен бірге Жамбыл бірқатар күйлерді де, әндерді де, кейбір дастан жырларды да жаттай бастайды.

Жамбылдың ақындық жолдағы ең үлкен мектебі Сүйінбай және оның ақындық, өнерпаздық үлгісі. Жамбыл бала кезінде сырттан атағына қанық болып, сөздерін жаттап жүрсе де, қасына барып өнер үйренуге бірден бата алмаған. Бәдік, жарапазан айтысу да Жетісу елінің ертедегі ақындық салтынан орын алған. Бәдік, әсіресе жарапазан дінмен байланысты ораза айында айтылады. Ел ақындарының бірталайы дінге байланысты жарапазан айтуды әдет қылған, мұнымен қатар ораза айында жарапазанды өлеңмен айту ақынға олжа (астық, ақша, мал) түсіретін кәсіптің бір түріне айналған. Бірақ Жамбылдың жарапазаны дін, шариғат жолын үгіттеу емес, көбінесе күлдіргі, қалжың өлеңдермен айтылып, оларға Сүйінбай, Қатаған, Түбек өлеңдерін араластырып отырады екен. Міне, Жамбыл осы жарапазан айтып жүріп ең алғаш өзінің ақындығын Сүйінбайға сынатады.

«Рамазан айында, ораза кезінде «жарапазанды» сылтауратып ол Сүйінбайдың ауылына аттанады. Сүйінбайдың ауылына келіп аттың үстінде, үйдің сыртында тұрып, жас ақын домбырасын алып, өлең айтып қоя береді. Кәрі ақынның назарын аудару үшін Жамбыл ескі әдет жырларын айтумен қатар өзінің тың өлеңдерін, жана ойдың, жана мазмұнның сарыны бар өлеңін, айтады. Ол осы өлеңді ұзақ айтады. Ақыр аяғында, үйден Сүйінбайдың әйелі шығып түсіңіз, үйге кіріңіз дейді. Атақты ақын Сүйінбай Жамбылды жылы шыраймен, жақсы сөздермен қарсы алып, оның үстіне өзінің иығындағы шапанын жабады.

— Жолың болсын, бақытың ашылсын, балам. Өз өлеңінді шығар, бірақ, оның жұрт жаттап алатын, ешкім ұмытпайтын өлең болсын, сенің өлеңің жеке адамның көңілін көтеріп, солардың сүйсініп отыратын өлеңі болмасын, бүкіл халықтың сүйсініп тыңдайтын өлеңі болсын. Көмекейің емес, жүрегің сүйетін болсын. Шындықты айт, әділдікті жырла, көне, тозығы жеткен жолға түспе, жаңа жол, тың жолға, даңғыл жолға түс, төңірегінде не болып жатыр, соны аңғар, соны біл. Сенің көңілің патшаның қазынасынан да байырақ болсын,— дейді» (С. Бегалин. т. 6. Жамбыл туралы. 17—18-беттер).

Жамбыл Сүйінбайдың жапқан шапанын өзіне қайырып беріп, маған батаңызды берсеңіз ең үлкен олжам сол дейді. Сүйінбай жас ақынның бұл мінезіне де риза болып ықыласты ақылын айтып батасын береді. Жамбыл әрбір әңгімесінде Сүйінбайдың сынынан сүрінбей өтуім ең бір бақытты күнім еді, өзімді сонан былай шын ақын санап, бетімнің шымылдығы алынған келіндей, жолым да, өрісім де ашылып, тайсалмай топқа түсе бастадым дейді. Осыдан былай Жамбыл Сүйінбайды үнемі өзіне ұстаз тұтып, оған өлеңін айтып беріп сынатып отырған.

Сүйінбайдың бүкіл Жетісу ақындарына, әсіресе, өзінің ең талантты, келешегінен зор үміт күткен Жамбылға берген ақындық, ұстаздық жолында екі үлкен ерекшелік бар.

Бірі, айтыста болсын, жеңіл жырларда болсын, сықақ өлеңдерде болсын, шындықты жеткізіп, өткір, шешен, тапқыр тілмен тыңдаушыны құшырландырып айту.

Екінші, тарихи батырларды үнемі желілі жырға айналдырып жырлау. Сүйінбай өзі ескі батырлар жырынан гөрі, тарихи батырлар жырын, яғни өзі әңгімесін естіп, шындығына нанған, сенген оқиғаларды жырлауды ұнатқан. Міне, Сүйінбайдың осы ақындық дәстүрін Жамбыл бастаған кейінгі Жетісу ақындарының бәрі қалыптасқан ақындық арнаның (школаның) дәстүріне айналдырған.

Жас кезінде Жамбыл Жаныс ақынмен кездескенінде:

Менің пірім — Сүйінбай,  
Сөз сөйлемен сыйынбай, —

десе, кейін есейіп өзі ұстаз, аға ақын болған кезінде Жамбыл тағы да Сүйінбайды аузынан тастамайды:

Ақындардың ақыны,  
Айдын көлдей ақылы,  
Жыр тұлпары Сүйінбай, —

деп өмір бойы өзіне «пір» тұтып, «жырдың тұлпары» деген атақ беріп, әр сөзін өзіне де, кейінгі жас ақындарға да үлгі етіп ұсынады. Сүйінбайдың өзі Сұраншы батырдың арқасында ел аралап, атқа мініп, қатарға қосылады, өзі кедей болса да Сұраншы, Саурық, бертінде Сарыбай тағы басқаларына арқа сүйеп, күшті ақындығы мен шешен, өткір сөздері елге беделді болып тарайды, Жетісудың, Қырғыздың әрбір ақыны Сүйінбайдың алдында сөзге тоқтап отырады екен. Ру тартысының жағдайында айтысқан ақын қарсы ру ақындарының еліндегі байларды,

сұлтан, билерді өлтіре сықақтап сынау үшін өз руының белгілі бір мықтыларына арқа сүйемесе болмайды. Өз бетімен жалғыз барып соқтыққан ақынды намысына тиген байлар, мырзалар — қатты жазалап, құртып жібереді. Мұны Жамбылдың Құлманбетпен, Шашубаймен айтыстарынан әбден байқауға болады. Құлманбетпен айтысында Жамбыл Ескожаның болысы Құдайбергенге арқа сүйесе, Шашубаймен айтысында Жетісудың іргелі адамдарына арқа сүйеп, Орта жүз Арғын ақынына қарсы айтысады.

Жамбылдың Сүйінбайдан басқа үнемі кездесіп ақындық өнер жарыстырып, бірде аға деп сыйлап, үйреніп үлгі алған талай ақындары болды. Бұл ақындар — бір шеті Найман, Жалайырдан (қазіргі Талдықорған жері) шыққан Түбек, Жанак, Бақтыбай, Досмағанбет ақындар. Арқадан келген Шөже, Шашубай, Балуан Шолақ ақындар, екінші шеті Түркістаннан келген Майкөт, Майлықожа ақындар, Албаннан шыққан Құлманбет ақын, Қасқарау Сарыбас ақын, Дулат Әміре ақын, қырғыз Қалмырза, Оразалы ақындар, жігіт кезінде өлеңмен қағысқан Айкүміс, Сайқал қыз сияқты ақындар бәрі Жамбылдың ақындық айналасы, ақындық жолдағы өрісі болады. Мұндай жүйрік ақындардан Жамбыл ылғи үйреніп үлгі алғанын жасырмайды.

Сіз бе еді ақын аға Майкөт деген,  
Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген.  
Сақылдап сарайыңнан өлең шықса,  
Именіп өзге ақындар бәйпектеген, —

деп алғаш көрген Майкөтті құрметпен қарсы алады. Бақтыбаймен кездескенде де:

Қаздай қалқып ерінбей  
Өлең тердім жасымнан.  
Майкөт ақын Құлманбет  
Орын берді қасынан.  
Майлықожа, Құлыншақ,  
Пірім еді бас ұрған.  
Айтқандары нұсқа еді  
Сөз жаралған асылдан! —

деп, ақын өзінің ірі ақындар қатарынан орын алып, үлгі, өнеге көргенін, жастайынан өлең теріп, асыл сөздің жолын қуғанын айтады.



Ақындық жолға түсіп, төселудің асулары тек үлкен аға ақындарды тындап үйрену ғана емес, үйрене отырып, өнер салыстыру ақындықтың ең қиын асуы. Бұл қиын асуда ақын өзінің өнерін екі түрлі шығармашылық қызметпен көрсетеді. Бірі — түрлі тақырыпқа сын, сықақ, әзіл, көңіл күйі, жастық сарыны тақырыптарына арналған шағын өлеңдерін шығарып айту. Бұл ретінде Жамбылдың «Сарыбайға», «Жаныс ақынға», «Жылқышы», «Кәмшат қыз», «Кедей күйі», «Шәбденге», Қуғын», «Сырттанға» тағы сондай шағын өлең, жырлары шығарылып айтылады. Өзінің ақындығына жұртшылықтың, белгілі адамдардың назарын аудара бастайды.

Екінші — жеңіл айтыстарға қатынасып, онда өзінің бірер ауыз қағысу, не сәлемдесу, не әзілдесу түріндегі өлеңдерімен ақындық өнерін шағын топтың ішінде немесе ірі ақындар алдында сынға салады, бұл ретте — Жамбылдың Айкүміспен айтысын, Бақтыбаймен кездесуін, Бөлектің қызымен қағысуын, Сары ақынмен қағысуын, Майкөтпен дидарласу, Жүнісбайға жүгінуі, Албан еліндегі қағысуын атауға болады. Бұлар ақынның шындап араласқан нағыз қалың топ ішіндегі айтысы емес, ақындығының алғашқы дәуіріндегі өзін үлкен ақындық жолға қайрап салу, ақындық өнерін жетілдіру, төселдіру, өткірлеу сияқты өрлеудің басқыштары.

Ұсақ лирикалы өлеңдерінде Жамбыл, әлі өзінің ақындық бетін толық аша алмайды, тақырып жағынан алғанда бірде жалпы әлеуметтік маңызы бар тақырыпты айтуға жақын келсе («Кедей күйі», «Жылқышы»), көбінесе сол заманның салт ақындары сияқты мақтау, қошеметтеу, әзіл айту, жастық сырды білдіру түрінде айтады. Және әр өлеңі ақын өмірінің белгілі бір фактісіне, кезіңіне байланысты болып отырады. Мәселен, «Пұшықтың ұрыға айтқаны» дегенін Жамбыл екі ұры атын аударып әкеткен Жиенбек деген пұшықтың атынан шығарып айтты. Ақыры осы өлең ел арасына жайылып, олар көрші ру Қасқараудың екі ұрысы болып шығып, Манас пен Сырым Жиенбектің байталын айыбымен қайырып берген екен. Немесе «Кәмшат қыз» деген өлеңінде көңіліне алған сұлу қыз жылы шырай бермей сөйлесе алмағанына өкінгендей сезім күйін білдіреді:

Сырттың бір сұлу жан екен,  
Сыпайы көзге көрінген.

Сыр-мінезің бар екен,  
Сөйлесуге ерінген.

Сөйтіп, бір алуан өлеңі осындай салт ақындарынша бір жағы қалжың, бір жағы әзіл ретінде айтылады. Алайда Жамбылдың алғашқы кездегі өлең, жырларында халық мұңы, ел тілегі де жырланады. «Жылқышы» деген екі ауыз өлеңінде күні-түні сары далада жылқы бағып, ауыр бейнетпен өмір өткізетін жылқышылардың тіршілігін айқын елестетеді:

Сары түнде сарылып, кірпік ілмей,  
Салқын күзде бір жылы үйді білмей.  
Сахарада салақтап күндіз-түні,  
Бұралқы ит пен малшының сиқы бірдей, —

деп, малшының ауыр тұрмысын айнытпай, дәл суреттейді. Ал Жетісудың атақты бай, билері Сәт пен Мәңке туралы айтқан өлеңдері өткір сатира. Сәт Ұзынқарғалы еліне екінші рет болыс сайланғалы елде партия жасап, топ жинап, ығыр қылған уағында Жамбыл мына өлеңді айтыпты:

Қыста қырсыз, жұт болдың.  
Елге жүгінді үйе бер.  
Шығынмен де шаршаттың  
Енді қайтіп күй өнер?!  
Көргеніміз сол болса,  
Неміз қалды сүйенер!

Топ ішінде айтылған бұл сөзден Сәт қатты қысылып, сайлауда тағы жеңіліп қалу қаупін сезіп, Жамбылға жалынып, құда болуды өтініпті.

Мәңке болыс кезінде елге істеген қиянаты, паракорлығы шектен асып, параны берген ұрыны жақтап кеткенде ыза болған Жамбыл:

Жанғойлық болысы пысық келеді,  
Мұрындары пұшық келеді.  
Екі арадан ептеп жерінде  
Көздерін қысып келеді.  
Сөздерін ұзарта келеді,  
Өңешін қызарта келеді.  
Өнімі азырақ жерде  
Үстіне тұз арта келеді, —

деген өлеңді айтып Мәңке болысты жұрт көзінше масқаралап кетеді. Жамбыл ел аралап жүріп Қастектегі Нартай байдың өз жалшысын тепкілеп ұрып жатқан үстінен шығып, оны масқаралап өлең шығарып жұртқа жаяды. Кейін Нартай өлеңінді жинап ал деп Жамбылға жалынып жүреді...

Өз басынан кешкен тағы бір оқиғаны Жамбыл былай баяндайды: «Байлығымен, даңғойлығымен даңқы шыққан Кәдірбай бай бір рет үлкен той жасады. Байдың малын күзететін бір иті өліпті. Байдың жігіттері көп жыраулар мен домбырашыларды жинады. Кәдірбай оларға: «Кімде кім менің итімді жоқтап өлең айтса, менің дәулетімді мақтаса, үлкен сыйлық алады», — деді. Байға жарамсақ жыршылар терілеріне сыймай, Кәдірбайдың дәулеті мен итін дәріптейді. Бірақ Жамбылдың сөзі сыншыл өткір айтылады:

Ей жыршылар, жыршылар,  
Жыр айтар ма осылай,  
Сөздеріңнің дәмі жоқ,  
Күйлеріңнің сәні жоқ.  
Пайдасыз, жұртқа құр айқай,  
Мақтағанға сабылып.  
Ұятсыз, арсыз сараң бай.  
Бастарыңды көтерші,  
Тіленіп, сұрап, жыланбай...  
Итің жаман демеймін,  
Күзетіп жүр малыңды,  
Көпшілікті бүлдіріп  
Ұрлап алғандарыңды  
Айтсам сөзім нанымды,  
Өлең оттай жалынды.  
Сенен жұртқа ит жақсы,  
Күзеткен қотан, ауылды.

Жамбылдың ел аралап жүргендегі өмірінде байларды осылай масқаралап, туралықты тайсалмай айтып кеткен, шығармашылық кезеңдері аз емес.

Әрине, Жамбылдың ақындығының алғашқы дәуірінде мұндай сыншылдық, тапқырлық идея бірден қалыптаспайды; ол сыншылдық ақынның өмір шындығын бірте-бірте терең сезінуі арқылы, халық өмірінің сырын ұғуы арқылы қалыптасады.

Жамбыл қырғыз елін де көп аралаған. Қырғыздың белгілі ақын, жыршы, күйшілерімен жақын араласып, достасып кеткен. Қырғыздың Қалық, Әлімқұл атты осы күнгі қария ақындары Жамбылды досымыз, ағамыз деп аса жоғары қадірлейді. Қырғыздың Балық, Қалмұрза атты ақын, жыршылары, атақты Мұраталы сияқты күйшілері Жамбылдың жас күнінен бергі достары, серіктері болған. Қырғыз елін аралағанда Жамбыл көбінесе «Көрұғлы», «Өтеген» жырларын, Шөже, Сүйінбай өлеңдерін көбірек айтады екен. Қырғыздың халық ақыны Әлімқұл айтады:

«Жамбылмен кездескенімде ақсақал маған — мен жалғыз ғана қазақтың ақыны емес, қырғыздың да ақынымын. Қырғыз елінен көп тәлім-тәрбие алдым. Жарықтық қырғыз, қазақ елі бейілі кең, дарбазасы меймандос ел, бұл екі елге қыдыр дарып, бақ қонады, бақытты болады деуші еді, ұлы ақын сол бақытты көзімен көріп, жырлап кетті, біз сол Жәкеңнің шәкіртіміз» («Социалистік Қазақстан», 02. 07. 1946).

Қырғыз елін аралағандағы Жамбылдың ертеден жақын досының бірі Мұраталы күйші. Мұраталы (1860 жылы туған) Жамбылмен жігіт кезінде кездесіп, достасады. Ол достығы дәл Жамбыл қайтыс болған уақытқа дейін тоқталмаған. Мұраталы қырғыздың халық музыкасын дамытудағы еңбегі зор адам. Кеңес тұсында оның еңбегі аса зор бағаланып, халық артисі атағы беріліп, Ленин орденімен наградталған. Мұраталы Жамбылдың жігіттік өміріне байланысты өлеңдерінен де, қырғыз елін аралаған кезде әр түрлі адамдарға арнап айтылған өлеңдерінен де бірталай еске сақтаған екен. Жамбылдың өзі де Мұраталының көп күйлерін қазақ арасына таратып, жайған. Сол қырғыз елін аралап жүрген шақтарында Жамбылдың әр мезгіл тоқталып түскен бір адамы Шабдан манап.

Шабдан манап Жантай баласы қырғыз елін Ресей үкіметіне қаратуда патша алдында жағынып қызмет істеп, шен, шекпен алып, Жетісудағы қырғыз, қазаққа үстемдігін бірдей жүргізген қатал әмір иесі болғандығынан «Батыр» атанған. Бұл да Тезек төре сияқты өзінің даңқын шығару мақсатымен алдына келген ақындарға «сыйлық» беріп өзін мақтатуға тырысқан. Османалы, Құлманбет сияқты байшыл ақындар Шабдан, Тезектердің сыйлығына мәз болып, оларды «батыр», «жомарт» деп жеркөкке сыйғызбай мақтай берген.

Ал, Сүйінбай, Шөже, Жамбыл сияқты сыншыл, турашыл ақындар Шабданды жағынып мақтай бермей, қатты, батыл сынап жырлаған. Құлманбет мақтап кеткеннің артынан келіп Жамбыл Шабданға былай депті (Мұраталының айтуынан жазып алған Қ. Бекхожин «С. К.», 1946):

Баласы ер Жантайдың батыр Шабдан,  
Патшаға болды мәлім атың, Шабдан.  
Құдай менен патшаны бірдей алдап,  
Бар екен сенде қандай ақыл, Шабдан?  
Қолыңда жұрттан асқан дәулетің бар,  
Әркімнен сатып алған сәулетің бар,  
Құдай мен Қауфманға мәлім болған  
Иығыңда сары ала суретің бар.  
Дәулетің бар, еппенен елден жиған,  
Патшадан шенді алып қылдың иман.

«Менің өмірім» дейтін шығармасында да Шабданға арнаған сөз өткір.

Ақынға дайын дейтін ат, шапаның,  
Шапан үшін мен адам мақтамадым.  
Еліңнің ұлдығынан құлдығы басым жатыр,  
Қай жақта елдің тұзын ақтағаның?

Бұл турашыл ақынның сыншылдығы.

Мұнан Жамбыл барлық үстем тап атаулыны бастан аяқ сынап, әшкерелеп жырлады деген ұғым тумайды. Оның сыншылдық жолында бұраң-бұлталағы да жоқ емес. Қайшылығы ақынның Шабдан туралы екінші бір өлеңінен байқалады.

Мұндай идеялық жағынан қайшылық — Жамбылдың айтыс өлеңдерінен де (Құлманбет, Шашубаймен), «Сарыбайға», «Сырттанға» сияқты кейбір өлеңдерінде де кездеседі. Мұны Жамбылдың жеке басының міні деп қарау керек емес, өз заманындағы үстем қауымның, ру идеологиясының ақынға тигізген белгілі дәрежедегі әсері деп қарауымыз керек.

Жігіттік, серілік жолға түсу — Жамбылдың жас шағының бір алуаны. Ақын, әншінің өмірі көбінесе ойынсауық, жиын төңірегінде өтеді. 20—30 жас арасы қандай жастың болсын, қызық бір өнер жолын қуатыны, сонымен бірге жастық-жігіттік дәуреннің өз шамасынша қызығына талпыну кезі болатыны белгілі. Бұл әсіресе та-

лантты ақынның басында көбірек болады. Ақын неғұрлым елді көп аралап, ойын-сауық, жиын тойды көп көрсе, соғұрлым оның ақындық ой-өрісі кеңі береді. Ақын ел өміріндегі қоғамдық мәселелерді орта жасқа келген кезде терең ұғынып жырлай бастаса, ал жас жігіт кезінде ол серілік, махаббат өміріндегі жай-күйлерді де бірқыдыру жыр етеді. Сондықтан Жамбыл өзінің бір өлеңінде:

Топ десе он жетімде тартынбадым,  
Семсердей майдандағы жарқылдадым.  
Ақынды ауылға ермек басып озып,  
Жұлдыздай көзге түсіп, жарқылдадым, —

дейді. Міне, осы дәуірінде ақынның Айкүміспен, Бөлектің қызымен айтысып, Сайқал қызбен қағысулары келіп туады. Бұл айтыстарына ортақ нәрсе — ақын мен қыздың кездесіп өлеңмен әзілдесуі. Екеуі бірін бірі сөзбен сынап іліп-қағып, ақыры көңіл күйін айтысады, ақын қыздың сұлу екенін, өзіне ұнағанын айтып, көңіл жарастығын білдіреді, қыз:

Жақсы сөз — жан семіртер деген бар ғой,  
Әдепті мінездерің жүрсін ойда, —

деген сыпайыгерлік, сыйластық жолды ұсынып тоқтау салады. Бұған орай Жамбыл да:

Айкүміс, амалым жоқ, қош ендеше,  
Кетелік сыр білдірмей жат пендеше.  
Атыңды, ақ жүзіңді ұмытпаспын,  
Кеудемнен қашан менің от сөнгенше, —

деп, Айкүмісті сыйлап, құрметтеп айырылысады. Бөлектің қызымен көш үстінде әзіл-қалжыңмен қағысып айтысады. Сайқал қызбен айтысында әуелі сыпайы түрде іліп, қағысып келіп, ақыры бірін-бірі батыра сынап жандарына тиетін өткір сөздер айтумен тоқтайды.

Міне, осындай серілік ойын-сауықпен жүрген шағында Жамбылдың жеке өмірінде бірқатар драмалы оқиғалар да болады. Шапыраштының ішінде бір тойда Қыдырма деген кісінің әрі сұлу, әрі әнші, қызы Бұрым кездесіп, бірін-бірі ұнатады. Ел жайлауға шыққанда Жамбыл қызды алып қашады. Қыздың қайын жұрты да, төркін жағы да мықты ата, жуан байлар екен. Екі жағы бірдей салмақ салып, бел көрсетіп тартысып келгенде Сарыбай бастаған Екейдің басшылары Жамбылды қорғап ала ал-

майды. Оның үстіне Жамбылдың қалыңмал беріп айттырып қойған қалыңдығы бар, қыз алып қашуып әкесі Жапа да ұнатпайды. Ағайын алдында бір оғаш іс болып көрінеді. Екеуі қосыла алмай, қызды зарлатып, бір тоғыз айыбымен айырып әкетеді. Сүйгеніне қосыла алмай айырылысу Жамбыл ақындығына үлкен ой салады. Сондықтан да алғашқы махаббат тақырыбына жырланған көркем өлең Бұрым қызға арналады:

Айрылдым арманменен қайран, Бұрым,  
Айдай ед толықсыған аппақ нұрын.  
Алдандым. аяғымды шалыс бастым,  
Білмедім жан ашымас аға сырын, —

деп, бір жағынан, Бұрым сұлуға деген арманын шертсе, екінші жағынан өзіне қорғаныш, медеу тұтқан Сарыбайдан түк жәрдем көрмеген өкпесін, күйінішін сездіреді...

Осыдан кейін Жамбыл амалсыз әке, ру заңына бағынып, өзіне айттырған Орынбек қызы Момынға үйленеді. Одан Қожас, Қожамберді, Қожақ атты үш ұл туады. Қожас едәуір ақын болыпты. Бірақ Жамбыл оның ақындығын ұнатып жол, бата бере қоймаған. Момын ерте өліп жас балалары үлкен шешесі Ұлданға қарап қалады. Бұл Жамбылдың 30-дың шеніне келіп ақындық аты шығып, ел кезіп өлең айтып, отша жалындап жүрген кезі болады. Жамбыл енді бұрынғы Бұрымнан күдер үзгесін ендігі бір кездескені Албан ішінде Нұрбек байдың Сара деген сұлу қызы болады. Қыз Жамбылға жай сыртқы көркімен ғана емес, шырқап, құйқылжытып салатын әншілігімен, он саусағы мың бұралып ойнайтын домбырашылығымен, ашық мінезді, өткір сөзді шешендігімен аса қатты ұнайды. Ол ойын-сауық той болған жердің көркі, думаны сияқты. Сол ақындық, әншілік өнерін ортаға салып ерекше жұрт көзіне түседі.

Жамбыл осы қызбен жақын сырласып сөйлеседі. Сұлу ән мен күйді жанымен сүйген Жамбыл Сараға ең тәтті жырларын арнайды. Сараны алмақ болады. Бірақ ол талабы да іске аспайды. Бір тайпа елге әмірі жүріп тұрған Нұрбек бай қызын көптеп қалыңмал беріп айттырған бір байдың мырзасына ұзатады. Қыз күйеуін сүймейді, ұзатылып барған жерінде де Сара бұрынғы әншілік өнерін қалдырғысы келмейді. Қыздың топас күйеуі әнші Сараны ұрып, қорлық көрсетіп ұстайды, ақындығына тыйым салады. Осындай халде. Жамбыл қыздың ұзатылған жеріне де іздеп барады. Қыз күйеуінің ырқына көн-

бей азатыққа талпынады. Ақырында күйеуі қызды қорлап, ұрып өлтіреді. Бұл аянышты хабар Жамбылға да ауыр соғады. Қыздың өліміне арнап өлең шығарады. Сараның тірі күнінде салатын «Угәй» атты сұлу әнін айтып өзінің жырымен бірге қалың елге жаяды. «Сол ән жүрегімнен мәңгі орын алыпты, әлі есімде», — деп 1940 жылы тағы да есіне түсіріп Тайыр екеумізге әңгімесімен бірге өлеңін айтып берді:

Нұрбек байдың қызы едім, атым Сара,  
Жеке келген бәйгеден мен бір дара.

Ай, угәй-ау, әюгәй.

Өзің білмей кісіден жөн сұрасаң,  
Қайда кеткен ақылың байғұс «бала».

(қайырмасы)

Әбсар барсаң, әбсар бар, қызылжар бар  
Өзім сылқым, өзім сал мен кімге зар...  
Шыңға біткен біреудің шынарымын  
Көленкемнен аулақ жүр, менде нең бар?

Ақын қыздың өліміне күйініп, оның әкесіне, жауыз күйеуіне, әйел қауымын құлдықта ұстаушы сұм дүниеге лағынет айтады.

Жамбыл мұнан кейін Қанымжан Итқарақызына үйленеді. Қанымжаннан — Алғадай, Шымбай, Ізтілеу, Тезекбай атты балалары туған. Алғадай мен Ізтілеу Отан соғысында қаза тапты. Шымбай да, шешесі Қанымжан да ертерек өледі. Жамбылдың ең кенже, жақсы көретін, өзінің қолында ұстап қалған баласы Тезекбай — 1916 жылы туған. Сөйтіп, Жапа, Жамбылдан өрбіген ұрпақ (Жамбылдың бала, немерелері де бар) 50—60-қа жетеді. (Ескерту: Е. Ысмайылов бұл еңбегін 1963 жылы жазған.— *Ред.*).

Жамбылдың үй тұрмысындағы мұншалық өзгерістер, көп семьялы жандар, әрине, ақынның тіршілік күйіне де ауыр салмақ болып отырады. Ақындықпен тапқан азынаулақ мал, дүниесі үнемі жетпей, Жамбыл кедейлік жоқшылықтан құтыла алмайды. Осындай үй тұрмысы, балашаға, қатын-қалаштың қамы оған ауыр салмақ салса да, оның ақындық жолдағы өрісі, өнері тоқтамайды.

Ақынның жасы отыздан асады. Ол өткен өмірі мен заманына, келешегіне көз сала бастайды, ел көзінде



ауыл-аймақ, бала-шағаның алдында енді ол өзін де, сөзін де салмақты, тиянақты ұстауы тиісті. Сүйінбай болса қартайды, тұғырдан түсті, Жетісудың атақты деген ақындарының көбі қатардан қалып барады, енді Жамбылға өзінің ақындығын халыққа танытатын уақыт жетті. Оның үшін топқа түсіп белгілі ақындармен айтысу қажет, ұсақ жырдан оқиғалы дастандар айтуға көшу керек, желілі жыр, ел тарихының айнасы екенін анық сезе бастайды. Көзге түсетін ақындық майдан — жиын, той үстіндегі айтыс. Міне, осындай талапта Жамбылдың ақындық өміріне белес болған үлкен оқиға Құлманбетпен айтысы.

1881 жылы Іле өзенінің бойында (осы күнгі Іле станциясы тұрған жерде) болыс аралық үлкен жиын шақырылып, Албан, Дулат, Жалайыр, Үйсін, Шапырашты болып бас қосып, жиында ақындар айтысады. Құлманбет жиналған ақындардың ішіндегі жасы үлкені де және даңқы шыққан жүйрігі де. Бұрын талай айтыстарға түсіп, Тезек төренің алдында Орта жүзге әйгілі Найман Түбек ақынмен де, Жанақпен де, Жалайыр Бақтыбаймен де, Шапырашты Сүйінбаймен де айқасып, үлкен сындардан өткен. Ойы орамды, тапқыр ақын қарсыласын сөзбен бұрып, тез тайқайтып тастайды екен. Сондықтан «Құлманбет» атанған.

Осы Іле бойындағы жиында Құлманбет тоғыз ақынды кезек жеңіп, домбыраларын керегеге таңғызып, айтысар ақын бар ма? — деп асқақ сөйлеп, адуындап отырды.

Жиында отырған Шапыраштының бірқатары сенімен Жамбыл айтысады, байқап сөйле дегенде Құлманбет Жамбылды естіп тіпті көтеріліп кетеді. Шапырашты Жамбылды алдыртып, Албан, Дулат жағы Құлманбетті көтермелеген айтыс қыза түсіп үлкен егеске айналады, екі жағы қосылып, 300 сом бәйгі тігіледі. Құлманбет:

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,  
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.  
Ақын болса қайда отыр ол немесі,  
Көрелік оны неге ардақтайды.  
Құдеке, кісі жібер Жамбылыңа,  
Жамбылды болар ма екен алдыруға?...  
Тең жорға төрт аяғым бірдей шалыс,  
Менімен жарар ма екен салдыруға?...  
Өлеңші толып отыр көбелектей,

Тоғыз ақын толғанып төңіректей.  
Тоғыз тұрмақ ақының он бір болса,  
Немене бәріңді де басып өтпей, —

деп, Жамбылдың келу алдында өлеңмен айбат шеге, өзінің ақындығын мақтан етіп сөйлейді.

Жамбыл Құдайбергеннің шақыруымен келіп, қолдау көрсе де Құлманбеттің даңқынан, сөзінің аяқ алысынан қатты сескенеді. Әу дегенде Жамбыл бірден көсіліп кете алмай, аузына жөнді сөз түспей бөгеле беріпті. Сонда Құлманбет: «Тайпақ кара, кіргеннен үндемей тілің байланған неменесің, үлкенге сәлемің жоқ», — деп бір қағытып өтеді де:

«Болғанда мен ақ сұңқар, сен бір тауық,  
Сен әтеш айғайлағыш ауық-ауық.  
Болмаса аты шыққан Сүйінбайын,  
Басқасын қою керек жылы жауып.  
Ажал түртіп жүрмесін андамастан,  
Оқтаулы ақ беренге қарсы шауып»,—

деп тағы да серпе сөйлеп, Албан, Дулаттың байларын, билерін мақтап кетеді. Кезегінде Жамбыл да Құлманбет сөзінің осал жерін байқап, буынын бекітіп алып, «Қарасайлап», айғайлап, көтеріліп қыза сөйлеп бүкіл елге қорған болған елінің батырларын айтып Құлманбет мақтаған байларды «өңкей сасық, қолдарынан түк келмеген», «өңкей ақымақ есек» деп, өлтіре сықақтайды.

Құлманбет өз елінің байларын бұрынғыдан да асыра мақтай бергесін, Жамбыл Сарыбайдың, Өтегеннің, Сұраншының жорықтағы соғыстарын біраз баяндап өтіп, Албан елінің надан екенін, Шапырашты адамдары Алматы шаһарымен байланысты өнеркәсіп жолын қуғандығын біркелкі мақтан етеді.

Біздің елдің адамы өнері асқан,  
Өнерімен талайдың көңілін басқан.  
Жерді көрген, ел көрген, қала барған,  
Бір кем емес, байыңнан асып, тасқан.  
Алматының шәһәрінде  
«Көк күмбез» үйді салдырған.  
Қарасаң көзді талдырған.  
Арғы шетін айтайын:  
Қызылжар мен Семейден,  
Мына шетін айтайын:

Ташкент пенен Наманған,  
Әндіжан мен Марғұлан,  
Ақша деген неменді  
Қапқа салып алдырған.  
Жігіттер бар жетілген,  
Орыс, қазақ ұжым боп  
Тізе қосып бекінген.  
Бұларды айтсам мақтанып,  
Жерім бар ма шалдырған, —

деп, сауда, кәсіппен айналысқан қала тіршілігін, феодалдық ауылдан гөрі капиталистік қарым-қатынастағы жаңалықты мақтайды.

Ақырында Құлманбеттің түбі Арғын, ұрлық жаласымен ауып келгенін, басы жалтыр екенін жанына батыра айтқан Жамбылдың сөзіне ызаланған Құлманбет домбырасын бұрап-бұрап алып, ақыра бергенде, домбыраның шегі үзіліп кілт тоқтап қалады. Жамбылды қолдаушылар: «домбыраң қирап үнің өшті, Жамбыл жеңді», — деп, 300 сомды алып шығып кетеді. Жамбыл айтады: «Шынында Құлманбет өте күшті ақын еді, бірақ бұл жолы маған абырой болып, оның осал жеріне тиіп жеңіп кеттім».

Құлманбетпен айтысы Жамбыл ақындығының жаңа бір биік белесі. Ол нағыз ақындық өнердің ашық майданында, жеке айқасқа шыққан батырдай әйгілі ақынды жеңіп, енді ірі ақын қатарына қосылады. Құлманбетті жеңген Жамбыл атағы бүкіл Жетісу еліне тарап, «Сүйінбайдың орнын басты» деп естіген жұрт аңыз етеді.

Осыдан бастап Жамбыл ірі айтыстарға үнемі араласып, төселген алғыр айтыс ақыны болады. 1895 жылы Сарыбас ақынмен айтысып, оны жеңеді. 1989 жылы қырғыздың Оразалы деген күйшісімен күй айтысына түсіп, одан жеңіледі. 1902 жылы Жалайыр Досмағанбет ақынмен, 1909 жылы Арғын Шашубай ақынмен айтысып, бұлардың бәрінде де жеңіп отырады. Мезгілінде жатталып, есте сақталмаған Жамбылдың басқа да талай айтыстары болған, алайда Жамбылдың шығармашылық өмірінде елеулі орын алған, ақындығын қалың елге жайған, шәкірттері жаттап таратып әкеткен ең ірі айтыстары осы аталғандар.

Жамбылдың айтыстары, ол айтыстарды дамытып айту өнері ақынның идеялық, шығармашылық жолдағы

өсуінің жаңа бір кезеңі, көлемді эпостық жыр жасаудың алғашқы адымы болып саналады.

Жамбыл бірнеше үлкен айтыстарда өлең, жыр айтқан. Соның бірі 1890 жылғы өз туысы Сарыбайдың асы. Сарыбай Айдосұлы 1890 жылы сәуірде қайтыс болып, асы осы жылдың орта шенінде Алатауда, Ұзынағаш бойы, Үлкенсаз деген жерде өтеді. Сарыбайға арнаулы жоқтаумен некролог жазылған (Қараңыз: «Дала уалаяты» газеті, 1890, № 27).

Жетісу, Қырғыз елінен көп халық жиналып, көптеген ақындардың басы қосылған. Жамбыл осы аста айтқан жырларында жиналған топты шешендігімен және тапқыр сөзімен, сыпайы, әдепті мінезімен өзіне қаратып, ақындығын танытады. Әсіресе Жамбылдың ақындығына ол кезде қартайған Сүйінбай да, Майкөт, Майлықожа, Бактыбай сияқты аға ақындар — бәрі де ырза болып, түгел батасын береді. Бұл, Құлманбет айтысынан кейінгі Жамбыл ақындығының жұрт алдында танылуының екінші бір үлкен кезеңі.

Жамбыл ақындығының бір саласы жыршылық — яғни ел аузындағы желілі жыр, әңгімелерді, дастандарды, ертегілерді жаттап, өз өңдеуінен өткізіп айту. Жамбыл қазақтың тарихына байланысты аңыз, шежіре әңгімелерді көп білетін еді. 1940 жылы әңгімелескенімізде — оның білетін тарихи шежіре, ертегі, әңгімелерінің аса мол екені көрінді. Ақын қазақтың үш жүзге бөліну жәйін, Әз Жәнібек, Асанқайғы, Жиреншелердің әңгімелерін айтатын. Онан кейін Үйсін Төле бидің өміріне де тоқталып. Абылайдың қырғызға жасаған жорығының қаталдығын, оны Алатаудан асырмай жорығын тоқтатып ақылға салған Төле мен Бұхар жырау екенін, қырғыз Атеке жырық пен Төленің арасындағы бітімді, татулықты жыр етіп сөйлейді. Міне, осындай ел тарихының әр алуан кезеңіне байланысты шежіре, аңыздарды Жамбыл өзінің сынды көзқарасымен жүйелеп айта білетін, оның ақындық ой дүниесінде алыс замандардың мол тарихи өмірі сыйып тұрғандай еді.

Қазақтың бұрынғы ертегі, батырлар жырынан, тарихи жырлардан да оның білетіні, айтатыны көп: «Нәрікбай», «Алпамыс», «Алатай Жапарқұл», қырғыздың «Манас» жыры, Орта Азия халқына ортақ «Көрұғлы» дастаны, және «Мың бір түн», «Шаһнама» хикаяларынан көп ертегі, дастандар; тарихи жырлардан: Өтеген батыр, Ерназар, Бекет, Саурық, Сұраншы тағы басқалар. Айтыс-

тардан: Тезек — Сүйінбай, Қатаған — Сүйінбай, Бақтыбай — Тезек, Құлманбет — Майкөт, Құлманбет — Жамбыл, Шашубай — Жамбыл, Сарыбас — Жамбыл, Шөженің қырғыз Бәйтiк батырға барғаны, Шөже мен Орынбай, Біржан мен Сара, Сүйінбай мен Майлықожа тағы басқалар. Қазақтың бұрын-соңғы жеке ақындарының өлең-жыр толғауларынан да Жамбылдың жатқа білетіндері көп болатын. Бұдан басқа халықтық шешендік тақпақтарынан, нақыл сөздерінен де, ел аузындағы мақал-мәтелдерден, күлдіргі сөздерден де білетіндері аз емес еді.

Халықтың асыл сөз қазынасын көп жаттап, көп айту ақынның ой-өрісін, ақындық өнерін үнемі кеңейтіп, дамытып отырған, тарихи әңгімелерді, халықтың ауыз әдебиет қазынасын көп біліп, шығармашылық жолмен меңгеру — Жамбылды өз ортасындағы ақындардан анағұрлым ілгері, жоғары көрсетіп отырды. Сөйтіп, Жамбыл айтыс өнері мектебінен, жыршылық мектебінен өтіп, енді өз жанынан ірі дастандар шығарып айту дәуіріне келеді. Бұрын Сүйінбайдан тағы басқа ақындардан естіген Сұраншы, Өтеген, Саурық батырлар жырын өзінің жаңа, тың сюжетімен жырлауға кіріседі. Оларын революцияға дейін толық дастан етіп жырлай алмай, не жоқтау, не дастанның бір бөлегі ретінде ғана жырлайды да, толық тарихи эпикалы поэма етіп кеңес дәуірінде аяқтайды.

## ҮМІТ, АРМАН ДҮНИЕСİNДЕ

**Ж**амбылдың революция алдындағы біраз жылғы өмірі ең ауыр, мазасыз кезең болып өтеді. Өз өмірінің жоқшылығы, халықтың басындағы аянышты хал және алпысты нықтаған кәрілігі бәрі ақынды қатты жүдетеді. Ақын ел ішіндегі үстем таптың қиянатына, штат, сайлау, жесір дауы сияқты елге залалы көп партиялық, рулық жанжалдарға қарсы шыққысы келеді. Бірақ мұндай әрекеттерінің мың да бірі ғана іске асады. Елдегі дау, жанжал, партиялардың түйіні бай, феодалдардың, болыс, билердің дегенімен шешіліп отырады. Тіпті өзінің «жақын» деген адамдарына да сөзі өтіп айтқанын істете алмайды. Сарыбай өлгесін оның баласы Қиыспай және Сүйінбайдың баласы Майлыбай елдің атқа мінер пысықтары болады. Бұлар болыстық, билікті, ел тізгінін қол-

дарына ұстап, параны судай сапырып, кедей, төмен аталы ауылдарға қатты тізе батырады, есе бермейді. Міне, осыған келгенде Жамбыл шыдай алмайды, жақыным деп қарамай олардың қиянатына қарсы шығады. Бір сайлауда кедей ауыл, төмен атадан болыстыққа шарға түскен адамды жақтап, Қиыспайдың партиясына қарсы ашық күреске араласқанда Жамбылға біреулердің тілі тиеді. Артынан татулыққа келгенде Жамбыл қынжылып:

Сәдібектен бөлініп болдым саяк,  
Жазықсыз жамандардан жедім таяк.  
Түбі бірге болған соң түртпейсің ғой,  
Пәлені жаудырып ең аямай-ақ, —

деп, өзінің осы тартыста жеңілгенін, тілі тиіп «жақындарынан» қорлық көргенін, әділдік үшін қанша алысам дегенімен дәулеті, беделі, билігі барлар дегенін істемей қоймайтынын мойындайды. (С. Бегалин. Қолжазбасы, 135—136-беттер).

Жер дауы, жесір дауы, жерінен айрылған кедейдің мұңы, байдан қорлық көрген жалшының зары, патша ұлықтарының елге істеген лаңы, бәрі ел өміріндегі қалыпты, үйреншікті оқиғаға айналады... Ел өміріндегі осы шындықтың бірқатары Жамбылдың Досмағанбетпен айттыс жырында бейнеленеді.

1913 жылы Романовтар тұқымының таққа отырғанына 300 жыл толған мерекеді Жетісудағы ақындарды уездің бұйрығымен Алматыға жинайды, мерекенің құрметіне көрме ұйымдастырылады. Бастығы Жамбыл етіп 15 ақынды бір үйге қамап қояды. Уезд бастығы Диханов қасына тілмаштарын ертіп, мас күйінде ақындар отырған үйге келіп: патшаны мақтап жөнді өлең айтпадыңдар, бет-бетіңмен тарап кетіпсіңдер деп, қыран шапқандай боқтап, Жамбылды сабайды.

Жамбыл шыдамай:

Әділі жоқ уездер,  
Әділетін бұзады.  
Ақ таяқты айланып,  
Есігінде тұрады.  
Жазығы жоқ Жамбылды  
Төбеге келіп ұрады.  
Басында сөзін ұқпадым,  
Ұқпағаннан бұқаным,

Қайдан бағып отырам  
Аш ақынның ас іздеп  
Қаңғырып сыртқа шыққанын, —

дейді. Бірақ ұлық ақынға зорлап өлең айтқыза алмайды. Осы келгенінде ақын «Үстепкеге» деген өлеңін шығарып, мұндай қызық жиын көргеннен үйде жатқаным артық деп, ұлықтар қорлаған, халықты алдап ұйымдастырған көрмені жақтырмайды. Осындай халдерді көріп ызаланғанда болмаса Жамбыл енді көсіліп жыр, өлең айтпайды. Үнемі өзінің кәрілігін, тұрмысының ауырлығын ойлап, ел аралауын сиретіп, үйінде жатып, жасынан үйренген ескі күйлерін тартады. Ол күйлер ел тарихының ауыр шерін, ауыр күйіктерін немесе бұлдырап қарасын үзіп жоғалған кәрі дүниенің ішінен көңіліне медеу тапқандай кейде ерлік сарындарын көз алдына әкелгендей болады.

Ол кезде Жамбыл 20-дан артық күй тартады екен. Солардың ішінде әрқайсысы бір хикая, дастандай: «Батыр қалша», «Бозінген», «Кертолғау», «Теріс қақпай», «Асанқайғы», «Сұрмерген», Қырғыз Мұраталының күйі», «Өзбек күйі», «Көрұғлы», «Ыңғай ток», «Ұран» тағы басқалар болады. Жамбылдың балалары мен жақындарының айтуына қарағанда, күйді көбінесе тарыққанда, өлімді ойлағанда, ренжігенде көңіл шерін тарқататындай болып тартады екен. Сол күйге көбірек салынған кезі 1915—1916 жылдары болады.

Қатал заманы, өмір соқпағы ақынды қатты қажытады. Замана жайын күңірене толғайтын күйлер шерткенде жақсылық, әділдік, ізгілік дүниені мұнартқан көк тұман ойдың аржағынан, екінші бір елестен іздегендей. Желмая мініп Сарыарқаны жортқан Асанқайғыны, дүниенің төрт бұрышын кезіп өлімге қарсы айла іздеген Қорқытты, ботасын жоқтап зарлаған Бозінгенді, өз ұлын өзі қапылыста атып салып зарлаған Сұрмергенді еске түсіреді. Осылардың сарынымен халқына қоныс іздеген «Өтеген батырды» жырлайды. Ақын халықтың қайғылы көңілін сергітерлік әңгіме, күйлерді, бақыт туралы аңыздарды айтып, толғанады. Бұл дүние жүзілік қырғын соғыс жүріп жатқан дәуір еді. Осы кездегі өмірі туралы өзі былай дейді:

Кесілген бас, аққан қан,  
Ел жүрегін шошытып.  
Қора-қора адамды

Күнде айдады тоғытып.  
Көлге айдаған қойдай ғып  
Қызыл қанға обытып...  
Соғысқа болыс болысып  
Малы бардан мал алды,  
Малы жоқтан жан алды,  
Аралдағы қояндай  
Ел топанға қамалды...  
Қажығанның үстіне қанды соғыс,  
Жығылғанның үстіне жұмырықтап, —

деген өлең жырымның бастамасы болды.

Революция алдындағы өз басынын осындай ауыр халін кейін жырлаған «Әлемде бір жұлдыз бар» деген белгілі толғауында да кең елестетеді.

Зарыққан соң ағайын,  
Сарғайтып жүзді сары уайым,  
Мұңға толып сарайым,  
Шолды көзім жан-жақты.  
Аспан нұрсыз, жер үнсіз,  
Қара бұлтқа ай батты...  
Көріксіз жаз Құлансаз,  
Суы құрып, сай қапты,  
Судырамай құрағы,  
Сарқырамай бұлағы,  
Қарт бурадай түнеріп,  
Тілсіз бейне бір өлік —  
Жым-жырт шөгіп тау жатты.  
Баспанам жыртық ылашық,  
Шығарға күш жоқ қыр асып,  
Көріп ек мұндай аймақты.  
Ыза кернеп бойымды,  
Сан толқытып ойымды,  
Зығырымды қайнатты!  
Жан шыдар ма күйінбей,  
Күңіренген ел үніндей, —  
Жамбыл күйін аңыратты...

Жамбыл қайғысының негізгі сарыны ел өмірінің осындай ауыр жағдайынан туып отырады. Ақынның өз күн көрісі бұрын қандай жоқшылық, кедейшілікте өтсе, енді онан да ауырлай түседі. Бұрын албырт жас, қарулы жігіт кезінде өз тіршілігінің өмірі өз қолында тұрғандай сенетін ақын, енді қартайғанда күш, қуатының кеми



бастағанын да аңғарады. Күнелтер малы жоқ, бүгінгі күннен ертеңгі күні қорқынышты болып елестейді, домбыра алып ел кезуге кәрілік зілдей басып меңдетіп барады. Көз алдында: қайыршылық, аштық, оның ар жағында мұз құшақ қара жер — «кел» деп қойнын ашқандай, суық түсті жалмауыз өлім елестейді. Қартайған сайын адам өлімге бір адым ілгерілей беретінін сезіп, өткен өміріне белгілі бір қорытынды жасағандай.

Кәрілік жасқа жеткен адамның мінезі көп өзгереді, мүләйім балалық мінезге ұқсас жақтары көп болады. Ол тіршілік дүниесінен гөрі ой, қиял дүниесінен көңіліне үнемі жұбанарлық медеу, таяныш іздейді. Ол сүйеніш, медеу — өлмейтін өмір туралы Асанқайғы арман еткен аңыз күйлер болады. Жоғарыда аталған күйлерді бірде аянышты, өкінішті өлімге байланысты («Бозінген», «Сұрмерген» сияқты) сарын, аңызбен тартса, бірде алыстан күткен қиялмен, арман еткен үмітпен («Асанқайғы», «Ұран» сияқты) тартады. Қатал заман алдында өлімге ақын бас иіп, мойын ұсынғысы келмейді.

1916 жылы империалистік соғыс майданының қара жұмысына Орта Азия халықтарынан жігіт алу туралы 25 маусымда патшаның жарлығы шықты. Қазақтың байлары мен болыс, билері, патша әмірін бұлжытпай орындауға жәрдемдесті. Майданның қара жұмысына кедей мен жалшылардың балалары алынатын болып, байлардың балалары малының күшімен, парамен бармайтындығы көрінді. Жігіттерді майданға қару беріп, солдат ретінде де алмай, құр қол тұтқындағы адамдардай айдап әкетіп болды. Еңбекші халық патша өкіметі мен болыс, билердің бұл қылықтарына қатты наразылық білдіріп, Қазақстанның барлық жерінде қарулы көтеріліс жасады. Жетісуда көтерілісті атақты Бекболат батыр, шапырашты ішінде Жамбылдың ақын шәкірті — Мақыш батыр бастайды.

Осы көтеріліс кезінде Жамбыл бір сергігендей, атқа мініп, жұрттың жиын жерлеріне қатынасып, елдің патша өкіметі мен болыс, байларына қарсы толқынын, болыс, билердің опасыздықтарын, Алматыдағы ұлықтардың елге қаталдығын көріп біраз ызалы сөздер айтып, «Зілді бұйрықтар», «Патша әмірі тарылды» деген өлең, жырларын шығарады:

Көген көзді қосақтап,  
Қалай қиып берерміз?!

Көздің жасы моншақтап,  
Көңіл шер боп өлерміз.  
Көк жайлауды қалдырып,  
Қайда көшіп кетерміз?  
Көкіректі зар қылып,  
Қорлықпен қайтып өтерміз?!

Ақын ел басына түскен ақыр замандай ауыр салмақ, қнын халді, қорлықпен, құлдықпен өтер өмірді айтып елмен бірге қабырғасы қайысып қайғырады.

Халықтың көтеріліс бастар алдындағы толқынын сезіп, елге сөзі өтімді бір топ ақынды (ішінде Жамбыл бар) Алматының уездік әкімдері қалаға жинатып алып, атқораға қамап қойып патшаны мақтап, жарлықты орындау туралы халыққа үгіт айтасындар деп бұйырады. Өздерін қара наннан басқа түк бермей ашықтырып, қатты қорлайды. Бұл туралы ақын өзі былай дейді:

Ақыны, әнші, күйші қыруар жан,  
Аймағын Жетісудың жинап алған,  
Сабаннан төсек, ерден жастық етіп,  
Жатарға жай салғызды ат қорадан.  
Сорпасы капустаның ыстығына  
Сөткеге — бес кісіге бір қара нан...  
Үгіт айт, патшаны мақта, — деді,  
Болып жатқан соғысты жақта, — деді...  
Ол айтты, тіл кескендей үндемедім,  
Ол жиыннан табылмай бір керегім,  
Ақын, жыршы топырлап жеті жаттық.  
Түсінгенім болмады мүлде менің.

Әрі қорлап, әрі қорқытып бұйырумен ұлықтар ешбір ақынды жырлата алмайды. Бұл сияқты қысым жасау — ақындық талантты, шығармашылығын тұншықтөру әрекеті еді. Сезім, шығармашылық еркіндік берілмеген жерде ақын жырлай алмайды. Оны Жамбыл әбден түсінеді.

Жамбыл 1916 жылғы тарихи қозғалыстың ішінде болды, халықтың патша өкіметіне қарсы көтерілісін қолдады. Жетісудың әр жерінде болған көтерілісшілердің ерлік күресіне ақын зор үмітпен қарады. Ол көтерілістің алғашқы кезінде бұрынғы Сұраншы, Саурық батырларды еске түсіріп, ашынған ел, ашулы ерлер — патша өкіметін әлсіретіп, елге аз да болсын кеңшілік сәулесін тудырар деген үмітте болды. Бірақ көтеріліс ұзаққа бармады, жер-жерде жеңіліс тауып Бекболаттар қолға тү-

сіп, халық көзінше Алматыда дарға асылды. Патшаның жазалаушы әскерінің қырғынына, талауына ұшырап, іргесі қозғалып, қоныс мекенін қалдырып Қытайға, Алатау асып босқынға ұшырады. Міне, осы кезде Жамбылдың ызасы мен күйігі күшейе түседі, қырылған, шабылған ел мен өз жүрегінің күйін ұштастырғандай, Бекболат сияқты аяулы ел ұлдарының кегін жоқтағандай, ол енді еркіндікті аңсау үмітіне беріледі. Ел басына түскен осынау апат, қыспақ заманды ашынған халық жоятынына сенеді.

## ЖАҢА ЗАМАНДЫ ҚАРСЫ АЛУ

Социалистік революция заманы 1917 жылы туды, ескілік, жауыздық атаулы ойран болып, әлемге жарық күн, бостандық нұры келді. Халықты құлданған патша тақтан құлады, бұрын елге қатал әмірін жүргізген әкімдер, ұлықтар (болыстар, ояз, губернаторлар) жазаға тартылып, жойылып жатты. Езілген, қорлық көрген қалың бұқара сілкініп теңдік күнді қуанышпен қарсы алды. Ғасырлар бойы құқықсыз, патшаның қанды шеңгеліне жаншылып зар жылап келген қазақ сияқты сорлы халықтар бостандық алды. Қуанбаған, шаттанбаған халық қалмады. Халықпен бірге Жамбыл да қуанды.

Жамбыл осы кездегі өмірі туралы былай дейді:

Кім болмақ ызаланса елден күшті?  
Жамбыл қарт жетпіс екі жасағанда,  
Николай ұрған доптай тақтан ұшты.  
Жарқырап бостандықтан сәуле түсті.

Ақын халық теңдігінің, халық бақытының қорғаны қызыл армияның жеңісін көзімен көріп, оларды құттықтап қуанышпен қарсы алады.

Жамбыл қайта жасарғандай бойына қуат бітеді. Еліміздегі орасан ұлы қоғамдық, мәдениеттік өзгерістер Жамбыл сияқты талантты ақындардың шығармашылық өмірінде де басталды.

Расында, Жамбылдың Ұлы Қазан төңкерісіне дейінгі ақындық, шығармашылық өмірі — шын мәнінде өз кемеліне жетіп өрлеп, бүкіл қоғамдық тарихи құбылыстың белгілі бір дәуірінің бейнесін берерлік дәрежеге көтеріле алмағанын жақсы білеміз. Ақынның талант өрісі де, білім санасы да тар аумақта болды. Айтыс, жеке шағын

жырларында Жамбыл өмірдің шындығын қаншалықты талпынып жырлағаны келгенімен, бірақ оны түйіндеп бере алмады.

Мұның екі түрлі себебі бар еді. Біріншіден, ескі қоғам құрылысында халық ортасынан шыққан таланттар шығармашылық қанатын кең жая алмай тұншығып өтіп отырды. Сондықтан ақын:

Жамбылдың жыр төгілген тілін байлап,  
Үніне туған елін сағындырған, —

деп өмірінің өткен шағына қатты өкінішпен баға береді. Жамбылдың өткен өмірінің кезеңдеріне қарасақ әр мезгіл еркін жырлаудан гөрі ру басы, бай, билердің, уездік ұлықтардың үнемі қысым жасап, еркін қанаттанып, жырлауына жол бермегенін көреміз. Екіншіден, Жамбыл кеңес дәуіріндегідей дүниежүзілік саясат, оқиғаларды білгерлік дәрежеге жетіп, Мәскеу, Кавказ сияқты алыс жерлерді аралап, ой-өрісін кеңітерлік тәрбие, құрмет көрмеді. Оның ең көп аралаған жерлері — Оңтүстік Қазақстан, Жетісу облысының жері, Қырғыз елі ғана. Ел аралағанда өзіне бел қылып сүйенем дейтіні, алысқа барса мақтанатыны — өзінің Шапырашты руы, соның батырлары ғана. Феодалдық-патриархалдық ауыл жағдайында ақынның дүниеге көзқарасы, өмірді тануы тым тар аумақта қалып қойды. Сондықтан да Жамбыл ірі дастандарын патриоттық идеямен түйіндеп жырлай алмайды.

Жамбыл қазақ халқының теңдік алғанын, қазақтың жалпы кедейлері, әйелдері қатарға қосылып адам болғанын зор қуанышпен қарсы алады... Енді өмірді жаңаша терең ұғынып жырлауға кіріседі.

Жетісуда Кеңес өкіметі орнаған соң Жамбыл кедейлер атынан ауылдық жерде кеңес өкіметінің жүргізген саяси, шаруашылық шараларына болысып, жүзеге асуына белсене жәрдемдесіп отырады. Кеңес өкіметі заңның кеңшілігімен байлар, атқа мінер қулар, бұзықтар пайдалануына Жамбыл қатты назар аударады. Алматыға, Жетісу еліне келген кеңестің басты қызметкерлерінің қандайына болсын, жолығып кеңесіп, кеңес өкіметінің жолы, заңы жөнінде түсінік нұсқау алып, ол заңның әсіресе ел ішінде қалай іске асып жатқанын уәкілдерге айтып отырады. Уәкілдердің өткізген жиналыстарының, кеңестік сайлаулардың бірде-бірінен қалмайды. Жамбылдың революцияны күшақ жая қарсы алуына, идея-

лық шығармашылық өсуіне Алматыдағы белгілі революционер басшы қызметкерлердің (Виноградов, Тоқаш Бокін, Ораз Жандосов, А. Бәрібаев т. б.) қамқорлық көмегі үлкен болған. 1919 жылғы мамырда Жамбылдың белсене қатынасуымен өткен ақындар слеті туралы Жетісу облыстық атқару комитеті «Ақындар коммунистік партияның бағдарламасы мен қоғамдық идеяны халыққа түсінікті өлең жырмен айтып жеткізе алады» — деп жазған.

Жамбылдың 1920-жылдары Жетісуға келген Кеңес өкіметі уәкілдерімен жолығып, жақсы кеңескен адамының бірі атақты комиссар, жазушы Д. М. Фурманов. Жетісуда контрреволюцияшыл күштердің қалдығын жойып, кеңес өкіметін нығайтуда, кеңес ұранын еңбекші халық арасына жеткізіп таратуда Фурмановтың басшылық ролі аса зор болды. Бұл кезде Жамбыл кеңес өкіметі кедейлерді жақтайтын өкімет екенін жақсы біледі. Алайда өзінің қараңғы, саяси түсінігінің төмендігін сезіп ауылға (Ұзынағашқа) келген Фурмановтан көп жайды сұрап біледі. Ол кездесуін ақын өзінің «Большевиктік шындық» дейтін белгілі толғауында толық суреттейді...

1920 жылы Жетісу облысында, соның ішінде Ұзынағашта кеңес сайлауы өткізіледі. Сайлауға дайындық кезінде байлар, олардың құйыршықтары болыстыққа өз адамдарын өткізуге әрекет жасағанда, кеңес өкіметінің заңына арқа сүйеп, кедейлердің уәкілінен адам өткізуге Жамбыл белсене қатынасады. Халықтың қолдауымен Қордай еліне Кенен ақын, Қастек еліне әрі батыр, әрі ақын Мақыш болыс сайланады. Өзінің ең жақсы көретін екі шәкірт ақыны болыстық атқару комитетінің председателдері болып сайланған соң Жамбыл енді кеңес заңының ел ішінде жүзеге асуына бұрынғыдан да белсене көмек көрсетеді.

Бұл кездерде Жамбыл жалғыз өзінің шығармашылығымен ғана болып қоймай, өзінің төңірегіндегі Кенен Әзірбаев, Райымбеков Мақыш, Өмірзақ, Оспантай, Саяділ Керімбеков, Үмбетәлі Қәрібаев, Жақсыбай Жантөбетов, Қалқа Жапсарбаев, Кәндеков Есдәулет, Сатиев Әбдірғалы, Жартыбай Қырықбаев сияқты шәкірт ақындарының шығармашылығына да қатты назар аударады, оларды айтысқа да салып, топқа да түсіріп, өлеңдерін сынайды, әрқайсысына арнап тақырыптар беріп айтқызады. Бұл әсіресе Нұриламаен айтысында айқын көрінеді. Жамбыл Үмбетәлі мен Нұриланы айтыстырып қойып, өзі екі жағын да салмақтап сынайды, қарқындатып айтқы-

зып алып, екі жастың ақындығына да баға беріп, қорытынды жасайды. Немесе өзінің шәкірт ақындарын тосын жерден өзі өлеңмен қағытып алып ақындық шама-шарқын байқайды, Үмбетәліні ұйықтап жатқанда өлеңмен оятып сынап, ақындық өрісін сынайды.

Алайда Жамбыл ақындық жолында өзінің шәкірттерінің ішінен өз баласы Қожасқа аса бір сарандық істепті. Қожас өзі құрбы жастар арасында сенімі өткір, шешен тілді ақынның бірі болады. Қожастың өлеңіне сүйсінген жастар, жас ақындар: — Жәке, мынау Қожас домбыраңызды ұстауға жарады, батаңызды беріңіз депті. Жамбыл: «Мен өмір серік домбырамды ешкімге бермеймін, бұл өлгенде өзіммен бірге кететін кәрі серігім. Оны қолқаламаңдар. Жасымды жаңғыртып, жанымды сергітерім өлеңім ғой депті».

Әрине, Жамбыл ақындықты баласынан қызғанбайды, ол домбыраны тастап балаңа бер дегенге намыстанады, өйткені бұл кезде Жамбылдың ақындығы қайта көтеріле бастаған, шабыты оянып, жаңа өмір — жаңа шындық жөнінде көңіліне сан алуан қызық шығармашылық ойлар келеді. Сондықтан да бір өлеңінде «Октябрь көңіліме дүбір салды», «Сілкініп қырандай қомдандым» деп бейнелейді ақын өзін.

1921 жылы маусым айында Ұзынағашта Жетісудағы жалшы кедейлердің үлкен бір мерекесі болады. Бұл тойдың өтуі туралы 8 маусымда «Ақ жол» газетінде былай жазылған:

«Бірінші маусымда Алматы шаһарында 50 мың шамалы Жетісу еңбекшілерінің жалшы һәм шаруаларынан 300 уәкіл топталып, бір жұма жұмыс істеп, маусымның 8-інде Ұзынағашқа барыпты. Һәм 50 мыңға жақын жұрт жиылып 300-дей киіз үй тігілген. Еңбекшілер үлкен той жасаған. Жұрт болғалы мұндай той болмайды».

Тойға Жамбыл бастаған Жетісудың 19 ақыны келіп, бұл сықылды нағыз еңбекші халық теңдік алған заманның мейрамын көзімен көріп, қазақ халқының бостандыққа қолы жеткен қуанышын ерекше шабытпен жырлайды.

Осы тойда Жамбылмен бірге болған Кенен айтады: «Тойға Жамбыл бізден бөлек келіп, басқа үйге түскен екен, біз бір бөлек ақын Алматыдан келген Жандосов Ораз бастаған сыйлы қонақ уәкілдерімен бір үйде едік. Жамбыл біздің үстімізге кірмек болғанда, үстіндегі киімі жұпыны кәрі шалды, сырттағы милициялар үйге кір-

гізе қоймайды. Бірақ Жамбыл сырттағылардың қақпайлауына қарамай баса көктеп кіріп кетеді. Отырған жұрт, әсіресе ақындар бәріміз орнымыздан ұшып тұрып төрден орын бердік. Біз кезек жырлап отырдық, жырымызда кеңес өкіметін, кедейлердің бостандығын ардақтап жырлаумен қатар, жиын-той өткізгелі келген уәкілдерді де асыра мақтап отырдық. Бізден кейін Жамбыл домбырасын алып ұзақ жырлап кетті, кеңес өкіметі, Ленин көсем, қызыл әскер қазақ кедейлерінің қорғаны, қамқоры екенін кеңінен толғап айта келіп, кеңес заңын ел ішінде іске асыруға келгенде кейбір белсенділер көз бояйтынын, байларға бұрылып, кедейді сатып кететін фактілерді сынады, соларға тыйым салмадың, көрмедің деп Алматыдан келген уәкілдің өзін де жырмен түйреп өтті. Онан кейін уәкілді орынсыз жағымпазданып мақтағанымызды айтып сөзінің зілін бізге де бір тастағандай:

Жаным барда кеудемде,  
Сендерден кем болмаймын.  
Дүрілдетіп жер-жерде,  
Домбыраға қол соғып  
Иығымды қомдаймын.  
Тек кездесіп қалмаңдар,  
Ыңғайына сондайдың, —

деп отырған жұртты өзіне қаратып, ынтасын аудартып жырлап жөнелді. Біз өзін сынағанға уәкілдер ашуланып кетер ме екен деп қыпылықтап отырмыз. Жамбыл жырына уәкілдер де, біз де ырза болдық. Бұрын қандай турашыл болса Жамбыл бұл жолы да сол турашылдығымен топты жарып сөйледі. Осы жиында Жамбыл жаңа жырлармен қатар өзі білетін бұрынғы батырлар жырынан да айтты. «Көрұғлыны» бір күн, бір түн жырлады». Ташкеннен халық әдебиетін жинауға шыққан мұғалім Сарыбаев Шамғали да осы тойға қатынасып, тойдағы 19 ақынның да жырын тыңдап, айтушылардың ішінде Жамбыл секілді 70-ке келіп отырған белгілі арқалы ақын бар екенін айырықша атап көрсетеді. Әсіресе «Көрұғлы» жырын тамаша қызықтап, шеберлеп айтатынын, осы жиналған ақындар ескі жырмен қатар жаңа тақырыпқа арнаған «Карл Маркс өмірі», «Батырлық пен байдың айтысы» сияқты жаңа заман тақырыптары шығармаларын жырлағанын айтады (Терме, 1925, 54—59-беттер). Бұл той шынында да Жамбылдың шығармашылық жағынан айырықша бір серпілген кезін көрсетеді. Бірақ Жамбыл-

дың бұл кездерде жырлаған өлеңдерінің бірде-бірі жазылып алынбайды, тыңдаған адамдар тек жалпы мазмұнын, бірлі-жарым шумағын ғана есіне сақтаған.

1921—1926 жылдар арасында Жамбыл Жетісудағы елді аралап, өзінің бұрынғы жырларын да, жаңа кеңес тақырыбына арнаған өлең-жырларын да айтып таратады. «Қазақстан тойына» атты өлеңі сол кездегі кеңес тақырыбына арналған өлеңдерінің бірі сияқты, теңдік заманға қатты қуанған ақын:

Болайық өкіметке кедей ұйытқы  
Секілді, темір тіреу көпірдегі.  
Жарқырап тұла бойды шаттық кернеп,  
Ажарым шырайланды бетімдегі, —

деп, кедейлерді кеңес өкіметінің ұйытқысы болуға шақырады. Революцияның алғашқы кезінде мұндай кеңестік жырларды Иса Байзақов, Қайып Айнабеков, Төлеу Көбдіков, Кенен Әзірбаев сияқты ақындар да көптеп айтып таратты. Өздері хат білетін ақындардың бірлі-жарым өлеңі мезгілінде газет, журналдарда басылып немесе қолжазба күйінде сақталып отырса, ал Жамбылдың бұл кездерде айтқан мол жылрарынан «Қазақстан тойына» деген өлеңінен басқасы сақталмаған. Осы кезде Жамбылмен әр мезгіл кездесіп, мәжілістес болып жүрген адамдардың көбі (Н. Сауранбаев, С. Шәкіржанов, Кенен, Үмбетәлі т. б.) Жамбылдың бүгінгі өмірдің жаңалығын шабыттана мол жырлағандығын, Жамбылға Ілияс Жансүгіров те айрықша назар аударғандығын айтады. Бірақ Жетісу еліндегі ақындардың сөздерін көп жинаған Ілиястың Жамбыл жырларынан нені жазып алғаны бізге белгісіз. Әйтеуір Жамбылдың көп өлеңі жазылмаған. Алматыдағы «Тілші» газетінде де басылмаған. Мезгілінде жазылып отырмаса ауызша айтылатын өлең-жырлардың көбі авторлығын жоғалтып, халықтың ортақ шығармасына айналып отыратыны белгілі. Алайда Жамбылдың кеңес тақырыбына арналған кейбір күрделі шығармалары сақталды. Солардың бірі 1927 жылы жырланған «Замана ағымы» дастаны.

1927 жылы байлар, феодалдар өмір бойы жеке иемденіп келген мол, шұрайлы шабындық, егіндік жерлерді бөлу науқаны жүргізілді. Байлардың меншігінен алынып, кедейлер мен жаңа ұйымдаса бастаған артельдер пайдасына екі миллион 550 мың гектардан аса егіндік, шабындық жерлер бөлініп үлестірілді. Байлар экономикалық



жағынан қатты қысымға алынды. Кедейлер шұрайлы жерді пайдалана бастады, бұл науқанға қарсылық қылған байларға қатты соққы берілді. Ауылда қалың кедей жалшылардың саяси, таптық санасы, белсенділігі өсті.

Ұзынағашта өткен бүкіл бір уезд елінің басы қосылған жиналысында Жамбыл сөз сөйледі. Қалың жұрт ақылды қарияның тақпақтап соққан ұзақ жырын ұйып тыңдады. Мұның өзі қазақ тарихының екі дүниедегі өмірі туралы көлемді, желілі дастан еді.

Ақын сөзді өз өмірінен бастады, — сексен бірге жасым келді, көпті көрген көне едім, уа жұртым, менің көргенімді ғана тыңдармысың. Мен көзіммен көргенімді айтсам да сендерге толық түсінікті болар. Дүниеде өлмейтін пенде жоқ, азуын айға білеген талай-талай батырлар дүниеден өтті. Сүйінбай сияқты асқан шешен жүйрік те дүниеден өтті, олардан мен артықпын ба? Жок. Бірақ мен олардан дүниені көп көрдім. Олар бір ғана азап, қайғы дүниесін ғана көріп, зарлап, күңіреніп өтті. Мен екі дүниені көрдім, қайғылы заман дүниесін де, сонан кейін, міне, бүгінгі бақытты заман дүниесін де көрдім. Біздің жас, кәріміз болып арман етіп аңсаған бақыт күніміз, міне, бүгін кеңес заманы орнап отыр, тетігі қолымызда, осыны көрген Жамбыл қартта не арман бар! Бүгін өлсем де арманым жоқ. Енді өткен күнім мен бүгінгімнен айтып өтейін деп, ақын домбырасын шертіп жырды бастап жөнеледі.

Замана жайы — терең сыр,  
Замана жыры — бітпес жыр, —

деп, қазақ халқының басынан кешкен екі дүниесін ақын кезіп жүре береді. Халық таудан құйылған тасқындай жырды ұйып тыңдады. Ақын жырын оқушы жастар мен мұғалімдерден бірнеше адам үлгіргенінше жазып отырды. Жамбылдың бұл жыры өте ұзақ екен. «Замана ағымы» сол ұзақ жырдың бір ғана саласы сияқты. Жамбыл поэмасының тақырыбы мен идеялық мазмұны осы дәуірдегі қазақ кеңес поэзиясына ортақ еді. С. Мұқановтың «Октябрьдің өткелдері», А. Тоқмағамбетовтың «Еңбек жыры», Иса Байзақовтың «Ұлы Октябрь», Қ. Әбдіқадіровтың «Жалшы», С. Дөнентаевтың «Он жыл» атты шығармалары революцияның езілген еңбекші халыққа әперген теңдігін бейнелейді. Осы поэзиялық шығармалармен үндес «Замана ағымы» дастаны Жамбыл шығармашылығымен қатар қазақ әдебиеті тарихындағы кеңес тақыры-

бына арналған ең алғашқы елеулі шығарманың бірі. Сонымен бірге ақын осы дастанымен кеңес дәуіріндегі он жылдық шығармашылық өміріне қорытынды жасайды.

## ҚАНАТТАНУ

**Ж**иырмасыншы жылдары мәдениет революциясы жүріп, әдебиет пен өнер дамудың жаңа арнасына түсті. Алайда сол кездегі пролетариат жазушылар одағының басшылығындағы солақай сындардың салдарынан халық поэзиясына, әсіресе бүгінгі өмірмен тығыз байланысты халық ақындарының шығармашылығына қандай көзқарас болу керек деген мәселе шешілмеген еді. Ауызша өлең-жыр айтатын ақындар олжаға, сыйға қарай өлсең айтады, бұрын ескілікті жырларды, олжа берсең енді жаңалықты жырлайды деген тұрпайы сындар Жамбыл сияқты ел ақындарының әдебиет майданында көтерілуіне едәуір салқынын тигізді.

1928 жылы тұңғыш педагогтік институт ашылды. Қазақстан астанасы Алматыға келді. Жоғары дәрежелі оқу орнында қазақ әдебиетінің тарихын арнаулы пән есебінде жүргізу қажет болды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, М. Жолдыбаев тағы басқалары қазақ әдебиетін жинап зерттеу жұмыстарын қолға алады. Сәкен көптеген ел ақындарының қатарында Жамбылмен бірнеше рет кездесіп, әңгімесін, сөздерін жазып алған. Жұбайы Гүлбаһрамның айтуына қарағанда, Сәкен Жамбылды 1929 жылы жаздығүні Алматы базарында кездестіріп, үйіне ертіп әкелген. Сәкен Жамбылдан көп дүние жазып алса да, оның кейбірін ғана өзінің кітаптарында жариялаған. Соның ішінде Құлманбетпен айтысы бар («Қазақ әдебиетінің нұсқалары». 1931, Алматы).

1929 жылы Жамбыл бірінші болып колхозға кірді. Колхоз тұрмысы Жамбылдың өміріндегі айтарлықтай тамаша ірі жаңалықтың бірі еді. Ол кедейлердің колхозға кіруіне басшы болды. Ақын колхозданған өмірді жыр қыла бастады, жаңа тақырыптарды жырлаумен қатар, өзі білетін ескі жырларды, айтыс өлеңдерді есіне түсіріп айтуға кірісті. Шөженің қырғыз елін аралағанда айтқандарын, Сүйінбай ақын сөздерін, Құлманбет пен Майкөт,

Құлманбет пен Жамбыл, Сүйінбай мен Қатаған айтыстарын, «Көрұғлы» жырларын айтып, оның бірталайын Алматыға Сәкенге әкеліп жаздырып қағазға түсіртеді, бір жылдай қырғыз елін аралап өлең, жыр айтады. Сөйтіп, бала күнінен бері үйреніп жырлаған, тыңнан шығарып айтқан мол қазынаның кілтін ашқандай, серпіліп жырлап кетеді. Алайда осы кездегі Жамбылдың тұрмысында қиыншылық та болады. Бай-құлақтардың қастығы, жалған белсенділердің асыра сілтеушілігі салдарынан ақынның мүше болып кірген «Ерназар» колхозының шаруашылығы үлкен олқылыққа ұшырайды. Мал басы азаяды, еңбеккүн тимейді, колхозшылар жүдеушілікке ұшырайды. Міне, осындай жағдайға шыдамай Жамбыл Алматы қаласына келіп, өз колхозындағы, өз ауданындағы халжайды айтып жеткізеді, кейін аудан басындағы кейбір жалған белсенді бас бұзарлар жауапқа тартылады. Осы жылдары Жамбыл өзінің ежелгі достары мол қырғыз елін де аралап кетеді. Сәтіш пен Тезекбайдың айтуына қарағанда, бауырмал қырғызды аралап жүріп, өзінің туған ауылдарын сағынған шақтарында Жамбыл бұрыннан білетін мұңды күйлерді көбірек есіне түсіріп тартып ойнаған.

1934 жылы маусым айында Жамбыл Қазақстан Республикасындағы көркемөнерпаздарының тұңғыш слетіне шақырылды. Қазақстанның алыс түкпірінен — Алтай, Тарбағатай тауын мекендеп өскен, Ертіс, Есіл, Көкшетауды мекендеп өскен, Қаспий, Жайық бойын мекендеп өскен, Арал теңізі жағасында, Ақтөбе, Торғайда өскен, Сыр бойы, Қаратауды мекендеген, Іле, Балқаш, Алатауды мекендеген әншілер, күйшілер, бишілер, қобызшылар, домбырашылар, ақындар, жыршылар, суретшілер, оюшылар т. б. бұл жиынға көп келді. Бүкіл қазақ даласындағы өнер иелерінің бұл сықылды бір жерге бас қосып, өнер салыстыруын Жамбылдың бірінші рет естіп, көргені. Мұндай ұлы жиынды бұрын-соңды қазақ тарихы да білмейді. Үлкен астардың өзінде де қазақ даласының барлық өнерпаздары, бір шеті мен бір шеті үш мың шақырымға жететін жерлерден келіп, басы бір жерге құралған емес.

Бұл тамаша, қызықты жиын қария ақынды қайран қалдырды, қатты қуантты, мұны да өткен замандағы қазақ ақындарының өмірімен бір-бір салыстырып өтті. — Алтайдағы Құлтума, Жетісудағы Сүйінбай, Аюгөздегі Жанак, Жайықтағы Шернияз, Көкшетаудағы Ақан сері,

Сырдағы Майкөт бір заманда жасаса да бірін-бірі көре алмай өтті. Алыстан даңқын естіген ақындарының талайын Жамбыл да бұрын көре алмаған. Ал енді, міне, бүгін Қазақстандағы барлық ақын, әншілерді үкімет орны шақырып алып, қонақ етіп, бас қосып әңгімелестіріп өлең айтқызып, ән салғызып жатыр.

Осы тамашаны көріп қуанған ақынның жүрегіне асыл жырлар келіп құйылды, ақындығына қанат біткендей серпілді, — баяғыдан бергі бойдағы асыл өнерді осы жиында айтпағанда қайда айтамын, — деп, ақын кең толғанды, жиын күндерінде домбырамен суырып салып өлең айтуда, күй тартуда ешбір ақынды алдына салмады. Осы сөзді жазушының өзі де жиында бастан-аяқ болып, ақын, жыршылардың сөздерін, өмірі жөнінде деректерді жазып алуға қатынасты.

Алайда Жамбыл айтқан өлеңдердің көбі қолма-қол жазылып үлгірмейді. Аса бір жылдам жазғыштар ғана ұзын ырғасын қағазға түсіріп алады. Жалғыз Жамбыл емес, сол 1934 жылғы слетке жиналған ақын-жыршылардың талайының өлең-жыры қағазға толық түскен жок. Сол сияқты Жамбыл айтқан көп жырлардың, тартқан күйлердің біразы ғана жазылып алынды. Қысқа түрде болсын, қағазға түскен шағын жырларының бірі, үлкен жиынның бірінде ұзақ толғап айтқаны «Жастар алдындағы сөз» дегені. Мұнда ақын өзінің кәрілігін еске алып, жас шағы, өткен өмірі өкінішпен өткендігін айтып, әлі де болса осындай қуанышты шақта кәрі тұлпар жүрісінен танбайтындығын, топқа түсе алатындығын жырлайды.

Не қылса да Жамбылға  
Енді жастық кез келмес,  
Жүрегінде сақтаулы  
Асыл сөзі өзгермес.  
Сендердікі бұл заман,  
Оған талас сөз бомас!..  
Тыңдап көр Жамбыл қартыңды,  
Сендерден, сірә, кем түспес.  
Жырдың асыл кенімін,  
Айтысқандар менімен  
Талай-талай жеңілген.  
Қыза шапса шын тарлан,  
Жері болмас тең түспес.  
Айғайласа шын ақын,  
Әні болмас — ел білмес!

Рас, бұл толғауында ақын өзі туралы әлі шешіліп айтып кете алмаған. «Замана ағымы» поэмасындағыдай, мұнда да ол өзінің кәрілігін еске түсіріп, өмір тұғырынан тайып бара жатқанын аңғартса, сонымен бірге «Таусылмас жырдың асыл кені» екенін ұмытпай, шығармашылық мықты сенімін білдіреді.

Республикалық слетке қатынасқан барлық әнші, ақынның жасы үлкені де Жамбыл еді. Бүкіл республикалық баспасөз Жамбылдың ақындығын, шешендігін айтып, суретін басып, зор талантын бағалап жазды. Сөйтіп өзін қайта жасартқандай шабыт пен талантын қанаттандырған бұл слет Жамбылдың ақындық өмірінен айырықша орын алады.

1934—35 жылдары Жамбыл өзі мүше «Ерназар» атты (қазір Жамбыл атында) колхоз өсіп нығайды. Ақын аудандағы шаруасы гүлденіп, тұрмыстары ауқатты, мәдениетті, ең қызықты шаққа жеткен колхоздарды көріп аралап, колхоздағы еңбек өмірін жаңа ақындық шабыт, күйімен жырлай бастайды.

Дәл осы кездегі өмірі туралы 1940 жылы Сәтіштің үйінде отырып, бізге өзі былай деді: «Алматыдан көп сыйлық, құрмет көріп қайтып келген соң көңіліме бір желік пайда болды. Үйде отырғым келмей, атқа мініп даланы, елді аралағым келе берді. Елді аралағанда не айтпақпын, бұрынғы — «Көрұғлы», Сүйінбай — Қатағанды үнемі айта берудің өзі де енді ерсі сияқты. Бұрынғы ертегінің бір қатарына осы күнгі жастар өтірік деп сенбейді, бұларға өзінің заманы туралы жаңа жыр айту керек. Бірақ жаңа жырдың өзін де дәмдеп айтпай, Жартыбайша жар сала беруге болар ма? Жұрт ұғып, құмартып тыңдайтын қызықты жаңа жырды неден бастап кетсем екен деп көп ойланып жүрдім. Көңілімде өлеңнің бәрі сайрап тұрғандай, бірақ әлі кілтін таба алмай жүрмін бе, — деп ойлаймын. Түнде ұйықтағанда қызықты түстер де көремін. Өңімдегі ой түсімдегі елеспен араласқандай. Алатаудың басында отырып дүниені қарап тұрғандаймын. Алатаудың ең биік шыңында бір кең жайлау бар екен деймін. Қалың жиын той болып, сонда жыр айтамын. Бұл да көңілімді өсіргендей қызықты елестер еді. Райкомға барып, елді аралағанда қандай жырды қалай айтуым туралы ақылдасып едім. Ол: бұрынғы ертегілерді көп айта берме, қырғыз бен қазақ арасының достығына тиетін Сүйінбай мен Қатаған айтысын да жырлама, алдымен қазіргі колхозды, колхоздағы еңбек өмірін жыр-

ла, — деді. Бірақ ол да қалай жырлаудың жолын көрсете алмады».

Міне, осы кездерде Жамбыл колхоздың жайлауын егінді даланы салт аралап, бірнеше өлең жырлар шығарып айтады. Онысы «Жайлау», «Шын жүректен» тағы басқалары. Олардың да көбі қағазға түспеген, алғашқы екеуі де өзінде ғана сақталған. Бұл өлеңдерінде ақын кең ойланып, толғанып, жаңа өмір бейнесін жаңа көркемдік өнермен беруге тырысқандығы байқалады. 1935 жылдың күзінде Қазақстан Республикасының он бес жылдық мерекесі өтті. Жамбыл да осы мерекеге байланысты жаңа жырлар айтқан. Осы кезде орыс ақыны Андрей Алдан Семенов пен «Лениншіл жас» газетінің бір қызметкері Жамбылды тау ішінде малшылар арасында жүргенін кездестіріп, сөздері мен өлеңін жазып алған. Ақындық импровизациямен өлеңнің, жырдың қалай туғанын А. Алдан толық суреттеп жазады («Ленинская смена», 18/XII—1935). Осындағы Жамбыл шығармаларының кейбірі алдымен «Правда» газетінде басылады («Правда», 1/III—1936).

1936 жыл Жамбыл өмірінің жастығы қайта оралып келгендей, ақындық қуаты, шығармашылық өрісі тасқындап өрлеген кезі болып табылады. Осы жылы сәуір айында Қазақстандағы ақын, әншілердің екінші слеті шақырылды. Слётке қатынасушылардың ең таңдаулылары (ақындық өнері асқандары) мамыр айында Мәскеуде өтетін қазақ өнерінің декадасына бармақшы. Слёттегі ақындардың алдына Отанымыздың бүгінгі шындығын жақсы, көркем жырласын деген бір ғана тілек қойылды. Кеңес Одағын, Отанның үлгілі адамдарын жырлау, Қазақстанның байлықтарын, табыстарын жырлау ақындардың ең маңызды, қызықты тақырыбы еді.

Бұл шығармашылық жарыс бір жұмаға созылды. Барлық халық ақындарының ішінде Жамбыл жеке дара үздік шығып, 1936 жылы 28 сәуір күні «Туған елім» дейтін белгілі толғауын жырлап берді. Расында, бұл Жамбылдың 1934 жылдан бері кең ойланып, толғанып, кілтін іздеп келген жаңа өмірді шын мәніде жаңаша жырлаймын деген зор шығармашылық мақсатының жүзеге асқанын көрсеткен аса бір күрделі дастан еді.

«Туған елімді» бірнеше күн қасында бірге отырып жазып алған ақын Тәжібаев Әбділда осы кездегі Жамбылдың ақындық дүниесіндегі жаңалық туралы былай деп жазды: Міне, менімен бірге 90-ға келген, Жетісудағы

атақты жыршы Жамбыл отыр. Жамбыл Балқымен айтқанын баяндады. Кәрілігін айта келіп, бірақ осынша құрмет көрсетіп Мәскеуге барғалы отырғанда кең толғанбай қалуға бола ма, — деп домбырасын алып жортақтай жөнелді. Көп көрген, көп білетін Жәкең барлық заманды өлеңмен шолып шығады... Біз кеудесі ертегі, дастандарға ұя ақынның аузынан жас балғын жырлардың төгілгенін естідік. Жамбыл Мәскеуге баратынын, Сталинді көретінін естіген соң бұрынғысынан да бетер жасанып құлпырып кетті. Жаңа домбыра істетіп әкеліп беріп едік, алмады. — Өзімнің тілімді ұғатын кәрі домбыраммен барамын. Мәскеуге, — деді. Оның саңқылдап айтқан үні айқын, домбыра күйі ақын тіліне көшті, ақын сөзі қағаз бетінде өрнектелді» (Ә. Тәжібаевтың «Социалистік Қазақстан» газетінде 1/V—1936 жылы және 6/VII—1946 жылы жарияланған материалдарынан).

Жамбыл поэзиясының бір қыры болған «Туған елімнің» жарыққа шығуы осылай еді. «Туған елім» толғауы қазақ тілінде «Социалистік Қазақстанның» 1 мамыр күнгі санында, П. Кузнецовтың аударуымен орыс тілінде Орталық «Правданың» 7 мамыр күнгі санында басылып шықты. Және «Туған еліммен» қатар «Социалистік Қазақстанның» сол 1 мамыр күнгі санында «Қайта жасардым» деген өлеңі де жарияланды.

Жамбыл қазақтың ақын, жазушыларымен бірге Мәскеуге жөнелді. Ақын ғасырлар бойы қиял өткен, қиялымен болжаған жел жетпес жүйрік тұлпарға — пойызға мінді, жолшыбай оны жыр қылды. Аспанмен тілдескен зәулім сұлу сарай үйлері бар таңғажайып Мәскеуді көрді, оны жырлады. Мәскеуге барған шағында Жамбылдың қасында бірге болған Әбділда Тәжібаев тағы да былай деп жазады: «Қазақ әдебиеті мен қазақ көркем өнерінің уәкілдерін Мәскеу 1936 жылы 7 мамыр күні ертеңгі уақытта музыкамен өте зор қошаметпен қарсы алды. Қарсы алушылардың қолдарында гүлмен қабат Жамбылдың «Туған елім» деген дастаны мен суреті басылған «Правда» газетінің соңғы саны бар еді. «Правда» газетінен ақынның орыс тілінде алғашқы шыққан өлеңін оқып танысқан халық вагоннан шығып келе жатқан Жамбылды көріп, оны көтеріп әкетті. Жамбылдың аты жиналған топтың аузынан түспеді. Өзін көріп шаттанған халықтың құшағынан босанғаннан кейін Жәкең машинаға барып мінді. Қазақстаннан келген қонақтарды қарсы алған машиналар мен автобустар шұбалған үлкен керуен бо-

лып тізіліп астананың ортасына қарай жөнелді. Осы жүрісте машиналар жүріп келе жатқан сияқты емес, сан миллион халқы бар Мәскеу үлкен қуанышпен Жамбылдың алдына жүгіріп келе жатқан сияқты еді. Барлық халықтың екі көзі Жамбылда, бәрінің де қолдары Жамбылды құттықтап созылған еді.

— Бұлар мені қайдан біледі, — деп сұрады Жәкең күлімсіреп. Қасындағы адамдар оған өзінің өлеңі мен суреті басылған «Правда» газетін көрсетті. Ол газетте басылған өзінің суретін бір шертіп қойып: «Ой, өлме, Жамбыл» деді («Социалистік Қазақстан», 6/VII—1946). Ақын бұрыннан өміріне қанық, ең асыл жырын арнаған ұлы адам — Ленин бейнесін көруге ынтық еді, ол ойы да орындалды. Ұлы Ленинді мавзолейінде көріп, «Мавзолейді көргенде» деп, жыр шығарды ақын.

Мәскеуде болған шағында «Халықтың жарық сәулесі» атты дастанын жырлай бастайды. Халықтық шығармашылықты дамытудағы айырықша еңбегі жоғары бағаланып, Жамбыл Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. М. И. Калининнің алдында орденін аларда ақын өзінің қайта жасарып, жырдың тиегі ағытылғанын, ол жырдың кілтін бақытты кеңес отаны ашып бергенін айта келіп, Калинин ақсақалды Қазақстанға қонаққа шақырады:

Өзім шықтым сапарға,  
Сәлемдесіп қайтуға,  
Мәскеудегі бауырыма.  
Қабыл етсең, бауырым,  
Шақыра келдім қайтадан  
Қонаққа сонау ауылыма!

Мәскеуде болуымен байланысты өз өмірінің аса маңызды өзгерісін ақын былай суреттейді: «Мен Мәскеуде болдым. Мәскеудің ертегідей гүлстаннан артық зейнетті кескінін көрдім. Кеңес өкіметі менің жырымды бағалап, маған Еңбек Қызыл Ту орденін берді. Мен сонда былай дедім, оны әрқашан солай айтамын:

— Бұл наград жалғыз маған ғана беріліп отырған наград емес, Қазақстан халық жырына беріліп отырған наград» (Өлеңдері, 1937 жыл).

Жамбылды Алматы халқы, өзінің туған ауылы зор қуаныш, құрметпен қарсы алған мерекенің ішінде едім. Жүзінде балқыған нұр, көзінде оты сөнбес жалын ойнаған Жамбыл мүлде жасарып жайнап кетіпті. Ауыл адамы, колхозшылар, газет, баспа орындарының адамы тіл-



шілер ортаға алып әңгіме сұрай бастағанда Жамбыл ажарлы, аз-кем күлім қаққан шырайлы кескінмен: қайта жасарып, 25-тегі жігіт болып, сұңқардай түлеп, қанат бітіп ұшып келдім деді.

Шынында да Мәскеуге барып қайту Жамбылдың Кеңес дәуіріндегі өмірінің ең қызықты, шығармашылық жағынан қанаттанып, жаңа биік қияға көтерілген кезеңі еді. Мұнан былайғы жердегі Жамбылдың шығармашылық өмірі тамаша өрлеумен болды. Осы 1936 жылы Жамбыл көптеген саяси өткір жырларымен бірге «Халықтың жарық сәулесі» атты дастанын жырлап аяқтады. Жамбылдың бұл кездегі лирикалы жырларының біркелкісі кеңестік Конституция тақырыбына арналған.

Жамбыл ауылда малшы, егінші ортасында өскен ақын. Сондықтан да ол өзі өскен колхозды ауылдың өмірін айырықша сүйіп, шабытының қайнар бұлақ көзін әрқашан колхоздан тапқандай:

Колхозданған ауылда  
Жақсы жыр дүкен құрады.  
Шат тұрмыстың жыры шат,  
Барлық көркем сөздердің  
Біздің сөз сәуле шырағы, —

деп, бақытты шаттық туралы жыр өрлейтіндігін айтып толғайды.

1936 жылы Қазақстан үкіметі тарапынан Жамбылға Алматы қаласынан арнаулы жақсы үй салып беру туралы ұсыныс болғанда, Жамбыл: «Өмір бойы Ұзынағашта өстім. Малдың, егіннің ішінде далада өстім. Үй салуға менің өзімнің үйренген жерім қолайлы болар. Бірақ мен сіздерге де жиі келіп тұрармын. Ал өлгеннен кейін де мені сол өз ауылымда, туған жерімде қоярсыңдар», — дейді. Жамбылға арнаулы жаңа үй өзінің тұрған «Жамбыл» колхозынан салынды. Үй салынған орын баубақшалы еді, сол бақтың ішінде жаздыгүні тігіп отыруға алты қанат жеке киіз үй көтеріліп берілді. Денсаулығын қарап, жақсы күтім жасауға арнаулы дәрігерлер қасында бірге болды. Осы жылдан былай қарай Жамбылдың өлеңдерін үнемі жазып алып отыратын әдеби хатшылар белгіленді. Ең алғаш 1936—38 жылдары ақын Қалмахан Әбдіқадыров, онан кейін ақын Тайыр Жароков, Ғали Ормановтар хатшы болып істеді. Жамбылдың кейбір жырларын жазып алысуға ақын Сәбит Мұқанов, Әбділда Тәжібаев, Қапан Сатыбалдин, Павел Кузнецов тағы

баска жолдастар да ара-тұра қатынасып отырды. Хатшылар Жамбыл жырлаған әрбір жаңа өлең-толғауды қадағалап, ұқыпты түрде жазып алумен бірге халықтар тарихынан, дәуіріміздің маңызды саяси оқиғаларынан, кеңес отанының орасан ұлы табыстарынан ақынға күнбе-күн айтып, мол білім беріп отырды, көркем әдебиеттің ең таңдаулы үлгілерін де, газет, журналдарды да үнемі оқып беріп, әрі кең түсіндіріп отырды. Бұл Жамбылдың идеялық, шығармашылық жағынан өсуіне ең қолайлы жағдайдың бірі еді.

## АҚЫНДЫҚ ӨРЛЕУ ЖЫЛДАРЫ

**Ж**амбылдың Кеңестік Конституция, Ұлы Отан соғысы дәуірлерінің тарихи оқиғаларын, Кеңес Одағында болып жатқан жаңалықтарды, даңқты адамдардың өмір-баяндарын, халықаралық жағдайларды кеңінен біліп отыруға алдымен, жоғарыда айтқандай, әдеби хатшыларының күнбе күнгі қызметі себеп болса, екінші жағынан ол үнемі радио тындап жаңалықтардың көбін терең ұғынатын еді. Үлкен дастандарды, саяси маңызы зор толғауларды айтып жырларда Жамбыл әуелі хатшыларымен кеңесіп, айтатын жырларының ұзын-ырға желісін бір рет шолып айтып шығып, сынатып, сонан кейін барып, өзінің өмірлік жолдасы домбырасымен тілдесіп, сырласқандай ұзақ жырлап кетіп отырады. Бұл ретінде Жамбылмен жақын араласып жүрген жазушы Сәбит Мұқанов былай дейді:

«Жәкең радио тыңдағыш еді, көңілін қозғайтын бір хабарды естісе хатшыларынан немесе маңайына көп үйірілетін мектеп оқушыларынан сол естігенін толығырақ баяндауын өтінетін. Содан кейін естіген жаңалығы көңіліне әбден қонған соң жырлауға кірісетін. Жәкең газет оқытуды ұнатушы еді және нендей жаңалығы бар деп сұрар еді, хатшыларының бірі, мектеп оқушылары я сауатты колхозшылар оқып берген газеттен өзінің көңілін қозғаған мәселелерді жырға айналдырар еді» (Жамбыл, Толық шығармалары. 1946. Кіріспе сөзі, XXXII-бет). Осындай жаңа әдебиеттік орта, білімін толықтыру жолындағы көмектер Жамбылдың идеялық, шығармашылық өсуіне, жаңа өлең шығармаларды мол жырлауына зор мүмкіндіктер берді.

Тайыр Жароков Жамбыл туралы естелігінде: «Жамбыл өленді домбырасын тартып отырып, импровизациямен айтады, айтқанын тез жазып үлгіруді өтінетін, қағазға жазып алынғанды қайта оқытып алдымен бізге сынатушы еді. Айтқан өлендерін, ұнамаған жеке өлең шумақтарын қайта айтып жөндететін. Ал ешқандай сынсыз үндемей қалсақ бір түрлі мазасызданатын. «Мен білімсіз қаранғы адаммын ғой, оқыған сендермен тең түсе алмаймын, мені алдандырмай өлеңіме әділ сын айт! Халыққа жақсы өлең, адал ой керек», — дейтін. Өленді шығармашылық шабыты келгенде ғана жырлайтын. Бірақ шабыттың келуі әр түрлі жағдайға байланысты. Кейде көңілді бір әңгіменің немесе жақсы бір шығарманы оқудың үстінде жаңа өлең туып қалады. Мәселен, Пушкин туралы өлең Абай мен Пушкиннің жақындығы, Пушкиннің қазақ жеріне келгені, ұлы ақынның тамаша шығармалары туралы ұзақ, қызық әңгімелердің нәтижесінде туды. Қазақшаға аударылған «Евгений Онегин», «Кавказ тұтқыны», «Цыгандар» сияқты шығармаларымен жақсы танысқанды. Бүгінгі өмір тақырыптарын да қадағалап сұрап біліп, ішкі ақындық дүниесімен толғана терең түсінгенде барып шабыттана жырлап кететін» деп жазды. (Т. Жароков. «Воспоминания о Джембуле». 1956, 112—114-беттер).

Егер Жамбыл 1936 жылы екі дастан, 13 ұзақ лирикалы толғау жырлар айтып, бұған дейінгі ақындық өміріндегі ең бір өнімді шығармашылық еңбек жасаған болса, одан кейінгі жылдарда Жамбыл сол қарқынын бәсеңдетпей, ақын шабыты үнемі тасып отырғандай, енді әрбір жаңа өлең толғауында жаңа тақырыпты меңгеріп, шығармаларының санын да, тақырып өрісін де, өмір шындығының бейнесін беруін де тереңдете, кеңейте түседі. Әсіресе оның ақындық шеберлік жолындағы, жазба поэзия өнерін терең ұғыну жолындағы өсуі көңіл бөлерлік қызықты. Ақын бұрынғы халық ақындарымен, замандасы Сүлейман Стальскиймен қатар енді Абайды да оқытып көбірек тыңдайтын болады. Сол сияқты Пушкинді, Лермонтовты, Горькийді, Тарас Шевченконы, Шота Руставелиді аудармасынан оқытып тыңдап, өзіне замандас ақындарына қатты бір сынмен қарағандай, өзін жаңа заманға лайықты жаңа ойлы ақын санағандай өзінің әрбір өлеңін салмақты мағынамен, барынша тапқыр оймен, шебер тілмен беруге, тырысады. Пушкинді Абайдың және өзінің хатшы ақындары Тайыр мен Ғалидың ау-

дармаларынан тындап отырып «мына сөздер теңіздің терең түбінен тауып алған шамшырақ тастай мәңгі жанып тұрады ғой» деп, әр сөзіне бір сүйсініп баға беріп, мұнымен Абай ғана тілдесті-ау, бізден жоғары тұр-ау дейді. Мұндай кездерде өзін Пушкин, Абайлардан төмен санап, өзінің білімінің аздығын мойындағандай болады. Сол ақындардың шығармасына сүйсінгендігін, одан алған әсерін өзінің жырларында да айтып береді:

Орыстың өлеңінің ақын көркі,  
Алмастай мың құбылған меруертті.  
Дүниеге асыл сөзден төктің маржан,  
Жарқырап тар заманда-ақ шықтың еркін, —

дейді Пушкин туралы.

Сүйсініп оқытып, тындаған орыс, қазақтың жаңа, жазба ақындарының өлең, жырлары және өзі араласып жүрген колхоз ауылы, оның құлпырған егінді даласы, Алатаудың бойындағы өзенді, бұлақты, орманды сұлу табиғат Жамбылды ақындық өнердің жаңа бір беліне көтергендей өте күшті әсер береді. Ақынның жаңа дүниенің қызығын, қайта жасарып құлпырған табиғаттың бейнелерін көркемдік сезіммен қабылдауы да жаңарған, жанданған. Өмір көрінісін бұрынғы жыршылардай жадағай суреттемей, ақындық ішкі сезімінің, шалқыған шабыттың қуатымен жырлауға тырысады.

Ғали Орманов «Алатау сынды Ақсақал» атты очеркінде Жамбылдың өмір, табиғат көрінісін жаңаша сезініп, толғанып жырлағандығын дәл, дұрыс суреттеп жазады: «Оның көз алдында мәуелеген мұсын ағаштардың арасынан жасыл жібек шымылдығын сырғытып, сығалағандай әсем көк үйлердің кескіні көрінеді. Ол колхоз жеріне көз тастайды. Ине шаншар бос жер жоқ, белге біткен құрақтай көк егінмен көмкерілген ой мен қырды көреді. Осы өмірді өз қолдарымен жасап, еңбекпен қызыққа шүйгіген адамдарды көргенде оның жаны сүйсінеді:

Ауылда бала шуласа,  
Үлкендер қырда дулайды.  
Қызығын көріп ауылдың  
Менің де көңілім қунайды.  
Әр тұрғыға көз жібер,  
Кезегі келгенде айтып бер,  
Көріп ең қашан мұндайды, —

деп, домбырасын қағып-қағып жіберген ол көңілінің терең иірімінен толқып шыққан бір жырын толғай бастайды» (Қазақстан (жинақ). Алматы, 1940, 440-бет). Ғали мұнан әрі мал жайлауларын, егін далаларын, Алатау бөктерлерін аралап қайтқан ақынның көңіліндегі жаңа сезімдерді, сонан туған жаңа жырлардың қайнар бұлағын баяндайды.

Өмірдің, табиғат дүниесінің сұлу, қызықты бейнесі Жамбылдың ақындық шабытын өрлете түскендей болады. Енді бұл жаңа ақындық шабыт, ақындық өнер сезімі өзінің бұрынғы ақындық өнер дүниесіне үлкен сын да айтқандай. Пушкин, Лермонтов, Абайдың жазды, көктемді, күзді, табиғат әлемінің әр алуан құбылысын құлпыртып суреттеген өлеңдерін оқытып тыңдаған ақын өзіне, өзінің осы уақытқа дейінгі ақындығына қатты наразы болғандай, — апырм-ау, өмір бойы осы Алатаудың бауырында кең далада, өзен, бұлақтың бойында жасап келе жатып, талай көктем, талай күзді бастан өткізіп, солар туралы бір ауыз жөнді өлең айта алмағаным ба? Осы жаз бен қыстың, осы тау мен өзеннің құшағында өстім, маған ең таныс дүние емес пе! — деген сұрауларды өзіне өзі қояды.

Осы сын, осы ой ақынды жаңа бір шығармашылық мақсатқа бой ұрғызғандай, 1937 жылы көктемде, жазда Жамбыл салт атпен Алатау бөктеріндегі колхоз далаларын аралайды. Теңіздей толқып, кілемдей құлпырған егіс даласының сәнді көркі, әлем жасарып, жаңарғандай май айы, зәулім биік Алатау бәрі енді оның көз алдынан қызықты, салтанатты болып өтіп жатады. Табиғат дүниесі ақынға өзімен бірге қайта туып, қайта жасағандай. Алатау, Қаскелең, Ұзынағаш өзендері, Майтөбе, Үлкенсаз бойлары — бәрі де енді жаңа еңбек дүниесімен ақынды күлім қағып құшағына алғандай. Міне, осы жағдайда, жоғарыда Орманов Ғали айтқандай, Жамбыл бұрын өзі айтпаған суретті жаңа лирикаларды жырлап береді. Олары: «Егіс жыры», «Қайта жасардым», «Май», «Алатау», «Қымыз» тағы басқалар. Бұл лирикалы өлеңдерін ақын енді Пушкин, Абай сөздеріне де, қазіргі суретшіл қазақ ақындарының сөздеріне де шын пейіл қойып, олардан ақындық нәр, қуат ала отырып жырлағандығын аңғарамыз. Жамбылдың жаңа жырында табиғат көрінісі ескі фольклордағыдай жалаң ұқсатумен ғана суреттелмейді, жанды кейіптеумен (метафорамен) жырланады. Жамбыл Алатауды:

Дариядай сол таулардан тулап тасып,  
Көресің тамашасын аққан судың...  
Қарлы тау басы биік мұнар кетпес,  
Сырласып бұлттарменен болсан кептес, —

деп, табиғатқа тіл, жан бітіре суреттейді.

Ақынның да бабына келген қырандай, жарауы жеткен жүйріктей шабыттанып жаңа шығармашылық белеске өрлей беретін шақтары болады. Жаңа социалистік өмірден алған сан алуан әсер де, жаңа мәдениеттік ортадан алған білім, кең ой өрістері де ақынның шығармашылық мүмкіндігін арттыра береді. 1937 жылы ақын жырлаған өлең-жырлардың саны 40-қа жетеді. Жетпіске келгенінше, яғни революцияға дейін тұтас жырлай алмаған «Өтеген батыр» дастанын жаңа идеялық тұрғыдан толық жырлап, тұңғыш рет қағазға түсіруі — ақынның үлкен шығармашылық еңбегі еді. Сонымен бірге ақын қазақ халқының бақыт іздеу, еркін қоныс іздеу жолындағы ізгі армандарының орындалғаны туралы, аңыз әңгіме, жырларға, Өтеген батыр жайындағы бұрын-соңды өлең жырларға қорытынды жасайды. Бірақ ақын бұл тарихи аңыз тақырыбының көлемінде қалып қоймайды, осы 1937 жылдың өзінде Чапаев, Аманкелді туралы күрделі эпикалы жырларын шығарып береді.

1937 жылы Жамбыл айтқан шығармалар тақырып, көркемдік жанр жағынан, әр алуан. Біркелкі шығарма К. Е. Ворошилов туралы поэмадан бастап Чапаев, қызыл әскер, Аманкелді, жастардың ерлігі туралы, кеңес адамдарының қырағылығы туралы, басқыншы фашист жауларға қарсы ерлікпен күрескен Испан халқы мен Қытайдың революцияшыл халық армиясы туралы жырланады. Осының бәрінде кеңес Отанының Отан қорғау қуатын арттыру, кеңес патриотизмі, Отанды сатқан жауға қарсы мейрімсіз күрес ашу, қырағылық идеялары терең жырланады. Қызыл әскерлерге:

Сен жауға ұмтылғанда қайраттанып,  
Қолына қарт Жамбылың домбыра алып.  
Шабады сендерменен бірге, ерлерім,  
Шалқытып ердің әнін майдан жарып! —

деп, ақын өзін жауынгер санайды. Осы жылы Жамбылдың өлеңдері мен поэмалары қазақша, орысша жеке кітап болып көптеп тарала бастайды.

Бүкіл кеңес халқына есімі, өлең-жырлары мәлім Жамбылды көптеген қоғамдық ұйымдар, республикалар шақырып телеграмма, хаттар жіберіп жатты. Солардың ішінде Тбилисиге шақырылған телеграмма да бар еді.

1937 жылы күз ақын шақыру бойынша Грузияның атақты ақыны Шота Руставелидің 750 жылдық мерекесіне баруға шықты. Қавказға баратынына, онда ертеден рі қарай «Қаптауы» аталып ертегі болған Қавказдың тауы мен елін көретініне қуанған ақын аттанарда:

Аңсаған көңілім серіле,  
Бүгілген белім керіле,  
Сапар шегіп, жол тарттық  
Сүйікті Қавказ еліне, —

деп жырлады.

Қавказға бара жатқан сапарында ақын Жамбыл Еділ, Жайықты, оның бойындағы орыс далаларын көріп данқты Чапаевты еске түсіріп, «Чапай» деген толғауын жырлады. Донның өзені мен жерлерін көріп өткенде «Тынық Донның ұлдары» атты толғауын, Грузия жерінде — Тбилиси қаласында, Руставелидің мерекесінде болғанында «Қавказға сәлем», «Өмір жыры» атты өлеңдерін жырлап береді. Қавказға барып қайтқан сапарында Жамбылмен бірге болған әдебиетші Қаратаев Мұхамеджан былай деп жазды:

«Біз 16 желтоқсан күні пойызға міндік. Ақын домбырасын тартып отырып, жолға шыққан алғашқы күннің өзінде-ақ «Қавказға» атты өлеңін жырлап берді. Вагон терезесінен көріп келе жатқан кең-байтақ қазақ өлкесі, Арал теңізі, қуатты Еділ, жазық орыс даласы — барлығы ақынға кең тынысты өмірімен жырлап тұрғандай, ғасырлар бойы арман еткен бақытына кенелгендей болып елестеді. Осындай бақыт дүниесін бар заманда Асанқайғы жырлап өткендігін есіне түсіреді.

Түнде Орынборға тоқтадық. Бұл Жамбылға жай бір темір жол станциясы болып көрінген жоқ, халық бақыты үшін күресте данқты қала еді. Халықтың тамаша тарихи өмірі, Емельян Пугачевтың, қазақ батыры, ер Аманкелдінің образдары ақынның есінде толық сақтаулы еді. Міне осыдан келіп ақынның Орынбор туралы жыры туады.

Ақ қар жамылған даланы, қырау басқан орманды, жұлдызы жарық қысқы аспанды көріп келе жатып Жамбыл Чапаев жайын көп әңгімеледі.

Тбилиси қалалық кеңесінің Руставели мерекесіне арналған салтанатты мәжілісінде Жамбылдың импровизациямен жырлауы аса қызықты болды. Сөзін ықыласпен тыңдаған жұрт ұзақ қол шапалақтаумен қарсы алды. Тбилисиде Жамбыл Лахути, Николай Тихонов, Янка Купала, Самед Бургун сияқты ақындармен кездесіп, олармен Қазақстандағы халық поэзиясының жайы, өзінің өмірі мен ақындық жұмысы туралы сөйлесті... Дон бойынан өткенде, Махашқала, Бакуде, Мәскеуде болғандарында бәрінде де ақын қызықты тың әсерлер алып, үлкен ақындық сезімге бөленіп, жаңа өлең-жырлар шығарып отырды» (Джамбул. Путешествие на Кавказ. М., 1938, 8—11-беттер).

Осы Кавказ сапарында Жамбылдың ақындық шабыты тамаша көтерілгенін, вагон ішінде Кавказдың сұлу жері туралы жаңа толғау, жырлардың қалай туып дамығанын, онымен бірге болған Тайыр Жароков та жоғарыдағы естелігінде толық әңгімелейді. Сөйтіп, жол бойындағы жаңа әсер, жаңа қызықты әңгіме жаңа ақындық шабытқа желпіндіріп отырған.

Жамбыл Кавказдан қайтып келе жатқан жолында Мәскеуде болып көп жерін қызығып аралайды. Мәскеу барлық халықтың бақыт бесігі, барлық халықтың туысқандық жүрегі екенін көріп білді. Бүкіл кеңес халқы коммунизмге қарай бет алған ұлы күрес жолының бейнесін, кеңес халықтарының достығын Мәскеуге байланысты жырлайды. Міне, осы Мәскеуде болған кезінде ақын «Ленин», «Ұлы көш», «Одақ», «Туысқан ел» атты толғауларын айтып шығарады.

Кавказ саяхатынан елге қайтып келген соң Жамбыл өзінің колхозындағы достарына, шәкірт ақындарына, замандастарына Кавказға барған сапарында алған әсерлерін айтып береді. Кавказды Алатаумен салыстырады, Кавказдың сұлулығына сүйсінеді. Әсіресе адамдарының кескініне, келбеттілігіне де көңілі толып «ат ерінді, ер мұрынды келеді» деген қазақ мақалын келтіріп айтады: «Адамдары қошқар тұмсық, ел келбетті екен. Әйелдері сұлу, аппақ, көздері қарақаттай, шаштары әрі ұзын, әрі құндыздай қара болады екен» деп көріп-білгендерін қызықтырып әңгімелейді» (Әбділда, Тайыр мақалалары. «Социалистік Қазақстан», 3/VII және 6/VII—1946).

Па, шіркін! Қайтып келді маған жастық,  
Дәуірде өрге өрлеп, гулеп-тастық.



Кавказдан, Алатаудан ағындатып,  
Шаттықтың бұлағының кілтін аштық!

деген өлеңін де бірге жырлайды. Сол кезде сәлемдескен замандасы Дина Нұрпейісоваға Жамбыл бірнеше күн кешігіп келгенін өкпе-наз ете отырып, барып қайтқан саяхаты көңілді болғандығын өлеңмен білдіреді:

Қырандай келдім, Дина, шыңнан ұшып,  
Кавказдың сұлу сәнді тауын құшып.  
Он бестегі баладай мен жасардым  
Кавказдай ұлы таудың суын ішіп, —

дейді Динаға. (Қолжазба. Жамбыл музейінің архивінде). Әрине, Жамбылдың Кавказ саяхатынан алған әсері мол, өте күшті. Бірақ сол алған әсерлер, көңіл күйлердің көбі қағазға түсіріліп, күнделік дәптер ретінде жазылып отырылмаған. Жалғыз Кавказ саяхаты емес, Жамбыл өмірінің күнделігі, ауызша айтқан өлең, тақпақтары түгелдей жазылып отырмағандығы үлкен өкінішті. Жамбылдың «Кавказға саяхаты» (мезгілінде айтқан жырлары өз алдына жеке кітап болып 1938 жылдың бас кезінде) Мәскеуде басылып шықты. (Джамбул. Путешествие на Кавказ. М., 1938).

Бұл кездерде Жамбыл шығармалары тек қазақ тілінде ғана емес, дүние жүзі оқитын «Правда», «Известия» сияқты орыс тіліндегі орталық газет, журналдар арқылы Кеңестер Одағындағы барлық халықтардың тіліне аударылып таралып жатты.

1938 жылы мамыр айы Жамбылдың ақындық өміріндегі тағы бір қызықты, шығармашылық жаңа өрлеу кезеңі болып өтті. Бүкіл кеңес халқы Жамбылдың ақындығының 75 жылдық мерекесін тойлады. Көзі тірі ақын, жазушының туғанына 75 жылдық мерекелер өтсе де, шығармашылық қызметіне 75 жылдық мереке өткізу тарихта бұрын-соңды болмаған оқиға еді. Кеңес Одағының халық артисі Р. М. Глиэр Жамбылдың ақындық қызметінің 75 жылдық меркесінің өтуіне аса қатты қуаныш білдіріп былай деп жазды: «Жетпіс бес жыл дегенің қандай тамаша, даңқты мереке. Өткен ғасырларда осыған ұқсас мерекелер болды ма екен, сірә, деп көп нәрселерді есіме түсірем. Адам баласы жасағалы не Ресей, не Еуропа тарихында ақынның тірі күнінде шығармашылық қызметінің 75 жылдығын тойлаған мереке, ешқайда, ешқашан да болған емес. Ақынның тағдыры халықтың тағдыры деп

атайды. Шынында елімізбен бірге Жамбылдың поэзиясы да қайта туып, гүлденіп айырықша көркем күшті, терең идеялы, өткір сезімді поэзияға айналды» (Журнал «30 дней». 1938, № 5, 10-бет).

Мереке 1938 жылы 19—23 мамыр күндері Алматы қаласы мен Жамбылдың ауылында өтті. Мерекеге Кеңес Одағының барлық жерінен қонақтар келді. Олардың ішінде Қырғыздың Әлімқұл, Қалық сияқты атақты ақындары мен манасшылары және Өзбектің бақшылары келді. Тойға Қазақстанның да атақты халық ақындары көп жиналды. 1909 жылдан кейін бірін бірі көрмеген өзінің қарт серігі, атақты әнші ақын Шашубай Қошқарбаев Балқаштан келіп, Жамбыл екеуі құшақтасып көрісіп, жылап амандасты. Алпыс жылдай жыр айтқан атақты қарт жырау 78-дегі Нұрпейіс Байғанин Ақтөбеден келді, 80 жастағы қарт ақын Доскей Әлімбаев Қарағандыдан келді т. б.

Сөйтіп, Жамбыл мерекесіне жиналған халық ақындарының саны 1934 жылғыдан үш есе көп те еді. Және шығармашылық қызметі жағынан жаңа кеңестік дәуірдің ерлік, жеңімпаздық, патриоттық идеясын мол жырлап, өздерінің ақындық өрісін қалың жұртшылыққа танытқан нағыз үздік таланттар іріктеліп келіп еді. Мерекеде әрбір ақын жаңа өлең, жырларын айтып, өзара айтысқа да түсті. Олардың шығармалары жазушы, әдебиетшілердің және Жамбылдың, Нұрпейіс, Шашубай сияқты қарт ақындардың өзара сынынан өтіп отырды. Мерекенің өзі шын мәнінде Жамбыл бастаған халық ақындарының шығармашылық мектебі сияқты болды.

Ақындардың өлең-жырын Жазушылар Одағы тарапынан, Ғылым Академиясы тарапынан да көптеп жазып алу жұмысы ұйымдастырылды, таңдаулыларын газет, журналдар үздіксіз басты.

Кеңес Одағының барлық республикасынан, Мәскеу, Ленинградтан мерекеге келген атақты жазушы, ақындар Жамбылдың, басқа халық ақындарының шығармашылығымен нақты, кең танысты. Жамбыл туралы бүкіл Кеңес Одағының баспасөздерінде арнаулы мақалалар, өлеңдер, очерктер жазылды. С. Мұқанов «Майбұлақтан Мәскеуге», Қ. Аманжолов «Жамбыл тойында» атты поэмалар жазды. Жамбылдың атына Кеңес Одағының барлық жерінен көптеген құттықтау хат, телеграммалар келді. Жамбылдың шығармасымен таныс шетелдердегі прогресшіл жазушылар да ақынның мерекесіне қуаныш білдіріп

құттықтаулар білдіріп жатты. Француздың атақты жазушысы Ромэн Роллан Жамбылға былай деп телеграмма жіберді: «Батыс Әліпінің жүрегінен қазақ халқының және жаңа адам баласының жыршысы — Қазақстан даласының жүрегі Жамбылға туысқандық сәлем» («Қазақстанская правда». 22/V—1938).

Дания еңбекшілерінің атынан қарт пролетариат жазушысы Мартин Андерсен Нексе де Жамбылға «Ең бақытты адамсың, көшпелі өмірден алдыңғы қатарлы кеңес мәдениетінің биік сатысына көтерілген қызықты, бай өмірді басыңыздан кешірген, Сіздің жүрегіңіз мәңгі жас, еркін, бақытты Кеңес елінде Сіз жасай бересіз», — деп қуаныш білдіріп жазды («Қазақстанская правда». 23/V—1938).

Жамбылдың 75 жылдық ақындық қызметін алдымен партия мен кеңес өкіметі айырықша зор құрметпен бағалады. Расында, Жамбылдың шын мәнінде талантын оятып, қайта тудырып, даңқты ақын қатарына қосылуына барлық жағдай, қамқорлық жасаған Коммунистік партия мен кеңес өкіметі еді. Ақынның 75 жылдық мерекесімен байланысты Жамбыл Ленин орденімен наградталды. «Правда» газеті өзінің бас мақаласында Қазақстанның даңқты ақыны Жамбылдың өлең-жырлары миллиондаған кеңес халқының жүрегін толқытып, патриоттық сезімін қозғайтын социалистік реализм дәстүріндегі шығармалар екендігін, Жамбылдың сыршыл өлеңдерінен кеңес халқы біздің өміріміздің жүрегі қалай соғуын, дәуіріміздің өрлеу қимылын, өздерінің көркем, ақиқат сезім күйлерін көретінін қорытып түйіндеп жазды. («Правда». 20/V—1938). Партия мен бүкіл кеңес халқы атынан берілген бұл аса жоғары, әділ баға еді. Жамбылдың кеңес тұсында қайта туып, шығармашылық жолда гүлденіп өсуіне Орталық Партия Комитетінің газеті «Правда» айырықша назар аударып, өлеңдерін үнемі басып шығарып, миллиондаған халықтарға кең таныстырып отырды. Мамырдың 20 күнгі мерекеге арналған салтанатты мәжілісте Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Исаев Ораз сөз сөйлеп, Жамбылдың өмірі мен шығармаларын кеңінен зерттеудің нақты міндеттерін атап көрсеткен үкімет қаулысын жариялады.

Міне, осындай өзінің тамаша мерекесі кезінде Жамбыл 75 жылдық ақындық қызметінің тарих алдында зор еңбек екенін, сонымен бірге аса жауапты өмір жолы екенін терең түсініп, өзінің өмірін зор түйінді, көлемді шы-

фармалармен жырламақ болады. 92 жасқа келген, кеңес тұсында жасарып, таланты қайта гүлденіп өскен ақынның өмірін, ақындық образын жырлауды өзіне жауапты міндет санайды.

«Қайта келген жастық» деген өлеңінде ақын өз өміріне былай баға береді:

Бұл Жамбыл көрген бұрын талау-таран,  
Кез болды енді оған алтын заман!  
Кең жатқан байтақ ұлан шежіремін,  
Тарихтың домбырасын қолыма алам!  
Қатардан шал болсам да қалғаным жоқ,  
Досқа күй, дұшпаныма өлеңім оқ!..  
Жиырма бес маған тағы қайтып келді,  
Сәлемін алтын күннен айтып келді.  
Қалайша жыр төкпессің, ән соқпассың.  
Шаттықтан нөсер төккен дәуірде енді!

Жамбыл өмірінің барлық дәуірін еске түсіріп жырландырып қызығым, жастығым артта қалып еді, «Шіркін, балалық, жігіттік шағым-ай» деп, әрбір қария адамда болатын табиғи арманды айтпайды, өйткені ол замандағы көрдім деген қызығының мың күні, бұл социалистік бақытты замандағы көрген қызық өмірінің бір күніне тұрмайды, осы ретінде ақын халыққа бақыт іздеуді арман етіп, өткен Асанқайғы, Жиреншелерді, сол сияқты өткендегі қазақ ақындарын еске түсірді.

Домбыра, қобызын құшақтап, жапан даланы кезіп, Асанқайғы күйлерін тартып, тау мен тасты күңіретіп, арманына жете алмай дүниеден күйікпен, қайғымен өткен халық даналары, революцияға дейінгі соларға ұқсас қорлықта өткен өзінің мұңды, маңызсыз өмірі — бәрі көз алдында сайрап тұрады. Сондықтан ақын осы бақытты заманға өлмей тірі жеткеніне қуанады, қайта туып, ақындығы жаңа бір қияға өрлеуінің қоғамдық негізі Кеңес қоғамы, социалистік дәуір ең қымбат, ең бақытты заман екенін терең түсінеді, енді ақынның бақытымен бірге көз алдында қайнаған еңбекпен, асқан алып ерлікпен жаңа социалистік қоғамды алға бастырған кеңес халқының бейнесі елестейді.

Жүзге кеп бақыт тапқан, ақын Жамбыл,  
Дүниеге түгел кеткен атың, Жамбыл.  
Тілекке көп аңсаған бүгін жеттің,  
Далада жасасаң да ғасыр, Жамбыл...

Сүңгі де түбі терең тұңғыққа,  
Жырыңның жина қымбат тасын, Жамбыл...  
Халық үшін төрге төсеп төсек етер  
Ағарған сақалы мен шашын Жамбыл.  
Көтерген көкке төбе тірелгенше  
Иеді көпшілікке басын Жамбыл! —

деп, ақын өзінің бақыты мен кеңес халқының бақыты айнымас бір екенін, өзінің жырлары кеңес халқының бақытын жырлауға арналғандығын айтады. Жамбыл осы идеялық сарында «Қайта келген жастық», «Өнердің өсуі», «Мәстек пен тұлпар», «Отанды сүй», «Тағы бітті жаңа күш», «Жамбылдың халық үшін қалған жасы» атты күрделі өлең, толғаумен қатар «Менің өмірім», «Менің бақытым» атты поэма, әңгімелерін жырлап айтып береді.

Осы шығармаларында 90-ға келген қарт ақынның ұзақ жыл өткізген өмірінің сыры терең, ойы-қыры мол зор тұлғалы образы елестегендей. Бұлай өз өмірін қоса жырлау, өзінің түйінді ақындық образын жырлау Жамбылдың бұрынғы жырларында да, мұнан кейінгі 1944 жылға дейінгі өлең, поэмаларында да мол кездеседі. Егер Жамбылдың барлық дәуірдегі шығармаларын тұтас образ жасау тұрғысынан алып қарайтын болсақ, әрине, халық батырларының образдарын жарқын жырлаумен қатар, екі дүниені бірдей көріп, бір ғасыр жасаған қарт ақынның өз образы да айқын жырланғандығын аңғару қиын емес және ол образ терең эпикалы сарын алып отырады. Өзінің өмірін, ақындық образын жан-жақты жырлап отыру — қазақтың бұрынғы импровизатор ақындарына тән ерекшелік. «Ақ иық мұз балақпын жерге түспес, кең қолтық арғымақпын алқымы іспес» деп, атақты Біржан да ең күшті сөзін өзінің ақындық образын жасауға арнайды.

Жамбылдың «Менің өмірім» атты поэмасы өзінің өмірі мен заманы туралы кең ойланып айтпақ болған, көлемді шығармасы. Бірақ поэма 1921 жылға дейінгі өміріне келіп, аяқталмай қалады. Бәлкім, ақын поэмасының екінші бөлімін бөлек жырламақ болған шығар, алайда екінші бөліміне жататын өмірі кеңес дәуірінде жырлаған басқа толғау поэмаларында толық айтылады, сондықтан екінші бөліміне қайтып оралмаған сияқты,

Жамбыл поэзиясындағы нақты адам, халық образын жырлау мәселесін сөз еткенде оның күшті, әлсіз жақта-

ры бірдей көзге түседі. Халықтың, коммунистік партияның алғыр, жеңімпаз тұлғасын, кеңестік патриотизмді терең тебірене жырлаған ақын осы дәуірдегі жеке адамға табынудан туған сарындарға да бой ұрды. Социализм жеңістерінің кілті «тәңірідей» құдіретті бір ғана Сталинде деп жырлады. Мұның өзі ақынды кейде бұрынғы ауыз әдебиетіндегі қошеметшіл жалаң мадақтау үлгілерін қайталауға ұрындырып отырды. Бірақ ауыз әдебиетіндегі дағдыға, жеке адамға табынуға байланысты кемшіліктер Жамбыл поэзиясының жалпы қуатты даму арнасын тоқтата алған жоқ.

## ОТАН ЖЫРШЫСЫ

**Ж**амбыл өзін домбырасын қолына алып, үйінде, не топта өлең айтып қана отыратын ақын ғана санамайды, енді Кеңес Одағының алдыңғы қатарлы белсенді қоғам, мемлекет қайраткері екенін әбден ұғынады. 1938 жылы 18 мамыр күні Қаскелең, Еңбекші қазақ ауданының еңбекшілері ақынды Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына ұсынды. Міне, өзіне осыншалық сенім білдірген халқына, өзін құрметтеп 75 жылдығын мерекелеп отырған кеңестік Отанына, коммунистік партияға риза болған ақын жоғарыда аталған «Жамбылдың халық үшін қалған жасы» атты толғауын жырлап таратты. Одан кейін Жамбыл колхоздарды аралап өзінің сайлаушыларымен кездесіп талай-талай қызықты, мағыналы, толғау өлеңдерін жырлап береді. Сол сөздерінің бірі «Толғау» деген атпен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сайлауы болған 24 маусым күнгі газеттерде басылып шықты».

Жамбыл Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Бұл кездерде Жамбыл жалғыз өзінің колхозында ғана емес, ауданында немесе Алматы қаласында өтетін жиын, съездердің бәріне де қатынасып, өзін сөзі өткір үгітші, ақылгөй қария, белсенді ұйымдастырушы түрінде көрсетеді. Мұндай белсенді қоғам, мемлекет қайраткері болу қызметін Жамбыл мұнан кейін де 1943 жылға дейін ешбір бәсеңдеткен жоқ.

Ақын 1938 жылы 10 шілде күні өтіп жатқан Қазақстан коммунистік партиясының Екінші съезіне келіп өлеңмен құттықтау сөз сөйледі. Бұл да жай сөз емес, ақын жүрегіндегі Отанның ерлігі, жеңіспен алға басқан

қуаты жөнінде, сол жеңісті бастаушы коммунистік партия туралы айтпақ болған аса бір толқынды жыр түйдегі еді. Съезге қатынасқан Қазақстан большевиктерін:

Қарашығы көзімнің,  
Қуанышы сезімнің,  
Кеудемдегі жүрегім,  
Таянышым — тірегім,  
Ардақтысы елімнің, —

деп сипаттай басталған Жамбылдың бұл сөзі «Жеңіс жырын сайрандар» деген атпен газеттерге басылды.

Жамбылдың аса бір жауапты, терең мағыналы сөзі 1938 жылы 15 шілде күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясын ашарда айтылды. Депутаттардың ішіндегі ең қарты Жамбыл еді. Жамбыл Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің залына жиналған депутаттардың алдында стол басына домбырасымен келгенде депутаттар ұзақ қол шапалақтап қарсы алды. Ақын бұрын халық сайлаған депутаттардың сессиясын ашу сияқты аса жауапты жиынды басқарып көрген емес, тойды өлеңмен жырлап кету оңай сияқты, ал мемлекеттік басқару орнында бас ақылшы, аға қария болып сөз сөйлеп, жол бастап кету ақынға оңай бола қоймайды. Жұрт ұзақ қол соғып тұр. Жамбыл домбырасын бабына келтіріп алып өзінің өмірін, бақытты шағын еске бір түсіріп өтті де, көз алдындағы Кеңес Отаны барлық ұлылық бейнесімен жайнап, мені жырла деп тұрғандай көрінді. Аса бір толқынды, қуанышты ақындық шабытпен Жамбыл домбырасын қағып, іркілмей екпіндеп сөйлеп кетті.

Тоқсан үште жасы бар,  
Алатаудай шашы бар,  
Өмірі жас, жасы қарт  
Жамбылменен құрдастар  
Жарлығымен халықтың  
Жамбыл қартың сөз бастар...

Ақын депутаттарды «балаларым», «інілерім» деп, бәрімізді бақытты етіп, елімізді қызыққа, салтанатқа бөлеген, білім, ой берген Кеңес Отанымыз екенін, кеңес елінің жеңімпаз күшті адамдарымыздың қажыр-қайратына, өнімді еңбегіне байланысты екенін, біздің Коммунист партия бастаған халқымыз адам баласы тарихы көрмеген жаңа коммунистік қоғамға өрлеп бара жатқанын, осы жолда аспанды да, солтүстік Мұзды Мұхитты да, жердің

астын да, қыртысын да бәрін де шарлап, керегімізді алып отырғанымызды айтып ақын мақтанады, бәрімізге берілген кеңестік бақыт заңы, ұлы құқықтар бар екенін, сол заңның саясында біздің жасай беретінімізді кең толғап жырлады.

Ақын сөзінің ақырында депутаттардың халық алдындағы борышына тоқталады:

О, балалар, балалар!  
Ақылы кәміл даналар.  
Сессияны ашқанда  
Айтарлық сөз және бар:  
Ел сайлады, шын сенді,  
Елдің тұзын ақталық.  
Жамбыл деп маған ат берді  
Сөнуге қалған қартты алып, —  
Сессияны ашуға,  
Право берді көп халық,  
Міндетті тұрмын атқарып.  
Бүгін тағы жасардым,  
Құрметке ұлы шаттанып...  
Мен дүниеден кеткенде,  
Бақыт, ырыс, сән өмір,  
Ұрпағыма жеткенде,  
Жер жүзінің адамы,  
Бірінші топ өткенде,  
Немерем бе, балам ба,  
Ашады тойды мендей боп,  
Оған да жоқ күмәнім, —

деп қорытады. Жамбылдың Қазақ КСР Жоғарғы Кенесінің сессиясын ашардағы бұл сөзі 93-ке келген, шығармашылық өрлеуінде отырған ақынның, сонымен бірге кеңестік Қазақстанның өмірі туралы зор түйіндеумен жырланған күрделі толғау еді. Жамбыл сессияның мәжілістеріне бастан-аяқ қатынасып, қабылдауға тиісті заңдарды депутаттармен бірге отырып талқыласты. Мұнан кейінгі уақыттарда өткен Қазақ КСР Жоғарғы Кенесінің кезекті сессияларының жұмысына белсене араласып отырады.

Ол өзінің сайлаушыларының арасында болып, өлең, жырларын айтып, адамдардың әңгімелерін, арыздарын тындап қажетті талаптарын тиісті үкімет орындары, шаруашылық, мәдениет мекемелері арқылы орындатып отырды. Жамбылдың айтуымен Жамбыл, Қаскелең ау-



данындағы мектептер мен балалар үйінің жұмыстарына көп көмектер көрсетілді. Колхоздарда жаңа арық қазу, шағын электр станциясын салу, жаңа автомашиналар алу, колхозшыларға көпшілік қолды тауарларды көбірек жіберту, радио орнату сияқты игілікті жұмыстарды қалаға келген сайын Жамбыл Қазақстан Министрлер Кеңесіне, Ауыл шаруашылығы министрлігіне тағы басқа басшы орындарға әдейі барып айтып мәселе қойып, колхозшылардың талап-тілегін орындап отырады.

Сөйтіп, Жамбыл осы уақыттан былай қарай, кеңестік Конституция қабылданып, жүзеге асу дәуірінде шығармашылығы гүлденген ақын ғана емес, халық сайлаған депутат, мемлекет, қоғам қайраткері болып белсенді қызмет атқарды.

Жамбыл 1937 жылы қайта жырлап «Өтеген батырды» қағазға түсіртсе, енді 1938 жылы «Сұраншы батыр» атты тарихи поэмасын жырлап жаздыра бастады. Жамбыл бұрын жырлаған батырлар жырының бәріне қайта орала бермейді, солардың ішінде бүгінгі кеңес жастарын патриотизм рухында тәрбиелеуге, басқыншы зұлым жауға қарсы ерлік күреске шақыруға жәрдемдесетін тарихи батырлар тақырыбына оралып барады. «Сұраншы батырды» ақын қазақ халқының отаншылдық, орыс халқының достық идеясын беру тұрғысынан жаңа кеңес қауымына үлгі етіп қайта жырлап берді. Революцияға дейін үзінді түрінде шағын көлемде ғана жырлап келген «Сұраншы батыр» поэмасы енді 1938—1939 жылдары толық сюжетті, көлемді поэма болып жырланып аяқталады.

Өзінің мерекесі кезінде, сессия кезінде, үйінде болған уақыттарында Жамбыл талай құрметті қонақтармен кездесті. Украина жазушысы П. Тычинамен де, орыс жазушысы В. Ивановпен де кездесіп, жақсы ықыласта сөйлеседі. Сол кездесулердің ішінде Жамбылға айрықша әсер еткен академик Б. А. Келлермен кенесуі.

Жамбыл әрқашан өзімен жасы шамалас қарт адамдарды аса жақын тартып, ерекше пейілмен кеңесетін еді. Оларды өзінің құрбы, құрдасы санайтындай еді. Академик Келлер Жамбылға өзінің ежелгі сырласындай Қазақстанның жаратылыс байлығы жайлы көп әңгімелерді айтып, ғылым адамдары сол байлықтарды меңгеру жолында көп еңбек істейтінін сөйлейді. Жамбыл оған дүниенің құрылысы, аспан, жұлдыз жайында, Солтүстік мұз теңізі, Алатаудың жан бармаған биіктерінде не бар-

лығы, бұл манда жердің жиі сілкінетіні жайлы, құрғақшылыққа, жұтқа қарсы не амал-айла істеліп жатқаны, қолдан жаңбыр жаудыруға бола ма, жазғытұрғы шытыр деген шөптің қойға апат болып тиетіні жайлы талай сұрулар беріп, бәріне де академик Қеллер тарапынан қызық, мағыналы жауаптар алғасын Жамбыл қолына домбырасын алып, «Ғалым ініме» атты өлеңін жырлап берді, өлеңінде Мәскеу халқына сәлем айтады.

Осы жылы жазда Қиыр Шығыстағы Хасан көлі маңында жапон сұмырайларының кеңес жеріне өтпек болған әрекетіне соққы берген Қызыл Армияның ерлігіне сүйсініп, «Жауға оқ» атты толғауын, Комсомолдардың XX жылдық меркесіне, қыздардың Қазақстандық съезіне арнап бірталай жыр толғауларын айтып таратады.

1938 жылы желтоқсан айында Жамбыл тағы Мәскеуге саяхат етіп барып қайтты. Жамбылдың бұл жолғы Мәскеуге барып түсіп, аралаған кезінде бірге едім. Жамбылдың келетінін КСРО Жазушылар Одағының басқармасы мен Қазақстан уәкілдігі ғана білуші еді. Бірақ Алматы пойызы келер кезде қазан вокзалының басына халық көп жиналып, пойыздан түскен Жамбылды қоршап алды. Фотографтар, газеттің тілшілері қаптап кетті. Жамбыл вокзал басына жиналған жұртқа қарап аса бір ықыласты пейіл, ризалық білдіріп, иіліп сәлемдерін алғандай — бәріне де бүкіл Мәскеудің халқына мың мәртебе рахмет, менен шын ықыласты сәлем. «Менің сіздерге арнаған сөзімді радио мен газеттен тыңдап оқыңыздар», — деді.

Жамбыл жолдан шаршап келдім деп қажығандық белгі білдірген жоқ. Кешке, ертеңінде Мәскеудің жазушыларымен, өнер, ғылымның атақты адамдарымен үнемі кеңесіп, бірге мәжілісте болды. Екі күндей Мәскеудің алып өнеркәсіп — зауыт, фабрикаларын, зәулім салтанатты сарай, музейлерін, метроны аралады. Аралап көріп, жолдастарына — осындай салтанатты сарай үйлер ранабақ деген жерде болады деп бұрын ертегіден естуші едік, сол Иранбақ осы емес пе, деген сұрауларды қояды. Ол ертегі ғой, ақын қиялынан туған ән-салтанат орындары ғой десең, онда ол ертегіні түзетіп «Москва бақ» деп атау керек болар, — дейді. Біресе әдемі мрамырлы, сәулетті үй, сәнді сарайларды аса қызығып көріп, сұлулығына қайран қалып қадалып қарап, — Алматыға да осындай сұлу заңғар сарайлар салу керек емес пе, деп қасындағыларға қарайды да, — орыстан үйрену керек,

дүниеде орыстан өнерлі ел жоқ екен! Аспанға ұшатын машинаны да, пойызымызды да, автомобилімізді де осы Мәскеуде орыстар жасап жатқан жоқ па? — дейді.

Мәскеуге деген осы бір қуанышты ойын, ыстық сезімін ақын кешке «Националь» қонақ үйінде отырып, домбырасымен жырлап айтып берді. Бәріміз тындай қалыстық, ақын Қапан Сатыбалдин Жамбылдың жырын жылдам жазып отыр, бірақ үлгіре алмайды, бір рет жазып шығып, ақынға қайта оқып беріп еді, көп сөзі қалып қойған екен, қайта жырлады енді баяулап, бірақ алғашқыдан тағы толығырақ жырлады. Жырлап болды да «Мұны пойыздан түскен күнгі халыққа берген уәде бойынша «Сәлем берем Мәскеуге», — деп атау керек деді. Сол жерде өленді қолма-қол П. Кузнецов аударып, ертеңінде «Правда» газетіне басылып шықты.

Жамбыл М. И. Қалнин ақсақалда болып, кеңесіп, Ленин орденін тағып қайтты. Осы жолында Ленин мавзолейінде екі рет болып, қайтарында Қапан мен Кузнецовтан Лениннің қайтыс болған уағындағы жайларды қадағалап сұрайды. Лениннің өсиеттері орындалғаны туралы жаңа бір жырдың сарыны көңіліне келгендей, ақын домбырасымен кеңесіп сырласқандай жәйлі бір күйлерді тартып отырады. Бірақ айтар жырдың, толғар сөздің кілтін таппағандай жырын сыртқа шығарып айтпайды. Ақыры Ленин мавзолейін көріп, Ленин өлгендегі берілген анттың мазмұнын естіп, жол бойы ойланып, толғанған жырын 1939 жылдың қаңтарында келіп жарыққа шығарады. Ол «Орындалған ант туралы жыр» деген толғауы еді.

Жамбыл 1938 жылы да 40-тан аса өлең-жыр жырлап айтқан екен. Соның ішінде «Менің өмірім», «Менің бақытым», «Сұраншы батыр», «Жамбылдың халық үшін қалған жасы», «Сессияны ашардағы сөзі» сияқты күрделі поэма, толғаулары бар. Жамбыл шығармалары Кеңес Одағындағы барлық газет-журналдарда басылуымен қатар тағы да жеке-жеке кітап болып шығады.

Ал 1939 жылы Жамбыл 20-дан аса шығарма жырлап айтады. Оның ішінде жоғарыда аталған «Орындалған ант туралы жыр», «Біздің дәуірдің батыры», «Киров» атты толғау поэмалары, «Сұраншы батыр» дастанының екінші тарауы бар. Жамбыл шығармашылығында жауынгерлікті, батырлықты жырлау қашан да болсын негізгі тақырып болып келген. Әсіресе кеңес тұсындағы Қызыл Армияның айбынды ерлік, жеңімпаздық оқиғаларын

естіп білген сайын ақын осы тақырыпты әрдайым тереңдеп жырлауға қатты назар аударады. Алматыға келгенінде жергілікті әскер бөлімдерін аралап, олардың командирлерімен әңгімелесіп, Қызыл Армияның ерлігіне, жеңімпаздық салтына үнемі сүйсініп, аса бір ықыластанып қарайтынын білдіреді. Сондықтан да Қызыл Армия мен соғыс теңіз флотының батырлары туралы толғауын Қиыр шығыстағы Халкин Гол оқиғасы кезінде «Жеңіс жыры» толғауын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссия азат болғанда «Қаны бір бауырларымызға» деген толғауларын жырлайды.

1939 жылы ақпанда Кеңес Одағындағы ақын-жазушылардың қатарында Жамбыл үшінші рет Құрмет Белгісі орденімен наградталады. Осы жылы маусымда Қазақстан жазушыларының II съезі болып өтті. Жамбыл съезге бастан-аяқ қатынасып, келген ақындардың сөзін, өлеңін тыңдап, өзінің бағасын, сынап беріп отырады. Жамбыл Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының мүшесі болып сайланды.

Осы жылы Жамбыл Жетісудағы өзінің бірнеше шәкірт ақындарын шақырып үйіне жинады. Оның ішінде әрі асқақ үнді әнші, әрі ақын Кенен, қарт жыршы Өмірзақ, ақба жүйрік шешен Үмбетәлі, тапқыр, әр сөзін салмақтап айтатын Саяділ, шапшаң жазғыш Әбдіғали және Жартыбай, Досайбаев Хасен, Оспантай тағы басқалары бар еді. Бұлардан басқа, сол кезде Алматы төңірегіндегі колхозда тұратын атақты ақын — Иса бар еді. Өзінің хатшылары Тайыр мен Қалмақан болды. Осы сөзді жазушы да, сол кездегі Қазақстан Жазушылар Одағының бастығы ақын Дихан Әбілов те қатынасты. Жамбыл бұлардың бәрін үйіне қонақ қылып отырып, домбырасын қолына алып бірталай өлең-жыр айтты. Ол айтқандарының ішінде Қазақстанның шаруашылық байлығын, салтанатты өмірін елестеткен «Халық қазынасы» сияқты толғаулары, жас кезінде айтқан шағын әзіл өлеңдері, Құлманбет, Шашубаймен айтыстары да бар еді. Ақын өзіне келіп отырған ақындардан Иса мен Саяділдің өлеңдерін тыңдағанда, — міне, көрдіңдер ме, оқығанның аты оқыған ғой, бәрімізден асып түсіп жатқан жоқ па, — деп бір көтеріп тастайды.

Иса өзінің сол кезде айта бастаған «Кавказ» поэмасын жырлағанда Жамбыл: — Кавказды көрдің бе? Ол мынау Алатауға ұқсамайды ғой. Сенде Алатауға ұқсап кеткен жері жоқ па, — деп еді, шапшаң Иса: Алатауға

ұқсаған жоқ, Алтайға ұқсап кетсе ұқсар, Алтайды аралап көп жырлағандығымнан ба, қалай екеуі бір тау сияқты болып кеткен жері жоқ емес, — деді. Саяділдің «Бес мылтығын» да тыңдады. Арасында, домбырасымен кимелеп, әр түрлі тақпақ айтпақ болған Жартыбайды Жамбыл: «Осы суыр сияқты әрі жалтақ, әрі бақырауық», — деп қалжыңмен қағытып тоқтатып тастайды.

Басқаларын біраз тыңдап болғаннан кейін, домбырасын жанына сүйеп қойып, Жамбыл өзінің акын достарына ұзақ сөйлеп, кеңесін айтып жатты. — Бақыт, арман деген не? Дүниеге жаратылып келгелі әр адам өзіне әр түрлі бақыт, арман көксейді екен. Біреу балалы-шағалы болсам екен дейді. Жақсы қызық көріп салтанатпен өмір сүрсем екен дейді. Өмірден ренжімей, қуаныш, күлкімен өтсем екен дейді. Акын-жыршы елдің ең қадірлі бұлбұлы, құрметтісі болсам екен, сөзім барлық жұртқа жетсе екен деп арман етеді. Сол күткен бақыт, армандар біздің заманымызда жүзеге асып отыр. Бұрын акын сөзі еркін, жолы ашық болуды арман етсек, ол арман бәрі де қолымызға құс болып қонған жоқ па! Осы біз жасап отырған өмірден не тілейміз! Тұрмыстан тарығу, жанды, арды жалдап, бір аяқ саумалға сатылу деген әлдеқашан қалды. Біз қазір кеңес заманының бұлбұлымыз, халық төбесіне қондырып еркелетіп, сайратып отыр.

Ендеше өзіміздің бүгінгі бақытымызды жырлау бізге парыз. Біз баяғыдан бері ертегіні қақсап айтып келеміз, бірақ бүгінгі бақытты өмірімізді келістіріп жырлай алғамыз жоқ, бәріміз де бүгінгі өмірге, ұлы партияға лайықты акын сөзін тауып жырлауымыз керек.

Екінші сендермен ақылдаспағым, кең жиналыс шақырып, акындарды айтыстырсақ қалай болар еді? Айтысты қойып барамыз, айтыс бізді ақындыққа қайрап салатын, сыннан өтетін күшті бір майданымыз емес пе еді? Сол майданды қайта ашып, жүйріктерді бір сыннан өткізсек деймін. Мұны қалай көресіңдер? — деді. Жамбылдың ұсынысын бәрі де бірауыздан мақұл көрді. КСРО Ғылым Академиясының қазақ филиалы мен Қазақстан Жазушылар одағының ұсынысы бойынша 1939 жылы 10 қарашаға халық ақындарының республикалық слёті шақырылды.

Слётке Қазақстанның әр түкпірінен 10-ге тарта атақты акын жиналды. Слёттегі халық ақындарының шығармашылық міндеті тақырыбына арналған (С. Мұқанов пен Е. Ысмайыловтардың) баяндамалары тыңдалғаннан

кейін, айтыс басталар алдында Жамбыл акындарға үндеу өлеңін жырлады. Бұл үндеуінде Жамбыл Қазақстанның түпкір-түпкірінен жиналып келген акындарды атай отырып, кеңес заманының шындығын ең күшті ақындықпен жырлауға шақырады.

Слёт 3 күнге созылып, оның екі күнінде акындар өзінің жаңа дастан, толғау жырларын айтып сынға салды, үшінші күні Қазақстан мемлекеттік драматеатрының сахнасында Қызылордадан келген Нартай мен Семейден келген Нұрлыбек екеуі ұзақ айтысып, әр ақын өз елінің, өз облысының байлығын айтып мақтай келіп, өз облыстары партия мен үкімет алдында алған міндеттерін қаншалық орындағандықтарын жырлады.

Осы слёт үстінде драматеатры сахнасындағы бірнеше ақынның ресми арнаулы айтыстарынан басқа, Жазушылар Одағында, Ғылым Академиясының қазақ филиалында ақындар өзара айтысып, өнер жарыстырып, сол айтыстардың көбіне Жамбыл қатынасып отырды.

Бір күні бір топ ақын бас қосып, өлеңмен бірін-бірі қағытып, кеңесіп отырғанда ақындардың бірі Жамбылға: Сіз Құлманбетпен, Сарыбаспен, Шашубаймен айтытарыңызды өзіңіз айтсаңыз екен, біз басқалардың айтуынан естіп жүрміз деп еді, — олар қашанғы ескі жыр, көбі ұмытылған ғой, алайда есімде қалғандарынан бірер ауыз айтайын деп, әр айтыстың ең қызықты, түйінді жерлерінен үзіп-үзіп желдіртіп айтты, Үмбетәлі отырып, осы айтытарыңыздың бірталайы толығымен Академияда жазулы тұр деп еді, Жамбыл: — О, олар қайдан алыпты, ендеше оқытып тыңдайықшы олардан, — деп, қасындағы ақындарын ертіп Жамбыл КСРО Ғылым Академиясының қазақ филиалына келді.

Ақындар жайлап отырғасын, Жамбылдың айтыстарын архивтерден алып оқи бастадық. Бізде Құлманбетпен Жамбыл айтысының екі варианты бар еді, біреуі 1932 жылғы Сәкеннің «Қазақ әдебиеті» нұсқалары» жинағында басылғаны, екіншісі 1938 жылы Кененнен жазылып алынғаны еді. Екеуін де оқып беріп едік, Жамбыл аса ықыластанып тындап отырды да: көп жері бүлінген екен, Медеу байды мақтаған жоқ едім, бұл сөз де менікі болып кіріп кетіпті. Енді, шырақтарым, осы айтысты Үмбетәлі екеумізден жайланып отырып қайта жазып алыңыздар, — деді.

Онан кейін Шашубаймен екеуінің айтысын оқып бердік, оны Өмірзақ пен Шашубайдың өзінен жазып алға-

мыз, оқып отырғанда қасындағы Шашубайға қарап қойып, өз сөзін де, Шашубайдың көтеріліп, желденіп сөйлеген мінезін де бір түрлі қызық көріп сүйсінгендей, рақаттанып, қатты күліп отырып тындады. Айтыстың аяғында қолжазбада «Жамбыл жеңіпті» деп жазылған екен, ол да байқамай оқылып кетті. Айтысты оқып отырғанда Жамбылдың рақаттанып күліп тындағанын Шашубай өзінше ауыр көргендей салқын отыр еді, енді «Жамбыл жеңді» дегенді естігенде шыдай алмады білем, мұрты тікірейіп, көзі ежірейіп орнынан бір қозғала берді де гармонның жұлып алып толқытып күйлеп, өлеңді бастап айта жөнелді.

Жамбыл да, басқа ақындар да кілт тынып тындай қалды, Шашубай Жамбылдың жолы үлкен аға екенін, даңғыл жүйрік екенін айта келіп, бірақ Байбұланнның үйінде өзінің жеңілмегенін, Жетісу елі көптігін істеп есе бермей кеткенін айтып, Жамбылға тие, қағыта сөйледі. Шашубайдың сөзін аяқтатпай домбырасымен айқайлап, бір жағынан Үмбетәлі өлеңді төпеп қоя берді.

— Рас, сен Жетісуға келген қадірлі қонақ едің, сені ол кезде бүкіл еліміз төбесіне тік көтеріп сыйлады, бірақ сен Жамбылдың ширегіне келмейтін ақын едің, сонда арақ ішіп, мас болып айтысқандықтан жеңіліп қалғаның, топтан озған жүйрік болсаң, жасың Жәкеңнен кіші, осы заманда, осы күнге дейін топқа түсіп көрінбей, Балқаштың қамысында жасырынғандай, қайда жүрдің,— деп баспалатты. Үмбетәліні іле-шала Жартыбай да Шашубайға төне қарап: «әй, мен сенің төбеңде құйыдай ойнайын», — деп келе жатыр еді, манадан бері күліп, ажарланып тындап отырған Жамбыл Жартыбайға келгенде қабағын шытып, оны қойғызды да, өзі екі ауыз өлеңмен тоқтау айтты: Арқаның ақындары бәрі сері, ерке, асқақ келеді, кешегі Біржан, өзіміз көрген Шолақ, мынау отырған Шашым, Иса бәрі де ақындық, әншілік өнері бірдей сай келген ерке ақындар ғой. Сол айтысымызда сенің гармонға қосылған әнің басым жатты да, менің домбыраға қосылған сөзім салмақты жатты ма деп ойлаймын. Бірақ «мен жеңдім» деп өзімізді өзіміз мактамайық, оны ішінде болған ара кісілер айта жатар. Ал бүгінгі Шашым інім мен Үмбет інім екеуіңдікі де менің алдымдағы еркеліктерің ғой. Сендердің еркеліктеріңді мен көтеріп алдым деп қысқа айтысты тоқтатты.

Осыдан кейін Жамбыл қалаға келгенде немесе өзіне арнайы бізден адам шақыртып алып, өзінің барлық ай-

тыстарын, бұрыннан білетін жырларын жаздырта бастады. Тағы бір келгендерінде Жанак, Түбек, Орынбай, Шөже, Құлманбет, Майкөт, Тезек сөздерін өзі айтып отырып, — одан басқа қандай сөздері, өлеңдері барын бізден сұрап, бірқатарын оқытып тыңдады. Орынбай мен Шөжені ерекше атап: айтыста бұл екеуінен асқан ақын жоқ еді. Шөже мен жігіт кезімде бірталай жолдас болып, қырғыз елін аралағанын, қырғызда Байтік батырға барғанда Шөженің айтқандарын жырлап берді. Сөйтіп, Жамбылмен жақын араласуымыз арқылы 1939—1940 жылдары Тайыр, Қалмақан, Ғали, Қалижан бәріміз айтқызып, тыңдап Жамбылдың Құлманбетпен, Сарыбаспен, Досмағанбетпен айтыстарын толық түрде жазып алдық. Жамбылдың өзі ұмытқан жерлері болса оның шәкірт ақындары Кенен, Саяділ, Үмбетәлі, Өмірзақтардан сұрап, солардың айтуымен толықтырып, Жамбылдың өзіне оқып шығып қаратып алып отырдық. Мұның бәрі де Жамбылдың бұл кездегі аса бір күрделі шығармашылық еңбектері еді.

1938 жылы Жамбылдың ақындығының 75 жылдық мерекесін өткізген мезгілде ақынның революцияға дейінгі жырланған желілі дастан, көлемді айтыстары жалпы аталғаны болмаса, дәл мәтіні қағазға түсірілмегендіктен арғы дәуірдегі шығармашылық жолы қандай екендігіне толық жауап берілмей қалған еді. Әсіресе Жамбылдың ірі айтыс ақыны екендігін, ол айтыстарының идеялық мәнін ашу аса қажет еді. Міне, осы келелі мәселелердің шешілуіне жоғарғы жазып алынған көлемді шығармалар бірталай жауап беретіндігі даусыз еді. Сондықтан Ғылым Академиясы Жамбылдың академиялық толық шығармалар жинағын бастырып шығаруға кірісті. Әуелі 1939 жылы Жамбылдың «Сұраншы батыр» поэмасы мен бірталай таңдамалы поэмаларын бастырып шығарды. Келер жылы Жамбылдың толық шығармаларының I томдығын бастырып шығарды, оған жоғарыда аталған айтыстар мен «Сұраншы батырдың» толық нұсқасы, 1916 жылы айтқан «Зілді бұйрық» өлеңі мен 1927 жылы жырлаған «Замана ағымы» атты дастаны тағы басқалар басылып шықты. Және «Сұраншы батыр» поэмасы мен өлеңдер жинағы П. Кузнецовтың аудармасымен орыс тілінде жарияланды.

1940 жылы да ақын үлкен шығармашылық қызметпен тоқтамады. Ол күн сайын дүниеде болып жатқан жаңалықтарды көруге, білуге, сезінуге құмар еді. Және сол бі-



ліп, сезгені туралы өзінің ой-пікірін тез айтуға тырысатын.

Батыста империалистік қырғын соғыс жүріп жатқан кез. Финляндия оқиғасы болып өтті. Міне, осы жағдайда ақын отан қорғау тақырыбына айырықша көңіл бөледі. Қызыл Армия күнінде «Болат тонды батыр» деген толғауын жырлап айтты. Сол жылы ақын Қазақстанның 20 жылдық мерекесімен байланысты қазақ халқының социалистік қоғамдағы бақытты өмірін кең суреттеген «Әлемде бір жұлдыз бар» атты толғауын жырлап аяқтады. Ақын социалистік еңбек, халықтар достығы тақырыптарына және туған жеріндегі колхоз тұрмысына, өзінің ақындық өміріне арналған өлең-жырлар, шағын тақпақтар жырлайды. Сөйтіп, 1940 жылы Жамбыл 20-дан аса өлең-жыр айтып таратады. Мұның ішінде «Өмірдің тууы» атты әңгімесі ақынның шығармашылық өмірінің кейбір кезеңін суреттейді.

Бұл жылдары Жамбыл ара-тұра сырқаттанып қалып, әрі кәрілік ақынды еріксіз меңдетіп тастап отырды, ол көңілінің өсіп жасарғанын еске түсіріп, қаншама қайратқа мінсе де кеудесін кернеген кәрі жөтел қысып, кейде тынысын ұзақ тарылтып, жөнді ас та іше алмай, сөйлей де алмай қалып жүреді...

Жамбыл Мәскеуге барсам біраз көңілім сергір ме еді, қайтер еді, Мәскеу менің қағбам ғой, деген оймен бір күні Ғали мен Тайырды шақырып кенесіп еді. Олар: — Сізді Маяковскийдің қайтыс болған күніне арналған КСРО Жазушылар Одағының пленумына шақырған хат келгелі бірталай болды, бірақ ауырлап қалар деп көңіліңізді бөлмеп едік, барғыңыз келсе, құба-құп деді Ғали. Жамбыл қайта сергіп көтерілгендей, тез дайындалып, бір топ ақынмен өзінің сүйікті Мәскеуіне сапар шекті.

Бұрын атын естісе де бірлі-жарым өлеңін тыңдағаны болмаса, Маяковскийді Пушкин, Абайдай білмеуші еді, жолда анықтап біліп алғысы келіп, қазақшаға аударып кітап етіп Мәскеуге апара жатқан Маяковскийдің бірталай өлеңін оқытып тыңдады. Кей жерін, қайта-қайта оқытып тыңдап, — сөзі асыл екен, бірақ ұйқаспайды ғой. сендер бұзып аударып бүлдірген жоқсындар ма? Өзі жырмен жазылған ба? Қара өлеңмен жазылған ба деген сұрауларды қойып, қадағалап біліп отырды. Тайыр мұнда да жол қатары, ұйқас ырғағы бар екенін, бірақ мұның ұйқасы мен өрнегі жаңа екенін айтып дәлелдемек болып еді, Жамбыл «түсінбеймін» деп қолын бір-ақ сілікті.

Әрине Жамбылдың Маяковскийді түсінуі қиын еді, әсіресе орысша білмейтін Жамбылдың, аудармалар арқылы Маяковскийді біліп кетуі оңай емес еді.

Мәскеуге келгесін Жамбыл бұрынғы сырқатынан айығып кеткендей жаңа бір шығармашылық сезім дүниесіне беріледі. Ол өзіне таныс, қызықты қаланы аралап та көріп немесе өзі жатқан «Мәскеу» қонақ үйінің терезесінен көз жіберіп те кең дүниенің тамашасына ынтық болғандай, өзінің ақындық өмірінің кезеңдерін еске түсіреді. Ол Мәскеудің ең биік үйінің терезесінен жарық жұлдызды Кремльді көргенде, Алатаудың биігінен кең байтақ Отан бейнесін көріп отырғандай болады, Мәскеудің көшесінен кеудесі орденге толы талай батырды көрсе, сондай батырларды өз ауылындағы колхозшылардан, қазақ даласындағы алып өндіріс орындарынан да үнемі кездестіреді. Мұның бәрі де ақынға зор мақтан. Өз өмірімен бірге туып өскен қазақ халқының өмірі де қайта туып дамып келеді. Ақынның жыры да, жүрегі де жаңа өмірді жырлаумен бірге соғады, жаңа батырлармен бірге өмір сүреді. Ақын Мәскеуде болған шағында «Өмірдің тууы» деген әңгімесін осылай айтып берді. Бұл қара сөзбен жырланған поэзиялық шығарма еді.

Жамбыл 1940 жылдың ақыры мен 1941 жылдың басында көп жүрмей үйінде жатады, жөнді өлең де айтпайды, осы кезде бар айтқандары өзінің науқасы, кәрілігі, емделуі жайлы «Барлыбайға», «Шақырған жоқ сендерді Жамбыл жайға», «Жамбыл өлең айтпайды жантайған соң», «Кәрілік», «Жетіппін жүре-жүре қыр басына», «Мен де бір жас баламын қыңқылым көп» сияқты бірқатар шағын өлеңдер. Бұл өлеңдерін қасындағы Ғали үнемі қадағалап тындап жазып алып отырады. Кейде ақын өлең айтпай, жантайып жатып домбыраны жай тартып қоныр бір күйлерді шертіп, өз көңілімен өзі сырласқандай болады...

Осындай кәрілік меңдеп, жантайып жатқан кездерінде Жамбылға бір қуанышты хабар келеді. Қуанышты хабарды Қазақстан үкіметі басшылары, басты ақын-жазушылар, Кенен, Үмбетәлі сияқты ақын достары жиналып келіп Жамбылға естіртіп қайырлы болсын айтады. Ол 1941 жылы наурызда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысы бойынша Жамбылға Мемлекеттік сыйлық берілген хабар еді.

Жамбыл қуанышты хабар естіген соң, айырықша бір серпіліп көтерілгендей, жүрегін әлдебір ыстық сезім би-

легендей, көзіндегі моншақтаған жасты орамалымен бір сүргіп тастап домбырасын алып:

Дос жараным, еренім,  
Сүйіншімен келіпті.  
Бәрін билеп денемнің,  
Бір қуаныш ерітті.  
Қарт жыраудың жырына  
Ұлы сыйлық беріпті!...  
Өмірімді өрлеткен,  
Өлеңімді өргізген —  
Айтам алғыс Отанға! —

деп шағын бір жырмен алғыс айтты. Осыдан кейін Жамбыл көктемдегі сырқатынан азғана сауығып бой жазайын деп атқа мініп өз колхозының егіс даласын, мал жайлауын аралап жүріп, сұлу көктемді, сол көктем шағындағы колхозшылардың еңбек өмірін суреттеген «Көктем мен май даңқы», «Жер байлығы», «Мал азығы» сияқты лирикалы өлеңдерін айтып береді. Бірақ ол сергу ұзаққа бармады, ақын қайта төсек тартып жатып алды, бұл жолы Алматыдағы Совнарком ауруханасына келіп емделіп жатты.

## ЖАУЫНГЕР АҚЫН

1941 жылы 22 маусым күні — соғыс басталғанда Жамбыл ауруханада жатыр еді. Дәрігерлердің кеңесімен, оған соғыс хабарын естіртпеуге ұйғарылған. Бірақ өзін күтуші қызметкерлердің бірінен фашистік Германиямен арада соғыс басталған хабарды, Отанға төнген қауіп жайын естіп, дәрігер мен жазушылардың айтуына да қарамай, ертеңіне ауруханадан шығып, ауылына қайтты. Өзін тың бір қайрат билегендей, ауруынан кенет сергіп, тыңайып кеткендей, ол әуелінде ауруханаға екі жағынан екі адамға сүйеніп жүріп келіп кірсе, енді кетерінде аяғын ширақ нық басып, ешкімге де сүйенбестен өзі жүріп барып машинасына отырады.

— Көп жүріп, мазасызданып, сыртқатыңызды ауырлатып алмаңыз, — деген жазушылардың ақылына Жамбыл:

— Осы заманда ауырдым деп жатуға бола ма? Біздің Қызыл әскер батырларымыз түн ұйқысын төрт бөліп, Отанды қорғап, жаумен қанды қырғын соғыс салып, мені мен саған қамқорлық жасап жатқанда мұнда біздердің кескен томардай теңкиіп, қорылдап, пысылдап, бейқам ұйықтап жатуымызға болмайды, — дейді.

Маусымның 24 күндері қасына Ғали мен Тайырды кезек шақырып соғыстың хабарын, елге төнген қауіптің зорын радиодан да естіп және жақын адамдардан сұрап біліп отырды. Енді ол бұрынғыдай үйінде жастыққа жантайып жатып алған жоқ, ықшам киініп, ауданның колхозындағы жиналыстарда болып, бәрінде де «қайраттаңындар, жасымандар, жау жеңіледі, аянбай еңбек істендер!» деп әскерге алынып жатқандарды бетінен сүйіп қоштасып, «фашисті аямай қырыңдар» деп, ақыл, кеңесін айтады. Ақын Алматы мен өзінің колхозына дейінгі жол бойындағы барлық жұрттың реңін, кескінін әбден ұғып білген еді. Бәрінің жүзінен де жауды талқандап жеңуге бекінген ашулы қайрат, ызалы кектің отын көрген-ді. Неміс фашистерінің тасада тұрып қарақшыдай тап берген опасыздық қылығына бүкіл кеңес халқы қандай айбат шеккен кекті, ызалы болса, Жамбыл да сондай ызалы, кекті еді. Енді ақын қолына домбырасын алып кешке өз колхозының адамдарын жинатып, жырлай жөнелді. Арасында Тайыр мен Ғалиға «жазып алып тез Алматыға жөнелтіңдер», — деп қойды.

Асқар таудай еліме  
Байтақ жатқан жеріме  
Шапты фашист дегенде,  
Ашуменен аралас  
Жыр да келді көмейге, —

деп басталған, «Ата жаумен айқастық» атты толғауын айтып береді. Отанға қауіп төндіріп келген сұр жыландай жауды жаншып таптау керектігін, енді бәріміз де сол майданның жауынгеріміз деп, жауынгерше қайрат көрсету міндеттерін толғауында айқын атап жырлады. Шілденің 4-күні ақын «Өлім мен өмір белдесті» атты толғауын жырлап:

Қан кешкен сонау майданда  
Айбынды Қызыл Армия  
Орында түгел талабын!

Жібермес жауға ол кегінді,  
Жанындай қорғар елінді,  
Қанішер фашист жаулардың  
Қуырар әлі-ақ заманын, —

деп жауынгер кеңес халқы жауды талқандап жеңуіне сенім білдіреді.

1941—1942 жылдары Отанымыздың бостандығына қауіп төніп, Ленинград қоршауда, оқ астына алынып, қаласы қиратылып жатқанда, Мәскеуге шапқыншы жау таяп келгенде, Сталинград түбінде қанды қырғын майдан болып жатқан мезгілдерде Жамбыл бірде-бір күн дамыл алмай, біресе Алматыға келіп үкімет басшыларымен, басты ақын, жазушылармен кеңесіп, біресе өз ауылында колхозшылар арасында болып, біресе газет редакцияларына, радиоға өзі барып, жаңа толғау жырларын беріп, қайткен күнде де зұлым жауды талқандауға болысатын шығармашылық еңбегін сіңірумен болды. Соғыс кезінде Жамбылды мен де жиі көріп, өлең-жыр, әңгіме айтқан мезгілдерін талай тыңдадым. Бірер рет Сәбитпен бірге, кейде Ғалимен, кейде Тайырмен бірге, енді бірде Әбділда, Қалижан бәріміз Жамбыл отырған мәжілістің әңгімесін тыңдап, ақынның өмірі, импровизациямен айтудағы шығармашылық процесс туралы материал жинап, жазып алдым.

1942 жылдың мамырында ақынның інісі Сәтіштің үйінде жарты айдай жатып Жамбылды күн сайын көріп, сөйлесіп жүрдім. Соғыстың жайын, соңғы жаңалықты қадағалап көп сұрайды, барлығын жадына тоқып, ол да өзінің кезекті айтпақ болған толғау жырларына материал жинағандай. Бірақ білгеннің бәрі толғаныс тудыра бермейтін сияқты. Тайыр Жароковтың жазуында қоршаудағы Ленинградтың тарихы, сұлулығы, ерлігі туралы ұзақ әңгімелердің арасында өз баласы Алғадайды еске түсіріп, Ленинградтағылар сол Алғадайдай балалары екенін кеңінен түсінгенде Жамбылдың ақындық толғанысы басталып кеткендігі қызық әңгімеленеді. Ақын соғыс дәуірінің ерлігімен қатар бізбен халықтар тарихындағы ерлік ақындық дүние туралы да әңгімелерді көп айтады. Қырғыздың «Манас» жырындағы, Көрұғлыдағы соғыстарды бір жүйелеп өлең-жыр араластыра әңгімелейді, осы замандағы аспан, су асты соғыстарының жайын айтқанында ол осыған салыстыру ретінде «Сейфүлмәлік» дастанындағы самұрық мінген Хасеннің, перілердің со-

ғысын, «Құламергендегі» су асты дүниесін таратып кетеді. Бүгінгі соғыс дүниесі де, ертедегі қиял дүниесі де ақындық өмірінен бірдей орын алған, оған бәрі де қызықты сияқты. Бәрін де жырлағысы келеді. Ақындық шығармашылығындағы дүние қиял, елес түрінде қалмайды, барлығы да кеңестік патриотизм тұрғысынан жырланған жаңа поэзиялық туындылар еді. Ол қажырлы еңбектері Кеңес Армиясының зеңбірек, пулеметтерінің жауға қарсы атылған оғындай, кеңес елінің отаншылдық, елдік намысын қыздыра жырлаған өзінің жалынды, өткір сезімді өлең, жырлары еді. Жамбылдың «Ленинградтық өренім», «Москваға», «Аттан, батыр ұрпағым», «Совет гвардеецтеріне», «Майданға хат», «Отан әмірі», «Алынбас қамал», «Балама хат», «Воронеж батырларына» сияқты толғау жырлары Ұлы Отан соғысы дәуірінің сұрапыл бейнесі мен кеңес халқының зұлым жауға қарсы теңдесі жоқ алып қайрат, алып ерлікпен Отанды қорғаған батырлық тұлғаларын кең, толық сипаттаған, терең идеялы патриоттық поэзия еді.

Жамбылдың өлеңдерін майдандағы солдаттар, майдан бойындағы қалалардың адамдары, тылдағы бүкіл кеңес халқы — барлығы да аса рухтанып, сүйсініп оқыды. Жамбылдың «Ленинградтық өренім» деген өлеңін Ленинград халқы ұмытпайды, ол қаланы қорғаушыларға арналып айтылған терең сырлы, өткір идеялы толғау еді. Ол туралы Ленинградтың белгілі ақыны А. А. Прокофьев былай дейді:

«Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры жарияланған кез Ленинград халінің аса бір ауыр шағы еді. Бұл шақта немістің қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды, күніне жұмыс істейтін адам 250 грамм, жай кісі 150 грамм нан алды. Ет, май дегенді халық өте аз және өте сирек көрді, басқа азықты көрген жоқ. Үйлерге кіретін су токтатылды, канализация істемеді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд, бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды. Электр жарығы да нашар жанды, тіпті қаладағы үйлердің көбінде жарық болған жоқ. Қалаға жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды. Міне, осындай халде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күшті көрінген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр ірі әріптермен теріліп, көшелерде плакат болып ілінді. Сол пла-

катты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып, бомба тастап жүргенде, онан қашып тығылудың орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті сатып алуға көшедегі киоскілерде кезекте тұрған адамдарды талай көрдім... Жамбылдың өлеңі Ленинградты қорғаушы халқы мен оның жауынгерлерін жігерлендіруге өте зор қызмет атқарды» — деп аяқтайды сөзін. (Жамбыл. Толық шығармалары. 1946. Кіріспесінен алынды.).

Жауынгер жазушы В. Вишневский де Жамбылдың осы жырын аса жоғары бағалай келіп: «Бұл арнаулы көзге жас, көңілге қуаныш толы сезіммен оқымауымызға болмайтын еді... Қазақстан халқы бізге туыскандық сәлемін, сүйіспеншілігін, достығын жолдады, біз күшімізді еселеп отырып ұрысқа кірдік», — деп жазды. («Правда», 4/XII—1944).

Жамбылдың өлең-жырларын оқып, жігерленген майдан жауынгерлерінің талайынан ақынға жүздеген хат, сәлемдер келіп жатады; бәрінде де: «Сіздің жырыңыз бізге жәрдемші, жауды жеңуге ең өткір құрал, бізге арнап сол өткір, мықты құралыңызды үзбей жіберіп тұруды өтінеміз», — деп жазды. Соғыс кезінде, майданнан Жамбыл атына жазылған мол хаттардың өзі бірнеше папка болып жиналған. Олар қазір Жамбылдың әдебиет музейінде сақтаулы. Жамбыл өзіне келген хаттарды оқытып, кейбіріне өлеңмен, кейбіріне жай хатпен жауап қайтарып отырады.

1942 жылы наурыз айында қазақ жауынгері Сейітов Дүйсекей мен оның командирі орыс Сахаров Борис екеуі жазған: Сіздің жырыңызбен рухтанған екеуміз отырған блиндаждан бір адым шегінбей фашистерді талқандауға ілгері басамыз, деген хатын алғанда Жамбыл:

Жауынгер балам Дүйсекей,  
Командир балам Сахаров,  
Сөздерің күшті бірегей,  
Соққандай жауды жапырып.  
Қиратып жауды салуға  
Ұлдарым менің қам қылған,  
Хабарлап соны Жамбылға  
Хаттарың мейір қандырған, —

деп өлеңмен жауап қайырады.

Жамбылдың «Отан әмірі» атты толғауы 1942 жылы

жаз айларында, жау Кавказға, Еділге төніп келе жатқанда «Бір адым шегінбе!» деген ұранмен айтылған еді, бүкіл кеңес армиясының бөлімдерінде әрбір жауынгер оқып, Отанның, халықтың ең күшті әміріндей көріп қарсы алды, рухтанды. Ақын майданды да, тылдағы ел өмірін де көз алдынан бірдей өткізіп отырғандай, бәріне де арнаған сөзін, өлеңін бірде-бір рет тоқтатқан жоқ. Соғыс майданының әрбір жаңалығын, әрбір жеңісті, ерлік оқиғаны лезде жыр етіп, хатшыларына жаздырып отырды. Майданға аттанған жауынгерлерді, өзінің екі баласы — Алғадай мен Ізтілеуді, баласындай жақын достары — Тайыр мен Кузнецов, Қалмақан, Саяділдерді бәрін де өзі қоштасып шығарып салады. Бәрін де ең жылы әкелік, мейірімді сөзін, ақылын айтып аттандырады.

Жамбыл өлеңдерін орыс тіліне үнемі аударып келген ақын Павел Кузнецовты өзінің туған баласынан кем көрмейтін. «Тілімді, ойымды осы балам ғана ұғады», — дейтін, «Чернейсов» деп еркелетіп, балам деп отыратын. Кузнецов майданда жүргенінде амандығын сұрап үзбей хат жазып тұрды. Кузнецовқа жазған хатының бірінде майдандағы кеңес жауынгерлеріне тілектес, әкелік мейірімін білдіріп былай дейді:

«Ер басына күн туса, етігімен су кешер», — деген ғой, балам, бастарыңнан өткізген қиыншылықты мен де біліп отырмын. Бірақ қиыншылыққа көнбей, қар төсеніп, мұз жастанбай, қарын ашып, ұйқы ашылмай, жеңі жастық, етегі төсек болмай, қабырғадан қан кешіп, қан майданда қырқыспай, дегеніне жете ме ер адам. Осыны ойлаймын да, сабаздарым, деп риза боламын... Павел қарағым, араларыңнан атағы жер жарып шыққан батыр жігіттерге сәлем айт, Жамбыл атасынан «Бәрекелді балаларым, ризамын», депті де. Ердің ерлігі осындайда көрінеді ғой, тегі. Өзімізге кәрілік «қой, қой» деген соң ғана отырмыз. Әйтпесе аянатын немене бар, тәйір. Әттең кәрілік қой, әйтпесе үйде отырар ма едік» (С. Бегалин т. б. 60-бет.).

П. Кузнецов 1943—44 жылдары келгенде Жамбыл «балам келді» деп аса қатты қуанып, жақын жарандарын, достарын жинап қонақ шақырып аса көңілді қуанышты халде болып, майдан жайын сұрап, жаңа өлеңдерін тағы да Павелға аударуға бергізді.

Алғадай Жамбылдың жақсы көретін үлкен баласы еді. Алғадайын өзі пойыз басына дейін бірге барып шығарып салып, қатты қысып бетінен сүйіп, көзіне жас алып тұрып, баласына майданда әке атағын ақтауды



тапсырды, сол коштасу мен тапсырудың өзі ақын аузынан тамаша бір лирикалы жыр болып шығады:

Құлағыңда құлыным,  
Дауысым жүрсін жырлаған.  
Алғадайым арлы едің,  
Ата сөзін сыйлаған.  
Перзентімнің алды едің,  
Көңілімді қимаған.  
Аттандырдым майданға,  
Аман-есен жүр, балам!  
Абыройға ие бол,  
Ағат баспа бір қадам.  
Атақ берген атаңа  
Ел қадірін біл, балам.

Алғадайдың Отан соғысы майданында ерекше ерлік көрсетіп гвардеец аталған хабарын, хатын алып, ақын тасып қуанады. «Балама хат» деген белгілі өлеңін жырлап майданға жібереді:

Хатынды, ботам, оқыдым,  
Халінді білдім сапардан.  
Қуанып соған отырмын,  
Гвардеец атанған.  
Сұраншы, Саурық секілді —  
Болыпсың, балам, қаһарман,  
Қайтармай жаудан бетінді,  
Қаптаған қолға қасарған...  
Айнымай, балам, антыңнан,  
Әкеңнің тілін алыпсың.  
Түсіндім түгел хатыңнан,  
Тайынбай жауға барыпсың.  
Өзіңді қиып өлімге,  
Арыңды сақтап қалыпсың, —

деп, баласының және майдандағы бүкіл жауынгерлердің ерлігіне, жеңісіне риза болады, сүйсініп алғыс айтады.

Жамбыл баласының ерлігін, жеңісін қандай мақтап, қуаныш көрсе, Кеңес Армиясының жауды Мәскеу, Ленинград, Сталинград түбінде, Кавказда солтүстік майданда қирата жеңген хабарларын естігенде сондай қатты қуанып, «шүкір» деп сүйсініп, «біздің қаһарман қызыл армия жеңбей қоймайды» деп зор сенім білдіреді. Әсіресе 1943 жылы майдандағы ірі жеңістің хабарына шаттанған

Жамбылдың ақындық шабыты көтерілгендей, салт ат мініп колхоздарды аралап жүріп, Кеңес Армиясының жеңімпаз алып ерлігін жырлайды. «Қамал бұзған қаһарман», «Той күні таяу», Жүз жасаған жүректен», «Жау ажалы жақын», «Қаһарман халық достығы» сияқты жаңа толғауларын жырлап таратқан. Кеңес Армиясы азат еткен қалалардың, дала, елдердің неміс-фашистерден талқандалғаны да, енді ол жерлерде жаңа кеңес өмірі қайта басталғаны да, қанды қырғын майдан даласында орыстың, украинның жерін жаудан азат ету үшін қасықтай қаны қалғанша соғысқан қазақ жауынгерлері де, бәрі де ақынның көз алдынан тізбектеліп өтіп отырады. Бәрі де ақын жырында айқын, көркем жырланады.

Бұрын батырлықты көп жырлаған ақынға — соғыс дүниесі таныс сияқты болатын еді, найзалы, қылышты, садақты қалың қол біріне бірі қарсы келіп, шеп құрысып соғысатын, батырлары жекпе-жекке шығып ұрыс салатын, ұрыс қызғанда қалың қол қаптай араласып қолма-қол ұрысып кететін. Жамбыл соғысты осылай түсінетін. «Шаһнама». «Манас», «Қобыланды», «Көрұғлы» соғыстарын солай ұғынатын еді, «Сұраншы» соғысын солай жырлаған болатын. Ал енді бұл заманның соғысы оған мүлде ұқсамайды, аспанда ұшып жүріп, судың бетімен де, астымен де жайын балықтай жүзіп, құрғақта машиналарға отырып, минутына мың-мың батпан ажал оғын себетін зеңбіректермен атып жүріп соғысады.

Ақын осының бәрін де естіп біліп, қанық болды. Бірақ ақын бір нәрсеге әбден сенді, ол: соғыстың қарулы құралы әлсіз заманда болсын, күшті заманда болсын, бәрінде де батыр адам батыр күйінде қалады, батыр жеңбей қоймайды екен, ненің тетігі болсын адамда, адамнан мықты нәрсе жоқ екен деген сенімге ол мықтап бекиді, 28 панфиловшы батырлардың неміс танкілерімен алысқан ғажап ерліктерін естігенде, Жамбыл — батыр адам жеңбейтін күш жоқ деп ойын түйген-ді, сондықтан да, ақын соғыс кезіндегі өлеңдерінде алдымен кеңес жауынгерлерінің ерлік рухын, қайраттылығын, табандылығын көбірек жырлайды. Халық мықты болса, кеңес жерін азат етуші Қызыл Армия, кеңес солдаты мықты болса — жауды жеңуіміз, сөзсіз екенін, солдаттың моральдық рухы берік, күшті болуы, солдаттың кеңес жерін жан-тәнімен сүйіп соғысуы ең зор қасиет екенін терең ұғынып жырлайды.

«Қаһарлы халық достығы» деген жырында Қазақстан

жауынгерлерінің ерлік даңқын мақтан етіп жырлай келіп былай дейді:

Украина топырағын  
Көкірегіндей ананың,  
Жауған оқтан жасқанбай,  
Сарайларын ашқандай  
Сүйіпті менің ұлдарым!  
Жасыратын сыр ма бұл? —  
Естіп соны қарт Жамбыл,  
Көкірегі толқынып,  
Жас ірікті бұл да бір.  
Жетті жылды жыл қуып,  
Қан майдаңда қабынған...  
Жауды жеңер күн жуық,  
Партияның сөзі — заң!  
Қабырғасын қаусырып,  
Дұшпанды біз тықсырып  
Сығамыз жан-жағынан.

Ақын жеңіс сағаты жақын, сол жақын жеңісті жылдамдату керек екендігін айтып, тылдағы халықтың еңбек ерлігіне де үлкен мән береді. 1942—1943 жылдары Жамбыл Алматы облысының көп колхоз-совхоздарын аралады. Алатаудың аржағындағы мал өрісі жайлауға да барып қайтып жүрді. Осының бәрінде де ақын колхозшыларды тыным алмай майданға көмекті көп беруге, азық-түлікті мол өндіруге шақырған жырларын айтып таратты. «Сыйлық», «Жаз тілі», «Темір тұлпар мінген қыз», «Ту астында берген ант» сияқты өлең-жырлары тылдағы еңбек майданы ерлігіне арналып айтылған.

Соғыс кезінде Жамбыл Алматыға жиі келіп, үлкен мәжілістерге қатынасып отырды, өзінің ауылында да жиі мәжіліс, бас қосулар өткізіп, Кеңес Одағына белгілі ғылымның, өнер, әдебиеттің талай адамдарымен кездесіп кеңесті. Академик Комаров, Бардин, Сәтбаевтармен, Уланова, Заводский, Александровская тағы басқа Кеңес Одағындағы өнердің көрнекті қайраткерлерімен, Алексей Толстой, С. Маршак сияқты жазушылармен кездесіп, кеңесетін еді. Отан соғысы майданынан келген Кеңес Одағының даңқты батырларымен кездесіп, оларды арнап үйіне шақырып, қонақ қылып, құрметтеп кеңесетін еді.

Жамбылдың ең жақын сырласы, достарының бірі қарт халық ақындары еді. Хат арқылы, қатынаған адамдар

арқылы сәлем айтып, әр облыстағы ақындардың хал-жайын біліп, не айтып, не жырлап жатқанын, тұрмыс хал жайының қалай екенін біліп отыратын еді. Олардың Алматыға келгені болса үйіне қонаққа шақырып немесе өзі барып кездесіп, өздерінің көңіліндегі достық, жақындық сырларын айтысып, ұмытылмай сақталған қызықты, мағыналы жырларды еске түсіріп айтып отырушы еді.

1943 жылғы желтоқсанда Алматыға 60-қа тарта халық ақыны жиналып келіп, Абай атындағы Опера және балет театрында ақындардың республикалық айтысы басталды. Айтысқа ақындардан басқа облыстағы жазушылар, партия, кеңес ұйымдарынан көптеген адамдар келіп қатынасты. Осы айтыс күндері Жамбыл дамыл тапқан жоқ. Ат шабыс, дүбір десе бүйірі қызып, кермеде тұра алмайтын жүйрік тұлпардай, Жамбыл да кәрі тарлан жүйріктігіне бағып, сол айтысқа қатынасатын ақындардың ақындық майданын қуанып, қызығып қарсы алғандай, ерекше шаттанып кетті. Ақындардың айтысын Жамбыл өзі бастады.

Жамбыл домбырасын қолына алып күйлеп отырып, өзінің ақын дос іңілерімен сырласқандай жырын толғай жөнелді:

Алатаудан, Арқадан  
Ақындарым келіпсін.  
Тілдерінен бал тамған,  
Жақындарым келіпсін.  
Ертіс, Еділ, Іле, Сыр,  
Бас қосқалы келіпсін.  
Жүрген жері думан жыр —  
Сендер елге көріксің!  
Шаршы топта төгілген  
Сөздеріңді сағындым,  
Көзге жылы көрінген  
Өздеріңді сағындым, —

дегенде залдағы ақын достары қатты риза болып, «жарықтық-ай, көкірегі кең даңғылым-ай» деп айғайлап, кейбірі көзіне жас алғандай болды. Жамбыл жырын кеңінен, тереңнен қайырып толғап, айтысқа ақындар жиналғанда өзінің тыныш жата алмағанын, мұндай ұлы дүбір жарысқа астананың халқымен бірге қуанып, көтермеші болып келгенін айтып өтіп, ақынның асқан шеберін, өнерлісін жүйрік тұлпарға, қыран құсқа, қамалды бұзған батырға салыстырып, елдің бұрыннан келе жатқан ақын-

дық салтына тоқталды, кешегі Сүйінбай, Қатаған, Орынбай, Шөже, Кемпірбай, Майкөттер салған ақындық жол, дәстүр бар.

Біз солардың өрені,  
Көк дауылдай боратып,  
Сөз бастандар келелі, —

деп, ақындардың осы айтыстағы міндетін, нені мақтан етіп жырлайтынын термелей сөйледі. Байлыққа, кенге, зауыт-фабрикаға, еңбек дүниесіне толы ұлан-байтақ еліміз бар, сол елімізді жаудан қорғап соғысып жатқан ерлеріміз, қол бастаған батырларымыз бар, елге лайықты еңбек майданының батырлары да бар, бүгін, міне, осыны жырлайтын күн.

Уа, Орынбай, Шашубай,  
Сендер өзен басындай.  
Ағытыңдар өлеңді  
Жазғытұрғы тасқындай!  
Нартай, Кенен, Нұрлыбек,  
Маясар, Қуат, Жақсыбай!  
Өлең-жырды дүрілдет —  
Жарқылдатып жасылдай, —

деп, әр ақынды ақындық майданға қайрап салғандай, олардың міндеттерін атап, атап айтып береді. Айтысқа келген ақындар Жамбылдың бұл ағалық ақылын толық еске алды, бәрі де соғыс уақытындағы еңбек ерлігін, майданда жауды қиратып жеңген батырлардың ерлігін ардақтап жырлады.

Айтыс 5 күнге созылды. Қарағанды мен Семей, Солтүстік Қазақстан мен Қостанай, Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан, Талдықорған облысы мен Алматы, Жамбыл облысының ақындары айтысты. Дауысты күшейтіп беретін радионың қалқанын (громкоговорительді) құлағына жақын қойғызып, әрбір айтысты қадағалап тыңдап, әр ақынның айтыстағы ақындық өнерін салмақтап, келтірген дәлелі мен көркемдік сөз шеберлігін бірдей сынап, баға беріп отырды. Айтыс үстінде жоғарыда өзі есімдерін атаған жүйрік ақындардан басқа Қостанайдан Нұрқан Ахметбеков, Семейден келген Төлеу Көбдіков, Солтүстік Қазақстаннан келген Молдахмет Тырбиев, Қарағандыдан келген Жолыкей Нұрмағамбетов сияқты жаңа ақындар танылып көзге түсіп, бәйгеге ілінді. 20-ға тарта ақын-

ға бәйге берілді, Жамбыл, Шашубай, Орынбай сияқты ақындарға ат бастатқан бас бәйге берілді, бәйгенің арты — бір-бір шапан болды.

Жамбыл айтыста озған бір топ ақынды ауылына қонаққа шақырып, бас қосып, кең мәжілістесіп отырып, ақын достарымен кетерде қоштасқандай, бәрінің де көңілін толқытқандай бір сөз айтты: Балаларым, бауырларым, сендердің айтыстарыңды естіп бір жасап қалдым. Кәрілік дегенің тақымдап, ажал дегенің күнде құлағымнан қақылдап, мазаны алады. Сендерді енді қайтып көре алам ба, көре алмаймын ба, құдай біледі. Бәрің де бақыл болыңдар, қалжыңмен артық-кем талай сөздерді айтқан шығармын, алдымен, Шашым бауырым, сенен кешірім сұраймын. Менің арманым жоқ. Дүниенің ең қызықты бақытына осы заманда барынша кенелдім. Атабамамыздан бері естіп білмеген қызық дәуренді, міне, бізге кеңес заманы көрсетіп, қайта жасартып, бұлбұлдай сайратты. Елім жауды талқандап жеңіп жатыр, біздің елге орнаған бақыт күні өмірбақи сөнбейді. Сөнбейтін бақыт күнін жырландар. Менің айтар ақырғы сөзім де осы деп, Жамбыл әр ақынмен қоштасты.

Айтыстан кейін Жамбыл тыныс алғандай көп жүрмей, қалаға да келмей, колхоздарды да араламай, үйінде жатты. Бұл кезде майданнан баласы Алғайдың ерлікпен қаза тапқан хабары жеткен еді. Мұны Жамбылға естіртпеуге болмады, ол хабар ауданға келіп, аудан арқылы колхозшылардың бірқатары біліп қойған еді, сондықтан арнап естіртіп көңіл айту керек болды. Естіртуге Қазақстан үкіметінің басшы адамдарынан, белгілі жазушылар, Кенең, Үмбетәлі сияқты ақын достары бәрі жиналып барды. Соғыс басталғалы Жамбылдың өзі де майданда қаза тапқан ерлерді, олардың үй іштеріне талай рет естіртіп көңіл айтқан болатын, кейбір жесір әйелдердің жоқтауын, жұбату жырын бірге айтушы еді.

Енді міне, сондай ауыр қайғының бірін жақын достары жиналып келіп, қоңыр кеште Жамбылдың өзіне естіртті. Естіртіп көңіл айтушының бірі Сәбит Мұқанов: «Әттең, дүние-ай, — деді, ұзақ уақыт сазарып отырып қалған Жәкең басын көтеріп, — бұл қайғыны қалай көтерем енді... Қайғы Жәкеңе аса ауыр соқты» деп жазды.

Әбділда Тәжібаев айтады: «Жәкең жылаған жоқ. Ол, Жәкеңнің өз сөзімен айтқанда, сабыр етті, қайғыға көнді. Бірақ еріксіз егілген жас көзді бұлады. Жүрегін қасирет кернеді, қайғысы көпті көрген көне көкірекке сыйма-

ды. Таң атқаннан кейін халық тағы жиналды. Олар Жәкең таң атқанша тынығып, тыңайған шығар деп ойлап келіп еді, бірақ олар күндегі қутындап отыратын Жәкеңнің орнына, көз бен құлақтан айырылған, қаусаған шалды көрді. Жүз жасаған Жамбыл, бір түннің ішінде тағы да бір жүз жылды басынан өткізгендей болған екен» («Социалистік Қазақстан» газеті, 6/VII—1946).

Кенен айтады: «Жәкең ешқайсымыздың сөзімізге құлақ қоймағандай, үнлегенде көкірегі қарыс айрылып, үн-түн жоқ отырды да алды. Мен өлеңмен құлағына жақындатып үш-төрт ауыз көңіл айттым, қаза біреуге ерте, біреуге кеш келеді, екі өлмек жоқ, қартайғанда қажып қайғырма, Жәке, ұрпақсыз емессің. Алғадайдан да тұяқ қалды деп, Сүйінбайдың, қырғыз Қалмырзаның естірту, жоқтау сөздерінен бір екеуін айтып беріп едім. Жәкең маған қарап: Сен онан да Базарың мен Назарыңды айтшы деді. Мен соны айтып отырып, Жәкеңмен бірге өзім де ағыл-тегіл жасымды төктім. Ертеңінде келген қонақтармен бірге аттанарымда Жәкең маған: Кенен сен қайда барасың, тым болмаса қасымда бір жұма болсаңшы, — деді. Мен Жәкеңдікінде жарты айдай болдым. Күн сайын маған бұрын-соңғы білетін өлеңдерімді айтқызып тындайды, бірақ жадырап сөйлемейді, тек анда-санда «Кенежан-ай, сені де осынша өнеріңмен бір күні қара жер жұтады-ау», — деп қояды. Бірнеше күннен бері Жәкең Алғадай өлімінен басқаны ойламаған сияқты. Қоштасып аттанар күні Ғали екеуміз отырғанда Жәкең басын көтеріп, сүйеулі домбырасын қолына алып: Кенен, ішімдегі қайғының жалыны сияқты мынау бір сөздерді ала кетші, сен жоғалтпай жұртқа жаярсың, — деді де, жай ғана дауыспен, бірақ көкіректі кернеген зілдей ауыр үн лебімен жырлай бастады.

Алатауды айналсам,  
Алғадайды табам ба?  
Сарыарқаны сандалсам,  
Саңылағымды табам ба?  
Өлім деген у екен,  
Мендей кәріп адамға.  
Күнде үйімде күңіренем,  
Көзіме жас алам да...  
Темір өзек бенде жоқ,  
Өлмес адам елде жоқ,

«Орынсыз» деп өлімі,  
Ондай ойлау менде жоқ... —

деп ұзақ жырлады. Ғали жазып алсын деп саябырлап та айтқан жоқ, ұғып алсын деп маған айтып отыр. Жамбылдың домбырасынан шыққан үн мен әрбір сөзді ұғып, жаттап алуға бар ықыласымды салдым. Бірақ егіліп жылап отырып тыңдаған соң Жамбыл айтқан ұзақ жырының оннан бірін ғана ұстап қалдым, көңілі босаған Ғали да бір-екі-ақ ауызын жазып алыпты. Сонан кейін Жамбылмен қош айтыстым. Көп жыл жолдас болып жүріп Жамбылдың осыншалық ауыр қайғыда болғанын көргенім жоқ» (Кенен бұл әңгімесін 1943 жылы 26/XII күні Мәскеуде маған айтып берді. Өлеңді Ғали Кененнің айтуынан жазып алды).

1944 жыл жетті. Жамбыл бірнеше ай бойы қозғалмастан жатып алды. Алматыға Совнарком ауруханасына да келмеді. Жөнді ас, су да ішпеді. Алайда үй ішінде жақын-жарандарымен, үйіне көңілін сұрай келген кәрі дос-жарандарымен сөйлесіп отырады. Соғыс хабарларын да, дүние жаңалықтарын да сұрап отырады. Бұл кезде Ғалимен қатар Жамбылдың қасында оның өмірбаяны жөнінде өзінің, тағы басқа замандастарының, туыстарының айтқандарын жинап жаза бастаған жазушы Бегалин Сапарғали жиі болып жүрді. Жамбыл бұрынғыдай шешіліп жыр айтпағанымен өзі жайлы, көрген-білгені жайлы әңгімелерді бір мезгіл айтатын болады.

Алғадай туралы қайғысы біраз айыққан кезде Жамбыл бір күні сол Алғадайдан қалған Қуаныш атты екі жасар баланы алдына алып еркелетіп отырып:

Ал, Қуаныш, Қуаныш,  
Сені етейін жұбаныш.  
Алғадайым өлгелі  
Боп кетіп ем жылағыш.  
«Ата, ата» — деп келген соң,  
Айналайын, алайын.  
Ақ бетіңнен өпкен соң,  
Жүрегімді жамайын, —

деген шағын бір жырды айтады. Ақын анда-санда бір жатып, бір тұрып, 1944 жылы Аманкелді, комсомол жастар туралы екі өлең жырлап береді. Сонан кейін өлеңнен мүлде тоқталғандай болады. Құлағы айқайлағанда ғана



болмаса жай әңгімені естуден қалады. Көзі бұлдырап, жақын алдындағыны ғана әзер танып көретін халге жетті. Бірақ Жамбылдың сезімі әлі де өткір, алғыр еді, үйіне келген жақын-жаран, замандастарының дауыстап айтқан бір ауыз сөзінен немесе қол алып амандасуынан ақ танып, басқалардан гөрі көбіне өзі ғана сөйлеп, әңгіме айтып отыратын болады. Әсіресе соғыстағы жеңіс хабарларын естігенде қатты сүйсініп жадырап қалатын еді.

Кейде ақын достары келсе көңілін көтергендей сергіп, бір ауыз, жарым ауыз өлең де айтып салады. Сапарғали Бегалин Жамбылдың осы кездегі бір жағдайын былай жазады:

«1944 жылы 12 тамыз күні Үмбетәлі екеуміз Жамбылдікіне қонып отырып бірталай әңгімелестік. Кәрілік сырқат жеңіп, соншалық әлсіреп отырғанымен де, қарт ақын сүйекке біткен жүйріктігінен жаңылған емес. Еміс-еміс еститін сол құлағына: «Ақындар келіп отырмыз. Мен Үмбетәлімін» дегенде қасына барып, Жәкең Үмбетәліге: «Домбыраңның үні неге естілмейді, неге өлең айтпай отырсың.

Құлақ керең, көз соқыр, көкірек ашық,  
Бойдан қайрат, ойдан сөз отыр қашып.  
Дүрілдетіп өлеңді айтсаңшы, Үмбет,  
Қадамыңды артылта ұзап басып.  
Жүйріктерде жүйрік бар сүрінбеген,  
Ақын үні жиында дүрілдеген.  
Қан майданда белдесіп талай ерлер,  
Балуанда балуан бар бүгілмеген,—

деп, басын көтеріп алды. «Сүйекем өлерінде көп ауырды, өлерінен бір күн бұрын Қиысбай мен Тайтелі скеуі барып көңілін сұрапты. Сонда: — бетімді ноқталап, жағымды қарыстырып, тілімді күрмең еді, бүгін қайта босатты, сендермен қоштассың деген шығар, — деп көңілденіп біраз әңгіме айтып отырған екен. Қиысбайлар кетісімен қайта төмендеп ертеңінде қайтыс болды. Сол сияқты естімейтін кәрі құлағыма ақын үні саңқылдағандай болды.

Жас күнімде өлеңші асыл болдым,  
Көпшілік тыңдағанға тәсіл болдым.  
Бұл уақытта қартайып дәрмен бітіп,  
Келін менен кепшекке масыл болдым, —

деп, өзін меңдеткен кәріліктің жайын айтты. — «Енді бізден немене өлең шығады. Өлеңді бой жазып отырып айтпаса, өңі қашып кетеді ғой. Ал, балалар, мәжілістеріңді дүрілдете беріңдер» деп, қарт ақын жастығына қайта жантайды» (Бегалин С. Қолжазбасы, 247-бет).

Жамбыл төсек тартып, ұзақ сырқаттанып жатып алған хабарын естіп, өзінің қария замандастары, ақын достары, жазушы, өнер адамдары бәрі де келіп көңілін сұрап келіп отырды. Келгендердің атын ғана сұрап біледі де, бәрімен өзі амандасып, кейбірімен қысқа сөйлесіп, кейбірімен ұзақ әңгімелесіп кетеді.

Қазақстанның басшы партия, үкімет орындары Жамбылдың күтіміне, емделуіне айырықша көңіл бөлді: Жамбылдың өзі бұрыннан келіп қаралып жүрген Совнарком ауруханасында жатып емделуін мақұлдады. Жамбыл өзі де оны дұрыс деп тауып, 1944 жылдың 27 желтоқсанында Алматыдағы ауруханаға жүргелі жатқанда балалар сендер қауқаламай-ақ қойыңдар, қолды аяқты кісімін ғой, өзім тұрып көрейін... — деп, ұмтылса да тұра алмайды. Содан соң, тіпті, түрегелгенде де қайда бара қоймақшымын, сипалап жүріп бірдемеге басымды соғып алсам қайтемін. «Ай, қу кәрілік», — дей отырып, Ғали Ормановтың, тағы басқа жақындары алдында мынау бір өлеңді айтады:

Сөндің бе жарқыраған шам-шырағым,  
Қалдың ба тас бітеліп қос құлағым.  
Жатсам да төсек тартып дәрменім жоқ,  
Сеп болып, сөйлетесің жалғыз жағым.  
Қалыппын ие болмай өзіме-өзім,  
Әлім жоқ, күш-қайратты өтті кезім.  
Балалар, өлгенімше болысыңдар,  
Сендерге сол-ақ айтар соңғы сөзім!

Жазып алған Ғали Орманов бұл өлеңді «Соңғы сөз» деп орынды атаған. Өйткені мұнан кейін Жамбыл өлең айтудан мүлде тоқталады.

1945 жылдың басында Жамбыл Совнаркомның ауруханасында екі айдай жатты. Сырқаты қатты болды. Осы сөздерді жазып отырған кісінің өзі де 1945 жылдың басында сол ауруханада емделіп жатып, ақынның қандай халде болғанын біраз жақын білуіне тура келген еді.

Ақын түні бойы ұйықтамайды, денесінің қызуы көтеріліп, ауыр жөтеліп, анда-санда дауысын шығарып сөйлеп қатты қиналғандығын сездіреді. Көбінесе төсегінен

тұрып, жерге кілем үстіне отырып алады, кейде алас ұрып ұмтылып тұрып жүрмек, кетпек болып, балаларының атын атап шақырады, көбінесе немере інісі Сәтішті атап шақырады. Біраз саябыр тапқан кезде: «Алғадайым қайдасың?» «Келмей-ақ қой, қасыңа өзім де барам», — деп ақырын өзін-өзі жұбатқандай баяу күбірлеп сөйлеп кетеді. Қатты қиналған кездегі бұл сөздерінің көбі өң мен түстің арасындағы адам халінің бір күнгірт көмескі мезгілін аңғартатындай еді.

Жамбылдың денесі ірі, екі иығы кең, жауырыны жалпақ, төсі шығыңқы, жаратылысында сүйегі мықты адам, дәл осы жатқанында мұз құшақ, суық түсті қойнын ашқан ажалмен алысқан алып бір батыр сияқты еді, сонша көп жасаған, жас күнінде көп бейнет көрген, талай рет ауырған жағдайларының бірде-біріне алып қайратты денесін алғызбай, қасарып келген мықты Жамбыл, енді сол ажалдың өзімен жекпе-жек ұрысқа түскендей, өзін өлімге бергісі келмей, өмірді тастап қиып кеткісі келмей, қайрат жұмсап алысып жатқан шағы ма деп ойлайсың. Ол таң ата барып ажалмен алысуын тоқтатып, дамылдап, көзі ұйқыға кетеді.

Түс кезінде әжептәуір тыныққан, енді жай қалыппен қасындағы адамдармен сөйлесе бастайды. Сырттағы Ғалиды, басқа жақын адамдарды шақыртып алып кеңеседі; үйдегі балаларының, немерелерінің, мал-жанның амандығын сұрап біліп, олардың қыс уақыттағы күтімі, қамы жөнінде жаңа бір тапсырыстар айтып жатады, үйінің шаруа қамы жөнінде көбінесе сол кездегі облыстық атқару комитетінің төрағасы Күзембаев Нұрдәулетке арнап сәлемдер айтады, кейде Нұрдәулеттің өзі келсе, оған да үйдегі бала-шағасының жайын тапсырады.

Ал, Ғалимен әңгімесінде алдымен майдандағы жеңіс хабарын сұрап біліп, сүйсініп, өңіне ерекше бір ажар біткендей болады, онан кейін биыл кітабының шығатын, шықпайтын жайын, қай жерде қанша алатын гонорар ақшалар барлығын сұрап біліп, олардың Тезекбайға берілуін ескертеді. Кейде бірге отырғанда, — дүние, мал, ақша жайларын ойлап несіне әуре боласыз, балаларыңыз бар ғой, дегенімізде, Жәкең: — Ай, шырақтарым-ай, Алғадайымнан кейін шаруа ұқсатарлықтай балам қалмады, мен өлген соң бәрі жаудырап жетім болып қалады ғой. Домбыраның қызуымен жұрт адамы болып кетіп, балалардың ертеңгі қамын ойламаппын да, кеткенімше күн көрерлік азғана керекті қолдарына мықтап ұстатып

кетпесек бола ма», — деп, бір күрсініп қояды да тағы да сөз бастап, — ертең өлемін, жаман жақсы атымыз бар, маған келушілер аз бола ма. Бұл үлкен шаруаның қамы ғой, — дейді.

Дәрігерлермен кеңескенде: — Шіркін-ай, тынысымды тым болмаса бір кеңітерлік айлаларың құрып қалған ба? Тұншығып барам, өкпем, жүрегім көкірегіме сыймайды, кернеп кетті ғой, — деп үнемі сұрап, солардан тынысын бір мезгіл кеңіткендей үміт күтуші еді. Әрине дәрігерлер жүрегінің соғуын, тынысын кеңітетін укол салады, дәрілер береді, бірақ олардың бәрі де уақытша амал, айлалар, оның барлығын Жамбыл біліп алған. Ол енді ажал алдында өзі ғана емес, дүниенің ғылымын білген дәрігерлер де әлсіз, дәрменсіз екенін, баяғыда Қорқыт жеңе алмаған ажалды енді ешкім жеңе алмайтынын әбден түсінгендей болады.

Дәрігерлердің үнемі ұқыпты емдеп қарауының арқасында Жамбылдың сырқаты біраз беті қайтып бәсеңдеген кездері де болды. Осы кезде яғни 1945 жылдың көктемінде Жамбыл ауылына қайтты, онда да дәрігер қатты режим жасап, күтіп емдеп отырды.

1945 жылы 9 мамыр күні Жамбыл үйінде еді, бүкіл колхоз адамдары, аудан халқы бірінен-бірі сүйінші сұрағандай қуаныш білдіріп, үлкен мереке жасап кетіп еді. Өлең айтып, ән салып даланы, колхозды, ауылды басына көтергендей жаңғырықтырды. Қозғалмай үйінде жатқан Жамбыл даладағы, ауылдағы үлкен шу, айқайдың сарынын елеңдеген құлағы шалып, келіндерінің бірін шақырып алып: — Бұл не айқай-шу, той болып жатыр ма? — деді. Келіні: — Жеңіспен соғыс тоқталды, — дейді. «Бәсе, солай болмақ еді. Зұлым Гитлердің қарасы өшті де. Арманым жоқ, енді өлсем де, әлгі Сәтіш, Тезекбай қайда, жиындарына алып жүрсін», — деді.

Жамбыл бүкіл колхоз адамдарының жиынына келді. Бұл жиынның өзі бұрынғы өтіп жүрген жиналыс, тойдың біріне де ұқсамайды, біреулер сөз сөйлеп жатыр, бір топ жастар өлең айтып, енді бір адам бірін-бірі қонақ қып арақ, шарап, боза беріп сыйлап жатыр. Жамбыл келген соң жиналған жұрт ақынды айнала қоршап алқа қотан отырды. Жамбыл көк шөптің үстіне төселген кілемге отырып, төніп тына қалған колхозшыларға, жақын туыстарына көкірегін кернеген зор қуанышты білдіргендей өте бір ыстық әкелік сезіммен айнала қарап өтті.

Бәрінің жүзінде де жарқындық, шаттық нұр ойнаған-

дай еді, бәрінің жүзінде де ертеңгі жасайтын бақытты, қызықты өмірдің сәулесі ойнағандай еді. Жамбыл соны көреген көзімен аңғарғандай, анық көрмесе де жүйрік көңілі сол суретті көз алдына келтіріп, соның бәріне мейлінше риза болып кетті. Төрт жылғы қырғын соғыстың ақыры жеңіспен біткенде артында қалып бара жатқан ұрпақтары мұндай бақытты өмірге ие болып отыр, енді бұл бақыт нұры мәңгі сөнбек емес. Жамбыл: «Тойларың құтты болсын, Гитлер сұмды ойран еткен біздің батырларымызға мың рахмет! Бақытты болындар, балалар! Енді менде де, сендерде де арман жоқ», — деп жиналған тойға құтты болсын айтып өтті де, колхоздың бастығына Алматыға менің мынадай сәлемімді жеткізіңдер! — деп, жаздыра бастады: «Отан соғысының жеңіспен аяқталған мереке күні сіздерге жалынды сәлемімді жолдаймын. Жеңіс күнін көзіммен көргеніме қатты қуаныштымын. Бүкіл халықпен бірге жеңімпаз Қызыл Армияның даңқы арта берсін деген тілек білдіремін» («Қазақстанская правда», 12V/—1945). Онан кейін Жамбыл қасындағы Жартыбайды сол құлағына тақау жақын отырғызып: — «Кәне, Жартыекем, қаттырақ соқ, сені де сағынам ғой, көңіл ашар ермегім!», — деп қойды. Жартыбай домбырасын қағып-қағып. «Уай, Жәкең келді қасымызға Алатаудай», — деп жырлай жөнелді. Тойдың думаны қызып жатты.

Осыдан кейін көп ұзамай Жамбылдың сырқаты тағы дендеп кетті. Төсек тартып жатып алды. Анда-санда сүйеумен далаға шығып келеді, адамдармен сирек сөйлесетін болды. Осы кезде Жамбылда болғаны туралы Н. Оңдасынов жолдас былай деп жазды: «Мен Жамбылда 1945 жылы мамыр айында болдым. Ол ұзақ аурудан қалжыраған еді, сырқатынан айығып, күшін жинап, ұлы жеңіске лайықты өлең жырлауға өте құштар болып жатты. Өлім оның дегеніне жібермеді» («Литературная газета», 7/VII—1945).

Маусымның 15 күні Жамбыл Алматыдағы ауруханаға келіп түсті. Осыдан былай Жамбылдың халі ауырлай береді. Жәкеңе Қазақстан партия, үкімет басшыларынан, жазушы, ақындардан, өнер, ғылым қайраткерлерінен адамдар келіп қоштасып кетіп отырды. «Ол қоштасқан тәрізді болып, келген адамдардың бәрінің де қолын алды, сабырлылық көрсетті. Ол қажыған ердей, көзін жұмып тыныш жатты. Жәкеңнің достары оның жүз жыл бойы

тынбастан соққан жүрегін бакты. Бірақ ол барған сайын сирек, жай соға бастады» (С. Бегалин т. б. 62-бет).

Ақыры, 1945 жылы 22 маусым күні ертеңгі сағат 7<sup>55</sup>-те Жамбылдың жүрегі соғуын тоқтатты. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен Қазақстан Коммунист (большевиктер) партиясы Орталық комитетінің жариялаған мәлімдемесінде:

«Өзінің ғасырлық өмірін адам баласының бақытты тіршілігі үшін жан аямай жұмсаған асқақ ақын Жамбыл Кеңестер Одағындағы көп ұлтты халықтардың барлық кәрі-жасына қадырлы, сүйкімді еді. Жамбыл Жабаевтың өмірі біздің Отанымыздағы барлық еңбекші жұртшылыққа Отанын сүюдің, Коммунист партиясын сүюдің зор үлгісі.

Жамбылдың ардақты есімі халықтар жүрегінде мәңгі сақталады» деді («Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттері. 23/VI—1945).

Жамбыл 1945 жылы 24 маусым күні жерленді. Жамбылдың өлімін естіп, көңіл айтқан жеке адамдардың, қоғамдық ұйымдардың телеграммалары бүкіл Кеңестер Одағының барлық жерлерінен келіп түсіп жатты. Қазақстан астанасының халқы өзінің сүйікті ақынын Абай атындағы опера және балет театрында ақырғы рет көріп, қоштасып шығарып салды. Жамбылдың сүйегі өзінің тірі күніндегі өсиеті бойынша, туған жері — үйінің жанындағы алма бағының ішіне қойылды, ақынның жанасазына Қазақстанның облыстарынан, Алматы облысының халқынан, Қырғыз республикасынан халық көп жиналды. Ұлы ақынның ақын замандастары, қырғыздан келген ақын достары — бәрі де Жамбылға арналған жоқтау жырларын айтып, жиналған халықтың жүрегін елжіретіп, көзіне жас алдырды.

Жамбыл өлгенімен оның артында қалдырған әдеби мұрасы бай, ол кеңес тұсындағы жаңа типтегі коммунистік идеялы халық ақынының тамаша үлгілі дәстүрін жасап кетті.

Жамбылдың өмірі мен шығармасын зерттеуге, есімін мәңгі есте қалдыруға партия мен үкімет айырықша мән беріп келеді. 1946 жылы Жамбыл қойылған зират қоршалып, кең күмбезді мавзолей салынды. Онда: «Жамбыл Жабаев 1846—1945» деген мраморға жазылған ескерткіш жазу бар. Сол 1946 жылы бүкіл Кеңес халқы болып Жамбылдың туғанына 100 жыл толу мерекесін өткізді.

Қазақстан үкіметінің қаулысы бойынша, Жамбыл

тұрған үй Жамбыл атындағы әдебиет музейіне айналдырылды, онда Жамбылдың заттық мүліктерімен бірге әдебиеттік мұралары жиналып сақтаулы. Жамбыл атына жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге стипендиялар белгіленді, жақсы көркем шығармаларға жыл сайын бәйге берілу тағайындалды. Өнер мен әдебиетте ұлы ақынның тамаша ақындық өмірін бейнелейтін шығармалар (өлең, жыр, дастандар, әнгіме, очерк, повестер, кино-картинаға сюжет, музыкалық, мүсіндік еңбектер т. б.) жазылып келеді. Қазақ КСР Ғылым Академиясының Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институты Жамбылдың академиялық шығармалар жинағын бірнеше рет жариялады (1946, 1954, 1958). Жамбыл туралы мақалалар, кітаптар, зерттеулер, жаңадан жазылуда. Мұның барлығы да Жамбыл жөнінде істелмек болған күрделі жұмыстардың бір саласы.

Халық поэзиясының алыбы, кеңес заманының шындығын, кеңестік патриотизмді тебірене жырлаған Жамбыл шын мәніндегі ұлы ақын. Оның:

Өшпейді халық жыры, қартаймайды,  
Өшед деп оны ешкім де айта алмайды...  
Күреске шақырмаған ақын ба ақын,  
Ақын болса халыққа болсын жақын! —

деген сөзі, сол өлмейтін халық жырына, өзінің ақындығына арналып айтылғандай еді. Халықтың даналық жырларын жаңа революциялық мазмұнмен дамыта отырып, кеңес поэзиясына орасан зор үлес қосқан Жамбылдың ақындық өмірі, шығармашылық өсу жолдары әдебиетші, жазушыларды, өнер қайраткерлерін ғана емес, қалың оқушы/мәдениет жұртшылығын да әрқашан қызықтырып келді. Біздің бұл жұмысымыз жұртшылықтың осы бір талабына жауап ретінде жазылды, әділ төреші өздеріңіз.

1950—1960 ж.



## ФОЛЬКЛОРШЫ ҒАЛЫМ

**К**азақтың аса көрнекті фольклоршы, әдебиет зерттеуші ғалымы Есмағамбет Самұратұлы Ысмайылов қазіргі Көкшетау облысының Еңбекшілдер ауданындағы «Шоқытас» ауылында 1911 жылы қазан айының 15-інде дүниеге келді. 1921—1926 жылдары ауыл мектебінде, 1926—1930 жылдары Көкшетау мен Қызылжардағы (Петропавл) балалар үйінде оқып, тәрбиеленді. 1930—1934 жылдары Қазақ мемлекеттік педагогика институтында (қазір Абай атындағы АлМУ) тәлім алып, оның тіл-әдебиет факультетін ойдағыдай бітіріп шықты. Қазақтың ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институтында, журналистика саласында қызмет істеді. Осы жылдары өлеңдерінің үш жинағы («Тұлпардың жыры», 1933, «Жігер», 1934; «Жаз еркесі», 1936), көптеген әдеби-сын мақалалары жарыққа шығып, есімі жұртшылыққа танылып қалды.

Қаламгерлердің көпшілігі өзінің алғашқы адымын өлеңге машықтанудан бастайтыны белгілі. Сірә, балауса жыр балапан талантты бабына келтіретін жаттығу мектебі болса керек. «Бұл шығармашылық тәжірибем, — деп жазды Е. Ысмайылов кейінірек, — жалпы поэзияға үлес болып қосылмағанымен екі түрлі міндет атқарған сияқты. Бірі — іздену, шығармашылық барлау жасау, екіншісі — көркем әдебиетті эстетикалық тұрғыдан түсінуге негіз жасау. Демек, поэзиядағы азды-көпті шәкірттік тәжірибенің өзі сынға, әдебиеттануға келер жолдарымды кеңейтіп жібергендей болды». Сөйтіп алғашқыда өлең жазумен әуестенген қаламгер кейін ғылыми-зерттеу ісіне біржола ден қойды. Бірақ ол әрқашан ақынжанды болып қалды.

1939 жылдан бастап, өмірінің ақырына дейін ғылыми-педагогтік қызметті ұштастырып, абыройлы еңбек етті. КСРО Ғылым Академиясы Қазақ филиалының Жамбыл атынадғы әдебиет және халық шығармашылығы секторының аға ғылыми қызметкері, сектор меңгерушісі болды. 1943 жылы «XX ғасырдың басындағы қазақтың демократиялық әдебиеті» деген тақырыпта филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясы құрылып,



оның Тіл және әдебиет институтында аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, директор қызметтерін атқарды. 1957 жылы «Қазіргі ақындардың шығармашылығындағы ұлттық дәстүр» деген тақырыпта («Ақындар» монографиясының негізінде) докторлық диссертация қорғады.

1961 жылы Тіл және әдебиет институтынан М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты бөлініп, өз алдына отау тіккенде Е. С. Ысмайылов оның қалыптасып, өркендеуіне елеулі үлес қосқан аға ғалымдардың алдыңғы сапында болды, қазіргі әдебиет тарихы, фольклор бөлімдерін басқарды. 1958 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. 1961 жылы «Қазақ КСР-ның ғылымға еңбегі сіңген қайраткері» құрметті атағы берілді. 1934 жылдан КСРО жазушылар одағының мүшесі болды. Құрмет Белгісі орденімен, медальдармен марапатталды.

Е. С. Ысмайылов қазақ әдебиетінің тарихы, сыны, теориясы саласында ұзақ жылдар еңбектеніп, қомақты іс тындырған ғалым. Оның әдеби-ғылыми мұрасы жан-жақты да қомақты. Ол зерттеп, пікір айтпаған қазақ әдебиеті мен фольклорының бірде-бір жанры, проблемасы, көкейкесті мәселесі жоқ десек, қателеспейміз. Біз бұл шағын мақалада оның қазақ фольклорына қатысты еңбектерін қысқаша шолумен ғана шектелмекпіз.

Есмағамбет Самұратұлы Ысмайыловтың қазақ фольклоры туралы алғашқы зерттеулері 1935 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Қазақтың ел әдебиеті, оған Фирдаусидің әсері» және «Шора батыр туралы» деген екі мақаласынан басталады. Алғашқысында парсының XI ғасырда ғұмыр кешкен ұлы шайыры Әбілқасым Фирдаусидің әйгілі «Шахнамасынан» алынған «Рүстем дастан» жырының қазақша нұсқасын тілге тиек етіп, жалпы Шығыс сюжетіне құрылған, қазақ ортасына кең тараған қисса-дастандар жайында сөз қозғайды. Олардың батырлар жырына, халық дастандарына әсерін әңгімелейді. Екінші мақалада «Шора батыр» дастанын сюжеттік, композициялық жағынан талдайды.

1937 жылы жариялаған «А. С. Пушкин қазақтың халық әдебиетінде» деген мақаласында ақынның «Евгений Онегин» поэмасы осы ғасырдың басында-ақ қазақ арасында белгілі болғанын айтады. Абай аударған Татьяна мен Онегиннің хаттарынан басқа Талдықорған облысының Ақсу ауданында тұратын Шәріповтен жазып алынған

поэманың аудармасын түпнұсқамен салыстырады. Кейін Қуат Терібаев пен Сапарғали Әлімбетов айтып жүрген нұсқаларын да жазып алады. Сөйтіп халық ақындарының «Евгений Онегинді» өзінше жырлауын шын мәніндегі аударма емес, түпнұсқаның мазмұнын алып баяндау деген тұжырым жасаған.

Е. С. Ысмайыловтың отызыншы жылдардың орта шенінен бастап қолға алған игілікті істерінің бірі қазақ ертегілерін жинау, жариялау және зерттеу болды. Бұл мәселеге алғаш ат салысқандар Шоқан Уәлиханов, В. В. Радлов, Г. Н. Потанин, И. Н. Березин, Е. А. Алекторов, Ә. А. Диваев тәрізді белгілі ориенталистер болатын. Қазақ ертегілерінің кейбір үлгілері солар жариялаған жинақтарда, мерзімді баспасөз беттерінде басылған. Енді Ысмайылов, сол дәстүрді кең көлемде ілгері дамытуды мақсат етті. Қазақ ертегілерін тақырып, мазмұн бойынша жүйелеп, бірнеше том етіп жариялауды көздеді.

Ғалым 1938 жылы «Қазақ ертегілерінің» алғашқы томын баспаға әзірледі. Бұған 95 ертегі іріктеліп алынды да, олар 7 бөлімге топтастырылды. Автор осы жинаққа жазған алғы сөзінде былай деп көрсеткен: «Бұл бірінші томдағы ертегілердің жіктелуі (ілгері-сонды берілуі, бөлімдерге бөлінуі) алдымен тақырыптық жағына негізделді». Жинақ кезінде жарық көрмей, қолжазба күйінде қалды.

Қазақ ертегілерін топтастыру жайындағы пікірін ғалым өзінің кейінгі мақалаларында да дамыта түсті. Ертегілерді жүйелеп жариялау ниеті көп жыл өткеннен кейін ғана жүзеге асты. «Қазақ ертегілерінің үш томдығы жалпы көлемі 150 баспа табақ мөлшерінде 1957—1964 жылдары жарияланды. Оның редакциясын профессор Ысмайылов, басқарып, ертегілерді сұрыптау, жүйелеу жұмыстарын қайтадан жүргізді, ғылыми түсініктемелер мен көрсеткіштер берілді. Осы ғылыми басылымға М. О. Әуезовпен бірігіп, көлемді кіріспе мақала жазды.

Е. С. Ысмайылов тыңғылықты зерттеген жанрының бірі — қазақтың батырлар жыры мен тарихи жырлары болды. Жоғарыда айтылған «Шора батыр» туралы мақаласынан кейін, 1939 жылы «Батырлар жыры туралы» деген зерттеуін жазды. Баспа мүкіндігінің жетіспеушілігінен бұл да кезінде жарық көрмей, қолжазба күйінде қалды. Мұнда ол қазақтың батырлар жырын мынадай топқа бөлген:

«XIV ғасырға дейінгі болған қаңлы-қыпшақ заманының батырлар жыры»: «Ер Төстік», «Құламерген», «Аралхан», «Көрұғлы», «Бозұғлан», «Алпамыс» т. б.

XIV—XVI ғасырлардағы ноғайлы заманының батырлар жыры: «Едіге», «Қобыланды», «Орақ—Мамай», «Шора», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Қамбар», «Бөген батыр», «Ер Сайын» т. б.

XVII—XVIII ғасырлардағы қазақ-қалмақ арасының қарым-қатынасына байланысты батырлар жыры: «Есімхан», «Қабанбай», «Олжабай», «Бөгенбай», «Арқалық», «Алатай», «Қаратай» т. б.

XIX ғасырдағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына байланысты батырлар жыры: «Сырым», «Исатай — Махамбет», «Бекет», «Жанқожа», «Ағыбай», «Сұраншы», «Сыпатай» т. б.».

Эпикалық жырларды зерттегенде, Е. С. Ысмайылов әсіресе тарихи жырларға көп көңіл бөледі. Ол Жамбыл жырлаған «Сұраншы батыр» туралы мақаласын 1938 жылы жариялады. Сондай-ақ ғалым өзінің «Аманкелді халық әдебиетінде» деген мақаласында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысын оның замандасы, үзетгілес жолдасы, сарбазы болған Күдері, Сүлеймен, Омар, Әлжан, Орынбай, Досымхан тәрізді ақындардың қалай жырлағанына тоқталады. Олар Аманкелдіні бұрынғы батырлардай жеке ерлік жасаушы қаһарман етіп қана көрсетпейді, сонымен қатар жетекші, ұйымдастырушы, ақылды қолбасшы ретінде сипаттайды. Бұл халық ақындарының поэзиясындағы дәуір тынысын тап басқан, шындықты түсініп жырлаған жаңалық екенін ғалым дұрыс көрсетеді.

КСРО Ғылым Академиясы Қазақ филиалының әдебиет және фольклор секторы 1940 жылы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы өлең-жыр, толғау-дастандардың, әңгімелердің жинағын шығарды. Осы жинақта Е. С. Ысмайыловтың «1916 жылғы көтеріліс және халық поэзиясы туралы» деген көлемді зерттеу мақаласы жарияланды. Автор мұнда көтерілістің тарихи мәнін ашып көрсетумен бірге, оған байланысты туған халық жырларына кеңінен тоқталған. Ғалым өз пікірін былай деп түйеді: «1916 жыл көтерілісі туралы поэзия қазақ халқының азаттық жолындағы қажырлы күресін бейнелеген бұрынсоңды жарыққа шыққан поэзияны идеялық, көркемдік жағынан жаңа сатыға көтереді».

Отан соғысынан кейінгі жылдарда да ғалым бұл тақырыптағы зерттеулерін тереңдетіп толықтырды. «Қазақ әдебиеті тарихының» 1948 жылы басылған бірінші томында және 1960 жылы толықтырылып қайта басылған нұсқасында 1916 жылғы көтеріліске байланысты халық поэзиясы туралы көлемді тараудың авторы Е. С. Ысмайылов болды. Ол осы соңғы зерттеуінде көтеріліс сипатына қарай туған өлең-жырларды бірнеше кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезең — елдің патша жарлығын естігендегі және оны жүзеге асыруға кіріскендегі жан күйзелісін, ыза-наласын, қарсылығын суреттеу, екінші кезең — қазақ жігіттерінің майдандағы ахуалын, ұрыс-шайқас процестерін суреттеу. Үшінші кезең — көтерілістің сәтсіздікке ұшырауы, патша әскерлерінің күшімен тұншықтырылуы, елдің ауыр халге душар болуы. Төртінші кезең — майдандағы қазақ солдаттарының елге жазған сәлем хаттары. Бесінші кезең — осы оқиғаларға байланысты көлемді шығармалардың, дастан — поэмалардың туа бастауы. Осы жіктеуге сәйкес автор көтеріліс туралы халық поэзиясын мынадай тақырыптарға топтап талдайды: 1. Көтерілісшіл тарихи жырлардың туып, дамуы; 2. Аманкелдінің батырлық, қолбасшылық қызметі; 3. Бекболат және Жетісу қазақтарының көтерілісі; 4. Майдан жағдайын, ұрыс қимылын суреттеу; 5. Сол кездегі өмір шындығын, адамдардың көңіл күйін білдіретін лирикалық жырлар.

Е. С. Ысмайылов XVIII—XIX ғасырлардағы жаугершілік заманда туған, қазақ халқының шетелдік басқыншыларға қарсы күресін бейнелейтін халық поэзиясын да ұзақ жыл зерттеп, «Тарихи жырлар» атты монографиялық зерттеу жазды. Автор мұнда тарихи жырлардың жанрлық ерекшелігін анықтайды. Оның басқа батырлар жырынан айырмашылығы — тарихи оқиғаны немесе кейіпкерді нақты фактілер негізінде суреттейтіндігі деп көрсетеді. Алайда мұндай жырлардың нақты деректерден, оқиғалардан алшақтап кететін тұстары да болады. Бұл ақынның шығармашылық қиялына, көздеген идеялық мақсатына байланысты.

Е. С. Ысмайылов тарихи жырларды төрт кезеңге бөліп зерттеуді қажет деп табады. Бірінші — орта ғасырлар, екінші — XVIII ғасыр, үшінші — XIX ғасыр, төртінші — XX ғасыр көлемінде туған шығармалар. Ол өзінің 1939 жылы жазған «Батырлар жыры туралы» деген мақаласында эпикалық дастандарды әзірлеу мәселесіне

тоқталып, осыған ұқсас пікір ұсынғанын жоғарыда айтқанбыз. Сөз болып отырған соңғы зерттеуінде әр дәуірдің тарихи жырларына тоқталып, оған ғылыми сипаттама береді. XVIII ғасырдан бергі жырлардың кейбіреулерінің авторы да ұмытылмай, ел аузында сақталған. Олардың нұсқалары көп болмайды. XIX ғасырда туған тарихи жырлардың көпшілігі патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы халық көтерілісінің сырын шертеді. Кейбір жырларда қазақ әйелдерінің де әлеуметтік іске, ерлік оқиғаларға араласа бастағаны көрініс береді.

Ғалым XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басындағы тарихи жырларға ерекше мән береді. Бұл қазақ даласында Ресей империясының отаршылдық, қанаушылдық саясатын күшейте түскен, аштық, жұт апаттары арқаға аяздай батқан, оның үстіне 1905 жылғы төңкерістің, орыс-жапон соғысының, бірінші империалистік соғыстың зардабы елді күйзелткен қауырт кезең еді. Бұған 1916 жылғы оқиға келіп жалғасты. Ел өміріндегі жағдайлардың шиыршық атып шилығуына байланысты оның көркем бейнесі болып табылатын халық жырларының мазмұны, тақырыбы, идеясы күрделілене түсті. Соңғы кезеңдердің поэзиясы құрылымы, тарихи дәлдігі, көркемдігі жағынан жаңа сапа танытты. Зерттеуші осы орайда келелі ой толғап, тұжырымды пікір түйеді.

Қазақстан К(б)П Орталық комитеті 1947 жылы 21 қаңтарда «Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» қаулы алып, онда Кенесары бастаған көтерілісті дәріптеген жырларға да қарсы пікірлер айтылды. Осыған байланысты баспаға дайындалған «Қазақ әдебиеті тарихының» фольклорға арналған алғашқы томының қолжазбасына едәуір түзетулер енгізілді. Авторлар ұжымы жазған бұл қолжазба келесі жылы кітап болып басылып шықты. «Тарихтағы Кенесары — Наурызбай туралы тарихи жыр-әңгімелер» жөніндегі тараудың авторы Е. С. Ысмайылов жоғарыда аталған қатал қаулыға қарамастан, көтерілісті және ол туралы тарихи жырларды әділетті бағалауға тырысты. Ол былай деп жазды: «XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық жолындағы күрестерінің ең бір іргелісі — Кенесары Қасымұлы бастаған халық көтерілісі еді. Он жылға созылған (1837—1847) бұл көтеріліс қазақтың әлеуметтік тарихынан қандай зор орын алатын болса, ауыз әдебиеті тарихынан да ерекше орын алады». Мұн-

дай тұжырым жасау идеологиялық жағдай ушығып тұрған ондай кезең үшін үлкен ғылыми ерлік еді. Ғалымның қазақ фольклоры мен әдебиеті тарихындағы осындай әділ де батыл пікірлері кейін оны «ұлтшыл» деп айыптап, қамауға алуға себеп болды.

Есмағамбет Самұратұлы Ысмайыловтың жиырма бес жылдан аса уақыт үздіксіз зерттеген тақырыбы ХХ ғасырдағы халық ақындарының шығармашылығы болды: Ол, әсіресе, жыр алыбы Жамбылдың поэзиясына айырықша назар аударды. «Халық ақындарының традициясын сақтаған ақын» («Соц. Қазақстан», 1938, 20 мамыр), «Халық жүрегі» («Лениншіл жас», 1938, 20 мамыр), «Жамбыл қазақтың ұлы ақыны» («Коммунист», 1938, № 5), «Ортақ ақын» («Қазақ әдебиеті», 1938, 10 сәуір) аталған мақалалары бір жылдың ішінде жарық көрді. Одан бергі жылдары да Жамбыл шығармашылығын зерттеуден қол үзген жоқ. Ұлы ақынның өмірі мен шығармаларын жан-жақты талдаған екі монографиясын («Ақындар, 1956; «Ақындық өмір», 1965) жарыққа шығарды. Жамбылдың айтыстарын, дастандарын, жыр-толғауларын жинап, бастыруға үнемі басшылық етіп отырды. Сонымен бірге Жамбылдың үзеңгілес шәкірттерінің бірі — жыр дүлдүлі Нұрпейіс Байғаниннің шығармашылығына да көңіл бөлді. 1940 жылы оның тұңғыш жинағына алғы сөз ретінде «Нұрпейіс ақын» деген мақаласын жазып, жариялады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Жамбыл бастаған халық ақындары патриоттық, қаһармандық жырды бұрынғыдан да дамытып, оның тақырыптық, көркемдік деңгейін жаңа биік сатыға көтергені мәлім. Е. С. Ысмайылов бұл кезде де ел ақындары шығармаларын насихаттауға, зерттеуге белсене ат салысты. 1942 жылы «Соғыс кезіндегі қазақ поэзиясының жайы мен міндеттері туралы» деген байсалды еңбегін жазып, онда Жамбылдың, Нұрпейістің ерлік жырларына да назар аударды. Автор олардың соғыс кезіндегі патриоттық жырларын дәстүрлі толғау-дастандардың жалғасы деп қарайды.

1943 жылы Нұрпейіс Байғаниннің «Жиырма бес» деген дастаны жарияланды. Бұл халық ақындары поэзиясының Отан соғысы тақырыбына арналған тұңғыш эпикалық туындысы еді. Е. С. Ысмайылов «Батыр туралы жыр» атты мақаласында дастанға жоғары баға берді. Ақын мұнда Төлеген Тоқтаровтың 25 жасында ел үшін ерлікпен қаза тапқан оқиғасын зор шабытпен жырлаған.

Ғалым осы дастанның дәстүрлі батырлар жырынан композициялық, көркемдік ерекшеліктерін атап көрсетеді.

Е. С. Ысмайылов 1948 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихында» (1-том, «Фольклор») «Қазақ кеңес фольклоры» атты көлемді зерттеуін жариялады. Бұған дейін қазақ халқының кеңес дәуірінде туған ауыз әдебиетін тұтас қамтып, оның табиғатын, идеялық тақырып-мазмұнын, көркемдігін, ерекшелігін саралап зерттеген монографиялық еңбек жоқ еді. Осы тұрғыдан алғанда, автордың «Тарихқа» енген бұл сүбелі тарауы тың пікір, тұжырымды ойлар айтқан маңызды еңбек болды.

Қазіргі тарихшылар, саясаткерлер қалай деп бағаласа да, жетпіс үш жылға созылған кеңес дәуірін қазақ халқының өмірінен сызып тастауға болмайды. Сондай-ақ сол кезде туған көркем шығармалар да (фольклор, әдебиет, өнер, музыка) рухани мұрамыз болып, мәдени тарихымыздан өз орнын алады. Демек халық ақындарының ел өмірін бейнелеген шығармалары да әділдікпен бағалануға тиіс. Осы ретте Е. Ысмайыловтың «Қазақ кеңес фольклоры» деген монографиялық зерттеуі ешқашан маңызын жоймақ емес.

Қырық жылдан кейін екінші рет жарық көріп отырған осы «Ақындар» монографиясы (1957 жылы орысша аударылып басылды) Е. С. Ысмайыловтың Жамбыл және басқа көрнекті халық ақындарының шығармашылығына арналған бірегей де ең басты еңбегі. Автор кітаптың «Ақын және оның тұлғасы» деген алғашқы тарауында ақын, жырау, жыршы, әнші ақын, өлеңші деген ұғымдардың анықтамасын береді, олардың бір-бірінен өзгешелігіне тоқталады. Бұлар ғылыми жағынан жіктеп ажыратуды қажет ететін дербес тұлғалар. Өйткені әрбір өнердің өз сипаты болмақ. Әрине бірнеше өнердің басын қосқан әмбебап, көп қырлы таланттар да бар. Е. С. Ысмайылов көптеген халық таланттарымен кездесіп сұхбаттасқан, өнерін байқап, айту, орындау қабілетін аңғарған. Сол көріп-білгендерінің нәтижесінде ойға түйген, қағазға түсірген пікірлерін жинақтай келіп, әрбір өнер адамының шығармашылық даралығын сөз етеді. Ақын мен жырау— өз жанынан өлең шығаратын дарын иесі, жыршы — жаттап айтушы, ұзақ жырды есінде сақтау қабілеті мол, орындаушы. Әнші ақын — әнді де, оның өлеңін де өзі шығарып айтатын қос қырлы талант. Бұлардың ішінен сал, серілер, күлдіргі ойыппаздар да шығады. Ақындық таланттың табиғаты, ұстаздық пен шәкірттік, ақындық

мектеп, ақындық орта, дәстүр мен жаңашылдық мәселесін автор кең түрде таратып айтады. Ақындық өнердің даму барысын төрт сатыға бөліп қарайды: «I. Әуестену, еліктеу, құмарлану — бұл ақынның жастық шағына жатады; II. Ақындық өнерді үйрену, сынға түсу — бұл ақынның алғашқы өзіндік шығармашылық бетін ашу дәуірі; III. Ашық айтысқа түсу, әр алуан тақырыптарға өлең-жырлар шығарып айту — бұл ақынның қалыптасуы дәуірі; IV. Тарихи кезеңнің, өз заманының күрделі оқиғаларын, даңқты адамдарын желілі жыр (дастан) дәрежесіне көтеріп, түйіндеп жырлау — бұл ақынның кемеліне келу, шығармашылық гүлдену дәуірі».

Монографияның екінші, үшінші тараулары түгелдей Жамбылдың шығармашылық құдіретіне арналған. Бірінші тараудағы теориялық ой-тұжырымдар жыр алыбының талант табиғатын ашуға көмектескен кілт сияқты болса, енді ғалым сол дарқан дарынның бай мұрасын саралауға көшеді. Екі дәуірдің куәсі болған қарт ақын қашанда халықтың қалың ортасында болып, еңбекші бұқараның көңіл күйін, ой-арманын жырына арқау етті. Еңбекші халықтың азаттығы үшін алысқан ерлерді жырлады. Ғалым Жамбыл жырлаған «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандарының мазмұнына, тарихи дәйектілігіне, халықтық идеясына кеңінен тоқталады. Ақынның шығармашылық тәжірибесіне сүйеніп мынадай тұжырым жасайды: «Күрделі дастандардың бірден жасалмайтындығын, әуелі ұсақ шашыранды жыр, жеке үзінді оқиға айтыстарда аты аталу түрінде туып, ол шашыранды жыр, әңгімелер белгілі бір дәуірден кейін барып жинақталып, қорытылып, үлкен поэмаға айналып қалыптасады».

Жамбылдың кеңес дәуіріндегі отыз жылға жуық шығармашылық қызметі келесі тарауда сөз болады. Ақын халықпен бірге жаңа заманды жатырқамай қарсы алды. «Замана ағымы», «Туған елім» тәрізді толғау-дастандарын шабытпен шығарып айтты. Отанды, туған елді, өскен жерді, табиғат көрінісін, халықтар достығын, патриотизмді жырлау, майдан жауынгерлерін, еңбек ерлерін мадақтау ақын шығармашылығынан мол орын алып, тамаша көркемдік шешімін тапты.

Ғалым Е. Ысмайылов жоғарыда аталған монографиясында Жамбылдың ізбасарлары, дарынды замандастары батырлық дастандардың, патриоттық толғаулардың шебері Нұрпейіс Байғанин мен лиро-эпикалық реалистік шығармаларымен танымал Иса Байзақовтың шығарма-



шылығына байсалды талдау жасайды. Нұрпейіс жырларынан қаһармандық толғау-дастандардың мол орын алу себебін ғалым оның жасынан тәлім алған ақындық ортасына байланысты түсіндіреді. Қазақстанның түстік-батыс аймақтарында, яғни Атырау, Арал аралығы мен Ақтөбе, Жайық өңірінде батырлар жырын ілгеріден дамытып айтып келе жатқан белгілі ақындардың шоғырын атаумен бірге Нұрпейіс солардың өнегелі мектебінен өткен дарынды шәкірт болғанын, жаңа заман батырларын — Отан соғысының қаһармандарын реалистік тұрғыдан шынайы бейнелейді және де эпостық жыр дәстүрін жаңа көркемдік белеске көтергенін дәлелдейді. Иса дастандарында реалистік көрініспен бірге романтикалық сарын басым жатады. Ақынның көркемдік құралдары, бейнелеу тәсілдері бай. Жамбыл мен Нұрпейіс екеуі қарағанда жазба әдебиет әсері мол байқалады.

Ғалым ілгеріде жазған халық ақындарының Аманкелді бейнесін сомдаудағы және А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасының мазмұнын өзінше жырлаудағы шығармашылық жетістіктеріне қайта оралып, бұрынғы пікірлерін кеңейте, тереңдете түскен. Шығыс аңыздарының, қисса-дастандарының сюжетіне алып, нәзира түрінде жырлау халық ақындарының тәжірибесінде бұрыннан бар болатын. Ал орыс әдебиетінің классикалық шығармасын ана тілінде өзінше жырлау қазақ ақындарының шығармашылық тәжірибесіндегі жаңалық, соны құбылыс еді.

«Ақындар» монографиясының құндылығы Жамбыл, Нұрпейіс, Иса сияқты ірі тұлғалардың шығармашылығын жан-жақты зерттеуге ғана емес, жалпы суырып салма ақпа ақындық өнер туралы бұрын-соңды айтылып жүрген пікірлерді саралап, бір жүйеге келтіруде және өзінің тың тұжырымдарын жасауда, сөйтіп бұл жайындағы ғылыми-теориялық пікірлерді жинақтап түйіндеуде екені даусыз. Қорытып айтқанда, Е. Ысмайыловтың «Ақындар» атты кітабы қазақ кеңес фольклоры туралы кең тынысты, көлемді де ғылыми парасатты үлкен еңбек болып қалды.

Көрнекті ақын, әрі ғалым Әбділда Тәжібаев былай деп жазды: «Халық ақындарының өнерлеріне қарай жіктеп бөлуде Әуезовпен қатар Есмағамбет Ысмайыловтың да көрсеткен тапқырлығы аз емес. Солардың бір тобын (өлең мен әнін қоса шығаратын ақындар) әнші ақындар

деп атап және олардың талант табиғатын түсіндірудегі Есмағамбет еңбегі ерекше қымбат». Осы орайда Е. С. Ысмайыловтың әнші ақындардың ерекшелігін, өзіндік сипатын ғылыми жағынан саралап қана қоймай, олардың ірі өкілдері туралы зерттеулер жазғанын да айту керек. Мысалы, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Ақан сері туралы, олардың ақындық, сазгерлік, әншілік өнері жайында толымды, толғамды еңбек жазды. Біржанға қатысты зерттеуінде Сарамен айтысына тоқталып, даулы пікірлерді талдап айтумен қатар, өзінің ғылыми болжамын ұсынады. Айтыстың ақиқат болғандығын, бірақ көп уақытқа дейін хатқа түспей, ел аузында жатқа айтылып келгендіктен, кәдімгі фольклор шығармалары сияқты бастапқы нұсқасынан қомақтанып, өңделіп, өзгерістерге ұшырағанын қисынды дәлелдейді.

Е. С. Ысмайылов «Қазақ әдебиетінің тарихына» (I-том, 2-кітап, 1964) жазған «Халықтық дастандар» деген тарауда кенестік дәуірде туындаған эпикалық шығармаларға кең түрде шолу жасап, оларды тақырыпқа бөліп талдайды. Дастандардың бір тобы еңбекші бұқараның азаттық жолындағы күресіне арналған, екінші бір тобы Отан соғысының ерлерін жыр етеді. Бейбіт еңбек адамдарын — малшы мен диханды, шахтер мен металлургті дәріптейтін дастандар да бар. Эпикалық шығармалардың енді біразы өткен ғасырларда болған тарихи оқиғаларды не ел аузындағы аңыз әңгімелерді арқау еткен. Ғалым осыларға жеке тоқталып, олардың идеялық, көркемдік дәрежесін саралайды.

Дәстүрлі фольклордан ертегілер мен батырлар жырын едәуір зерттеген ғалым ХХ ғасырдағы Жамбыл бастаған халық ақындары шығармашылығына айырықша көңіл бөлді. Әсіресе жыр алыбы Жәкеннің ақындық өнерін зор сүйіспеншілікпен зерттеді. Өмірінің ақырына дейін одан қол үзген жоқ.

Қазақтың Ғылым Академиясының тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев былай деп жазды: «Е. С. Ысмайылов ұзақ жылдар бойы өзінің қажырлы да қарымды еңбегімен қазақ әдебиетінің өркендеуіне белсене ат салысқан қайраткерлердің алдыңғы сапында болды. Ол әдебиеттің жас кадрларын баулып өсіруге қыруар еңбек сіңірді». ҚазМУ мен ҚазПИ-де ұзақ жылдар лекция оқыған ұстаздан студенттер мен аспиранттар тәлім алды. Оның жетекшілігімен отыздан астам ғылым кандидаты, онға жуық ғылым докторы диссертация қорғады.

Ұлы жазушы, кеменгер ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезов Е. С. Ысмайыловқа жазған бір хатында мынадай ыстық лебізін білдіреді: «Мен сені қазақ әдебиетінің, әдебиет ғылымының айнымас, қажымас, жылдар жүрсе арымас жегіндісі — еңбек торысы деймін. Сол үшін сүйемін де бек бағалаймын». Есмағамбет Самұратұлы 1966 жылы 29 қарашада дүние салды. Қазақ фольклоры мен әдебиетінің көрнекті зерттеушісі, білгір Жамбылтанушы ғалым Есмағамбет Самұратұлының есімі туған ауылындағы орта мектепке, аудан орталығы Степняк қаласындағы бір көшеге, кітапханаға берілді. Ғалым есімі ешқашан құнын жоймайтын қыруар еңбектерімен бірге жасай береді.

Көбей СЕЙДЕХАНОВ,  
филология ғылымының кандидаты.

## МАЗМҰНЫ

дан . . . . .	3
ле . . . . .	4
<b>I тарау. Ақын және оның тұлғасы . . . . .</b>	<b>9</b>
Ақын-импровизатор . . . . .	—
Жырау . . . . .	29
Жыршы . . . . .	33
Әнші ақындар . . . . .	38
Өлеңші . . . . .	52
Ақындықтың даму, жетілу мәселелері . . . . .	55
Ақындық орта, дәстүр мәселесі . . . . .	70
<b>II тарау. Жамбылдың айтыстары мен дастандары . . . . .</b>	<b>81</b>
Ақынның айтыстары . . . . .	85
«Өтеген батыр» дастаны . . . . .	102
«Сұраншы батыр» дастаны . . . . .	114
<b>III тарау. Ақындық өмір . . . . .</b>	<b>134</b>
Туған елдің ортасында . . . . .	136
Ақындық жолдағы адымдар . . . . .	142
Үміт, арман дүниесінде . . . . .	160
Жаңа заманды қарсы алу . . . . .	166
Қанаттану . . . . .	173
Ақындық өрлеу жылдары . . . . .	181
Отан жыршысы . . . . .	193
Жауынгер ақын . . . . .	206
К. Сейдаханов. Фольклоршы ғалым . . . . .	227

УЧЕБНОЕ ИЗДАНИЕ

**ИСМАИЛОВ Есмагамбет Самұратович**  
**ЖАМБЫЛ И НАРОДНЫЕ АҚЫНЫ**

*На казахском языке*

Редакторы *Ә. Қазтайұлы*  
Көркемдеуші редакторы *Қ. Бекенов*  
Техникалық редакторы *Ф. И. Овчиникова*

ИБ № 279

Теруге 26.03.96 жіберілді. Басуға 13.04.96 қол қойылды.  
Пішімі 84×108<sup>1/32</sup>. Баспаханалық қағаз. Жоғары басы-  
лыс. Шартты баспа табағы 12,6. Есептік баспа табағы  
13,0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 363. Бағасы  
келісімді.

«Санат» мемлекеттік баспасы, 480012, Алматы қаласы,  
А. Байтұрсынұлы көшесі, 65 «А».

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық  
ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің Полиграфия  
комбинаты, 480002, Алматы, Мақатаев көшесі, 41-үй.